



КазМунайГаз
NATIONAL COMPANY ҚҰЛТМҚ КОМПАНИЯСЫ

2019 жылғы жылдық есеп

A map of Kazakhstan is shown with a blue hatched overlay. The text 'ТҰРАҚТЫ ЛИДЕР' is written in white over the map.

ТҰРАҚТЫ
ЛИДЕР

ТҰРАҚТЫ ЛИДЕР



ИНВЕТОРЛАРҒА АРНАЛҒАҒ ЕСЕП



38 **БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ**



56 **ТАСЫМАЛДАУ**



65 **ӨНДЕУ**



Қазақстанда мұнай мен конденсат өндірудің 26%-ті және газ өндірудің 15%-ті

Мұнай тасымалдау нарығының 57%-ті

Елдің газ тасымалдау нарығының 79%-ті

81% нарық үлесімен Қазақстан Республикасының барлық ең ірі заманауи мұнай өңдеу зауыттарына қатысу

МАЗМҰНЫ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ	4	ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ	38
Қызмет аясы	4	Қорлар	38
География	4	Геологиялық-барлау	40
Капиталдың құрылымы	4	Мұнай өндіру	45
Активтердің құрылымы	6	Мега жобалар	46
Негізгі нарықтар	7	Газ өндіру және өндірісі	54
Бизнес-модель	8	Мұнай тасымалдау	56
Басты артықшылықтар	10	Газ тасымалдау және маркетингі	59
Негізгі көрсеткіштер	14	Мұнай өңдеу және маркетингі	65
		Сервистік жобалар	70
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ	16	ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ	72
БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ	18	ОРНЫҚТЫ ДАМУ АСПЕКТІЛЕРІН БАСҚАРУ	81
СТРАТЕГИЯ	20	Менеджмент жүйесі	81
Макроэкономика және ғаламдық трендтер	20	Экологиялық жауапкершілік және қауіпсіздік	85
Ішкі драйверлер мен олардың стратегияның іске асырылуына әсері	25	Энергия үнемдеу және тиімділікті арттыру бағдарламалары	87
Стратегиялық басымдықтар	29	Ілеспе мұнай газын пайдалы пайдалануды арттыру	90
Тиімділік көрсеткіштерінің жүйесі	32	ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ЕҢБЕКТІ ҚОРҒАУ	92
Жобалардың стратегиялық басымдықтарға сәйкес іске асырылуына шолу	33	Жарақаттылық	93
Инвестициялық қоржынға шолу	33	Денсаулық сақтау	94
Трансформация және цифрландыру	36	Персоналды дамыту	95
		Әлеуметтік тұрақтылық индексі (ӘТИ)	99

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ	102	БАСҚАРМАНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП	133
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ	103	Басқарманың 2019 жылғы қызметі/жұмысы	133
КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ	104	Басқарма құрамы	134
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЕСЕБІ	108	СЫЙАҚЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП	139
Директорлар кеңесінің құрамы	108	Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы беру	139
Директорлар кеңесінің 2019 жылғы жұмысы	118	Басқарма мүшелеріне сыйақы беру	141
Директорлар кеңесінің қызметін бағалау	120	КОРПОРАТИВТІК БАҚЫЛАУ	142
Корпоративтік хатшы	120	Ішкі аудит қызметі	142
ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП	121	Комплаенс қызметі	143
Қаржы жөніндегі комитет	122	Тәуекел-менеджмент және ішкі бақылау	144
Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет	123	Негізгі тәуекелдер	149
Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет	125	АКЦИОНЕРЛЕРМЕН ЖӘНЕ ИНВЕТОРЛАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ	154
Аудит жөніндегі комитет	127	Акционерлік капиталдың құрылымы	154
Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет	131	Дивидендтер	155
		Кредиттік рейтингтер	155
		Облигациялық қарыздар	156
		Инвесторлармен өзара іс-қимыл	157

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ

АУДИТОРДЫҢ ҚОРЫТЫНДЫСЫ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ	160	2019 ЖЫЛҒЫ ККУ САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН КӨТЕРМЕ САТУ	266
Жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есеп	166	Мұнай өнімдерін көтерме сату	273
Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есеп	168		
Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есеп	170		
Капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есеп	173		
ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІНЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР	175		

ҚОСЫМШАЛАР

2019 ЖЫЛҒЫ ККУ САҚТАУ ТУРАЛЫ ЕСЕП	266
МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН КӨТЕРМЕ САТУ	273

#1

ҚАЗАҚСТАНДА


МҰНАЙ ӨНДІРУ

БОЙЫНША

Топ Қазақстан Республикасының мұнай мен газ конденсатын өндіру нарығының, кем дегенде, төрттен бірін алып отыр

БҮДАН ӘРІ:

СТРАТЕГИЯЛЫҚ ЕСЕП



ҚАШАҒАН СОҢҒЫ ТӨРТ ОНЖЫЛДЫҚТА АШЫЛҒАН ЕҢ ІРІ МҰНАЙ КЕН ОРНЫ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ. 2019 ЖЫЛҒЫ МҰНАЙ ӨНДІРУ ДЕҢГЕЙІ ЕСКЕРІЛГЕН МҰНАЙ МЕН КОНДЕНСАТ БОЙЫНША БАҒАЛАНҒАН 2Р ҚОРЛАРЫНЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ, КЕМ ДЕГЕНДЕ, 120 ЖЫЛДЫ ҚҰРАЙДЫ.

Қашаған кен орнын Солтүстік Каспийдің қатаң теңіз жағдайларында игеру логистика тұрғысынан бірегей техникалық қиындықтар мен күрделіліктер жиынтығын білдіреді


ҚАШАҒАН

КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ


«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (ҚМГ, Компания) Қазақстанның тікелей-интеграцияланған жетекші мұнай-газ компаниясы болып табылады. ҚМГ көмірсутектерді барлау мен өндіруден бастап, тасымалдауға, өңдеуге және сервистік қызметтер көрсетуге дейінгі барлық өндірістік цикл бойынша активтерді басқарады. Компания 2002 жылы құрылды және Қазақстан Республикасының елдің мұнай-газ саласындағы мүдделерін білдіреді.

КАПИТАЛДЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы (бұдан әрі – «Самұрық-Қазына» АҚ, Қор) (90,42%) мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі (бұдан әрі – ҚРҰБ) (9,58%) ҚМГ акционерлері болып табылады.



«Самұрық-Қазына» АҚ – жалғыз акционері Қазақстан Республикасының Үкіметі болып табылатын Қор. «Самұрық-Қазына» АҚ миссиясы – Қазақстан Республикасының ұлттық әл-ауқатын арттыру мен болашақ ұрпақтар үшін ұзақ мерзімді орнықтылықты қамтамасыз ету. Қордың қоржынына мұнай-газ және көлік-логистикалық секторлардың, химия және атом өнеркәсібінің, тау-кен металлургия кешенінің, энергетика және жылжымайтын мүлік компаниялары кіреді.



- ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ӨНДІРУШІ АКТИВТЕР
- МЕГА ЖОБАЛАР
- МАС МҰНАЙ АЙДАУ СТАНЦИЯСЫ
- ⚙ БМАС БАСТЫ МҰНАЙ АЙДАУ СТАНЦИЯСЫ
- КОМПРЕССОРЛЫҚ СТАНЦИЯ
- КОЛДАНЫСТАҒЫ МҰНАЙ ҚҰБЫРЫ
- КОЛДАНЫСТАҒЫ ГАЗ ҚҰБЫРЫ
- БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ
- ӨНДЕУ

23,62
МЛН ТОННА
МҰНАЙ ЖӘНЕ КОНДЕНСАТ
ӨНДІРУ

8,46
МЛРД М³
ГАЗ ӨНДІРУ

78,07
МЛН ТОННА
МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

103,49
МЛРД М³
ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ

20,59
МЛН ТОННА
МҰНАЙ ӨНДЕУ

АКТИВТЕРДІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

ҚМГ-НІҢ МАҢЫЗДЫ АКТИВТЕРІ



БАРЛАУ ЖӘНЕ ӨНДІРУ

Мега жобалар:

- Теңізшевройл (ТШО) 20%
- Қарашығанақ (ҚПО) 10%
- Қашаған 8,44%¹

Операциялық активтер:

- Өзенмұнайгаз (ӨМГ) 100%
- Маңғыстаумұнайгаз (ММГ) 50%
- Ембімұнайгаз (ЕМГ) 100%
- Қазгермұнай (ҚГМ) 50%
- ПетроҚазақстан Инк (ПҚИ) 33%
- Қаражанбасмұнай (ҚБМ) 50%
- Қазақойл Ақтөбе (ҚОА) 50%
- Қазақтүрікмұнай (ҚТМ) 100%
- ҚазМұнайТеңіз 100%

¹ 2015 жылғы қазанда «Самұрық-Қазына» АҚ опциондық келісімге сәйкес, 2020 және 2022 жылдарда акцияларды сатып алу құқығымен Қашағандағы 50% үлесті сатып алды. Қашағандағы 16.88% үлес ҚМГ мен «Самұрық-Қазына» АҚ-ға тиесілі.



МҰНАЙ МЕН ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ, ГАЗ МАРКЕТИНГІ

- ҚазТрансОйл 90%
 - Қазақстан-Қытай құбыры (ҚҚК) 50%
 - Мұнай Тас 51%
 - Batumi Oil Terminal 100%
- Каспий құбыр консорциумы (КҚК) 20,75%²
- Қазтеңізкөлікфлоты 100%
- ҚазТрансГаз 100%
 - Интергаз Орталық Азия (ИОА) 100%
 - Азия газ құбыры (АГП) 50%
 - ҚазТрансГаз Аймақ (ҚТГ Аймақ) 100%
 - Бейнеу-Шымкент газ құбыры (ГБШ) 50%
- ҚазРосГаз 50%

² 19% ҚМГ арқылы және 1.75% Kazakhstan Pipeline Ventures (KPV) арқылы.



ӨНДЕУ

- ПМХЗ 100%
- АМӨЗ 99,53%
- ПҚОП 49,72%
- KMG International 100%
 - Петромидия 54,63%
 - Вега 54,63%



МҰНАЙ-СЕРВИС

- KMG Nabors Drilling Company 49%
- KMG Parker Drilling Company 49%
- KMG Automation 49%


³ Ұлттық газ операторы болып табылатын және ішкі нарықты газбен қамтамасыз етіп және газды экспортқа жеткізіп, мемлекеттің шикі және тауар газын жер қойнауын пайдаланушылардан сатып алуға артықшылықты құқығын іске асыратын «КазТрансГаз» АҚ (КТГ) жай акцияларының 100%-ті ҚМГ-ге тиесілі.

НЕГІЗГІ НАРЫҚТАР

МҰНАЙ САТУ



ГАЗДЫ САТУ³



МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН САТУ



БИЗНЕС-МОДЕЛЬ

РЕСУРСТАР

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-БАРЛАУ 16 геологиялық-барлау жобасы	КӨМІРСУТЕК ӨНДІРУ	МАГИСТРАЛЬДЫҚ ТАСЫМАЛДАУ		СҰЙЫҚ КӨМІРСУТЕКТЕР ӨНДЕУ	ӨЗГЕЛЕРІ
ДӘЛЕЛДЕНГЕН ЖӘНЕ ӘЛЕУЕТТІ ҚОРЛАР (2P) 676 млн тонна м.б. (5,2 млрд барр. м.б.)	23,6 млн тонна мұнай мен конденсат (тәулігіне 485 мың барр.) 8,5 млрд текше м газ	67,3 млн тонна Мұнай тасымалдау	103,5 млрд текше м Газ тасымалдау	жылына 6,5 млн Румыниядағы өңдеу қуаттары жылына 15 млн (ҚМГ үлесі ескеріліп) ҚР-дегі өңдеу қуаттары	
ЕВІТДА	ӨНДІРУ	ТАСЫМАЛДАУ		ӨНДЕУ	ӨЗГЕЛЕРІ
	Барлау және өндіру	Мұнай тасымалдау	Газ тасымалдау және маркетинг	Өңдеу, Трейдинг, КМГ I	Сервистік жобалар, КО, өзге де активтер
5 126 млн АҚШ ДОЛЛ.	49 %	11 %	23 %	14 %	3 %
<ul style="list-style-type: none"> ҚЕ-де толық шоғырландырылатын 100% ЕТҰ 	<ul style="list-style-type: none"> ӨМГ(100%) ЕМГ(100%) КМГ Қарашығанақ(100%) ҚТМ.....(100%) 	<ul style="list-style-type: none"> ҚТО (100%) ҚТКФ (100%) 	<ul style="list-style-type: none"> ҚТГ (100%) 	<ul style="list-style-type: none"> АМӨЗ..... (99,53%) ПМХЗ..... (100%) КМГ I (100%) 	
<ul style="list-style-type: none"> Үлестік әдіс бойынша ескерілетін БК мен қауымдастырылатын компаниялар 	<ul style="list-style-type: none"> ТШО.....(20%) ММГ(50%) Қашаған.....(8,44%) ҚГМ.....(50%) өзгелері 	<ul style="list-style-type: none"> КҚК..... (20,75%) өзгелері 	<ul style="list-style-type: none"> АГҚ..... (50%) ГБШ..... (50%) ҚазРосГаз..... (50%) өзгелері 	<ul style="list-style-type: none"> ПҚОП..... (49,72%) өзгелері 	


ҚМГ, өзінің қаржылық жағдайын талдау үшін, келесі сегменттерді белгіледі: барлау және өндіру, мұнай тасымалдау, газ тасымалдау және маркетинг, өңдеу, KMG International, мұнай-сервис және өзге де компаниялар. Сегменттер операциялар сипатының негізінде белгіленді. Белгілі бір сегменттердегі нәтижелерді Топ басшылығы үнемі бағалап тұрады.

«Барлау және өндіру» сегментіне көмірсутектерді (негізінде, мұнайды) геологиялық-барлау, игеру және өндіру жатады. «Мұнай тасымалдау» сегментіне мұнай тасымалдайтын ҚТО, ҚТКФ, КҚК компаниялары жатады. «Газ тасымалдау және маркетинг» сегментіне ҚМГ-нің еншілес ұйымы – ҚазТрансГаз (ҚТГ) кіреді. «Өңдеу» сегментіне барлық қазақстандық мұнай өңдеу зауыттары (АМӨЗ, ПМХЗ, ПҚОП) кіреді. KMG International жеке сегмент ретінде белгіленген, себебі, КМГ I – өңдеу, мұнай-химия, мұнай мен мұнай өнімдерін сату саласындағы халықаралық нарықтарда қызметті жүзеге асыратын интеграцияланған, әртарапандырылған мұнай компаниясы болып табылады. «Мұнай-сервис және өзге де компаниялар» сегментіне Компанияның, сондай-ақ қызметі ҚМГ компаниялар тобы үшін негізгі болып табылмайтын өзге де компаниялардың мұнай-сервис қызметі қосылған.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАР ҮШІН ҚҰНДЫЛЫҚТАР

Еліміздің мұнай-газ саласының геологиялық-барлаудан бастап тұтынушыларға өнімді сатуға дейінгі әрбір сегментіндегі көшбасшылық пен қатысу – Компанияға мүдделі тараптардың кең ауқымы үшін құндылық құруға мүмкіндік береді. ҚМГ акционерлерге тұрақты төлемдерді жүзеге асырады, инвесторлар мен кредиторлар алдында міндеттемелерді лайықты түрде орындайды, ірі жұмыс беруші және салық төлеуші болып табылады, әріптестермен өзара тиімді ынтымақтасты нығайтады, әлеуметтік жобаларға инвестициялар салады, экологиялық қауіпсіздіктің жоғары стандарттарын қамтамасыз етеді.

НЕГІЗГІ АРТЫҚШЫЛЫҚТАР



ҚҰНДЫ ҚҰРУ ТІЗБЕГІНІҢ БАРЛЫҚ КЕЗЕҢДЕРІНДЕГІ ТОЛЫҚ ИНТЕГРАЦИЯ

ҚМГ құнын құру тізбегінің барлық кезеңдеріндегі толық интеграция Қазақстанның мұнай-газ саласының қосылған құн құрудың барлық кезеңдерінде толық интеграцияланған ұлттық көшбасшысы болып табылады.

ҚМГ-нің мұнай-газ саласының ұлттық көшбасшысы және тікелей интеграцияланған компаниясы ретінде ұзақ мерзімді орнықты дамуы үшін тұрақты платформасы бар. ҚМГ активтері барлаудан, өндіруден, тасымалдаудан, өңдеу мен маркетингтен тұратын көмірсутектердің қосылған құнды құрудың толық циклін қамтиды. Қызмет Қазақстан мен Румынияның аумағында жүргізіледі.


ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ОРНАЛАСУ БІРЕГЕЙЛІГІ

Қазақстан – елеулі ресурстық базасы бар, тиімді орналасқан және Еуропа мен серпінді дамып жатқан Азия нарықтарына, оның ішінде, Қытайға өнім жеткізуге бірегей мүмкіндігі бар ел.

Саяси және әлеуметтік тұрақтылық, табиғи ресурс қорларының өсуі мен өнеркәсіптік инфрақұрылымының серпінді даму нәтижесінде, соңғы 20 жылда Қазақстан экономикасы он бір есе өсті.

Мұнай-газ саласы – Қазақстан экономикасының жетекші секторы. Мұнай-газ секторы елдің жиынтық салық түсімдерінің, сондай-ақ экспорттық кірісінің елеулі бөлігін әкеледі және тікелей шетелдік инвестициялардың үлкен бөлігі үшін мүдделілік секторы болып табылады. Соңғы онжылдықта Қазақстанның мұнай-газ саласына кемінде 70 млрд. АҚШ доллары мөлшерінде тікелей шетелдік инвестициялар салынды. Энергетикалық индустрияның әлемдік көшбасшыларының ауқымды қатысуы өңірдің инвесторлар үшін тартымды екенін көрсетеді. Қазақстан қалған 2Р¹ мұнай қорлары бойынша ОПЕК-ке кірмейтін топ 5 елге кіреді.


ДӘСТҮРЛІ МҰНАЙ ҚОРЛАРЫ БОЙынША ОПЕК МҰШЕЛЕРІ БОЛЫП ТАБЫЛМАЙТЫН ЕЛДЕРДІҢ БІРІНШІ БЕСТІГІНДЕГІ ОРЫН ҚАЗІРГІ БАР 2Р МҰНАЙ ҚОРЛАРЫ (2019) (МЛРД. БАРРЕЛЬ)



Дереккөз: IHS Markit

2020 жылғы 18 қаңтардағы жағдай бойынша EDIN мен Vantage Data деректеріне сәйкес, Солтүстік Америкадағы дәстүрлі емес қорларды есептемегенде (мысалы, АҚШ-тағы континентальдық мұнай мен Канададағы мұнайлы құмдар)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖІӨ, МЛРД АҚШ ДОЛЛАРЫ²




Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика комитеті

¹ Дереккөз: IHS бағасы


² 2020 жылғы 24 ақпандағы жағдай бойынша алдын ала деректер бойынша 2019 жылғы ЖІӨ.

ӨНДІРІСТІК ТІЗБЕГІ



ҚАРЖЫЛЫҚ ОРНЫҚТЫЛЫҚ

2019 жылы шикізат нарықтарының жоғары құбылмалылығына және мұнай бағаларының төмендеуіне қарамастан, қаржы көрсеткіштері орнықты болды. Brent dated мұнайының орташа бағасы жылдан жылға 10%-ке азайды, сондай-ақ EBITDA сияқты негізгі қаржы көрсеткіштері, еркін ақша ағыны мен таза пайда, тиісінше, 3,6%, 27,5% және 50,5% оң өсім көрсетті.



Дереккөз: S&P Global Platts

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ МЕН ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ СЕКТОРЫНДАҒЫ ЛИДЕРЛІК ОРЫН

Басқарылатын мұнай тасымалдау жүйесі жақсы әртараптан- дырылған және оның жоғары транзиттік және экспорттық әлеуеті бар. Секторға инвестиция салудың белсенді фазасы аяқталды және қазіргі бар қуаттар елде өсіп жатқан өндіру көлеміне қызмет көрсетуге арналған.

Қазақстан Республикасының мұнай тасымалдау көлемінің **57%-ті**

Қазақстан Республикасының газ тасымалдау көлемінің **79%-ті**

ӨНДІРУШІ АКТИВТЕРДІҢ ӘРТАРАПТАНДЫРЫЛҒАН ҚОРЖЫНЫ

ҚМГ-нің тартымды өсу әлеуеті бар мұнай мен газ өндіру активтерінің әртараптан- дырылған қоржыны бар.

Қазақстанда жаңа лицензиялар мен іске асырылатын мұнай-газ активтеріне бірегей қол жеткізу мүмкіндігінің болуы органикалық емес өсу үшін қосымша түрткі береді.


Халықаралық компаниялармен ынтымақтаса отырып, көмірсутектер өндіру көлемдерін өсіру перспективасымен әлемдік ауқымдағы ең ірі ҚМГ Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ мұнай-газ жобаларына қатысады. Операциялық активтерді,

негізінде, өндіру деңгейі тұрақты ескі кен орындары біл- діреді. Олардың өндіру тиімділігін арттыру Компания үшін маңызды міндеттердің бірі болып табылады.

2P мұнай мен конденсат қорларының еселігі (2019 жылғы мұнай мен конденсат өндіру деңгейі ескеріліп) 23 жылды құрайды.

Қазақстанда мұнай мен конденсат өндірудің **26%**

Қазақстанда газ өндірудің **15%**



ЗАМАНАУИ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ МЕН ОРНЫҚТЫ ДАМУ ҚАҒИДАТТАРЫН ҰСТАНУ

ҚМГ қоршаған орта мен әлеуметтік тұрақтылық мәселелері бойынша қазіргі және болашақ ұрпақ алдында өз ұстаным- дылығы мен жауапкершілігін мойындайды.

ЗАМАНАУИ МҰНАЙ ӨңДЕУ ЗАУЫТТАРЫ

Компания терең жаңғыртудан өткен Қазақстандағы ең ірі үш МӨЗ бен Румыниядағы екі МӨЗ-ді бақылайды. Нәтижесінде, мұнай өңдеу тереңдігі ұлғайтылды, ҚР ішкі нарығының жоғары сапалы ашық өнімдерге деген қажет- тілігі толық қамтамасыз етілді. ҚМГ-де ашық мұнай өнім- дерін Еуропа мен Орталық Азияға экспорттау мүмкіндігі пайда болды.

ҚМГ Қазақстан Республикасының барлық ең ірі заманауи мұнай өңдеу зауыттарына **81% үлеспен қатысады**



Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе газды жағу практикасын толық тоқтату үшін» атты бастамашылығы



БҰҰ-ның Орнықты даму саласындағы 17 мақсаты туралы бастамашылығы



CPD климат бағдарламасы




Метан деңгейін төмендету бойынша ғаламдық бастамашылық


НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


КӨМІРСУТЕК ҚОРЛАРЫ,
(2P) МЛН ТОННА




МҰНАЙ МЕН КОНДЕНСАТ ӨНДІРУ,
МЫҢ ТОННА




ТАБИҒИ ЖӘНЕ ІЛЕСПЕ ГАЗ ӨНДІРУ,
МЛН ТЕКШЕ М




МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ,
МЫҢ ТОННА



ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ,
МЛН ТЕКШЕ М




МҰНАЙ ӨҢДЕУ,
МЫҢ ТОННА




38 Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат 38-беттегі «Операциялық қызметке шолу» бөлімінде

ҚАРЖЫЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


ТҮСІМ,
МЛН АҚШ ДОЛЛ.




ЕВІТДА,
МЛН АҚШ ДОЛЛ.




БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАР МЕН ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН
КОМПАНИЯЛАРДЫҢ КІРІСІНДЕГІ ҮЛЕС, МЛН АҚШ ДОЛЛ.



ТАЗА ПАЙДА,
МЛН АҚШ ДОЛЛ.




ЕСЕПТЕУ ӘДІСІ БОЙЫНША КҮРДЕЛІ САЛЫМДАР,
МЛН АҚШ ДОЛЛ.



КАССАЛЫҚ ӘДІС БОЙЫНША КҮРДЕЛІ
САЛЫМДАР, МЛН АҚШ ДОЛЛ.



ЕРКІН АҚША АҒЫНЫ,
МЛН АҚШ ДОЛЛ.



ТАЗА ҚАРЫЗ,
МЛН АҚШ ДОЛЛ.



ТАЗА ҚАРЫЗ/ЕВІТДА




72 Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат 72-беттегі «Қаржылық шолу» бөлімінде

ӘЛЕУМЕТТІК КӨРСЕТКІШТЕР


ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ІС ЖҮЗІНДЕГІ
САНЫ¹



ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ЖОҒАЛҒАН ЖАЗАТАЙЫМ
ЖАҒДАЙЛАР КОЭФИЦИЕНТІ (LTIR),
1 МИЛЛИОН САҒАТҚА



ӨЛІМГЕ ӘКЕП СОҚҚАН ЖАҒДАЙЛАРДЫҢ
КОЭФИЦИЕНТІ (FAR), 100 МИЛЛИОН АДАМ/САҒАТҚА




¹ 2019 жылы Компания қызметкерлердің іс жүзіндегі санын есептеу тәсілін қайта қарады (қатысу үлесі 50% және одан да көп компаниялардың қызметкерлері есепке қосылды). Алдыңғы кезеңдердегі деректер де қайта есептелді.


92 Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат 92-беттегі «Өнеркәсіптік қауіпсіздік пен еңбекті қорғау» бөлімінде

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР


NO_x ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, ӨНДІРІЛЕТІН
1 000 ТОННА КСШ-ҒА ШАҚҚАНДА, ТОННА



SO_x ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ, ӨНДІРІЛЕТІН 1 000
ТОННА КСШ-ҒА ШАҚҚАНДА, ТОННА



ІМГ ЖАҒУ ҚАРҚЫНДЫЛЫҒЫ, ӨНДІРІЛЕТІН 1 000
ТОННА КСШ-ҒА ШАҚҚАНДА, ТОННА



81 Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат 81-беттегі «Орнықты даму аспектілерін басқару» бөлімінде

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ



Құрметті инвесторлар, акционерлер, әріптестер мен серіктестер!

Компанияның басшылығы мен қызметкерлерінің үнемі күш-жігер салу нәтижесінде, 2019 жылы біз әрі қарай дамудың оң серпінін қамтамасыз ете алғанымызды хабарлауға қуаныштымын. Біз алдымызда тұрған бірқатар маңызды міндеттерді табысты орындап, мықты операциялық және қаржы нәтижелерге қол жеткіздік және бұл бізге Компанияны одан әрі тұрақты дамытып, оның акционерлік құнын арттыруды жалғастыруға мүмкіндік береді. Осының бәрі Компанияның қаржылық жағдайын нығайту және біздің үлестік қатысуымыз бар іске асырылатын жеке активтердегі, сондай-ақ бірлескен жобалардағы өндірістік тұрақты деңгей нәтижесінде мүмкін болды.

СТРАТЕГИЯ

Бір жыл ішінде біз 2019 жылы қойылған қаржы және операциялық міндеттер мен мақсаттарды табысты орындап, Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу бағытында жұмыс істедік. Біздің 2019 жылғы операциялық нәтижелеріміз елдің мұнай-газ секторындағы ҚМГ-нің лидерлік орнын растайды.

Қорларды өсіру бойынша стратегиялық мақсатты іске асыру бөлігінде біз ірі халықаралық Епі мен «ЛУКОЙЛ» мұнай компанияларымен «Абай» мен «Жеңіс» теңіз жобалары бойынша барлау мен өндіруге арналған екі келісімшарт жасастық. Сонымен қатар, «ЛУКОЙЛ» компаниясымен I-P-2 жобасы бойынша қағидаттар туралы келісімге, сондай-ақ BP, Equinor, «ЛУКОЙЛ», «Татнефть» пен SOCAR компанияларымен басқа да бірқатар келісімдер мен меморандумдарға қол қойылды. 2020 жылы бірлескен кәсіпорындардың қызметін ұйымдастыруда және ынтымақтастық жобаларын іске асыруда одан арғы прогресс күтілуде.

Біз өзіміздің 2018 жылы бекітілген 10 жылдық стратегиямызды ұстанамыз, ол өзекті болу және қойылған мақсаттарға сәйкес келу мәніне үнемі қайта қаралады. 2019 жылы стратегияны іске асырғанда және KPI жүйесімен жұмыс істегенде, Газ бағытындағы жалпы қағидаттарды өзектендіруге баса назар аударылды. Қазіргі уақытта біз осы бизнес-сегментті дамытудың егжей-тегжейлі стратегиясын пысықтап жатырмыз, оны іске асыру акцентті шикі мұнайдан газ тәрізді және сұйық көмірсутектерді анағұрлым теңдестірілген өндіру жағына ығыстырып, ҚМГ тобының қазіргі өндіру құрылымын әбден өзгертуі мүмкін.

2019 жылы біз ТШО мұнайы мен сұйытылған газын жеткізуді аванстау шеңберінде, 2,25 млрд АҚШ долл. мөлшеріндегі міндеттемелерді орындау есебінен борышқорлық жүктемені

едәуір азайттық. Сонымен бірге, соңғы екі жылда қысқа мерзімді міндеттемелерді ұзақ мерзімді міндеттемелермен ауыстыру бойынша жасалған жұмыс нәтижесінде, біз Топтың қарызын өтеу мерзімдерін ұзартып, еурооблигацияларымыздың шығарылымдары бойынша ковенанттар пакеттерін келісе алдық. Нәтижесінде, Fitch Ratings (2019 жылғы наурызда) пен Moody's (2019 жылғы тамызда) рейтингтік агенттіктері ҚМГ-нің жеке кредиттік рейтингін көтерді. Қазір Компанияның екі агенттіктен инвестициялық деңгейдегі кредиттік рейтингілері бар, бұл ретте, олардың біреуі – Қазақстан Республикасының егеменді рейтингісінен екі саты төмен.

Жақын уақыттағы ауқымды күрделі салым салу кезеңінде, біз борышкерлік жүктемені қолайлы деңгейде ұстап, капитал пайдаланудың қатаң тәртібін сақтадық. 2019 жылы біздің күрделі шығындарымыз 1,3 млрд АҚШ долл. болғанына қарамастан, Компания шамамен 1,5 млрд АҚШ долл. деңгейінде еркін ақша ағынын және активтер мен пассивтердің орнықты ара қатынасын қамтамасыз етті. Перспективада біз активтердің сапалы қоржынын қалыптастыруға салған салымдарымыз өз жемісін әкеледі деп күтеміз.

Соңғы екі жыл ішінде біз инвестициялық жобаларды талдап, олардың басымдығын белгіледік, енді әрбір жоба, сондай-ақ оның құны үшін кірістілік пен Топ стратегиясына сәйкес келу көрсеткіштері бойынша инвестициялап қоржынын басқарудың нақтырақ реттелген тәсіліне көшуді көздеп отырмыз.

IPO ықтималдығына келсек, өзіңізге белгілі, ҚМГ Қазақстан Республикасы Үкіметінің жекешелендіру бағдарламасының бір бөлігі болып табылады. IPO-ның кез келген нұсқасына қатысты түпкілікті шешімді біздің негізгі акционерлеріміз қабылдайды және әртүрлі бірқатар факторларға тәуелді болады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ

Директорлар кеңесі, бірінші кезекте, корпоративтік басқаруға назар аударады және оны үнемі жетілдіру үшін жұмыс істейді.

Қазіргі уақытта ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына төрт тәуелсіз директор, негізгі акционердің төрт өкілі (олардың үшеуі атқарушы емес директор болып табылады) мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының төрағасы кіреді. Директорлар кеңесінің төрағасы мен Директорлар кеңесінің жанындағы барлық комитеттердің төрағалары тәуелсіз директорлар болып табылады, бұл Компания қызметінің барлық маңызды мәселелері бойынша тәуелсіз кәсіби баға алудың бірегей мүмкіндігін береді. Директорлар кеңесінің құрамы арнайы әзірленген дағдылар мен құзыреттер матрицасына сәйкес құрылды.

2019 жылы Директорлар кеңесінің құрамына Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасы болып сайланған тәуелсіз директор Луис Мария Виана Палья да Силва кірді. Луистің мұнай өңдеу мен мұнай-химия саласында жұмыс істеу тәжірибесі бар және бұл, біздің жаңғыртылған мұнай өңдеу зауыттарының өндіріс көлемдерін ұлғайту жағдайында, Компания үшін өте пайдалы болады.

Сонымен қатар, сіздерді Директорлар кеңесінің жаңа мүшесі, негізгі акционердің өкілі – атқарушы емес директор Энтони Эспинамен таныстырғым келеді. Энтонидің қор нарықтарымен жұмыс істеуде мол тәжірибесі бар және бұл біздің қаржы орнықтылығымызды арттыру мен біздің негізгі акционерімізбен бірлесіп, Компанияның IPO нұсқаларын пысықтау аясында ҚМГ үшін үлкен құндылықты білдіреді.

2019 жылы Директорлар кеңесі бейінді комитеттерге бақылауға және пысықтауға берілген бірқатар мәселелерді кеңейтілді. Осы шаралар Директорлар кеңесінің тарапынан бақылау сапасы мен тиімділігін жоғалтпай, Директорлар кеңесінің назарын анағұрлым маңызды стратегиялық мәселелерге шоғырландыруға бағытталған.

ОРНЫҚТЫ ДАМУ

Біз орнықты даму мәселелеріне көп көңіл бөлеміз және ESG мәселелері бойынша анағұрлым ашық көзқарасқа ұмтыламыз. Соңғы төрт жылда біз қоршаған ортаны қорғау және өнеркәсіптік қауіпсіздік саласындағы негізгі көрсеткіштерді едәуір жақсарттық. Жұмыс уақыты жоғалған жазатайым жағдайлар коэффициенті 37%-ға, адам өліміне әкеп соққан жағдайлар коэффициенті — 72%-ға, CO2 шығарындылары — 12%-ға, ал ілеспе мұнай газын жағу қарқындылығы — 75%-ға қысқарды. Осы жақсартуларға қарамастан, мен өндірістегі жарақаттылық пен өлім жағдайларының толығымен болмауы біз үшін нәтиже болатынын атап өткім келеді, сондықтан да біз осы мақсатқа қол жеткізу үшін жұмысты жалғастырамыз. Өткен жылы біз GRI стандарттарына сәйкес дайындалған Орнықты даму туралы есепті жарияладық. Қазақстанның мұнай-газ компанияларының практикасындағы Carbon Disclosure Project (CDP) бастамашылығының шеңберінде парниктік газдар

шығарындылары (1, 2 және 3-деңгейлер) жөніндегі алғашқы верификацияланған есептіліктің жарияланғанын атап өткім келеді. Онда климаттың ғаламдық өзгеруіне бейімделу мақсатында Компанияның көрсеткіштері, сондай-ақ даму жоспарлары ашылған. Сонымен бірге, CDP есебі бізге және біздің стейкхолдерлерімізге біз қоршаған ортаны қорғау саласындағы жетістіктерімізді бәсекелестеріміз бен басқа да компаниялардың көрсеткіштерімен салыстыруға мүмкіндік береді.

Біз БҰҰ-ның орнықты даму саласындағы ғаламдық мақсаттарына қол жеткізуге өз үлесімізді қосуға ниеттіміз және 2020 жылы оның негізгі мақсаттарын өзіміздің стратегиямыз бен бизнес-жоспарларымызға қосамыз, сондай-ақ оларды операциялық қызметімізге қосамыз. 2020 жылы біз ESG халықаралық рейтингін алуды және де Water Disclosure Project бастамашылығының шеңберінде ашылатын су пайдалану туралы ақпаратты біздің Орнықты даму туралы есебімізге қосуды жоспарлап отырмыз.

Әсіресе мен 2019 жылы Компанияда Директорлар кеңесінің Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитеті өз жұмысын бастағанын мақтан тұтамын. Бұл Директорлар кеңесінің озық практиканы ұстанатынын көрсетеді және осы салалардағы біздің көрсеткіштерімізді жақсартуға түрткі болады.

МҮДДЕЛІ ТАРАПТАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

Мен барлық стейкхолдерлермен, инвесторлармен, әріптестермен, біздің қызметкерлерімізбен тұрақты диалог жүргізу маңызды деп есептеймін. Былтыр, стратегиялық бастамашылықтарды іске асыру мониторингінің шеңберінде, тәуелсіз директорлар Компанияның бірнеше өндірістік объектілері – «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС, сондай-ақ Шымкент мұнай өңдеу зауытына барды. Мен осы практиканы жалғастырып, биыл бірнеше өндірістік объектіге баруды жоспарлап отырмын. Сонымен қатар, мен, әріптестеріммен бірге, Компанияның жоғары(топ) және орта(мидл) буындағы менеджментімен кездесулерді тұрақты түрде жүргізіп тұрамыз. Сондай-ақ мен, жолсапар-шоу (роуд-шоу) шеңберінде, Компанияның еурооблигацияларын ұстаушылармен және инвесторлармен кездесуге қатыстым.

«ҚазМұнайГаз» жоғары халықаралық стандарттар мен ең үздік корпоративтік практикаларды ұстана отырып, болашаққа сенімді қарайды.

2019 жыл Алик Серікұлы Айдарбаевтың басшылығымен, оның Басқарма төрағасы ретінде жұмыс істеген алғашқы жылы, Компания үшін тағы бір сәтті жыл болды. ҚМГ анағұрлым күшті, қауіпсіз және қаржы жағынан тұрақты компания болып қала береді, бұл бәріне де – біздің акционерлеріміз бен қызметкерлерімізге, сондай-ақ, тұтастай алғанда, Қазақстан Республикасына пайда әкеледі.

Кристофер Уолтон,
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы

БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ



Құрметті акционерлер, инвесторлар мен серіктестер!

2019 жыл біздің өсу стратегиямызды іске асыру жолында кезекті сәтті жыл болды. Біз қаржы жағдайымызды едәуір күшейтіп, өндірістік оң нәтижелерге қол жеткіздік және өнеркәсіптік қауіпсіздіктің көрсеткіштерін жақсарту жұмысын жалғастырдық.

ЖАҚСЫ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР МЕН ҚАРЖЫЛЫҚ ТҰРАҚТЫЛЫҚ

Жыл қорытындылары ҚМГ-нің аяқтан нық тұрғанын және стратегияда қойылған мақсаттарға сенімді қадаммен келе жатқанын растайды. Есепті жылда біз белгіленген өндірістік көрсеткіштерге қол жеткізгенімізді атап өтемін.

Мұнай және газ конденсатын өндіру көлемі 23,6 млн тоннадан асып түсті, бұл 2018 жылғы деңгейден сәл жоғары.

ҚМГ үшін өсу көрсеткішінің бірі – газ экспорты болды. Магистралдық газ құбырларымен 103,5 млрд текше м газ тасымалданды. Бұл ретте, көгілдір отын 8,8 млрд текше м экспортталды, оның ішінде, 7 млрд текше м. Қытай Халық Республикасының аумағына экспортталды.

Үш мұнай өңдеу зауытында рекордты өңдеу көлемі – шамамен 17 млн тонна мұнайға қол жеткізілді. 2019 жылы біз ішкі нарықтың ашық мұнай өнімдеріне деген қажеттілігін толығымен қамтамасыз еттік және оны алғаш рет жақын орналасқан елдерге экспорттай бастадық.

Біз негізгі өсу жобаларының бірі – Теңіздегі Болашақ кеңейту жобасы бойынша айтарлықтай процеске қол жеткіздік. Құрылыс жұмыстары мен жабдығына арналған шығыстардың анағұрлым жоғары болуына байланысты, акционерлер жобаның құнын 37-ден шамамен 45 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғайту туралы шешім қабылдады.

2019 жылы Қашағанда мұнай өндірудің ең жоғары деңгейі – тәулігіне 400 мың баррельге дейін қол жеткізілді, бұл ретте, 2019 жылы тәулігіне орташа өндіру көлемі 307 мың барр. болды.

Біз Компанияның қаржы орнықтылығын нығайту бағытындағы жұмысты жалғастырдық. Brent маркалы мұнай бағаларының төмендеуіне қарамастан, EBITDA көрсеткіші өткен жылғы мәннің деңгейінде сақталып, 5.1 млрд АҚШ долларын құрады. Негізінде, ТШО мұнайы мен сұйытылған көмірсутекті газын аванстау шеңберінде міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындау нәтижесінде, 2019 жылы біздің борышқорлық жүктемеміз едәуір азайды. Сонымен қатар, соңғы бірнеше жылда жасалған жұмыс нәтижесінде, атап айтқанда, қысқа мерзімді облигацияларды қысқа мерзімді етіп қайта қаржыландыру, Еурооблигациялар шығару бойынша тегістелген ковенанттар нәтижесінде, біз борышқорлық қоржынымыз бүгінгі таңда теңдестірілген болып табылады деп есептейміз.

2019 жыл Трансформация бағдарламасын «қайта жүктеумен» есте қалды: операциялық тиімділікті арттыру мақсатында, біз активтерді цифрландыру деңгейін арттыруға бет алдық. Осылайша, біз компаниямыздың бизнесін, қазіргі заманның өзекті талабы болып табылатын, жаңа цифрлық жағдайға интеграциялауды қамтамасыз етеміз.

Сонымен қатар, есепті жылы біз жаңа жер қойнауын пайдалану жобаларына стратегиялық әріптестерді тарту және геологиялық-барлау саласындағы ENI, ЛУКОЙЛ, BP, EQUINOR мен Татнефть секілді халықаралық мұнай-газ компанияларымен ынтымақтастықты кеңейту бойынша үлкен жұмысты жүргізілуде.

2019 жылы біз қорларды бағалаудың халықаралық стандарттарына көшіп, ашық болуға ниетімізді растадық. 2019 жылдың аяғындағы 5,2 млн б.м.б. деңгейіндегі көмірсутектердің дәлелденген және әлеуетті қорлары (2P) біздің қорларымызды экономикалық тұрғыдан одан әрі тиімді кеңейтуге шоғырлануға мүмкіндік береді.

ESG КӨРСЕТКІШТЕРІН ОДАН ӘРІ ЖАҚСARTУ

Біздің өнеркәсіптік қауіпсіздікті жақсарту үшін үнемі күш-жігер жұмсағанымызға қарамастан, 2019 жылдың екінші жартысында, өкінішке орай, біз жол-көлік оқиғасының және өрт нәтижесінде екі қызметкерімізден айырылды. Біз үшін адам өліміне әкеп соғатын қайғылы жағдайдың ешқайсысы қабылдауға жатпайды. Мен қаза болғандардың туыстары мен жақындарының қайғысына ортақ екенімді шын жүректен білдіргім келеді.

Алайда, осы қайғылы жағдайларға қарамастан, өткен жылмен салыстырғанда, жарақат алу жағдайларының саны 4%-ға, өмірге қауіпті жарақат алу жағдайларының саны 11%-ға, жол-көлік оқиғаларының саны 33%-ға және өрт саны 17%-ға азайды.

Біз ілеспе газды зая келтірмей пайдалану деңгейін көтеруде айтарлықтай прогреске қол жеткіздік, 2019 жылдың қорытындылары бойынша бұл көрсеткіш 97%-ға жетті. Сонымен қатар, су орнықтылығына қарай үлкен қадам жасалғанын атап өткен жөн, есепті жылда біз су ресурстарын ұтымды басқару ұстанымдылығы туралы мәлімдемеге қол қойып, ағынды және тұзды су тазарту бойынша бірнеше ауқымды жобаны іске асырдық.

ҚМГ ҚАЗАҚСТАНДА

Өткен жылы ҚМГ, дәстүрлі түрде, еліміздің ең ірі салық төлеушісі ретіндегі мәртебесін растады. Біз елдің бюджетіне шамамен 4 млрд. АҚШ долл. мөлшерінде салықтар мен басқа да міндетті төлемдерді төледік.

Біздің әлеуметтік саясат саласындағы стратегиямыз қатысымыз бар өңірлердің дамуына жәрдемдесуге бағытталған. Есепті кезеңде, ҚМГ компанияларының тобында жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберіндегі әлеуметтік инвестициялардың көлемі 7,6 млрд теңгені құрайды. Сонымен қатар, Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмалары шеңберінде, Түркістан қаласының инфрақұрылымын дамытуға 22,8 млрд. теңге бөлінді.

2020 жылы ҚМГ даму стратегиясында жарияланған мақсаттарды орындауға жалғастырады, біз тез өзгеріп жатқан ортада икемді болуға тырысып, барлық бизнес-процестердің барынша тиімді болуына күш саламыз. Біз барлық стейкхолдерлерімізбен қатынастарда ашық әрі анық тәсіл қолдануды жалғастырамыз.

Қорытындылай келе, мен ұжымымыздың әрбір қызметкеріне командалық жұмыс пен корпоративтік құндылықтарды ұстанатыны үшін алғыс білдіргім келеді.


Алиқ Айдарбаев
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ
Басқармасының төрағасы

СТРАТЕГИЯ

НАРЫҚҚА ШОЛУ



МАКРОЭКОНОМИКА ЖӘНЕ ҒАЛАМДЫҚ ТРЕНДТЕР



ӘЛЕМДІК ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ



САЛАДАҒЫ ЦИФРАНДЫРУ МЕН АВТОМАТТАНДЫРУДЫҢ ЖОҒАРЫ ҚАРҚЫНЫ.



ІСКЕРЛІК КОММУНИКАЦИЯ САЛАСЫНДАҒЫ ESG-ФАКТОРЛАРЫНЫҢ ӨСІП ЖАТҚАН МӘНІ



КӨМІРСУТЕК ШИКІЗАТЫ БАҒАЛАРЫНЫҢ ҚҰБЫЛМАЛЫЛЫҒЫ.

ҒАЛАМДЫҚ ТРЕНДТЕР МЕН ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ДРАЙВЕРЛЕР

САЛА ҮШІН СЫН-ТЕГЕУРІН

ТРЕНД КОМПАНИЯНЫҢ СТРАТЕГИЯСЫНА ҚОЯТЫН ТАЛАП

ЕЫДҰ-ға кірмейтін Азия елдерінде сұйық отынға сұраныстың өсуі. Негізгі өсу драйвері – Қытайдағы газға сұранысты қоса алғанда, газға деген әлемдік сұраныстың өсуі.

Мұнай мен газ тасымалдау қуаттарын ұлғайту арқылы жеткізу нарығын кеңейту және әртараптандыру

«Интеллектуалдық кен орны» атты цифрлық технологияларды дамыту және пайдалану, мұнай-газ саласындағы бизнес-процестерді цифрлау және автоматтандыру.

ҚМГ Цифрлық трансформация бағдарламасын іске асырады.

Мұнай-газ саласында ESG ең үздік практикаларын тренд ретінде пайдалану.

ҚМГ-нің ұзақ мерзімді стратегиясының негізгі компоненттерінің бірі орнықты даму қағидаттарын негізгі бизнес-процестерге интеграциялау болып табылады.

Іргелі факторлардан басқа, мұнай бағалары геосаяси факторларды көрсетеді, ал бұл бағалардың жоғары құбылмалылығына әкеп соғады.

ҚМГ күш-жігерін қаржылық орнықтылықты нығайтуға, оның ішінде қаржылық тәртіп пен капиталдың теңдестірілген құрылымын сақтауға шоғырландырады.

ӘЛЕМДІК ОТЫН-ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ БАЛАНС ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ ӨЗГЕРУІ


АҚШ Энергетикалық ақпарат басқармасының (EIA) 2019 жылғы 24 қыркүйектегі Халықаралық энергетикалық болжамына сәйкес, 2018 және 2050 жылдар аралығында, ЭЫДҰ елдерінде 15%-ке өсумен салыстырғанда, ЭЫДҰ-ға кірмейтін елдерде энергия тұтынуы ~70%-ке өседі.

2018 жылдан бастап 2050 жылға дейінгі кезеңде саны өсіп жатқан халық пен өсіп жатқан экономика көрсетіліп, сұйық отынды тұтыну көлемі, негізінде, ЭЫДҰ-ға кірмейтін елдерде өсті. Бұл ретте, ЭЫДҰ-ға кірмейтін Азия елдерінің үлесі әлемде өскен сұйық отынды тұтыну көлемінің, шамамен, төрттен үшін құрайды.

ҚМГ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ


Сұйық отын мен табиғи газ тұтынуындағы әлемдік трендтерді назарға ала отырып, ҚМГ өз мұнайын экспорттық жеткізуді өсіру үшін құрылған мұнай тасымалдау инфрақұрылымын барынша пайдалануды көздеп отыр. Атап айтқанда, Қазақстан-Қытай құбырын дамыту Батыс Қазақстанның кен орындарынан көмірсутек шикізатын

ЭНЕРГИЯНЫ ӘЛЕМДІК ТҰТЫНУ, КВАДРИЛН БТЖ



Дереккөз: АҚШ Энергетика ақпарат басқармасы (US Energy Information Administration), 2019 жылғы 24 қыркүйектегі «International Energy Outlook 2019» есеп

ЭЫДҰ-ҒА КІРЕТІН ЕЛДЕРДЕ СҰЙЫҚ ОТЫННЫҢ ТҰТЫНЫЛУЫ, КВАДРИЛН БТЕ



■ Америка ■ Еуропа ■ Азия

Дереккөз: АҚШ Энергетика ақпарат басқармасы (US Energy Information Administration), 2019 жылғы 24 қыркүйектегі «International Energy Outlook 2019» есеп

Қытайдың перспективалық нарығына жеткізуді қамтамасыз етеді. «Каспий құбыр консорциумы» мұнай тасымалдау жобасы Еуропаға жеткізуді ұйымдастыруға арналған көлік инфрақұрылымының негізгі компоненті болып табылады.


ГАЗҒА ДЕГЕН ӘЛЕМДІК СҰРАНЫСТЫҢ ӨСУІ

Басқа қазып алынатын отын түрлерімен салыстырғанда, айтарлықтай төмен көмірсутек ізі бар табиғи газ күн мен жел энергиясын баланстауда өте маңызды роль ойнайды. Газға деген ғаламдық сұраныс ұзақ мерзімді кезеңде тұрақты болып табылады.

АҚШ Энергетикалық ақпарат басқармасының Халықаралық энергетикалық болжамына сәйкес, 2018 жылдан бастап 2050 жылға дейінгі кезеңде табиғи газды әлемдік тұтыну, кем дегенде, 40%-ке ұлғаяды. 2018-2050 жж. ЭЫДҰ-ға кірмейтін елдерде табиғи газды тұтыну 70%-ке өседі.


+10%
2019 жылы Қытайда газ тұтынудың өсуі

ТАБИҒИ ГАЗДЫ ӘЛЕМДІК ТҰТЫНУ, КВАДРИЛН БТЕ



Дереккөз: АҚШ Энергетика ақпарат басқармасы (US Energy Information Administration), 2019 жылғы 24 қыркүйектегі «International Energy Outlook 2019» есеп

ЭЫДҰ-ҒА КІРМЕЙТІН ЕЛДЕРДЕ СҰЙЫҚ ОТЫННЫҢ ТҰТЫНЫЛУЫ, КВАДРИЛН БТЕ



■ Қытай ■ Үндістан ■ Азияның басқа елдері ■ Таяу Шығыс
■ Африка ■ Еуропа мен Евразия ■ Америка

Дереккөз: АҚШ Энергетика ақпарат басқармасы (US Energy Information Administration), 2019 жылғы 24 қыркүйектегі «International Energy Outlook 2019» есеп

ҚЫТАЙДА ТАБИҒИ ГАЗҒА ДЕГЕН СҰРАНЫСТЫҢ ӨСУІ


Қытайдың Дамыту және реформалар жөніндегі ұлттық комиссиясының деректеріне сәйкес, 2012-2019 жж. табиғи газдың анық тұтынылуының жиынтық орта жылдық өсуі (CAGR) 15,4%-ті құрайды. 2019 жылы табиғи газдың анық тұтынылуы 10,0% г/г ұлғайып, 306,8 млрд текше метр болды.

Sinorec Gas Co 2019 жылғы 15 қазандағы бағалауынша, өнеркәсіптің жаңғыру және қалаланудың жалғасу аясында, ұзақ мерзімді перспективада Қытайда газға деген сұраныс 2030 жылға қарай 510 млрд текше метрге дейін жетеді. 2019 жылғы тамызда CNPC Economics & Technology Research Institute 2035 жылға қарай Қытайдағы газға деген сұранысты 610 млрд текше м., ал 2050 жылға қарай – 690 млрд текше м. болжады.

ҚМГ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

ҚМГ алдында, Қазақстан Республикасының ішкі нарығында өсіп жатқан тауар газын қажетсіну қанағаттандырылған жағдайда, тауар газының жеткілікті көлемдерінің болуын және Қытай бағытында газдың экспорттық көлемдерін өсіруге мүмкіндік беретін құбырларының өткізу қабілеттігін қамтамасыз ететін бастамашылықтарды іске асыру міндеті тұр. Қазақстан-Қытай мен Бейнеу-Бозой-Шымкент магистральдық газ құбырлары Қытай Халық Республикасы бағытындағы табиғи газдың экспорттық әлеуетін іске асыруда негізгі жобалар болып табылады.

ҚЫТАЙДА ТАБИҒИ ГАЗДЫ ТҰТЫНУ (2012 ЖЫЛ – 2019 ЖЫЛ), МЛРД ТЕКШЕ М



Дереккөз: Қытай Халық Республикасының Дамыту және реформалар жөніндегі ұлттық комиссиясы, Bloomberg

ЦИФРЛАНДЫРУ

Бүгінгі таңда цифрлық технологиялар тиімділік пен қауіпсіздік саласындағы түбегейлі жақсартуды ұсына отырып, экономиканың барлық салаларына енеді. Оған энергетика да кіреді: бүкіл әлем бойынша озық мұнай-газ компаниялары Big Data, предиктивті талдауды, жасанды интеллекті, машиналық оқуды, роботтар мен басқаларын тиімді қолдануда.

Цифрлық технологияларды пайдалану:

- күрделі және операциялық шығыстардың төмендеуіне,
- мұнай бағалары құбылмалылығы аясында кірістіліктің жақсартылуына,
- тиімділіктің артуына,
- іркілістердің болжануына,
- өндірісте қауіпсіздіктің қамтамасыз етілуіне түрткі болады.

Цифрландыру ұлттық экономиканың қозғаушы күші бола алады. Цифрландыру жұмыс орындарын ашудың жаңа толқынын тудыруға мүмкіндік беретін жаңа технологияларды әзірлеп, оларды Қазақстанның экономикасына бейімдеудің қозғаушы күші болады.

Әлемде цифрландырудың өсіп жатқан өзектілігін ескере отырып, еліміздің бәсекеге қабілеттігін қамтамасыз ету мақсатында, Қазақстанда «Цифрлық Қазақстан» атты мемлекеттік бағдарлама іске асырылып жатыр.

Бағдарлама экономиканың барлық дерлік салаларын, оның ішінде мұнай-газ өнеркәсібін қамтиды, ол үшін:

- Қазақстанның ірі өндіру компанияларында интеллектуалдық кен орны технологиясын енгізу,
- бақылау есеп аспаптарын пайдалану арқылы тауар мұнай өндіруді есепке алудың анық болуын қамтамасыз ету,
- бақылау жүйелерімен жарақтандыру, жабдықты ауыстыру мен ҚР МӨЗ техникалық қызметтер көрсету мен жөндеуді басқарудың автоматтандырылған жүйесін енгізу арқылы ел ішінде отынды үздіксіз жеткізуді қамтамасыз ету көзделген.

«Цифрлық Қазақстан» бағдарламасының шеңберінде, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қазгермұнай» БК ЖШС кәсіпорындары «Интеллектуалдық кен орны» атты жобаны іске асыруда.

ҚМГ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Компания жаңа цифрлық технологияларды, цифрлық мәдениетті басқарып, қалыптастырудың дата-бағытталған тәсіліне назар аударып, күш-жігерін Цифрлық трансформация бағдарламасын іске асыруға шоғырландырады. Корпоративтік стратегияны іске асыру шеңберінде, 2020 жылы Компания ҚМГ Цифрландыру стратегиясын әзірлеуге кірісті.


ESG ПРАКТИКАЛАРЫН ДАМУ

2015 жылғы қыркүйекте 193 елдің басшылары «Әлемді түрлендіру: 2030 жылға дейінгі кезеңде орнықты даму саласындағы күн тәртібі» немесе «Орнықты даму мақсаттары» атты өршіл кешенді бағдарламаны мақұлдады. Климаттың өзгеруімен күрес және энергия жүйелерін қайта құру бизнес, қоғам мен қоршаған орта үшін орнықты болашаққа жолдағы негізгі міндеттер болып табылады. Париж келісімі төмен көмірсутекті экономикаға көшу шарасыз екендігі туралы шешуші және ғаламдық сигнал жіберді. Париж келісімінің шеңберінде Қазақстан жариялаған салым (INDC) – 2030 жылға қарай парниктік газдардың шығарындыларын 1990 жылғы шығарындылардың деңгейінен 15%-ке қысқарту (шүбәсіз мақсат) немесе анағұрлым өршіл – жалпы, ұлттық шығарындыларды 25%-ке азайту мақсаты (шартты мақсат).

ҚМГ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Шешімдерді қабылдау кезінде ҚМГ ұлттық және ғаламдық деңгейлерде «жасыл рельстерге» көшу үрдісін ескеріп, саладағы ұзақ мерзімді табыс ESG саласындағы жоғары көрсеткіштерді талап ететінін мойындайды. БҰҰ Ғаламдық шартының қатысушысы ретінде, ҚМГ, климаттың өзгеру, қоршаған ортаға теріс әсер тигізуді болдырмау, әлеуметтік жауапкершілік пен Компанияның экономикалық өсуін қамтамасыз ету мәселелеріне ерекше назар аудара отырып, орнықты даму қағидаттарын ұстанатынын, орнықты даму мақсаттарын қолдайтынын растайды.

BRENT МАРКАЛЫ МҰНАЙ БАҒАЛАРЫ, БІР БАРРЕЛЬ ҮШІН АҚШ ДОЛЛАРЫ



Дереккөз: Bloomberg, әртүрлі дереккөздер

МҰНАЙ БАҒАЛАРЫНЫҢ ҚҰБЫЛМАЛЫЛЫҒЫ

2019 жылы Brent маркалы мұнай фьючерстері бір баррель үшін 61,9 АҚШ долл. деңгейінде сатылып, 6,6% г/г төмендеді. 2018 жылмен салыстырғанда (20%), 2019 жылы мұнай бағалары өскен геосаяси тәуекелдер аясында құбылмалы болды (30 күндік құбылмалылық – 28%).

Коронавирус пандемиясына және Сауд Арабиясы мен Ресейден өнімдердің анағұрлым жоғары деңгейде күтілетін жеткізілуіне байланысты, 2020 жылғы 19 наурызда Brent маркалы мұнайдың бір баррелі үшін баға 56,0%-ке төмендеп, 28,47 АҚШ доллары құрады. COVID-19 ауруының тарауы экономикалық өсуді баяулатып, қысқа мерзімді перспективада мұнайға сұранысты азайтады деп күтіледі.

2019 жылғы 6 желтоқсанда ОПЕК елдері мен ОПЕК-ке кірмейтін елдер министрлерінің 7-ші кеңесінің шеңберінде, мұнай өндіруді 500 мың барр./тәул. дейін қосымша қысқарту туралы шешім қабылданды. Бұл, 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап, мұнай өндіруді жалпы 1,7 млн барр./тәул. қысқартуға әкелді.

ҚМГ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

COVID-19 қатысты ҚМГ вирустың қызметкерлер арасында таралу қаупін азайтуға бағытталған проактивті тәсілді қолданып, шаралар кешенін іске асырып жатыр.

ІШКІ ДРАЙВЕРЛЕР МЕН ОЛАРДЫҢ СТРАТЕГИЯНЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫНА ТИГІЗЕТІН ӘСЕРІ

ҚАЗАҚСТАННЫҢ МҰНАЙ-ГАЗ САЛАСЫН ДАМУ

Көмірсутек шикізат қорлары мұнай-газ индустриясын экономикадағы негізгі сектор етеді. Қазақстанның қорлар өсіруді қамтамасыз ету үшін пайдалы қазбалардың барлық түрлерінің болжамды ресурстарының үлкен әлеуеті бар. Қазақстан алаңының, кем дегенде, 60%-тін пайдалы қазбаларды анықтаудың әр түрлі көлемі мен перспективалылығы бар мұнай-газды аудандар алып жатыр.

Мұнай-газ саласы Қазақстанның жалпы ЖІӨ-нің шамамен 21%-тін (2018 жыл) алып отыр. 2019 жылдың тоғыз айында шикі мұнай мен табиғи газ өндіру секторына ТШИ жалпы ағынының 50%-тін тартты. 2019 жылы шикі мұнай, табиғи газ бен мұнай өнімдерінің экспорты 64%¹ деңгейінде экспорттық кірісті қамтамасыз етеді.

Соңғы онжылдықта өндірісті кеңейту әлемдік көмірсутектер нарығында елдің позициясын айтарлықтай күшейтті. Орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада Қазақстан өндіріс өсіруді жалғастырады.


Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығының деректеріне сәйкес, 2019 жылы Қазақстанда 90,6 млн тонна шикі мұнай мен газ конденсаты өндірілді, бұл шамамен 2018 жыл деңгейінде. 2019 жылы 56,4 млрд текше м. табиғи газ өндірілді (2018 жылмен салыстырғанда 1,7% г/г өсті).

Қазақстанда мұнай мен газ тасымалдау және өңдеу бойынша заманауи және әртарапандырылған инфрақұрылым құрылды. Мұнай сату нарықтарына қол жеткізуді қамтамасыз ету тұрғысынан, мұнай тасымалдау ҚМГ қоржынындағы стратегиялық маңызды мәні бар бағыт болып табылады.

ҚМГ көмірсутек шикізатын тасымалдау маршруттарын әртарапандырып, Қытайға газ экспортының тасымалдау инфрақұрылымын құрды.


Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің деректеріне сәйкес, 2019 жылдың қорытындылары бойынша мұнай өңдеу зауыттарында мұнай өңдеу көлемі, өткен жылдағы кезеңмен салыстырғанда, 4,4%-ке өсіп, 17,1 млн тонна болды. 2018 жылмен салыстырғанда, мұнай өнімдерінің өндірісі, бензиндер бойынша 15,5%-ке, дизотын – 7,7%-ке, авиаотын – 63,2%-ке өсті. Орта мерзімді перспективада мұнай өнімдерінің ішкі нарығында профицит болжанып отыр, бұл экспорттың өсуі үшін оң фактор болып табылады.

МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ КОНДЕНСАТЫН ӨНДІРУ



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы.

ШИКІ ГАЗДЫ ӨНДІРУ, МЛРД ТЕКШЕ М.



Дереккөз: Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті, Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай және газ ақпараттық-талдау орталығы.

МҰНАЙ МЕН ГАЗ КОНДЕНСАТЫН ЭКСПОРТҚА ЖЕТКІЗУ, 2019 ЖЫЛ



Дереккөз: Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің Мұнай мен газ ақпараттық-талдау орталығы. Кесте тасымалдау компанияларының деректері бойынша жасалды.»

¹ СЭҚ ТН 2709 битумды жыныстардан алынған шикі мұнай мен шикі мұнай өнімдері, СЭҚ ТН 2711 мұнай газы мен өзге де газ тәрізді көмірсутектер, СЭҚ ТН 2710 шикіден басқа, битум жыныстарынан алынған мұнай мен мұнай өнімдері

2019 ЖЫЛДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОЛАЙЛЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЖАҒДАЙ

Орта мерзімді перспективада күтілетін оң экономикалық өсуді, орнықты фискальдық және ақша-кредиттік шарттар мен үкіметтің құрылымдық реформаларының іске асырылуын ескерсек, Қазақстандағы экономикалық жағдай қолайлы болып табылады. 2019 жылы ЖІӨ 179 млрд. АҚШ доллары болған Қазақстан экономикасы күшті, Орталық Азия елдерінің шамамен 60% ЖІӨ тиесілі елді білдіреді.

Ел экономикасы орнықты. Соңғы он жылда Қазақстан, орташа есеппен, 4,2 % деңгейіндегі тұрақты экономикалық

ОРТАЛЫҚ АЗИЯНЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

Өзбекстан	Көрсеткіштер
ЖІӨ, млрд. АҚШ доллары	50,5
ЖІӨ-нің өсуі, % (2018)	5,1
Сыртқы сауда айналымы, млрд. АҚШ доллары (2018)	28,2
Экспорт, млрд. АҚШ доллары (2018)	10,9
Импорт, млрд. АҚШ доллары (2018)	17,3
Moody's S&P Fitch	B1 BB- BB-

2019 жылы Қазақстан Республикасындағы ЖІӨ-нің 4,5%-ке өсуі

өсу қарқынына қол жеткізді. 2019 жылы ЖІӨ 2014-2018 жылдардағы өсу қарқынынан асып түсіп, 4,5%-ті құрады.

2015 жылы ҚРҰБ инфляциялық таргеттеу режиміне кіріп, 2016 жылғы шілдеде инфляцияны қос таңбалы көрсеткішті 17,7%-тен 2018 жылғы желтоқсанда 5,3% және 2019 жылғы желтоқсанда 5,4%-ке дейін азайтты, бұл 2019-2021 жылдардағы 4-6%-ке ҚРҰБ мақсатты инфляцияға сәйкес келеді. 2019 жылғы желтоқсанда инфляциялық болжамдар тұрақты және шынайы инфляцияға жақын болды.

Қазақстан	Көрсеткіштер
ЖІӨ, млрд. АҚШ доллары (2018)	179
ЖІӨ-нің өсуі, % (2019)	4,5
Сыртқы сауда айналымы, млрд. АҚШ доллары (2018)	96,1
Экспорт, млрд. АҚШ доллары (2018)	57,7
Импорт, млрд. АҚШ доллары (2018)	38,4
Moody's S&P Fitch	Baa3 BBB- BBB


Қырғызстан	Көрсеткіштер
ЖІӨ, млрд. АҚШ доллары (2018)	8,1
ЖІӨ-нің өсуі, % (2019)	3,5
Сыртқы сауда айналымы, млрд. АҚШ доллары (2018)	6,7
Экспорт, млрд. АҚШ доллары (2018)	1,8
Импорт, млрд. АҚШ доллары (2018)	4,9
Moody's S&P Fitch	B2 - -

Тәжікстан	Көрсеткіштер
ЖІӨ, млрд. АҚШ доллары (2018)	7,5
ЖІӨ-нің өсуі, % (2018)	7,3
Сыртқы сауда айналымы, млрд. АҚШ доллары (2018)	4,3
Экспорт, млрд. АҚШ доллары (2018)	1,1
Импорт, млрд. АҚШ доллары (2018)	3,2
Moody's S&P Fitch	B3 B -

Түрікменстан	Көрсеткіштер
ЖІӨ, млрд. АҚШ доллары	44,1
ЖІӨ-нің өсуі, % (2018)	6,2
Сыртқы сауда айналымы, млрд. АҚШ доллары (2017)	18,0
Экспорт, млрд. АҚШ доллары (2017)	7,8
Импорт, млрд. АҚШ доллары (2017)	10,2
Moody's S&P Fitch	-

Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті (ТМД негізгі көрсеткіштері), Bloomberg (2020 жылғы 16 наурыздағы жағдай бойынша рейтингтер), Intracen (Қазақстанның сыртқы сауда айналымы)

ЖІӨ-НІҢ ӨСУІ, %




Дереккөз: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігінің Статистика жөніндегі комитеті

Сыртқы тәуекелдердің жоғары деңгейде болу аясында бағалардың тұрақтылығын сақтау мақсатында, ҚРҰБ 2020 жылғы 10 наурызда базалық мөлшерлеме бойынша кезектен тыс шешім қабылдады. ҚРҰБ проценттік дәлізді 9,25%-тен +/- 1,5 тш-ға дейін кеңейтіп (проценттік дәліз: +/- 1 тш), базалық мөлшерлемені жылдық 12%-ке дейін көтерді.

2015 жылы таргеттеу режиміне сәйкес, құбылмалы айырбастау бағамы режимі енгізілді. ҚРҰБ интервенциялар арқылы бағамның елеулі ауытқуын тегістеу құқығын өзіне қалдырды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, теңге 382,6 АҚШ доллары деңгейінде жабылды. Орташа есеппен, теңге 11,0% г/г әлсіреп, бір АҚШ доллары үшін 382,9 деңгейінде сатылды. 19 наурызда теңге жылдың басынан бастап 17,2%-ке әлсіреп, едәуір дәрежеде мұнай бағаларының түскенін көрсетіп, бір АҚШ доллары үшін 448,5 деңгейінде жабылды.

USDKZT ЖӘНЕ BRENT МАРКАЛЫ МҰНАЙ БАҒАЛАРЫ



Дереккөз: Bloomberg, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі

2004 жылдан бастап жетекші S&P, Moody's пен Fitch агенттіктері берген Қазақстанның кредиттік рейтингтері инвестициялық деңгейде қалды.

	Moody's	S&P	Fitch
Қазақстан	Baa3 (оң)	BBB- (тұрақты)	BBB (тұрақты)

2020 жылғы 16 наурыздағы жағдай бойынша

МЕМЛЕКЕТТІК ҚАРЫЗ

Мемлекеттік қарыз дамушы нарық елдерінің көпшілігімен салыстырғанда, ең төмен қарыздардың бірі болып табылады. Fitch бағасына сәйкес, 41,1%-ке тең «BBB» санатындағы орташа көрсеткішпен салыстырғанда, мемлекеттік қарыз 2019 жылдың аяғында ЖІӨ 18,2% деңгейінде болды.

ҰЛТТЫҚ ҚОР

2019 жылдың аяғындағы жағдай бойынша, Ұлттық қордың активтері орнықты болып сақталды және ЖІӨ-ге 34,4%-ті құрады. Қазақстан Республикасының Ұлттық қорының қаражатын қалыптастыру және пайдалану тұжырымдамасының шеңберінде ЖІӨ-ге шаққанда, 30% деңгейінен асатын болады деп күтіледі. Ұлттық қордың негізгі мақсаты болашақ ұрпақтар үшін жинақтарды қалыптастыру және республикалық бюджеттің әлемдік шикізат нарықтардағы жағдайдан тәуелділігін азайту арқылы қаржы ресурстарын үнемдеу болып табылады.

Ұлттық қордың активтері ЖІӨ-ге шаққанда 34,4%

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ ІСКЕРЛІК КЛИМАТ

Соңғы екі жылда Қазақстан Дүниежүзілік банктің «Бизнес жүргізу» рейтингінде 11 позицияға көтерілді. Қазақстан Doing Business 2020 рейтингіндегі 190 ел арасында 25-ші орында. Қазақстан «Миноритарлық инвесторларды қорғау» индикаторы бойынша рейтингтегі 190 ел арасында 7-ші орын алды. Үкімет 2020 жылға дейін кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік реттеу тұжырымдамасының шеңберінде реформаларды жүзеге асырды. 2019 жылы үкімет елде бизнес жүргізуге қолайлы жағдай жасауға жәрдемдесуге бағытталған жаңа заңнамалық бастамашылықтарды қарау шараларын жүзеге асыруды жалғастырды. 2005 жылдан бастап 2019 жылдың 9 айына дейін 120 елден Қазақстанға ТШИ шамамен 314 млрд АҚШ доллары болды.

Қазақстан Doing Business 2020 рейтингінде 25 орын-ші орынды алып отыр

ҚМГ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Егеменді кредиттік рейтингтер инвестициялық деңгейде ҚМГ кредиттік рейтингтеріне қолдау көрсетеді. Бұл халықаралық капитал нарықтарына қол жеткізу бөлігінде ҚМГ стратегиялық бастамашылықтарының іске асырылуына түрткі болады.

ЖАҢА ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КОДЕКС

2019 жылғы 24 желтоқсанда Үкімет Қазақстан Республикасының жаңа Экологиялық кодексінің жобасын мақұлдады. 2019 жылдың аяғында жұртшылықтың пікірі мен ЭЫДҰ елдерінің озық тәжірибесі ескеріліп, дайындалған жоба Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісіне қарау үшін енгізілді. Ол әлі де қаралуда. 2021 жылғы 1 қаңтарда оны күшіне енгізу көзделіп отыр. Осы Экологиялық кодекстің ережелерін іске асыру үшін, Қазақстан Республикасының Үкіметі «Халықаралық Жасыл технологиялар мен инвестициялық жобалар орталығы» ҰАО (бұдан әрі – Орталық) тарта отырып, ең үздік қол жетімді техникалардың (ЕҚТ) анықтамалықтарын әзірлеуге кірісті. 2020 жылы Орталық ҚМГ мұнай өңдеу зауыттары мен өндіру активтерінің кешенді технологиялық аудиттерін жүргізуді жоспарлап отыр.

81 Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат «Орнықты даму аспектілерін басқару» бөлімінде

ҚМГ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

ҚМГ экологиялық заңнаманы дамытуда негізгі стэйкхолдерлердің бірі болып табылады. ҚМГ министрліктердің деңгейіндегі қауымдастықтар мен жұмыс топтарының белсенді мүшесі болып табылады және Қазақстан Республикасының жаңа редакциядағы Экологиялық кодексін әзірлеуге және талқылауға белсенді түрде қатысады. Стратегияның басымдықтарына сәйкес, 2019 жылы Компанияда «Экологиялық саясат» бекітілді. ҚМГ мен оның еншілес және тәуелді ұйымдарының (ЕТҰ) басшылығы қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нольдік төзімділік қағидатын ұстанады. Сондай-ақ, 2019 жылдан бастап ҚМГ компанияларының тобында шығарындыларды басқару саясаты қолданылып жатыр. Саясат үнемі факелдық жағуды толық тоқтатуға бағытталған және сегіз негізгі қағидатты қамтиды, оның алтауы тікелей климаттың өзгеру мәселелеріне жатады.

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-БАРЛАУ ЖӨНІНДЕГІ ЖАҢА БАҒДАРЛАМА

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында Геологиялық барлаудың 2021-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның жобасы Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізіледі және оның шеңберінде заңнаманы жетілдіру және инвестицияларды тарту үшін салықтық жеңілдіктер беру, жер қойнауын пайдалану саласын жеңілдету шараларының кешені әзірленеді деп күтілуде.

Бағдарламаның шеңберінде, Қазақстанның аз зерттелген перспективалы аумақтарында геологиялық-барлау жұмыстарын жандандыру жоспарланып отыр. Бес перспективалы: Арал, Сырдария, Ертіс маңы, Шу-Сарысу, Солтүстік Торғай бассейнінде геологиялық-геофизикалық жұмыстарды жүргізу үшін мемлекеттік инвестициялар көзделетін болады.

KAZENERGY қауымдастығының 2019 жылғы Ұлттық энергетикалық баяндамасына сәйкес, алдыңғы жылдары жер қойнауын пайдалану үшін жаңа перспективалық учаскелерді таңдау кезінде геологиялық тәуекелдерді барынша азайтуға мүмкіндік беретін геологиялық-барлау жұмыстарының орасан зор массивінің жиналуына әкелді. Қазақстанның аз зерттелген перспективалы аумақтарында геологиялық-барлаудың кең мүмкіндіктері мұнай-газ индустриясының инвестициялық тартымдылығын қолдайды.

ҚМГ-нің геология және барлау блогы Қазақстан Республикасының Каспий өңірі, Маңғышлақ, Үстірт-Бозащы мен Оңтүстік-Торғай секілді негізгі шөгінді бассейндерінің мұнай-газды жүйелерін талдау және модельдеу жұмыстарын белсенді түрде жүргізіп жатыр, бұл көмірсутектерді геологиялық барлаудың инвестициялық тартымдылығын арттыруға әсер етеді.

ҚМГ ДАМУ БАСЫМДЫҚТАРЫ

Мұнай қорларын өсіру – ҚМГ-нің ең маңызды міндеті, оның шеңберінде органикалық және органикалық емес есу арқылы қорлардың өсуін қамтамасыз ету жоспарланып отыр. Бұл ретте, ҚМГ барынша экономикалық тиімді деңгейде барлау және өндіру қызметіне шоғырлануға ниетті.

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАР

2019 жылы ҚМГ Даму стратегиясы газ қорларын ұлғайту мен ішкі нарықта газды ұтымды пайдалануды қамтамасыз ету бөлігінде толықтырылды. Бұл Қазақстанда табиғи газ тұтынудың өсуі бойынша үміттермен және Компанияда табиғи газдың экспорттық және транзиттік әлеуетін дамыту ниетімен тікелей байланысты.

МИССИЯ

Акционер үшін ұлттық мұнай-газ саласын дамытуға қатысудан барынша пайданы қамтамасыз ету

КӨЗҚАРАС

Жоғары тиімді тікелей интеграцияланған компания – қауіпсіздік пен корпоративтік басқарудың ең жоғары стандарттарына жауап беретін мұнай-газ саласының ұлттық лидері

СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАР

1 ӨНДІРІС ТИІМДІЛІГІ МЕН ӨСІРУГЕ САЛЫНҒАН ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ АРТТЫРУ АРҚЫЛЫ АКЦИОНЕРЛЕР ҮШІН ҚҰНДЫ ҚҰРУ

2 ПРОЦЕСТЕРДІ ЦИФРЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

3 ОРНЫҚТЫ ДАМУ МЕН КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ САЛАСЫНДАҒЫ ЕҢ ОЗЫҚ ПРАКТИКАЛАРДЫ ҰСТАНУ

4 ҚАРЖЫ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ

ҚМГ ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

- ЕРКІН АҚША АҒЫНЫ МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ҚАЙТАРУ КӨРСЕТКІШІНІҢ ӨСУІ
- БИЗНЕС-ПРОЦЕСТЕРДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ ЖӘНЕ ЖАҢА ОПЕРАЦИЯЛЫҚ МОДЕЛЬГЕ КӨШУ
- ҚҰНДЫ ҚҰРУДЫҢ БАРЛЫҚ ТІЗБЕГІ БОЙЫНША ЦИФРЛЫҚ ШЕШІМДЕРДІ ЕНГІЗУ

• ЭТИКА, КОМПАЕНС, КОРПОРАТИВТІК МӘДЕНИЕТ

• ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК

АКЦИОНЕРЛЕР ҮШІН СТРАТЕГИЯЛЫҚ НӘТИЖЕЛЕР

КОМПАНИЯНЫҢ ҚҰНЫН ҰЛҒАЙТУ

АКЦИОНЕРЛЕРДІҢ ДИВИДЕНДТЕРІН ҰЛҒАЙТУ

2018-2028 СТРАТЕГИЯНЫҢ МАҚСАТТЫ БАҒДАРЛАРЫ



АКЦИОНЕРЛЕР ҮШІН ҚҰНДЫ ҚҰРУ

Осы бағыт шеңберінде, Компания өзінің негізгі бизнесіне шоғырланатын болады және барлық негізгі сегменттерде органикалық өсу мен операциялық қызметтің жақсартылуын қамтамасыз етуге ниетті.

Компания кен орындарында әр түрлі заманауи технологиялар қолдануды жалғастырып және цифрландыру жобаларын іске асыра отырып, жұмыс істеп тұрған активтерде мұнай өндіруді ұлғайтуға және өндірісті қолдауға ниетті. Сонымен қатар, ҚМГ экспорттық, сондай-ақ ішкі нарыққа көмірсутектер мен мұнай өнімдерін жеткізуді ұлғайту үшін мұнай мен газдың ресурстық базасының өсуін қамтамасыз етуге ниетті.

Мұнай және газ тасымалдау әлеуетін тиімді пайдалану, экспорттық және транзиттік құрамдасын ұлғайту үшін, Компания өзінің мұнай және газ құбырларының желісін тиімді пайдалануға ниетті. Мұнай тасымалдау желілерін жаңғырту және жаңа магистральдық газ құбырларын салу өсіп жатқан ішкі өндірісті қажетті тасымалдау қуаттарымен және халықаралық транзиттік көлемдердің өсуін қамтамасыз етуге мүмкіндік берді.

Компания қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарының өндірістік қуаттарын айтарлықтай ұлғайтуға және ашық мұнай өнімдерін шығару көлемдерін ұлғайтуға мүмкіндік беретін Республиканың аумағындағы мұнай өңдеу зауыттарын жаңғыртуды аяқтады. Бұл ҚМГ-ге Қазақстанның маңызды стратегиялық мақсатына қол жеткізуге – Қазақстан Республикасының ішкі нарығының мұнай өнімдеріне деген қажеттіліктерін толық өтеуге мүмкіндік берді.

Компания инвестициялық жобаларды мұқият іріктейді және басымдығын белгілейді. Мол табысты жобаларға ғана инвестициялар салу жоспарланып отыр.



ЦИФРЛАНДЫРУ МЕН ПРОЦЕСТЕРДІ ОҢТАЙЛАНДЫРУ

ҚМГ стратегиясы басымдықтарының бірі барлық ЕТҰ мен БК үшін анық құнды құру тізбегін, өзгелерден басқа, бірыңғай ақпараттық-технологиялық шешімдерді автоматтандыру мен процестерді бірегейлендіру арқылы құру болып табылады.

2019 жылғы мамырда Басқару жөніндегі кеңестің отырысында Қор Трансформация бағдарламасынан Цифрлық трансформация бағдарламасына көшу туралы шешім қабылдады, ол жаңа технологиялар басты роль ойнайтын әлемдегі бәсекеге қабілеттіліктің қажетті факторы болып табылады.

Қордың жаңа көзқарасының негізінде, ҚМГ қызметтің барлық бағыттарында цифрлық технологиялардың кезең-кезеңмен енгізілуі көзделген Цифрлық трансформация бағдарламасы жобаларының қоржынын қалыптастырудың өз тәсілін әзірледі.

Цифрлық трансформация бағдарламасының мақсаттары:

1. Компанияның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуді қолдау;
2. Шынайы пайда алу;
3. Фокусты негізгі бизнеске аудару;
4. Өндірістік тиімділікті арттыру;
5. Компанияны басқарудың дата-бағытталған тәсілін енгізу (Data Driven Company);
6. Төртінші өнеркәсіптік революция дәуірінде жаңа мүмкіндіктер ашу болып табылады.

Цифрлық технологияларға көшу жетілу деңгейінің өсуі, цифрлық сауаттылық пен өндірістегі автоматтандыру жүйелерінің дайындығы ескеріліп, кезең-кезеңмен жүзеге асырылады. Қазіргі уақытта Цифрлық трансформация бағдарламасының шеңберінде іске асырылып жатқан «Интеллектуалдық кен орны», «ҚР МӨЗ цифрлық Мемжоспары мен 3D моделін құру», «Деректерді басқару жүйесіне енгізу», «Киберқорғауды іске асыру аясында ақпараттық қауіпсіздік қамтамасыз ету жүйесін енгізу», «Жолсапарды басқару», («Автокөліктің спутниктік GPS мониторингі») мен басқалары секілді осындай іс-шаралар мен жобалардың цифрлық трансформациясы осыған арналған.

2020 жылғы 22 қаңтарда ҚМГ Цифрландыру стратегиясын әзірлеу бойынша бастапқы кеңес өтті. Қазіргі уақытта Компания ҚМГ үшін цифрлық шешімдер таңдау тәсілін, сондай-ақ жаңа «цифрлық корпоративтік мәдениет» қалыптастыруды: корпоративтік орталықтың топ-менеджерлерінен бастап, ЕТҰ-дағы орындаушыларға дейін барлық деңгейдегі қызметкерлердің ойлау және мінез-құлқын өзгертуді көздейтін компанияны одан әрі цифрлық дамыту көзқарасын пысықтайды.



ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӘНЕ КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ САЛАЛАРЫНА ЕҢ ҰЗДІК ПРАКТИКАЛАРДЫ ЕНГІЗУ

Компания өз қызметінің орнықты даму қағидаттарына сәйкес келуін, өзінің экономикалық, экологиялық және әлеуметтік мақсаттарының келісілуін қамтамасыз етуге ұмтылады. Компания барлық ESG көрсеткіштері мен басшылардың стратегиялық және орта мерзімді ҚНҚ жүйесіндегі интеграцияланған ESG мақсаттары бойынша жоғары қаратилде болуға ұмтылады.

Елдегі ең ірі жұмыс берушілердің бірі ретінде, Компания қызметкерлермен және кәсіпорындармен әріптестік қағидаттарына негізделген жоғары әлеуметтік бағдарлануға ұмтылады.

Компания қызметтің анықтылығын арттыру және корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарын сақтау есебінен бизнесті дамытуға бағытталған. 2018 жылы Компания ҚМГ-нің корпоративтік құндылықтары бекітілген және барлық қызметкерлер сақтауы тиіс анағұрлым маңызды қағидаттар мен іскерлік мінез-құлық қағидалары, сондай-ақ корпоративтік этика талаптары белгіленген жаңа Іскерлік этика кодексін бекітті. Компания корпоративтік басқару жүйесін одан әрі жетілдіру және барлық мүдделі тараптардың мүдделеріне сәйкес келу мақсатында, әлемдік стандарттардың дамуын әрі қарай бақылауға ниетті.



ҚАРЖЫ ОРНЫҚТЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ

Компания акционер үшін пайданы барынша көбейтуге шоғырланып, капиталды бөлудің ақылған қонымды саясатын ұстануды сақтайды. Компания қарыздың теңдестірілген деңгейін қолдау және өтімділіктің күшті позициясын қамтамасыз ету үшін консервативті қаржы саясатын ұстануға ұмтылады.

ТИІМДІЛІК КӨРСЕТКІШТЕРІНІҢ ЖҮЙЕСІ

Тиімділік көрсеткіштерінің тізбелері Компанияның шоғырландырылған бизнес-жоспарының негізгі қаржы-экономикалық және салалық көрсеткіштері мен дивизиондардың көрсеткіштері базасында қалыптасады. Бұл ретте, каскадтау төменнен жоғары қарай жүргізіледі. Жеке тиімділік көрсеткіштерінің тізбелері нақты басшының алдында тұрған стратегиялық сипаттағы міндеттердің негізінде қалыптасады. ҚМГ Басқармасы мүшелерінің тиімділік көрсеткіштерінің тізбелері мен мақсатты мәндері Директорлар кеңесінің шешімімен белгіленеді.

Басқарудың атқарушы органы мен басқарушы қызметкерлерге еңбекақы төлеу жүйесі нәтижелілікке, ынталандыруға, еңбек өнімділігі мен қызмет тиімділігін арттыруға шоғырланған және қызметтің негізгі көрсеткіштеріне қол жеткізу қорытындылары бойынша қысқа мерзімді сыйақы элементтерін қамтиды.

Әрбір ҚНҚ үшін (қалыптасқан макроқорсеткіштерге қарай түзетіп) тиісті есептеу формуласы қолданылады. Мотивациялық ҚНҚ карталарының қорытынды нәтижелілігіндегі корпоративтік және функционалдық үлестері былайша бөлінеді:

¹ Бас компанияның үлесіне тиесілі таза кіріс
² ROACE = (бір жылдағы пайда + салық төлемдеріне түзетілген сыйақы шығыстары) / іске қосылған орташа капитал
³ «Самұрық-Қазына» АҚ бекітілген әдістемесіне сәйкес

ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕРІ

ҚНҚ атауы	2017	2018	2019
Таза кіріс ¹ , млрд теңге	443	696	1 197
ROACE ² , %	6,9	8,1	11,5
Қарыз/EBITDA ³	4,24	2,50	2,1

ҚЫЗМЕТТІҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕРІ

МҰНАЙ МЕН ГАЗ КОНДЕНСАТЫН ӨНДІРУ, МЫҢ ТОННА



ГАЗ ӨНДІРУ, МЛН. ТЕКШЕ М




МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ, МЫҢ ТОННА



ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ, МЛН. ТЕКШЕ М




ӨҢДЕУ, МЫҢ ТОННА




ҚЫЗМЕТКЕРДІҢ МӘРТЕБЕСІ


БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫ



БАСШЫ ҚЫЗМЕТКЕР (БАСҚАРМА ТӨРАҒАСЫН ЕСЕПТЕМЕСІНДЕ)



БАСҚАРУШЫ ҚЫЗМЕТКЕР



■ Корпоративтік ҚНҚ
■ Функционалдық ҚНҚ

СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАСЫМДЫҚТАРҒА СӘЙКЕС ЖОБАЛАРДЫҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫНА ШОЛУ

Инвестициялық жобалар ҚМГ стратегиялық мақсаттарына қол жеткізу шеңберінде, атап айтқанда, қорларды өсіруге қол жеткізу, мұнай мен газ конденсатын өндіруді ұлғайту, Қытайға газ экспорттау, мұнай өнімдері мен тауар газының ішкі нарығын қамтамасыз ету мақсатында іске асырылады.

Компания ҚМГ-нің стратегиялық мақсаттарын, ақша ағынын қамтамасыз етуді, қарыздың азаюын, Компания құнының өсу әлеуетін қалыптастыру үшін акционерлік капиталға беруді арттыруды ескере отырып, басым жобаларға негізделіп, капиталды ұтымды және тиімді бөлуге бағытталған.

ИНВЕСТИЦИЯЛАРДЫ ҚОРЖЫНДЫҚ ЖӘНЕ ЖОБАЛЫҚ БАСҚАРУҒА КӨШУ

ҚМГ даму стратегиясында қойылған стратегиялық мақсаттарға тиімді қол жеткізу үшін, Компания 2019 жылы инвестицияларды қоржындық басқаруға көшу процесін бастады. Қоржындық басқару құралдарының бірі – рангтеу арқылы жобалардың басымдығын белгілеу болады, онда алдыңғы қатарға стратегиялық маңызды мәні бар жоғары тиімді маңызды жобалар шығады.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚОРЖЫНҒА ШОЛУ

ҚМГ-нің инвестициялық қоржыны орта мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада әр түрлі бизнес-бағыттарды дамыту жобаларын қамтиды. Бұрынғыдай, ҚМГ мұнай барлау мен өндіру жобаларын іске асыруға елеулі ресурстар жібереді. Қазақстанның мұнай-газ тасымалдау инфрақұрылымын дамыту жобалары белсенді түрде іске асырылуда. Мұнай өңдеу зауыттарын жаңғыртудың аяқталған жобалары К4 және К5 сападағы мұнай өнімдерін өндіруге және өңдеу тереңдігін ұлғайтуға мүмкіндік берді. Upstream, midstream мен downstream тізбегінің жобаларынан басқа, ҚМГ әлеуметтік және экологиялық жобаларды іске асыруға мүдделі.

ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-БАРЛАУ ЖӘНЕ МҰНАЙ МЕН ГАЗ ӨНДІРУ

«Акционерлер үшін құнды құру мен қаржы орнықтылығын нығайту» стратегиялық мақсатын «Компания қызметінің тиімділігін арттыру» деген стратегиялық бастамашылық бөлігінде іске асыру үшін, қорларды өсіру мен экономикалық тұрғыдан тиімді өндіру ҚМГ-нің ең маңызды міндеттері болып табылады.

Басымдығы белгіленген жобалар қоржыны, олардың рейтингісі негізінде, бизнес-сегментте инвестициялар үшін бәсекелестікті ұлғайта отырып, Компанияның белгіленген шектеулі қаржы ресурстарын тиімді бөлуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар, 2019 жылы Компания ҚМГ компаниялар тобында жобалық басқару жүйесін енгізу жобасын іске қосты. Жоба жобаларды басқару саласындағы әлемдік мұнай-газ компаниялары арасында ең үздік практикаларды қолдана отырып, инвестициялық жобаларды жоспарлау және іске асыру сапасын арттыруға бағытталған.

2020 жылғы жұмыстар деректерінің шеңберінде, ҚМГ компанияларының тобы үшін жобаларды басқарудың бірыңғай стандартын енгізу, жобалау қызметінің қатысушыларының толық ауқымды оқуын жүргізу, жобаларды бақылау және мониторингі үшін ақпараттық жүйені іске қосу жоспарланған.

Тұтастай алғанда, 2019 жылғы инвестициялық процесті қайта ұйымдастыру міндеттері инвестицияларды басқару мен жобаларды басқару саласындағы Компанияның жетілуін арттыру мақсатында, перспективада қолданыстағы процестерді жетілдіруге бағытталған.

ҚМГ-нің инвестициялық қоржынында шамамен 40%-ті мұнай мен газды барлау және өндіру жобалары қамтиды. Осы жобалар тікелей ҚМГ қаражатынан, сондай-ақ тепетең келісім шарттарында стратегиялық әріптестермен бірлесіп қаржыландырылады. Мысалы, бірқатар теңіз жобалары (Абай, Исатай, Жеңіс, I-P-2, Шығыс Бектұрлы) саггу-қаржыландыру шарттарында іске асырылады, онда геологиялық-барлау сатысындағы күрделі салымдарды ҚМГ-нің стратегиялық әріптесі ғана көрсетеді. Көмірсутек шикізаты анықталған жағдайда, ҚМГ әріптеспен бірлесіп, жобаларды іске асырудың кейінгі сатыларында өндіруді қаржыландырады.

ҚМГ «Теңізшевройл» (20%), «Қарашығанақ Петролиум Оперейтинг Б.В.» (10%), «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (8,44%) ЖШС-ға қатысу арқылы, Теңіз, Қарашығанақ пен Қашаған ірі мұнай-газ кен орындарын игеріп жатқан бірлескен кәсіпорындардағы қатысу үлестеріне иелік етеді.

Теңізшевройл (ТШО) екі интеграцияланған жоба – Болашақ кеңейту жобасы (БКЖ) мен Сағалық қысымды басқару жобасын (СҚБЖ) іске асырып жатыр. БКЖ/СҚБЖ іске асыру Теңіз кен орнында мұнай өндіру көлемін жылына 12 млн. тоннаға ұлғайтуға мүмкіндік береді.

ҚМГ инвестициялық қоржынында мұнай мен газды барлау және өндіру жобалары шамамен 40%-ті құрайды

1-фазаның шеңберінде, Қашаған кен орнында өндірудің тұрақты деңгейіне қол жеткізілгеннен кейін, өндіру деңгейін өсіру мақсатында, екі жоба қаралып жатыр. Жобалар бойынша инвестициялық шешім қабылдау 2020 жылдың бірінші жартыжылдығында күтілуде.

Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орны өнеркәсіптік игерудің екінші кезеңінде (2М кезеңі) және оның шеңберінде қол жеткізілген деңгейде сұйық көмірсутектерді өндіру деңгейін ұзарту мақсатында, шикі газды дайындау және кері айдау бойынша өндірістік қуаттарды ұлғайтуға бағытталған бірқатар ірі инвестициялық жобалар іске асырылып жатыр.

38 Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат «Операциялық қызметке шолу» бөлімінде

МҰНАЙ ЖӘНЕ ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ

Мұнай мен газ тасымалдау жобалары «Акционерлер үшін құнды құру және қаржы орнықтылығын нығайту» стратегиялық мақсатының шеңберінде, «Компания қызметінің тиімділігін арттыру» атты стратегиялық бастамашылық бөлігінде іске асырылып жатыр.

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

Мұнай сату нарықтарына қол жеткізуді қамтамасыз ету тұрғысынан, мұнай тасымалдау ҚМГ қоржынында стратегиялық маңызды бағыт болып табылады. Жоғары транзиттік және экспорттық әлеуеті бар әртарапандырылған мұнай тасымалдау жүйесі құрылды.

2019 жылы Компания келесі екі жобаны іске асыру процесінде болды:

- 2018 жылы іске асыру басталған «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбырындағы реверс жобасы (Атыраудан мұнай тасымалдауды Кеңқияққа қарай және одан әрі жіберу үшін бұру). Жобаны іске асыру Батыс Қазақстан мұнайымен Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттарын қамтамасыз етуге және Қытай Халық Республикасына экспорттауға бағытталған. Реверстік бағытта мұнай тасымалдауды бастау 2020 жылға жоспарланған.
- 2019 жылғы шілдеде акционерлер келіскен «Каспий құбыр консорциумы» (КҚК) мұнай құбыры жүйесінің тар жерлерін жою жобасы. Жобаның мақсаты, Теңіз бен Қашағанда мұнай өндірудің күтілетін өсуін ескере отырып, жылына 72,5 млн тоннаға дейін Теңіз-Астрахан-Новороссийск құбырының қазақстандық учаскесінде қуатты ұлғайту болып табылады. Жобаны іске асыру 2019-2023 жылдары күтілуде.



ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГІ

Компания газды ішкі нарық пен экспортқа сату үшін газ тасымалдау инфрақұрылымын салуды сәтті аяқтады және орта мерзімді перспективада ҚМГ алдында қазіргі бар қуаттарды пайдалану коэффициентін арттыру және операциялық шығындарды бақылау бойынша міндеттер тұр.

56 Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат «Мұнай тасымалдау» бөлімінде

«Амангелді кен орындары тобын игеру» жобасы бойынша «Барханная-Сұлтанқұдық» кен орындарының Барлау тобы бойынша жұмыстар жүргізіліп жатыр, жақын уақыттағы екі жылда сейсмикалық-барлауды жүргізу жоспарланып отыр.

Қазіргі уақытта, жылына 15 млрд. текше м дейінгі көлемде Қазақстан Республикасының батыс кен орындарынан газ тасымалдауды қамтамасыз ету, Республиканың оңтүстік өңірлерін табиғи газбен қамтамасыз ету және газды экспортқа жеткізуді әртарапандыру мақсатында, 2011-2021 жылдары іске асыру мерзімімен «Бейнеу-Бозой-Шымкент» (ББШ) газ құбырының құрылысы жүргізіліп жатыр. ББШ газ құбыры тәуелсіз Қазақстан тарихында ең ірі құбыр жобасы болып табылады және мемлекеттің энергетикалық қауіпсіздігін арттыруда маңызды роль ойнауға арналған.

МҰНАЙ ӨНДЕУ

Жобалар «Акционерлер үшін құнды құру және қаржы орнықтылығын нығайту» стратегиялық мақсат шеңберінде «Тиімділікті арттыру» стратегиялық бастамашылығының бөлігінде іске асырылады.

2019 жылы Компания ірі инвестициялық жобалардың қалған жұмыстарын, оның ішінде, Қазақстан Республикасының аумағындағы мұнай өңдеу зауыттарын жаңғыртуды аяқтады. Қазақстанның жетекші мұнай өңдеу кәсіпорындары – Атырау, Павлодар мен Шымкент зауыттарын терең жаңғыртуды аяқтау нәтижесінде, шикі мұнайды өңдеу қуаты мен тереңдігі ұлғайтылды, К-4 және К-5 стандарттары бойынша мұнай өнімдерінің жоғары сапасы қамтамасыз етілді, сондай-ақ алғаш рет мұнай өнімдері экспортталды.

65 Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат «Мұнай өңдеу және маркетингі» бөлімінде

Қазақстан-Румыния KMG International N.V. қорының шеңберінде, Румынияда мұнай өнімдерін сатудың бөлшек сату желісін дамыту мақсатында, 25 автомай құю станциясын салу жобасы іске асырылып жатыр (1-кезең).

Павлодар мұнай өңдеу зауытында (ПМХЗ) лайлану температурасы -32 оС және одан жоғары дизотынның қысқы сұрыптарын өндіруге арналған Ертіс жобасы бойынша техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН) әзірленуде.

Еңбекті, қоршаған ортаны қорғау мен қауіпсіздікті басқару мәселелерінің ең үздік практикаларын ұстанатынын растай отырып, АМӨЗ 2019 жылы Tazaluk жобасының шеңберінде зауыт үшін жаңа тазарту құрылыстарын жобалауға және салуға кірісті. Тазарту құрылыстарын жаңғырту екі кезеңде жүргізілетін болады: механикалық тазартудың бірінші желісін жаңғырту мен қайта жаңарту – 2019-2021 жылдар және ағынды суды биологиялық тазартуды қайта жаңарту және жете тазарту блогын салу – 2019-2023 жылдар.

85 Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат «Экологиялық жауапкершілік пен қауіпсіздік» бөлімінде

СЕРВИСТІК ЖОБАЛАР

ҚМГ-нің сервистік жобалары капиталды көп қажетсінебейді және, негізінде, мұнай-сервис қызметтерін көрсететін ірі мұнай-газ активтерін дамытуға арналған.

70 Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат «Сервистік жобалар» бөлімінде



ТРАНСФОРМАЦИЯ ЖӘНЕ ЦИФРЛАНДЫРУ

2019 жылы Қор, қазіргі замандағы цифрлық технологиялардың өсіп жатқан ролін ескере отырып, барлық қоржынды компаниялар үшін цифрлық трансформацияға көшу туралы жариялады. Цифрлық трансформация бағдарламасын іске асырудың жаңа тәсілінің негізінде оңайлық, анықтылық, шынайы пайданың болу қағидаттары жатыр.

Қордың жаңа көзқарасы ескеріліп, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та Цифрлық трансформация бағдарламасының (бұдан әрі – ЦТБ) қоржынын өзектендіру жұмысы жасалды. Қоржынға жобаларды іріктеу үшін келесі негізгі критерийлер қолданылады:

- Адамдардың, бизнес-процестер мен технологиялардың кешенді өзгеруі;
- Өзгерістердің ауқымдылығы;
- Шынайы экономикалық әсер / Стратегиялық ҚНҚ қолдау.

2019 жылғы 4 қыркүйекте ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен 2019-2024 жылдарға арналған Цифрлық трансформация бағдарламасының Жол картасы бекітілді. 2019 жылдың аяғында ҚМГ ЦТБ қоржынына 8 бастамашылық қимасында 14 жоба мен 14 іс-шара кірді:

1. Өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз ету;
2. Жоғары өнімділік мәдениеті;
3. Өндірістік және корпоративтік бизнес-процестердің реинжинирингі;
4. Қор тобының жаңа сатып алу моделі;
5. Деректерді талдау есебінен операциялық тиімділікті арттыру;
6. Қор тобының Киберқорғауын іске асыру;
7. Бизнес үшін цифрлық шешімдері;
8. АТ функцияларының тиімділігін арттыру.

2019 жылдың қорытындылары бойынша Цифрлық трансформация бағдарламасының 3 жобасы мен 2 іс-шарасы аяқталды.

Атап айтқанда, мұнай өндіруде «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ-та техникалық қызмет көрсету және жөндеуді (ТҚЖЖ) басқарудың жаңа моделін енгізу» жобасы іске асырылды. Жобаның шеңберінде ТҚЖЖ басқару процесі автоматтандырылды: жабдықты жоспарлы өндірістік жөндеу кестелерін бір жылдық және ай сайын жоспарлау және қажетті жұмыстарды басым түрде орындау есебінен жедел және стратегиялық басқару құралы іске асырылды. Мұнай кәсіпшілігі жабдығына техникалық қызмет көрсету және оны жөндеу шығындарын жоспарлау және бақылау деректері бойынша жедел және талдау есептерін жасау тетігі енгізілді.

Мұнай өңдеуде «Spiral» бағдарламалық жасақтамасының негізінде «ҚМГ МӨЗ-де өндірісті оңтайландырып жоспарлауды енгізу» жобасы аяқталды. Жобаның қорытындылары бойынша жоспарлаудың жоғары нақтылығы қамтамасыз етіледі, жоспарлау процесі корпоративтік орталық деңгейінде басқарылады, жоспарды қалыптастыру кезінде зауыттар мен бас компанияның құрылымдық бөлімшелерінің өзара іс-қимыл жасауы реттелді, жоспарлаудың анықтылығына қол жеткізіледі. Өндірісті оңтайландырып, жоспарлауды енгізу есебінен мұнай өнімдерін шығарудың жақсартылғаны тіркеліп жатыр, бұл МӨЗ шығындарының қысқаруына және бәсекеге қабілеттілігінің өсуіне түрткі болады.

«Мұнай өңдеу және маркетингі» бизнес-бағытында іске асырылған басқа жоба – «ҚР МӨЗ-дің пайдаланудың 3 жылдық жөндеуаралық кезеңіне көшу» (оның ішінде, ЖТҚЖ жүйесін автоматтандыру). Жобаның қорытындылары бойынша мұнай өңдеу көлемін ұлғайту, жөндеу шығыстарын

қысқарту, апат жағдайларының тәуекелін қысқарту үшін жағдай жасалды, сондай-ақ жыл сайын емес, үш жылда бір рет МӨЗ тоқтату мүмкіндігі туындады.

Сондай-ақ 2019 жылы Цифрлық трансформация қоржыны үш жаңа жобамен толықтырылды: «Мұнай мен газ өндіру» бизнес бағытында «Lean 6 Sigma» бағдарламасын енгізу», «Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін енгізу» және «Сапарларды басқару». ЦТЖ қоржынын қалыптастырудың қолданыстағы жүйелік тәсілі бизнесті шынайы тұжырымдар беретін Жаңа жобалар бағдарламасын толтыру жұмыстарын жандандыруға тарту мен ынталандыруды ұлғайтуға мүмкіндік береді. 2020 жылы ҚМГ Цифрландыру стратегиясын әзірлеу жоспарланды. Құжат қосылған күн тізбегінің негізінде «ҚазМұнайГаз» тобында цифрлық технологияларды енгізу басымдықтарын белгілеуге, мүмкіндіктерді анықтауға және цифрландырудан ықтимал әсерді бағалауға мүмкіндік береді, сондай-ақ бизнес-бағыттар мен жобалар қимасында фокусты көрсетеді.

Стратегияны дайындау шеңберінде, компанияның цифрлық жетілуін бағалау жүргізілді. Одан кейін, бизнес-бағыттармен бірлесіп, ҚМГ-нің трансформация және цифрландыру блогы Жол картасына біріктірілетін және өте маңызды бизнес-процестерді цифрландыруға шоғырланатын бастамашылықтарды әзірлеуге және нақтылауға кіріседі.

Стратегияны орындау үшін ҚМГ-нің әрбір еншілес ұйымы өзінің цифрлық технологияларды енгізу бағдарламасын әзірлейді. Корпоративтік орталық деңгейінде цифрландыру «дәйекті», «интеграциялық» және жүйелік-әдіснамалық жобаларды іске асыруға шоғырланады.

Жаңа тәсілдерге сәйкес, цифрлық трансформацияның ең маңызды екі бастамашылығы – «Интеллектуалдық кен

орны» мен «Негізгі ERP бизнес-функцияларының трансформациясын» (ERP) іске асыруды жалғастыру жоспарланып отыр.

«Интеллектуалдық кен орны» атты бағдарламаның мақсаты – кен орны қызметінің экономикалық тиімділігін барынша ұлғайту үшін кен орнын игеру процесін басқару мен өндіруді бақылау жүйесін құру және мұнай қабатының өмірлік циклін ұзарту болып табылады. Қазіргі уақытта «Интеллектуалдық кен орны» бағдарламасын іске асыру тұжырымдамасы әзірленіп жатыр, ол ҚМГ ҰК үшін Интеллектуалдық кен орны бағыты бойынша процестерді таңдаудың, жобалау мен енгізудің бірыңғай тәсілдерін белгілейді.

ERP іс-шарасына келсек, ол, жаңа тәсілге сәйкес, Жобалар бағдарламасының нысаны көшеді, оның шеңберінде барлық ЕТҰ үшін бірыңғай инсталляцияның орнына, S4/HANA өнімінің негізінде ERP-жүйесін енгізу дивизиондардың бизнес-процестерін стандарттау (мастер-жоспарлар) және оларды пилоттық ЕТҰ-да сынау арқылы жүзеге асырылатын болады.

2019 жыл ішінде Цифрлық трансформацияны жүзеге асыру үшін берік негіз дайындалды, жобалар демеушілерінің атсалысуы едәуір өсті және негізгі трансформациялық бастамашылықтардың сапалы іске асырылуы қамтамасыз етілді.


2020 жылы ҚМГ Цифрландыру стратегиясын әзірлеу жоспарланды. Құжат қосылған күн тізбегінің негізінде «ҚазМұнайГаз» тобында цифрлық технологияларды енгізу басымдықтарын белгілеуге, мүмкіндіктерді анықтауға және цифрландырудан ықтимал әсерді бағалауға мүмкіндік береді, сондай-ақ бизнес-бағыттар мен жобалар қимасында фокусты көрсетеді.

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТКЕ ШОЛУ




ҚОРЛАР

АКТИВТЕР БОЙЫНША 2P ҚОРЛАРЫ (2019 ЖЫЛДЫҢ АЯҒЫНДА, ҚМГ ЕСКЕРІЛГЕН), %



Ашық болуға өз ұстанымын растай отырып, ҚМГ халықаралық PRMS стандарттарына сәйкес дайындалған қорлардың қорытындыларын алған рет жариялады. DeGolyer & MacNaughton халықаралық тәуелсіз консалтингтік компаниясының аудитіне сәйкес, 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, ҚМГ-нің дәлелденген және ықтималды көмірсутек қорлары (2P) 676 млн. тонна м.б. (5 220 млн. барр. м.б.) болды.

КӨМІРСУТЕКТЕРДІҢ ТҮРІ БОЙЫНША 2P ҚОРЛАРЫ (2019 ЖЫЛДЫҢ АЯҒЫНДА, ҚМГ ЕСКЕРІЛГЕН), %



Мұнай мен конденсаттың дәлелденген қорларының (1P) қайтымы – 16 жыл, бұл әлемнің ең ірі халықаралық мұнай компаниялары арасында орташа көрсеткіштен айтарлықтай жоғары – , шамамен 12 жыл.

2019 жылғы өндіру деңгейін ескерсек, мұнай мен конденсаттың 2P қорларының қайтымы – 23 жыл

PRMS БОЙЫНША ТАЗА ҚОРЛАР¹ (2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША)

Қорлардың санаттары	Мұнай және конденсат, млн барр	СТГ ² , млн барр	Тауар газы, млрд текше фут	Көмірсутектер, млн барр. м.б.
Дәлелденген (1P)	2 825	168	5 204	3 860
Дәлелденген плюс ықтимал (2P)	3 993	189	6 228	5 220
Дәлелденген плюс ықтимал плюс болжамды (3P)	4 686	224	7 070	6 089

Қорлардың санаттары	Мұнай және конденсат, млн тонна	СТГ, млн тонна	Тауар газы, млрд м ³	Көмірсутектер, млн тонна м.б.
Дәлелденген (1P)	371	14	147	499
Дәлелденген плюс ықтимал (2P)	524	16	176	676
Дәлелденген плюс ықтимал плюс болжамды (3P)	616	19	200	790

6 000 текше ф = мұнай баламасының 1 баррелі, 1 текше м = 35,31466 текше ф, 1 тонна = 7,62 баррель.

¹ Қор неттосы (1) басқа тараптарға тиесілі барлық үлестер шегерілгеннен кейін, ҚМГ қатысу үлесіне, сондай-ақ (2) ҚМГ-ге жатпайтын, бірақ ҚМГ бақылауы бар үлестерге жататын барлық қорлардың бір бөлігі ретінде белгіленеді.
² Табиғи сұйық газ.



ГЕОЛОГИЯЛЫҚ-БАРЛАУ

ҚОРЛАРДЫҢ ӨСУІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІҢ СТРАТЕГИЯЛЫҚ МАҚСАТТАРЫ

Органикалық өсу	Органикалық емес өсу
<ul style="list-style-type: none"> өз қаражаты мен «сағу қаржыландыру» есебінен жұмыс істеп тұрған келісімшарттық учаскелерде геологиялық-барлау жүргізу; Компанияның өз қаражаты есебінен операциялық активтерді жете барлау жүргізу; «сағу қаржыландыру» шарттарында, атап айтқанда, терең палеозой шөгінділері мен теңіз кен орындарына шоғырлана отырып, жаңа кен орындарын бірлесіп барлау мен игеру үшін стратегиялық әріптестерді тарту. 	<ul style="list-style-type: none"> Қазақстан Республикасының аумағында мұнай-газ активтерін сатып алу мүмкіндігін қарау (жағалаулық Каспий маңы өңірінде (Қазақстан қорларының ~ 90%) жаңа елеулі кен орындарын ашу мүмкіндігімен орасан зор әлеует бар).

ҚМГ қоржыны, негізінде, ескі кен орындарынан тұрады, бұл өндірудің тұрақты деңгейін қолдаудың ұзақ мерзімді стратегиясындағы геологиялық-барлау жұмыстарының басымдығын белгілейді. Бұл жұмыстардың сапасы мен тиімділігін арттыруды, ресурстарды толтыру, жете барлау қорытындылары бойынша – жаңа, сондай-ақ ескі кен орындарында жаңа қорларды дайындау және оларды игеруге енгізу бойынша шешімдер іздеуді талап етеді.

Органикалық және органикалық емес өсіру арқылы мұнай қорларын өсіруді қамтамасыз ету жоспарланып отыр. ҚМГ қорларын өсіру құрлықтағы және Каспий теңізінің қазақстандық секторындағы геологиялық-барлау жобаларын іске асырумен, ал одан әрі – еншілес компаниялардың лицензиялық блоктарын жете барлаумен байланысты. 2019 жылы ҚМГ қоржыны 16 геологиялық-барлау жобасынан тұрды, оның ішінде, 8 жоба теңізде және 8 – құрлықта.

Мұнай-газдылық әлеуетті бағалау және жер қойнауын пайдалануға арналған перспективалық блоктардың қоржынын дайындау мақсатында, ҚМГ ҚР шөгінді бассейндерін кешенді зерттейді. 2019 жылы Үстірт-Бозащы мұнай-газды жүйесі мен Каспий маңы шөгінді бассейнінің борттық аймақтарын (Солтүстік, Шығыс және Оңтүстік) модельдеу аяқталды, сондай-ақ Оңтүстік Торғай шөгінді бассейнінің тектоникалық-седиментациялық моделі аяқталды.

Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы кодекске сәйкес, жер қойнауын пайдалануға арналған бес жаңа перспективалық жобадан, оның ішінде, мемлекеттік жер қойнауы қорын басқару бағдарламасына (МЖҚББ) қосу үшін он бес жобадан және мемлекеттік жер қойнауын геологиялық зерттеуге (МЖГЗ) арналған бес жобадан тұратын қоржын дайындалды.

Сонымен қатар, Компания Каспий маңы, Маңғышлақ, Оңтүстік Торғай шөгінді бассейндерінің перспективалық алаңдарында және Каспий теңізінің қайраңында ауқымды далалық сейсмикалық-барлау жұмыстарын жүргізді. Өткен жылдың ең маңызды оқиғаларының бірі Тайсойған


алаңында 5600 ш. км көлемінде далалық сейсмикалық жұмыстардың аяқталуы болды, бұл еліміздің заманауи тарихындағы ажыратымдылығы жоғары ең ірі сейсмикалық-барлау жобасы болып табылады.

Сондай-ақ Өріқтау мен Шығыс Бектұрлы алаңдарында іздеу-барлау бұрғылау аяқталды, оның қорытындылары бойынша, Юра, Триас және Пермь-тас көмір шөгінділерінде мұнай-газды объектілер айқындалды. Сынау 2020 жылға жоспарланған.

2019 жылғы геологиялық-барлау жұмыстарының шығындары 53 млрд теңге болды (қатысу үлестері ескерілмей).

Геологиялық-барлау жұмыстары	2017	2018	2019
2D сейсмикалық-барлау, кума км.	-	1 000	240
3D сейсмикалық-барлау, ш. км.	4 299	1 253	6 928
Бұрғыланған ұңғымалар саны, бірл.	50	54	39

PRMS БОЙЫНША ТАЗА ҚОРЛАР (2019 ЖЫЛҒЫ 31 ЖЕЛТОҚСАНДАҒЫ ЖАҒДАЙ БОЙЫНША)



ӘРІПТЕСТІК ЖОБАЛАРЫН КЕҢЕЙТУ

Компания геологиялық-барлау саласындағы халықаралық мұнай-газ жобаларымен ынтымақтастықты дамыту жұмысын жалғастырды:

- 2019ж.11.02 Каспий теңізінің әзербайжандық секторындағы бұрғылау жобаларына қатысу үшін жалпы сомасы 21,6 млрд теңгеге немесе 57 млн АҚШ долларына өзінен-өзі көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысын (ӨКБҚ) жаңғырту бойынша инвестициялық жобаны іске асыру мақұлданды. Осы жобаны іске асыру мақсатында, Каспий теңізінің әзербайжандық секторында жер қойнауын пайдалану жобаларындағы модификация мен одан әрі пайдалану үшін KMG Drilling&Services пен Caspian Drilling Company арасында «Сәтті» ӨКБҚ-ні Caspian Drilling Company компаниясына беру туралы сенімгерлік басқару шартына қол қойылды. Бүгінгі таңда, ӨКБҚ модификациясы бойынша жұмыстар жалғасуда. Сенімгерлік басқарушы Shallow Water Absheron Peninsula жобасында «Сәтті» ӨКБҚ пайдалану үшін бұрғылауға арналған келісімшарттың талаптары бойынша BP Әзербайжан компаниясымен келіссөздер жүргізіліп жатыр.

70 Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат «Сервистік жобалар» бөлімінде


- 2019ж.17.05 ҚМГ мен British Petroleum (BP) өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойды, оның шеңберінде ҚМГ мен үшінші тараптардың жұмыс істеп жатқан активтерінің қазіргі бар технологиялық деректері бірлесіп зерттелетін болады.
- 2019ж.20.09 ҚМГ мен ЛУКОЙЛ Қазақстан Республикасының (ҚР) аумағындағы учаскелерді бірлесіп зерттеу туралы келісімге қол қойды.

- 2019ж.24.09 ҚМГ мен Equinor бірлескен зерттеу туралы келісімге қол қойды, онда ҚР аумағындағы мұнай-газ учаскелерінің көмірсутекті әлеуеті мақсатында геологиялық және геофизикалық зерттеу көзделген.

Геологиялық-барлауды ынталандыруға арналған салық заңнамасы мен жер қойнауын пайдалану туралы заңнамаға енгізілген өзгерістерді ескере отырып, 2019 жылы ҚМГ стратегиялық әріптестерді жер қойнауын пайдаланудың жаңа жобаларына тарту жұмысын жүргізді.

- 2019ж.01.04 Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, ҚМГ мен «ЛУКОЙЛ» АҚ (ЛУКОЙЛ) арасында Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан Жеңіс учаскесінде көмірсутекті барлау мен өндіруге арналған келісімшарт жасалды. ҚМГ мен ЛУКОЙЛдың бірлескен бағалауына, болжамды алынатын ресурстар (С3) 65,1 млн тоннаны құрайды. «Жеңіс Оперейтинг» ЖШС («ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ – 50% және ЛУКОЙЛ – 50% бірлескен кәсіпорны) жобаның операторы болып табылады.
- 2019ж.07.06 ҚМГ мен ЛУКОЙЛ «I-P-2» жобасы бойынша қағидаттар туралы келісімге қол қойды, бір аттас учаске Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан. ЛУКОЙЛдың алдын ала бағалауына, алынатын болжамды ресурстар (С1) 15,1 млн тоннаны құрайды. Екі компания ҚР Энергетика министрлігімен 2020 жылғы 1-Р-2 учаскесінде көмірсутектерді барлау мен өндіруге арналған келісімшарт жасасуды жоспарлап отыр.
- 2019ж.26.07 Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі, ҚМГ мен «Эни С.п.А.» (Eni) арасында Каспий теңізінің қазақстандық секторында орналасқан «Абай» учаскесінде көмірсутек шикізатын барлауға арналған келісімшарт жасалды. «Исатай Оперейтинг Компани» ЖШС (ҚМГ – 50% және Eni – 50%) жобаның операторы болып табылады.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОМПАНИЯЛАРМЕН ҒЫЛЫМИ-ТЕХНИКАЛЫҚ ҰНТЫМАҚТАСТЫҚ





БАСЫМ БАҒЫТТАР:

игеріліп жатқан кен орындарын цифрландыру жобаларын қоса алғанда, өндірістің инновациялық-технологиялық базасын арттыру

газ бен суды кәдеге жарату проблемаларын шешу есебінен жерүсті инфрақұрылымы бойынша шектеулерді алып тастау

полимерлі суландыруды кеңейту

өндіруші активтерде мұнай алу коэффициентін ұлғайту

суландыруды басқару тиімділігін арттыру

операциялық өндіру активтерінде жете барлау объектілерін пайдалануға енгізу

ӨНДІРУ

Өндіру деңгейінің өздігінен түсуін өтеу

ҚМГ операциялық активтерде өндірістік қызмет пен технологиялық тәртіптің тиімділігін арттыру, ұңғымалардың барынша өнімділігіне қол жеткізу мақсатында, жылжымайтын қорларды тарту, геологиялық-техникалық іс-шаралардың технологиялық және экономикалық тиімділігін арттыру шараларын қабылдайды.

Мұнай мен газ өндіруді ҚМГ-нің операциялық активтері, сондай-ақ ҚМГ-нің қатысу үлестері бар, бірақ ол өндірістік процеске тартылмаған мега жобалар жүзеге асырады.

ҚМГ Қазақстандағы Теңіз, Қарашығанақ пен Қашаған секілді мұнай мен конденсат өндіру бойынша барлық ірі жобаларға, тиісінше, 20%, 10% және 8,44% үлестерімен қатысады.

ҚМГ әлемдік ең ірі мұнай алыптары: Chevron Corp, Exxon Mobil Corp, Royal Dutch Shell PLC, Eni SpA, TOTAL SA, Inpex Corp, China National Petroleum Corp (CNPC), «ЛУКОЙЛ» АҚ компанияларымен бірлескен мега жобаларда мұнай өндіру бойынша әріптестік ынтымақтасты жүзеге асырады.

Операциялық активтер	ҚМГ үлесі
«Өзенмұнайгаз» АҚ ¹	100%
«Ембімұнайгаз» АҚ	100%
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ	50%
«Қаражанбасмұнай» АҚ	50%
«Қазгермұнай» БК» ЖШС	50%
«ПетроҚазақстан Инк.» АҚ	33%
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС	100%
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС	50%
«Амангелді Газ» ЖШС (конденсат)	100%
Операциялық емес активтер (мега жобалар)	ҚМГ үлесі
«Теңізшевройл» ЖШС	20%
«Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (NCOC) ²	8,44%
«ҚарашығанақПетролеум Оперейтинг Б.В.»	10%

Мұнай мен конденсат өндіру деңгейі тәулігіне **485** мың барр.

¹ Сондай-ақ «ҚазГӨЗ» ЖШС қамтиды (конденсат)
² ҚазМұнайГаз ҚМГ Қашаған Б.В. компаниясындағы 50%-тік үлеске иелік етеді, өз кезегінде, ол Қашағанды игерудің Солтүстік Каспий жобасындағы 16,88%-ке иелік етеді.


МҰНАЙ ӨНДІРУ

2019 жылы ҚМГ-нің мұнай мен конденсат өндіру деңгейі орнықты болды және өткен жылғы деңгейге жақын 23,6 млн тонна немесе 485 мың барр./тәул. құрады. ҚМГ 2019 жылдағы 26% деңгейінде мұнай мен газ өндіру үлесімен Қазақстанның мұнай-газ саласындағы ұлттық көшбасшысы позициясын растады.

Мұнай мен конденсат өндірудің жоғары деңгейі мега жобаларда өндірудің өсуімен және ескі кен орындарының тиімді басқарылуымен сақталады. ҚМГ активтерінің қоржыны теңдестірілген және оның едәуір өсу әлеуеті бар. Мұнай мен газ өндіру бойынша операциялық және мега жобалардың үлесі, тиісінше, 65,5% (15,5 млн тонна) және 34,5% (8,1 млн тонна) болды.

¹ Әрбір актив бойынша баррельдеудің жеке коэффициенттері жіберілген жағдайда

АКТИВТЕР БОЙЫНША МҰНАЙ МЕН КОНДЕНСАТ ӨНДІРІСІ (ҚМГ ҮЛЕСІНДЕГІ), ТӘУЛІГІНЕ МЫҢ БАРР.




МЕГА ЖОБАЛАР

ҚМГ әлемдік ауқымдағы жобаларды халықаралық мұнай-газ компанияларымен бірлесіп игереді

ТЕҢІЗ

Негізгі индикаторлар:

<p>МҰНАЙ ӨНДІРУ (БАРЛЫҒЫ)</p> <p>29 791 29 791 мың тонна (651 мың б/т)</p>	<p>ҚМГ ҮЛЕСІНЕ ЖАТАТЫН МҰНАЙ ӨНДІРУ</p> <p>5 958 мың тонна (130 мың барр./тәул.)</p>	<p>ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ</p> <p>БКЖ/СҚБЖ іске асыру Теңіз кен орнында мұнай өндіру көлемін жылына 12 млн. тоннаға ұлғайтады</p>	<p>2P МҰНАЙ ҚОРЛАРЫНЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ</p> <p>20 жылдан астам</p>	<p>ІЛЕСПЕ ГАЗ ӨНДІРУ (БАРЛЫҒЫ).¹</p> <p>16,3 млрд текше м</p>	<p>ИЕЛІК ЕТУ ҮЛЕСІ</p>  <p>ОПЕРАТОР</p> <ul style="list-style-type: none"> Теңізшевройл ЖШС
--	--	--	---	--	---

Қазақстанның мұнай-газ саласының негізгі активі. Теңіз әлемдегі ең терең алып мұнай кен орны және ең ірі өндіруші қабат-тұтқыш болып есептеледі.

«Теңізшевройл» (ТШО) операторы қорлары бойынша бірегей алып Теңіз кен орны мен ірі Королевское кен орнын қамтитын лицензиялық учаскенің аумағында жұмыс істейді. Теңіз мұнай кен орны 1979 жылы ашылды және әлемдегі ең терең мұнай кен орны болып табылады.

Қазіргі уақытта мұнай өндіру мен дайындау сенімділік көрсеткіштері жоғары заманауи өндірістік объектілерде жүзеге асырылады: Кешенді технологиялық желілер (КТЖ – 2019 жылы 14,2 млн. тонна өңделген мұнай), Екінші буындағы зауыт (ЕБЗ – 2019 жылы 15,6 млн. тонна өңделген мұнай) және Шики газ айдау (ШГА – 2019 жылы 3,65 млрд. текше м). 2020 жылдың басындағы жағдай бойынша, ұңғымалар қоры 156 пайдаланушылық ұңғыма мен 8 газ айдау ұңғымасын қамтиды.

1993 жылғы 2 сәуірде Қазақстан Республикасы мен Chevron Corp компаниясы арасында «Теңізшевройл» ЖШС жобасы бойынша келісімге қол қойылды. Көмірсутектер барлау мен өндіруге лицензия 1993 жылы 40 жылға берілді. ТШО қызметінің негізгі түрі – Атырау облысындағы Теңіз бен Королевское кен орындарынан көмірсутектерді барлау, өндіру және сату.

ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ ЖШС ӨНІМІН САТУ КӨЛЕМДЕРІ

	2017	2018	2019
Мұнай, мың тонна	28 753	28 800	30 155
Құрғақ газ, млн текше м	7 447	7 532	7 941
СКГ, мың тонна	1 377	1 345	1 332
Күкірт, мың тонна	2 489	2 467	2 585

Күрделі жөндеу жүргізу өндірудің тоқтатылғанына қарамастан, КТЖ/ШГА/ЕБЗ зауыттарының тұрақты жұмыс істеу

және сенімділігін арттыру нәтижесінде, «Теңізшевройл» ЖШС мұнайын өндіру көлеміндегі ҚМГ үлесі 4,1%-ке 5 958 мың тоннаға (тәулігіне 130 мың барр.) дейін өсті және газ өндіру 4,2%-ке 3 258 млн м³ дейін ұлғайды. Есепті жылдың 1 тамызынан бастап 9 қыркүйегіне дейін Теңіз кен орнында КТЖ зауытында 40 күн бойы жоспарлы күрделі жөндеу жүргізілді.

Теңіз кен орнын дамыту перспективалары

ТШО екі интеграцияланған жоба – Болашақ кеңейту жобасы (БКЖ) мен Сағалық қысымды басқару жобасын (СҚБЖ) іске асырып жатыр. Жобаны іске асыру Қазақстанның экономикасына елеулі салым енгізеді. БКЖ/СҚБЖ іске асыру шеңберінде Қазақстанда шамамен 48 мың жұмыс орны ашылды, сондай-ақ БКЖ/СҚБЖ объектілерін пайдалану үшін шамамен 1000 тұрақты жұмыс орны ашылатын болады. БКЖ/СҚБЖ іске асыру Теңіз кен орнында мұнай өндіру көлемін 12 млн тоннаға ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Құны 36,8 млрд АҚШ долларынан 46,5 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайғандықтан (оның ішінде, 1,3 млрд. АҚШ доллары мөлшеріндегі көзделмеген шығыстар резерві), жаңартылған БКЖ/СҚБЖ бюджеті ТШО Серіктестеріне келісуге жіберілді. ТШО Серіктестері, 1,3 млрд. АҚШ доллары мөлшеріндегі көзделмеген шығыстар резервін мақұлдамай, БКЖ/СҚБЖ-ның жалпы күрделі шығындарының сомасын 45,2 АҚШ млрд. долл. мөлшерінде ұлғайтуды бекітті.

Болашақ кеңейту жобасы (БКЖ)

БКЖ іске асыруға жылына 12 млн. тонна мұнай қуатымен мұнай дайындау зауытын (Үшінші буындағы зауыт – ҮБЗ) және жылына 9,4 млрд. текше м қуатымен шикі газ айдайтын үшінші буындағы объектілерді (ШГАҮБО) салу, ұңғыма алаңдарын салу мен ұңғымаларды бұрғылау кіреді. 2023 жылы ҮБЗ/ШГАҮБО объектілерін пайдалануға енгізу жоспарланып отыр.

Сағалық қысымды басқару жобасы (СҚБЖ)

Қазіргі бар КТЖ мен ЕБЗ зауыттарында мұнай өндірудің ағымдағы деңгейін қолдау мақсатында, СҚБЖ шеңберінде

ұңғымалардың өнімін жинаудың жаңа жүйесі, қысым арттыру объектілері, инфрақұрылымдық және қосалқы объектілер салынып жатыр. 2022 жылдың аяғында оларды пайдалануға енгізу жоспарланып жатыр.

Операциялық қызметті цифрландыру жобалары

2019 жылы ТШО қауіпсіздікті арттыру, тәуекелдерді жақсырақ басқару, жұмыс процестерінің тиімділігін арттыру және кіріс ұлғайту үшін цифрлық шешімдер әзірлеуге кірісті.

- өндірістік қауіпсіздік қағидаларының сақталуына мониторинг жүргізудің пилоттық бағдарламасы Теңіз кен орнының кәсіпшілік, өндірістік және офистік үй-жайларындағы қызметкерлердің қауіпсіздігін арттыруға мүмкіндік берді. Осы бағдарламаның шеңберінде жағдай туралы хабардар болу нәтижесінде дербес қауіпсіздікті арттырған шамамен 350 желісіз датчик іске қосылды.
- Бір мезгілде орындалатын жұмыстарды визуализациялау және талдау жобасы параллельді жоспарлауды белгілеу үшін базалық өндірістің жұмыстары мен БКЖ жобасының шеңберіндегі жұмыстар туралы шоғырландырылған көзқарасты қалыптастырды. Қақтығыстарды уақытылы анықтау командаларға тәуекелдерді болдырмау шараларын бақылауға, жергілікті жерлерде болашақ жұмыстардың үлкен санын бағалауға және өндірістік шығындарды азайтуға мүмкіндік береді.

- Өміршеңдігі ең төмен өнімді (ӨЕӨ) сипаттау жобасы ТШО-ның іскерлік ахуалын бағалаудың жұмыс процесінің кешенді интеграциясын пысықтауға мүмкіндік берді, бұл, өз кезегінде, шешімдерді тезірек қабылдауға және активтердің құнын барынша арттыруға мүмкіндік берді. ӨЕӨ бұрғылау қондырғыларының кестелерін, ұңғымаларды пайдалануға енгізу, даму сценарийлерін тез экономикалық бағалау үшін өндіруді болжау және шешімдерді талдау кестелерін біріктіреді.
- Шынайы деректерді оңтайландыру бағдарламасы (ШДОБ). БКЖ тобының осы бағдарламасын және базалық өндірісті пайдалана отырып, барлық кәсіпшілік объектілер мен жаңадан енгізілген Базалық кіші станциясының деректерін беретін 3 000-ден астам датчиктен алынған шынайы уақыттағы деректерді визуализациялау үшін бақылайтын және талдайтын 1 300-ден астам экран әзірледі.
- Автоматтандырылған технологиялық процестерді басқару (АТПБ) шынайы уақыт режимінде жұмыс істеп тұрған зауыттарда технологиялық процестердің теңшелімдерінің нақты жиынтығын әзірлеу үшін деректерді зияткерлік талдау және модельдеу секілді әр түрлі цифрлық әдістерді пайдаланады.


ТЕҢІЗШЕВРОЙЛ ЖШС-НЫҢ ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТІ

	Мұнай өндіру, мың тонна	Ілеспе газ өндіру, млн текше м	Құрғақ газ өндіру, млн текше м	Сұйытылған көмірсутек газын (СКГ) өндіру, мың тонна	Күкірт өндіру, мың тонна	Газ айдау, млн текше м
2017	28 697	15 860	9 237	1 382	2 566	3 097
2018	28 622	15 625	9 186	1 343	2 574	3 186
2019	29 791	16 290	9 471	1 348	2 589	3 655

¹ Көлем компанияның жеке қажеттіліктері мен газды кері айдауға арналған газды қамтиды.

ҚАШАҒАН

Негізгі индикаторлар:

<p>МҰНАЙ МЕН КОНДЕНСАТ ӨНДІРУ (БАРЛЫҒЫ)</p> <p>14,1 млн тонна (307 мың барр./тәул.)</p>	<p>ҚМГ ҮЛЕСІНЕ ЖАТАТЫН МҰНАЙ МЕН КОНДЕНСАТ ӨНДІРУ</p> <p>1 169 мың тонна (25 мың барр./тәул.)</p>	<p>МҰНАЙ МЕН КОНДЕНСАТ БОЙЫНША 2Р ҚОРЛАРЫНЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ</p> <p>120 жылдан астам</p>	<p>ТАБИҒИ ГАЗ ӨНДІРУ (БАРЛЫҒЫ)</p> <p>8,5 млрд текше м</p>	<p>ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ</p> <p>инвестициялық жобалары бойынша оң шешім болған жағдайда, орта мерзімді перспективада Қашағанда мұнай өндіру</p> <p>450 мың барр./тәул. дейін баруы мүмкін</p>	<p>ИЕЛІК ЕТУ ҮЛЕСІ</p> 	<p>ОПЕРАТОР</p> <ul style="list-style-type: none"> «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (NCOC)
---	---	--	--	---	---	--

Тұрақты өндіру деңгейіне жетті. Алып Қашаған кен орны соңғы үш онжылдықтағы ең ірі анықталым болып табылады. Қашаған әлемдегі анағұрлым күрделі салалық жобалардың бірі болып табылады.

Солтүстік Каспий жобасы – бұл Қазақстандағы теңіз мұнай-газ кен орындарын игерудің алғашқы ірі ауқымды жобасы. Ол Қашаған, Қаламқас-теңіз, Қайран, Ақтоты и Оңтүстік Батыс Қашаған кен орындарын қамтиды. Қаламқас-теңіз бен Оңтүстік Батыс Қашаған кен орындары аумақты ҚР пайдасына қайтару процесінде.

Алып Қашаған кен орны соңғы төрт онжылдықтағы ең ірі мұнай анықталым болып табылады. 2019 жылғы мұнай өндіру деңгейі ескеріліп, бағаланған мұнай мен конденсат бойынша 2Р қорларының қайтарымы, кем дегенде, 120 жыл болды.

Қашаған кен орны Атырау қаласынан 80 км қашықтықта, су тереңдігі 3-4 метрді құрайтын қайраң аймағында орналасқан. Кен орнының коллекторы 4 км-ден астам тереңдікте орналасқан. Қашаған кен орнының коллекторы жоғары қысыммен (кем дегенде, 700 бар) және күкіртсутектің (H2S) жоғары шоғырлануымен сипатталады. Бұл ретте, жоғары қысыммен күкіртті газды кері айдау мұнай берудің ұлғаюына әкеп соғады.

Теңіздегі қатаң экологиялық жағдайға және жобалау, логистика мен қауіпсіздік саласындағы мәселелерге орай, Қашаған әлемдегі ең күрделі салалық жобаларының бірі болып табылады. Субарктикалық климат аясында Солтүстік Каспийді жылына шамамен бес айға мұз басады. Өз кезегінде, бұл инновациялық техникалық шешімдердің қолданылуын талап етеді. ҚМГ шетелдік әріптестермен бірге жобаны табысты іске асырып, одан әрі өсіру әлеуетімен өндірудің орнықты деңгейіне қол жеткізді.

Қашаған кен орнын жайластыру схемасы жерүсті және теңіз объектілерінен тұрады. Жерүсті құрылыстарға: «Болашақ» мұнай мен газды кешенді дайындау қондырғысы (МГКДҚ) жатады. Теңіз объектілерінің арасында жасанды құрылыстар: «Д» аралында пайдаланушылық-технологиялық кешен, «А» аралы, ЕРС-2, ЕРС-3 пен ЕРС-4 аралының ерте өндіру орталықтары жасалды. Қашаған кен орнында барлығы 40 ұңғыма бұрғыланды, олардың алтауы айдау, ал 34 – өндіру ұңғымалары болып табылады.

1997 жылғы қарашада Қазақстан Республикасы мен халықаралық консорциум арасында Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге (СКӨБК) қол қойылды. Мердігерлік компаниялардың атынан іс-қимыл жасайтын «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (NCOC) компаниясы Оператордың міндеттерін жүзеге асырады.

Қазіргі уақытта ҚМГ Солтүстік Каспий мега жобасының өзінде 16,88% үлеске иелік ететін ҚМГ Қашаған Б.В. компаниясындағы 50% үлесіне иелік етеді. Қалған 50% үлесті «Самұрық-Қазына» АҚ-ға немесе жобадағы 8,44% үлес тиесілі. «ҚазМұнайГаз» У.А. кооперативі мен Қор арасында қол қойылған Опциондық келісімге Қосымша келісімнің шарттарына сәйкес, Қашағандағы 8,44% үлесті сатып алу опционын орындау мерзімі 2018-2020 жылдар кезеңінен 2020-2022 жылдарға ауыстырылды.

Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В өндірістік қызметі

	Мұнай өндіру, мың тонна	Ілеспе газ өндіру, млн текше м	Күкірт өндіру, мың тонна	Газ айдау, млн текше м
2017	8 286	4 799	1 151	321
2018	13 219	7 697	1 340	2 235
2019	14 127	8 453	1 323	3 148

2019 жылы Қашаған кен орнында алғаш рет барлық өндірістік объектілер толық тоқтатылып, күрделі жөндеу сәтті аяқталды. Жүргізілген жұмыстар кешені жерүсті және теңіз кешендерінде мұнай мен газ өндіруді ұлғайтуға, сондай-ақ пайдалану коэффициентін 98,4%-ке дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді.

2019 жылы Солтүстік Каспий жобасының шеңберінде, мұнай өндіру көлемі 14,1 млн тонна (тәулігіне 307 мың барр.) болды. 2019 жылы Қашағанда өндіру шыңы тәулігіне шамамен 400 мың барр., ал 2019 жылдың 4-тоқсанында орташа тәуліктік өндіру тәулігіне 344 мың барр. болды. Ілеспе газ өндіру 8,4 млрд текше м болды.

Қашаған кен орнында мұнай өндіру көлеміндегі ҚМГ үлесі 6,9%-ке 1 169 мың тонна мұнайға (тәулігіне 25 мың барр.) дейін өсті. Табиғи және ілеспе газ өндіру көлемі 10,4%-ке өсіп, 700 млн м³ болды.

Өнімді бөлу туралы келісімнің (ӨБК) шарттарына сәйкес, Қашаған кен орнында өндірілген барлық мұнай, оның ішінде ҚМГ мұнайының үлесі экспортқа жіберіледі. КҚК мұнай құбыры арқылы экспорттың негізгі бағыты Новороссийск порты болып табылады. «ҚазТрансГаз» АҚ Газды сатып алу-сатудың бірыңғай шартына қол қойылған Қашаған кен орнының барлық мердігерлік компанияларынан жалғыз газ сатып алушы болып табылады.

Қашаған кен орнын дамыту перспективалары

1-фазаның шеңберінде, өндірудің тұрақты деңгейіне қол жеткізілгеннен кейін, орта мерзімді перспективада 450 мың барр./тәул. мұнай мен конденсат өндіру деңгейіне қол жеткізу әлеуетімен өндіру деңгейін өсіру мақсатында, екі жоба қаралады.

- Пакет 1 (Bundle 1)
- Үшінші тарапқа шикі газ жеткізу жобасы

2020 жылдың бірінші жартыжылдығында жобалар бойынша инвестициялық шешім қабылдау күтілуде.

Пакет 1 (Bundle 1)

- Мұнай өндіру деңгейін одан әрі өсіру мақсатында:
- айдау қуатын арттыру үшін Д аралындағы 2 компрессордың ішкі бөлшектерін жаңғырту;
 - Д аралынан ЕРС-2 мен ЕРС-3 аралдарына газ айдауды қайта бағыттау үшін тым жоғары қысым (ТЖҚ) астындағы құбырды салу;
 - ЕРС аралдарындағы 3 ұңғыманы айдауға көшіру есебінен шикі газды кері айдауды ұлғайту мен газды басқа аралдарға айдауды бөлу мүмкіндіктерін зерттеу жүргізіліп жатыр.

Іске асыру бойынша оң шешім қабылданған жағдайда, жобаны 2022 жылы пайдалануға енгізу жоспарланды.

Үшінші тарапқа шикі газ жеткізу жобасы

НКОК «ҚазТрансГаз» АҚ-пен бірлесіп, ҚТГ-нің жоспарланған жаңа газ өңдеу зауытына жылына 1 млрд текше м шикі газ жеткізу мүмкіндігі зерттеліп жатыр.


Әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік

Солтүстік Каспий бойынша өнімді бөлу туралы келісімге сәйкес, НКОК Маңғыстау және Атырау облыстарындағы инфрақұрылым мен әлеуметтік мақсаттағы жобаларды іске асыруға қаражатты жыл сайын бөліп тұрады. 2019 жылы НКОК 75 млн АҚШ долларын әлеуметтік-инфрақұрылымдық жобаларға бөлді, оның шеңберінде 11 жоба, оның ішінде 7-уі Атырау облысында және 4-уі Маңғыстау облысында аяқталды.

¹ 100% ҚМГ-ге тиесілі, тікелей иелік ету – 99,7440256%, ҚМГ Құмкөл ЖШС арқылы жанама иелік ету – 0,2559744%.

ҚАРАШЫҒАНАҚ

Негізгі индикаторлар:

<p>СҰЙЫҚ КӨМІРСУТЕКТЕРДІ ӨНДІРУ (ТҰР.¹) (БАРЛЫҚ)</p> <p>10,1 млн тонна немесе (219 мың барр./тәулік)</p>	<p>ҚМГ ҮЛЕСІНЕ ЖАТАТЫН СҰЙЫҚ КӨМІРСУТЕКТЕРДІ ӨНДІРУ (ТҰР.)</p> <p>1 015 мың тонна (22 мың барр./тәулік)</p>	<p>ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ</p> <p>Қол жеткізілген дәрежеде сұйық көмірсутектерді өндіру деңгейін қолдау мақсатында, инвестициялық жобаларды іске асыру</p>	<p>ГАЗ ӨНДІРУ (БАРЛЫҒЫ)</p> <p>18,6 млрд текше м</p>	<p>МҰНАЙ МЕН КОНДЕНСАТЫ БОЙЫНША 2Р ҚОРЛАРЫНЫҢ ҚАЙТАРЫМЫ</p> <p>20 жылдан астам</p>	<p>ИЕЛІК ЕТУ ҮЛЕСІ</p> 	<p>ОПЕРАТОР</p> <ul style="list-style-type: none"> Royal Dutch Shell мен Eni компаниялары Қарашығанақ кен орнының бірлескен операторлары болып табылады (ҚарашығанақПетролиум Оперейтинг Б. В.)
--	---	---	--	--	---	---

Әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсатты кен орындарының бірі.

Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орны – Батыс Қазақстан облысында орналасқан және 280 шаршы километрден астам аумақты алып жатқан әлемдегі ең ірі мұнай-газ конденсатты кен орындарының бірі. Кен орны 1979 жылы ашылды, ал кен орнын тәжірибелік-өнеркәсіптік игеру 1984 жылы басталды.

Қарашығанақ жобасы 1997 жылғы 18 қарашада 40 жыл мерзімге қол қойылған Өнімді бөлу туралы түпкілікті келісімнің шеңберінде іске асырылады. Үлестік қатысу Royal Dutch Shell (29,25%), Eni (29,25%), Chevron (18%), Лукойл (13,5%) мен ҚМГ (10%) мердігерлік компаниялары арасында бөлінді. Royal Dutch Shell мен Eni компаниялары Қарашығанақ жобасының бірлескен операторлары болып табылады.

Қарашығанақ кен орындарында Қарашығанақ кен орнында өндіру процесіндегі өзара байланысты және өзара тәуелді технологиялық қондырғылардың бірыңғай жүйесі болып табылатын үш негізгі технологиялық объект бар:

ҚӨК – Қарашығанақ кен орнының солтүстік-батыс бөлігінде орналасқан және ұңғымалардан келіп түсетін сұйық көмірсутектерді, сондай-ақ ГҚДҚ-2-ден тасымалданатын бастапқы шикізатты өңдейтін өңдеу кешені.

Негізгі технологиялық процестер:

- ҚКҚ құбыр жүйесі арқылы одан әрі экспорттау үшін мұнайды тұрақтандыру (күкірт пен меркаптандар);
- күкіртті газды қабатқа айдау және Орынбор газ өңдеу зауытына (ОГӨЗ) экспорттау үшін күкіртті газды дайындау (құрғату)
- кен орнының өндірістік қажеттіліктері үшін, ҚПО өндірістік қажеттіліктері мен Батыс Қазақстан облысының (БҚО) қажеттіліктері үшін тазартылған (отындық) газ өндірісі;
- ағынды суды тазарту және кәдеге жарату.

ГҚДҚ-2 – кен орнының оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан газды кешенді дайындау қондырғысы жоғары қысым астындағы шикі газды бөледі және қайта айдайды, сондай-ақ

экспортқа жіберу алдында тұрақтандыру үшін сұйық көмірсутектерді ҚӨК-ке жібереді.

Негізгі технологиялық процестер:

- кері айдау үшін күкіртті газды дайындау (құрғату);
- жоғары күкіртті газды қабатқа айдау;
- тұрақсыз конденсатты ҚӨК-ке беру;
- ағынды суды тазарту және кәдеге жарату.

ГҚДҚ-3 – кен орнының солтүстік-шығысында орналасқан газды кешенді дайындау қондырғысы экспортқа жіберу алдында сұйық көмірсутектер мен газды бөледі және ішінара тұрақтандырады.

Негізгі технологиялық процестер:

- одан әрі ОГӨЗ-ге экспорттау үшін газды дайындау;
- ҚӨК-те одан әрі тұрақтандыру үшін конденсатты газсыздандыру;
- ағынды суды тазарту және кәдеге жарату.

2020 жылдың басында кен орны ұңғымаларының пайдаланушылық қоры 156 өндіру және 18 айдау ұңғымасын қамтиды.


Қарашығанақ кен орнында сұйық көмірсутектерді өндіру көлемі 7,3% азайып, ҚМГ үлесіне 1 015 мың тоннаны (тәулігіне 22 мың барр.) құрады. 1 861 млн м³ газ өндірілді, бұл 2018 жылғы деңгейден 1,6% төмен. ҚПО тарихында ең ауқымды болған жоспарлы-алдын алу жөндеу жүргізу үшін, 2019 жылғы 16 қыркүйектен бастап 10 қазанға дейін ҚӨК, ГҚДҚ-2 мен ГҚДҚ-3 өндірістік объектілерінің толық тоқтатылуына байланысты, өндіріс азайды.

Қарашығанақ кен орнын дамыту перспективалары

Қарашығанақ мұнай-газ конденсатты кен орны өнеркәсіптік игерудің екінші кезеңінде (2М кезеңі), оның шеңберінде қол жеткізілген деңгейде сұйық көмірсутектерді өндіру деңгейін ұзарту мақсатында, шикі газды дайындау мен кері айдаудың өндірістік қуаттарын ұлғайтуға бағытталған бірқатар ірі инвестициялық жобалар (Өндіру деңгейін ұзарту жобалары мен ПРК-1 жобасы) іске асырылып жатыр.

ҚАРАШЫҒАНАҚПЕТРОЛИУМ ОПЕРЕЙТИНГ Б. В. ӨНДІРІСТІК ҚЫЗМЕТІ

Газ өндіру, млн текше м



Сұйық көмірсутектерді өндіру, мың тонна



Газ айдау, млн текше м



Өндіру деңгейін ұзарту жобалары (2М кезеңі):

- Қосымша 5-ші айдау құбырын (5TL) салу – қабаттық қысымды қолдау мақсатында, жылына 10 млрд.текше м дейін газ айдаудың жылдық көлемін ұлғайтуға мүмкіндік берді;
- ҚӨК-те газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау (KGDBN) – жобада газды гликольды құрғату мен қабатқа айдау және/немесе ОГӨЗ-ге экспорттау үшін газ дайындау көлемдерін ұлғайту мақсатында жалпы өнімділігі жылына 4,0 млрд.текше м газдың төмен температуралы сепарациясының жаңа қондырғылары көзделген;
- ГҚДҚ-2-де газды кері айдаудың 4-ші компрессорын орнату (4ICP) – газ айдаудың жылдық көлемдерін жылына 10-нан 13 млрд.текше м дейін ұлғайту арқылы қабат қысымын және сұйық көмірсутектер өндіру деңгейін қолдау үшін технологиялық құбырлар желісін салу.

ҚАРАШЫҒАНАҚПЕТРОЛИУМ ОПЕРЕЙТИНГ Б. В. ӨНІМІН САТУ КӨЛЕМІ

Мұнай, мың тонна



Тұрақсыз конденсат, мың тонна



Шикі газ, млн текше м



2019 жылы 5-ші айдау құбыры жобасы (5TL) пайдалануға енгізілді. 2019 жылғы мамырда консорциум бойынша әріптестер 4-ші газды кері айдау компрессорын орнату жобасын (4ICP) санкциялау туралы келісімге қол қойды.

5-ші айдау құбыры жобасын (5TL) сәтті уақытында пайдалануға енгізу ҚПО, үміттерге сәйкес, осы сәтте құрылыс сатысындағы басқа да ірі инвестициялық жобалар: ҚӨК-те газ бойынша өндірістік шектеулерді алып тастау жобасы мен ГҚДҚ-2-де газды кері айдаудың 4-ші компрессорын орнату жобасын сәтті іске асыра алатынына сенім тудырады. Осы жобаларды 2021 жылы пайдалануға енгізу жоспарланып отыр.

¹ Сұйық көмірсутектерді тұрақты баламада бағалау үшін, мұнай мен конденсаттың жалпы көлеміне 0,9 аудару коэффициенті қолданылады.

Жиынтықта, өндіру деңгейін ұзарту жобаларын іске асыру:

- газды дайындау бойынша өндірісті қуаттарды ұлғайту;
- сұйық көмірсутектердің қосымша көлемін алу;
- сұйық көмірсутектерді дайындау бойынша жұмыс істеп тұрған қондырғыларды жаңғырту;
- резервуардағы қабат қысымын азайту қарқынын бәсеңдету арқылы пайдалы әсерді барынша ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Операциялық қызметті цифрландыру жобалары

«Цифрлық Қазақстан» атты инновациялық дамыту бағдарламасының шеңберінде, ҚПО цифрландыру және технологиялық инновация бойынша жол картасын әзірледі. Ағымдағы іс-шаралар өндірісті оңтайландыру, ұңғымалар жұмысының өлшемдерін бақылау, жобаларды іске асыру кезінде «ақылды» зауыт пен цифрлық түрлендіру, қағазды көп қажетсінетін процестерді барынша азайту және жұмыс процестерін, қоймалық есепті барынша автоматтандыру, мониторинг пен жөндеу-қалпына келтіру жұмыстарын жетілдіру секілді салаларды қамтиды.

Кен орнының негізгі өлшемдерін цифрландыру ҚПО-ға деректерді кешенді талдаудың автоматтандырылған жүйелерін пайдалана отырып, өнімділікті ұлғайту бойынша шешімдерді уақытылы қабылдауға мүмкіндік береді.

Әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік

2019 жылы Батыс Қазақстан облысында (БҚО) сегіз әлеуметтік жоба іске асырылды, олардың бесеуі азаматтық құрылысқа (негізінде, дене шынықтыру-сауықтыру кешендерін салу) және 3 жоба жолдарды салу мен жөндеуге жатады.

Жаңа буындағы мультифазады сорғы, Megaflow айырғышы секілді озық технологияларды енгізу есебінен Қарашығанақ кен орнында үш фаза (газ, мұнай, су) бойынша ұңғымаларды тазарту мен сынау эволюциясына қол жеткізілді. Бұл ажыратылған көмірсутектерді өңдемей, тікелей зауытқа жіберуге мүмкіндік берді. Озық технологиялар мен жетілдіруді қолдану есебінен ҚПО осы сәтте эмиссияны түбегейлі қысқартты, Қарашығанақта газды кәдеге жарату көрсеткіші 99,94 %-ті құрайды. 2019 жыл қорытындылары бойынша, ҚПО өндірген газдың жалпы көлемінен (18 614,6 млн. текше м). газды факелдерде жағудың жалпы көлемі 0,056 % (10,4 млн. текше м) болды.


ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕРДЕ МҰНАЙ ӨНДІРУ

ҚМГ өз бетімен немесе әріптестермен бірге игеріп жатқан операциялық активтерде кен орындарының жартысынан көбі, қорлардың өңделуі және сулануы жоғары (80%-тен астам) болғандықтан, ескі болып табылады. Ескі кен орындарында өнеркәсіптік пайдалану бірнеше онжылдық бұрын басталды. 1899 жылы «Ембімұнайгаз» АҚ-қа жататын Қарашүңгіл кен орнын алғаш рет мұнай табылды және осы кезде ұлттық мұнай өндіру тарихы басталды. Осылайша, 2019 жылы Қазақстанның мұнай-газ саласының 120 жылдығы атап өтілді. 1960 жылы Өзен кен орнында бірінші газ фонтаны, ал 1961 жылы мұнай фонтаны өндірілді. Мұнай-газды Қаражанбас кен орны, 1974 жылы алғашқы мұнай фонтаны атқылағанда, ашылды.

Бүгінгі таңда Компанияның операциялық активтерінде өндірілген мұнайдың шамамен 80%-ті негізгі 7 кен орны: Өзен мен Қарамандыбасқа («Өзенмұнайгаз» АҚ), Қаламқас пен Жетібайға («Маңғыстаумұнайгаз» АҚ), С.Нұржанов пен Шығыс Молдабекке («Ембімұнайгаз» АҚ) және Қаражанбасқа («Қаражанбасмұнай» АҚ) тиесілі екенін атап өткен жөн.

Компанияның одан әрі дамуының маңызды құрамдас бөлшегі ескі кен орындарында өндіру тиімділігін арттыру болып табылады. ҚМГ-нің өндірістік объектілерінде осы міндетті орындау үшін, өндірістік процестерді оңтайландыру мақсатында оларды бақылау, энергия үнемдеу саясаттарын сақтау тұрақты негізде жүзеге асырылып жатыр, сондай-ақ мұнай алу коэффициентін арттыру, мысалы, жаңа ұңғымаларды пайдалануға енгізу, қабатты гидроайыру, ұңғымаларды күрделі жөндеу, қабаттарды жете ату және қосымша ату мен полимерлі суландыру тәсілдері ізделуде.

ҰҢҒЫМАЛАР САНЫ, ҚМГ-НІҢ ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕРІ, БІРЛІК



2019 жылы операциялық активтерді өндіру көлеміндегі ҚМГ үлесі елеусіз азайып, 2019 жылы 15 476 мың тоннаны (тәулігіне 307 мың баррель) құрады. Бұл өндірістік жоспарға сәйкес, «Қазгермұнай» БК» ЖШС мен «ПетроҚазақстан Инк.» ЖШС кен орындарында өндіру деңгейінің 17,7% пен 15,5%-ке өздігінен түскенін көрсетеді.

Өндіріліп жатқан мұнайдың техникалық сипаттамалары өңірден өңірге қарай елеулі ерекшеленеді. Баррельдеу коэффициенті, бір тоннаға шаққанда, 6,68 барр. Ең ауыр

мұнай «Қаражанбасмұнай» АҚ өндіріледі. Ірі операциялық емес жобаларда өндірілетін мұнай жеңілдеу – оның баррельдеу коэффициенті, бір тоннаға шаққанда, шамамен 8 барр.

2019 жылы операциялық басқарудағы ұңғымалардың жалпы қоры 16 564 бірлік болды, оның ішінде, 12 235 – ұңғымалардың ауыспалы қорына жатады. Мұнай мен конденсат өндіру көлемінің үлкен бөлігі ұңғымалардың ауыспалы қорынан өндіруге тиесілі.

ҚМГ өндіру бағытының 2019 жылғы өлшемдері

	Кеуектілік	API градустарымен көрсетілген тығыздық	Күкірт құрамы, %	Кен орындарының саны	Жаңа ұңғымалардың орташа дебиті/тәулік	Ұңғымалардың ауыспалы қорының орташа дебиті, тн/тәулік	Мұнай баррельдеу коэффициенті, баррель/тонна
«Өзенмұнайгаз» АҚ	0,19	36,51	0,14	2	11,2	4,4	7,23
«Ембімұнайгаз» АҚ	0,27	32,03	0,62	33	11,1	3,8	7,30
«ҚазГӨЗ» ЖШС (конденсат) (100%)	0,14	57,05	-	4	-	0,8	-
«Қаражанбасмұнай» АҚ (50%)	0,30	19,81	1,55	1	2,9	2,2	6,68
«Қазгермұнай» БК» ЖШС (50%)	0,26	39,95	0,1	5	21,2	26,0	7,38
«ПетроҚазақстан Инк.»	0,25–27	41,9–66,9	0,03–0,43	23	10,5–17,0	3,53–8,70	7,75
«Амангелді Газ» ЖШС	0,10–0,24	-	0	3	0,15	1,04	-
«Маңғыстаумұнайгаз» АҚ (50%)	0,14	30,77	0,2	15	12,7	6,0	7,23
«Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (50%)	0,10	36,12	1	2	-	17,1	7,50
«Қазақтүрікмұнай» ЖШС (100%)	0,14	36,12	3,17	6	-	32,9	7,21





ГАЗ ӨНДІРУ ЖӘНЕ ОНЫҢ ӨНДІРІСІ

2019 жылы табиғи және ілеспе газ өндіру көлемі 8 455 млн м³ дейін 3,9%-ке (55,8 млн барр.м.б.) ұлғайды. Бұл ретте, 2 636 млн м³ (31%) операциялық активтер үлесіне және 5 819 млн м³ (69%) мега жобалардың үлесіне тиесілі. Көлемдер құрылымындағы негізгі үлестер Теңіз и Қарашығанақ мега жобаларына жатады.

Газды қабатқа және өз қажеттіліктеріне кері айдауды қоса алғанда, газ өндіру мәндері өндірілген газдың іс жүзіндегі көлемін құрайды. Газды кері айдау мұнай өндірудің жоғары деңгейін қамтамасыз ететін қабат қысымын қолдау үшін қолданылады.

2019 жылы тауар газы өндірісінің көлемі 4 922 млн м³ болды, оның ішінде 1 823 млн м³ - операциялық активтер есебінен және 3 099 млн м³ - мега жобалар есебінен. 2018 жылмен салыстырғанда, ҚМГ тауар газының өндірісі кумулятивті 91 млн м³ немесе 1,9%-ке ұлғайды.

Қаз ГӨЗ зауыты, өзінің өндірілген шикізатын өңдеумен қатар, тауар газын өздері өндірмейтін ҚМГ-нің басқа операциялық активтерінен алған шикізаттың негізінде тауар газын өндіреді.

¹ Шикі газ «Өзенмұнайгаз» АҚ пен «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ «Жетібаймұнайгаз» ӨБ-ден «ҚазГӨЗ» ЖШС-ға жеткізіледі


ҚМГ ҮЛЕСІНЕ ЖАТАТЫН МЕГА ЖОБАЛАР БОЙЫНША ТАУАР ГАЗЫНЫҢ ӨНДІРІСІ, МЛН ТЕКШЕ М

	2017	2018	2019
Теңіз	1 847	1 837	1 894
Қарашығанақ	878	949	911
Қашаған	223	301	293
Мега жобалар бойынша барлығы	2 948	3 087	3 099

ҚМГ ҮЛЕСІНЕ ЖАТАТЫН ОПЕРАЦИЯЛЫҚ АКТИВТЕР БОЙЫНША ТАУАР ГАЗЫН ӨНДІРУ, МЛН ТЕКШЕ М

	2017	2018	2019
Өзенмұнайгаз + ҚазГӨЗ ¹	540	558	680
Маңғыстаумұнайгаз (Жетібаймұнайгаз ӨБ)*	199	207	116
Қазгермұнай	235	205	184
Амангелді Газ	339	345	346
Қазақойл Ақтөбе	180	173	157
Ембімұнайгаз	30	154	135
Қазақтүрікмұнай	156	143	163
ПетроҚазақстан Инк.	78	68	43
Қаражанбасмұнай	0	0	0
Операциялық активтер бойынша барлығы	1 757	1 853	1 823

АКТИВТЕР БОЙЫНША ТАБИГИ ГАЗДЫ ӨНДІРУ (ҚМГ ҮЛЕСІ), МЛН М³



МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

ҚМГ көмірсутектерді экспорттық нарықтарға жеткізу бойынша мұнай тасымалдау инфрақұрылымының құрылысын аяқтады. Орта мерзімді перспективада:

- ҚМГ-нің мұнай тасымалдау жүйелерімен мұнай тасымалдау маршруттарының тартымдылығы мен бәсекеге қабілеттікті арттыру арқылы құрылған қуаттардың жүктелуін ұлғайту;
- операциялық шығындар бойынша бақылау басым болады.

Мұнай тасымалдау көлемі –

78,07 млн тонна

ҚМГ-де мұнай тасымалдау екі түрде көрсетілген – магистральдық құбырлармен және теңіз флотымен тасымалдау.


	Магистральдық құбырлармен тасымалдау				Теңіз флотымен тасымалдау	
	Басқарушы компания	ҚазТрансОйл (ҚТО)	Қазақстан-Қытай құбыры (КҚК)	МұнайТас (МТ)	Каспий құбыр консорциумы (КҚК)	Қазтеңізкөлікфлоты (ҚТКФ)
ҚМГ үлесі		ҚМГ: 90% ¹	ҚТО: 50%	ҚТО: 51%	ҚМГ: 20,75%	ҚМГ: 100%
2019 жылдағы ҚМГ үлесіне жататын мұнай тасымалдау көлемі, млн тонна		44 463 ²	8 100	1 648	13 126	10 729
Негізгі бағыттар		Еуропа мен Қытайға экспорт, ішкі нарық	Қытайға экспорт, ішкі нарық	Қытайға экспорт, ішкі нарық	Еуропаға экспорт	Еуропаға экспорт
Негізгі маршруттар		Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттары; Өзен – Атырау – Самара; Ақтау порты; Мұнайды КҚК мен Атасу – Алашанькоу жүйелеріне ауыстырып тиеу	Атасу – Алашанькоу, Кеңқияқ – Құмкөл	Кеңқияқ – Атырау	Теңіз – Новороссийск	Қара және Жерорта теңіздері, Каспий теңізі
Жалпы ұзындығы, км		5 378	1 759	449	1 510	

ҚҰБЫР ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

Қазақстанның құбыр инфрақұрылымы «ҚазТрансОйл» АҚ-қа, оның екі бірлескен кәсіпорнына («Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС және «МұнайТас» СБТК ЖШС), сондай-ақ Каспий құбыр консорциумына жатады. Қазақстанның

жұмыс істеп тұрған құбыр инфрақұрылымының перспективалық жобалардан мұнай тасымалдау көлемдерін ұлғайту үшін жеткілікті әлеуеті бар.

ҚМГ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ ЖЕЛІСІ



ҚМГ МҰНАЙ ҚҰБЫРЛАРЫНЫҢ ЖЕЛІСІ

«ҚазТрансОйл» АҚ (ҚТО) — Қазақстан Республикасының магистральдық мұнай құбыры жөніндегі ұлттық операторы. Компания жалпы ұзындығы 5 378 км, Қазақстанның барлық дерлік мұнай кен орындары қосылған магистральдық мұнай құбырларының тармақталған желісіне иелік етеді. Компания Қазақстанның төрт ең ірі мұнай өңдеу зауытына тасымалдауды қамтамасыз етеді, сондай-ақ Атырау-Самара мұнай құбырымен мұнайды экспортқа тасымалдайды, КҚК мен Атасу-Алашанькоу экспорттық мұнай құбырларына мұнайды ауыстырып тиеуді, мұнайды Ақтау портында танкерлерге және теміржол көлігіне тиеуді жүзеге асырады. Магистральдық мұнай құбырларымен мұнай тасымалдауды 36 мұнай айдау станциясы, 67 мұнай жылыту пештері, мұнай сақтауға арналған, жалпы көлемі 1,4 млн текше м резервуарлар паркі қамтамасыз етеді. Сондай-ақ «ҚазТрансОйл» АҚ «Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС, «МұнайТас» СБТК ЖШС, «ҚарашығанақПетролиум Оперейтинг Б.В.», «Каспий құбыр консорциумы-Қ» АҚ, «Торғай Петролеум» АҚ компанияларының магистральдық мұнай құбырлары мен «Магистральдық су құбыры» ЖШС магистральдық су құбырын пайдалану және оларға техникалық қызметтерін көрсетеді.

«Қазақстан-Қытай құбыры» ЖШС (КҚК) Атасу-Алашанькоу (ұзындығы 965 км) мен Кеңқияқ-Құмкөл (ұзындығы 794 км) мұнай құбырларының иесі болып табылады. Компания қазақстандық және транзиттік ресейлік мұнайды Қытай Халық Республикасына, сондай-ақ Қазақстанның ішкі нарығына тасымалдайды.

«МұнайТас» СБТК ЖШС (МТ) ұзындығы 449 км Кеңқияқ-Атырау магистральдық мұнай құбырының иесі болып табылады. 2018 жылы компания жылына 6 млн тоннаға дейінгі көлемде Батыс Қазақстан мұнайын ҚР МӨЗ-ге және ҚХР-ге

экспортқа жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында, «Кеңқияқ-Атырау» мұнай құбырының реверсі жобасын іске асыруға кірісті. Жобаның құны – 28,6 млрд теңге. Мұнайды реверстік бағытта тасымалдауды бастау 2020 жылдың екінші жартыжылдығына жоспарланған.

«Каспий құбыр консорциумы» (КҚК) — ұзындығы 1 510 км (оның ішінде 452 км – қазақстандық учаске) магистральдық құбырды салу және пайдалану үшін Ресейдің, Қазақстанның, сондай-ақ жетекші сала ойыншыларының қатысуымен құрылған халықаралық мұнай тасымалдау жобасы. КҚК мұнай құбыры қазақстандық мұнайды экспортқа жеткізудің басым бағыттарының бірі болып табылады және Теңіз мұнай кен орнын Қара теңіздегі «Южная Озереевка» мұнай терминалымен (Новороссийск портының жанында) біріктіреді. КҚК мұнай құбырымен мұнай тасымалдауды 15 мұнай айдау станциясы, мұнай сақтауға арналған жалпы көлемі 1,3 млн текше м резервуарлық парк пен үш шығыңқы айлақ қондырғылары қамтамасыз етеді.

Теңіз бен Қашағанда мұнай өндірудің алдағы ұлғаюына байланысты, 2019 жылы КҚК акционерлері жылына 72,5 млн. тоннаға дейін қазақстандық мұнай тасымалдау көлемдерін ұлғайту үшін құбыр жүйесінің тар жерлерін жою жобасын іске асыру туралы шешім қабылдады. Жобаны іске асыру мерзімі 2019-2023 жылдар, жобаның құны – 600 млн АҚШ долл. Қаржыландыру КҚК өз қаражаты есебінен көзделеді.


Магистральдық мұнай құбырларының жалпы ұзындығы –

9,1 мың км

¹. Акциялардың 10% оларды «Халықтық IPO» бағдарламасының шеңберінде сатып алған миноритарлық акционерлерге жатады.
². ҚТО тасымалдау көлемі 100%-ке көрсетілген, себебі ҚМГ активтің операциялық қызметін толық бақылайды.

МАГИСТРАЛЬДЫҚ ҚҰБЫРЛАРМЕН МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ

Алдыңғы жылмен салыстырғанда, негізінде, Қызылорда облысында мұнай өндіру көлемдерінің азаюы есебінен, 622 мың тоннаға елеусіз азайып, 2019 жылы магистральдық құбырлармен мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемі 67 337 мың тонна болды.

МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ, МЫҢ ТОННА¹

- ҚазТрансОйл (100%)
- Қазақстан-Қытай құбыры (50%)
- МұнайТас (51%)
- Каспий құбыр консорциумы (20,75%)


Тарифтік саясат

Қазақстанның ішкі нарығына мұнай тасымалдау тарифтерін мемлекет реттейді.

2015 жылы «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының 2018ж.27.12 №204-VI Заңға енгізілген түзетулер қабылданғаннан кейін, Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзит пен Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерге экспорт мақсатында, табиғи монополиялар саласынан қызметтер алынып тасталды

Ішкі нарыққа мұнай тасымалдау тарифтері

Компания	2017	2018	2019
ҚазТрансОйл			
ішкі нарық, 1 мың км-ге шаққанда, бір тонна үшін теңге	3 902	4 292	4 722
экспорт, 1 мың км-ге шаққанда, бір тонна үшін теңге	5 817	6 399	6 399
Қытай Халық Республикасына транзит, бір тонна үшін АҚШ долл.	3,11	3,11	4,23
Қазақстан-Қытай құбыры			
внутренний рынок, 1 мың км-ге шаққанда, бір тонна үшін теңге	5 916	6 507	7 158
экспорт, 1 мың км-ге шаққанда, бір тонна үшін теңге	6 799	6 799	6 799
Қытай Халық Республикасына транзит, бір тонна үшін АҚШ долл.	8,25	8,25	10,77
МұнайТас			
внутренний рынок, 1 мың км-ге шаққанда, бір тонна үшін теңге	5 912	5 912	5 912
экспорт, 1 мың км-ге шаққанда, бір тонна үшін теңге	5 912	5 912	5 912
Каспий құбыр консорциумы			
экспорт, бір тонна үшін АҚШ долл.	38	38	38

2019 ЖЫЛҒЫ БАҒЫТТАР БОЙЫНША МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ**ҚҰРЫЛЫМЫ, %****ҚМГ үлесіне жататын мұнай тасымалдау көлемі, мың тонна¹**

Компания	2017	2018	2019
ҚазТрансОйл (100%)	46 293	45 309	44 463
Қазақстан-Қытай құбыры (100%)	16 538	15 997	16 200
МұнайТас (100%)	3 660	3 878	3 232
Каспий құбыр консорциумы (100%)	55 108	61 084	63 256

ТЕҢІЗБЕН МҰНАЙ ТАСЫМАЛДАУ**ТАСЫМАЛДАУ АКТИВТЕРІ**

«Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС (ҚТКФ) Ұлттық теңіз тасымалдаушысы болып табылады. ҚТКФ активтерінің құрамына:

- сауда флоты: әрқайсысының дедвейті 12 мың тонна «Астана», «Алматы» және «Ақтау» жеке мұнай құю танкерлері; дедвейті 13 мың тонна «Атырау», «Ақтөбе», «Орал». Сондай-ақ, әрқайсысының дедвейті 115 мың тонна «Афрамекс» – «Алатау» мен «Алтай» түріндегі мұнай құю танкерлері;
- теңіз операцияларын қолдау флоты (ТОҚФ): 12 бірлік – «Есіл», «Тобол», «Орал», «Ертіс» магистральдық буксирлері, жүк көтергіштігі 3 600 тоннадан «ҚМГ» сериялы сегіз баржа-алаңы;
- «Теңізшевройл» ЖШС болашақ кеңейту жобасына қатысу үшін флот: «Барыс», «Бүркіт» пен «Сұңқар» MCV класындағы үш кеме және «Талас», «Ембі» мен «Ырғыз» үш буксирі кіреді.

Мұнайды теңізбен тасымалдаудың негізгі маршруттары:

- Каспий теңізінің акваториясындағы маршруттар;
- Қара және Жерорта теңіздерінің акваториясындағы маршруттар.

ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ


2018 жылмен салыстырғанда, 2019 жылы мұнайды теңізбен тасымалдаудың жалпы көлемі айтарлықтай 52%-ке өсіп, 10 729 мың тонна болды. 2018 жылдың аяғында ҚТКФ, ҚМГ мен KMG International арасында жеткізу мен тасымалдау туралы келісім жасасу нәтижесінде, Жерорта мен Қара теңіздерінде мұнай тасымалдау көлемдері бір жарым есе өсті.

ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГ

2019 жылы ҚМГ газ тасымалдау және маркетингіне қатысты стратегияны қайта қарады, нәтижесінде Қытайға газ экспорттау бойынша негізгі бастамашылыққа қосымша үш бастамашылық қосылды.

Газ тасымалдау әлеуетін тиімді пайдалану мен кірістегі экспорттық және транзиттік құрамдас бөлігін ұлғайту үшін Компания келесі мақсаттарды белгіледі:

- **Қытайға газ экспорттау**
Бейнеу — Бозой — Шымкент пен Қазақстан — Қытай магистральдық газ құбырларының қуаттарын кеңейту 2019 жылдан бастап және кейінгі жылдары ҚМГ-ге жылына 10 млрд текше м дейін тауар газын Қытайға тұрақты экспорттық жеткізуді өсіруге мүмкіндік береді;
- **Газ өңдеу өнімдерінің экспорты**
ҚМГ қосылған құны жоғары газ өңдеу өнімдерін ішкі нарық пен экспортқа сату үшін оларды өндіру қуаттарын салу мәселелері пысықтап жатыр
- **Ішкі нарықта газдың ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету**
ҚМГ ішкі нарықта газдың ұтымды тұтынылуын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік органдармен жұмыс істеді жалғастырады.

ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМДЕРІ, МЫҢ ТОННА

- Қара және Жерорта
- Каспий

2019 жылғы ақпанда Еуразиялық экономикалық одақтың қатысушы-елдері арасында кеме қатынасы туралы келісімге қол қойылды, оған сәйкес Ресей Федерациясының жалпы ішкі өнімі бойынша транзиттік өтуге рұқсат алу мерзімі он күнге қысқартылды.

2019 жылдың сәуірінде «Қазақстан Темір Жолы» ҰК АҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ, «KTZ Express Shipping» ЖШС мен «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС арасындағы жүк тасымалдау туралы келісімнің шарттарында Транскаспий халықаралық тасымалдау бағыты бойынша фидерлік қатынас ашылды.

2019 жылдың маусымында «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК» ЖШС күшімен Құрық портының ERSAL базасынан (Қазақстан Республикасы) Баку портына (Әзербайжан Республикасы) дейін «Сәтті» өзінен-өзі көтерілетін жүзбелі бұрғылау қондырғысы табысты тасымалданды.

- **Транзиттік әлеуетті дамыту**
ҚМГ Қытай мен Ресейдің ірі нарықтарын дамыту аясында шекаралас елдерден транзиттен алынатын пайданы барынша ұлғайту жұмысын жалғастырады.

Тұтынушыларды сенімді және тиімді қамтамасыз ету мен газ сату нарықтарын әртарапандыру Компания қызметінің басым бағыттарының бірі болып табылады. Газ тасымалдау инфрақұрылымының өткізу қабілеттігі елде газ өндірісінің өсу ықтималдығына сәйкес дамыған. Газ тасымалдау жүйесіне уақытында салынған инвестициялар нәтижесінде, ҚМГ ел өңірлерін табиғи газбен қамтамасыз етеді және экспорттық бағыттардың әлеуетін ұлғайтады. ҚМГ-нің газ тасымалдау жүйесін басқаруды оның 100%-тік еншілес ұйымы «ҚазТрансГаз» АҚ (ҚТГ) жүзеге асырады.

¹ Мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде ҚМГ операциялық үлесімен әрбір жеке құбыр компаниясының тасымалдау көлемі ескерілген (ҚТО есептемегенде). Мұнай көлемдерінің бір бөлігін екі немесе үш құбыр компаниясы тасымалдай алады және, тиісінше, осы көлемдер мұнай тасымалдаудың шоғырландырылған көлемінде бірнеше рет ескеріледі.

ГАЗ ҚҰБЫРЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМЫ

«ҚазТрансГаз» АҚ (ҚТГ) Қазақстан Республикасының газ және газбен қамту саласындағы ұлттық оператор болып табылады.


ҚТГ магистральдық газ құбырлары мен газ тарату желілерімен тауар газын тасымалдау бойынша орталықтандырылған инфрақұрылымды басқарады, халықаралық транзитті қамтамасыз етеді, ішкі және сыртқы нарықтарда газ сатумен айналысады, газ құбырлары мен газ қоймаларын әзірлейді, қаржыландырады, салады және пайдаланады.

ҚТГ Қазақстандағы жалпы ұзындығы 19 146 км, жылдық өткізу қабілеттігі 230 млрд текше м магистральдық газ құбырларының ең ірі желісін және ұзындығы 49 мың км-ден астам газ тарату желілерін пайдалануды жүзеге асырады.

ҚТГ Қазақстандағы сақтаудың жалпы белсенді көлемі 4,6 млрд текше м дейін 3 жерасты газ қоймасын («Бозой», «Ақыртөбе», «Полторацкое») басқарады. Газ тасымалдауды 40 компрессорлық станция мен 232 газ айдау агрегаты қамтамасыз етеді.

ҚТГ-нің Қазақстан аумағындағы келесі бизнес-бағыттардағы еншілес құрылымдары бар:

- магистральдық газ тасымалдау
 - «Интергаз Орталық Азия» АҚ (ИОА), ҚТГ-нің 100%-тік ЕТҰ;
 - «Азия газ құбыры» ЖШС (АГҚ), ҚТГ-нің 50%-тік ЕТҰ;
 - «Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС (ГБШ), ҚТГ-нің 50%-тік ЕТҰ;
- газ тасымалдау жүйелері бойынша тасымалдау
 - «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ (ҚТГА), ҚТГ-нің 100%-тік ЕТҰ.
- газ бен газ конденсатын өндіру
 - «Амангелді Газ» ЖШС (АГ), ҚТГ-нің 100%-тік ЕТҰ (өндіру көлемдері Өндіру бөлімінде көрсетілген).



Магистральдық газ құбырларының жалпы ұзындығы –

17,85 млн мың км

Компания	Магистральдық газ құбыры (МГ)/газ құбыры	Ұзындығы, км	Қуаты, жылына млрд текше м
ИОА	Союз, Орынбор – Новопсков МГ	1 147	68,4
	Орта Азия – Орталық МГ	5 306	50,8
	Бұхара – Орал МГ	2 382	31,5
	БГР – ТБА ¹ , Газли – Шымкент МГ	2 462	10,2
	Ақшабулақ – Қызылорда МГ	123	0,4
	Сарыарқа МГ ²	1 061	2,2 ²
АГП	Қазақстан – Қытай МГ	3 916	55
ГБШ	Бейнеу – Бозой – Шымкент МГ	1 454	13 ³

¹ Бұхара газды өңір – Ташкент-Бішкек-Алматы.
² «Сарыарқа» МГ ИОА-ға жалға берілді, бірақ, акционерлері «Самұрық-Қазына» АҚ (50%) мен «Baiterek Venture Fund» АҚ (50%) болып табылатын «АстанаГаз ҚМГ» АҚ меншігінде.
³ Газ құбырының 1-кезеңі үшін жобалық және іс жүзіндегі қуат – жылына 2,2 млрд текше м.
⁴ Іс жүзіндегі қуат — жылына 13 млрд текше м, жобалық қуат — жылына 15 млрд текше м.

ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖОБАЛАР

Бейнеу-Бозой-Шымкент магистральдық газ құбырының қуатын жылына 15 млрд текше м дейін ұлғайту

Бейнеу-Бозой-Шымкент магистральдық газ құбырының құрылысы 2011 жылы басталды. 2019 жылы қуатты жылына 15 млрд текше м дейін ұлғайту бойынша келесі жұмыстар жүргізілді:

- «Қорқыт-Ата», «Арал» мен «Түркістан» компрессорлық станциялары пайдалануға енгізілді. Бозой-Шымкент учаскесіндегі газ құбырының қуаты жылына 13 млрд текше м дейін жеткізілді;
- Бейнеу-Бозой учаскесінде төртінші «1А» компрессорлық станциясын салу бойынша жобалық-сметалық құжаттама (ЖСҚ) әзірленіп, негізгі жабдық сатып алынууда, аяқтау мерзімі – 2020 жыл;
- техникалық-экономикалық есеп әзірленіп, ЖСҚ келісілуде, оған сәйкес қазіргі бар «Бозой» компрессорлық станциясын, «Ақбұлақ» пен «Бейнеу» газ өлшеу станцияларын кеңейту көзделіп отыр.

Газды магистральдық тасымалдау

2019 жылы газды магистральдық газ құбырларымен тасымалдау көлемі, негізінде, «Газпром» АҚ ресейлік газ ағындары қайта бөлінгендіктен және Қытайға ортаазиялық газ транзитінің көлемдері азайтылғандықтан, транзитті азайту нәтижесінде, 103 494 млн м³ дейін 7,2%-ке төмендеді.

«Интергаз Орталық Азия» АҚ (ИОА)

ИОА ҚТГ-нің 100%-тік еншілес кәсіпорны болып табылады. 2018 жылы ИОА Магистральдық газ құбыры жөніндегі ұлттық операторының мәртебесін алды.

Бүгінгі таңда ИОА Қазақстанның аумағы бойынша жалпы ұзындығы 19 146,51 км магистральдық газ құбырларымен табиғи газды ішкі тасымалдау мен оның транзитін жүзеге асырады.

ИОА үш жерасты газ қоймасын пайдаланады (ЖГҚ):

- Ақтөбе облысындағы Бозой ЖГҚ;
- Оңтүстік Қазақстан облысындағы Полторацкое ЖГҚ;
- Жамбыл облысындағы Ақыртөбе ЖГҚ.

ИОА қызметінің негізгі бағыттары:


- Қазақстан Республикасының ішкі нарығына газ тасымалдау;
- Түрікменстан мен Өзбекстаннан Қазақстанның аумағы бойынша Ресейге газды транзиттік тасымалдау;
- газды экспортқа тасымалдау;
- Қазақстанның аумағы арқылы Ресей Федерациясының бір бөлігінен басқа бөлігіне газды транзиттік тасымалдау;
- Ташкент қаласына өзбек газын транзиттік тасымалдау.

Бейнеу — Бозой — Шымкент магистральдық газ құбырының қуатын жылына 15 млрд м³ дейін ұлғайту


«Бозой» жерасты газ қоймасын қайта жаңарту

Газдың маусымдық біртекті тұтынылмауын тегістеу мақсатында және ішкі нарыққа және экспортқа газды тұрақты жеткізуді қамтамасыз ету үшін, ИОА «Бозой» жерасты газ қоймасын қайта жаңарту жүргізіліп жатыр. Жобаның шеңберінде, газдың сапасын арттыру, оны механикалық қоспалар мен ылғалдан тазарту үшін, ол заманауи газ құрғату қондырғысымен жабдықталды. Жүргізілген жұмыстар газ қоймасының сенімділігі мен қауіпсіздігін арттыруға, сондай-ақ газ іріктеу мен айдаудың тәуліктік өнімділігін тәулігіне 27 млн текше м дейін ұлғайтуға мүмкіндік берді. 2020 жылы 4 млн текше м газ сақтаудың жобалық көлеміне қол жеткізіледі деп күтілуде.

ҚМГ үлесіне жататын газ тасымалдаудың жалпы көлемі, млн м³



ҚМГ үлесіне жататын ИОА газ тасымалдау көлемі, млн м³



«Азия газ құбыры» ЖШС (АГҚ)

АГҚ «ҚазТрансГаз» АҚ пен Trans-Asia Gas Pipeline Company Ltd. (акционер – CNPC еншілес кәсіпорны CNOOC компаниясы) тепе-тең бірлескен кәсіпорны болып табылады. Бірлескен кәсіпорын табиғи газды Қазақстанның Өзбекстанмен шекарасынан Қытай аумағындағы «Қорғас» газ өлшеу станциясына дейін тасымалдауға арналған «Қазақстан – Қытай» газ құбырын қаржыландыру, салу және пайдалану мақсатында құрылды.

Жобаның мақсаты – Қытай Халық Республикасы бағытында түрікмен және өзбек газының транзитін қамтамасыз ету, Қытай Халық Республикасына қазақстандық газдың экспортын жүзеге асыру, сондай-ақ Қазақстанның оңтүстік өңірлерін газбен үздіксіз қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының аумағы бойынша газ құбырының ұзындығы, «А» және «В» тармақтары үшін 2 612 км, «С» тармағы үшін 1 304 км құрайды. Газ құбырының жалпы өткізу қабілеттігі – жылына 55 млрд текше м (30 - «А» мен «В» тармақтары, 25 - «С» тармағы).


2018 жылы «Қазақстан-Қытай» магистральдық газ құбырының қуатын ұлғайту («С» тармағы) жобасын іске асыру аяқталды. Нәтижесінде, «Қазақстан-Қытай» магистральдық газ құбырының өнімділігі жылына 55 млрд текше м жеткізілді.

«А» және «В» тармақтарының өнімділігін жылына 40 млрд, текше м дейін ұлғайту» жобасының техникалық-экономикалық негіздемесі әзірленіп жатыр, бұл газ құбырының жалпы өнімділігін жылына 65 млрд текше м дейін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

ҚМГ ҮЛЕСІНЕ ЖАТАТЫН АГҚ ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ, МЛН М³**«Бейнеу-Шымкент газ құбыры» ЖШС (БШГК)**

БШГК «ҚазТрансГаз» АҚ пен Trans-Asia Gas Pipeline Company Ltd. (акционер – CNPC еншілес кәсіпорны CNOOC компаниясы) тепе-тең бірлескен кәсіпорны болып табылады. Жобаның Қазақстан үшін өте маңызды стратегиялық мәні бар, ол Қазақстан Республикасының оңтүстік өңірлерін табиғи газбен қамтамасыз етеді, қазақстандық газды экспортқа жеткізуді әртараптандыруға мүмкіндік береді, Қазақстан Республикасының энергетикалық қауіпсіздігін қамтамасыз етеді, бірыңғай газ тасымалдау жүйесін құрайды.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральдық газ құбыры «Қазақстан-Қытай» газ құбырының екінші учаскесін білдіреді. Газ құбыры еліміздің батыс жақтағы мұнай мен табиғи газ кен орындарын оңтүстік өңірлерімен, сондай-ақ Бұхара газды өңір – Ташкент-Бішкек-Алматы, Газли-Шымкент магистральдық газ құбырлары мен Центральная Азия – Қытай газ құбырының «С» тармағымен біріктіреді. ГБШ-ның іс жүзіндегі ұзындығы – 1 454 км, ал өткізу қабілеттігі – жылына 13 млрд текше м.

ҚМГ ҮЛЕСІНЕ ЖАТАТЫН БШГК ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ, МЛН М³**ГАЗ ТАРАТУ ЖӘНЕ ӨНІРЛЕРДІ ГАЗДАНДЫРУ****«ҚАЗТРАНСГАЗ АЙМАҚ» АҚ (ҚТГА)**

ҚТГА ҚТГ-нің 100%-тік еншілес кәсіпорны болып табылады. ҚТГА – бұл Қазақстан Республикасындағы ең ірі газбен қамтитын компания, ол газдалған барлық он облыстағы және республикалық мәні бар екі қалада тарату және магистральдық газ құбырларының 50,6 мың км пайдаланады.

ҚТГА-ның негізгі міндеттері:

- тауар газын жеткізуді ұйымдастыру;
- тарату желілері бойынша газ тасымалдау;
- өңірлердегі газ тасымалдау активтерін басқару.

ҚМГ ҮЛЕСІНЕ ЖАТАТЫН ҚТГА ГАЗ ТАСЫМАЛДАУ КӨЛЕМІ, МЛН М³**Газ тарату және Қазақстанның өңірлерін газдандыру жобалары****Тараз қаласындағы газ тарату желісін қайта жаңарту**

2011 жылдан бастап жобаны іске асыру уақытында жеке сектордағы 42 мың абонентте болаттан жасалған төмен қысымды газ құбырларының шамамен 899 км (2019 жылы 37 км) орташа қысымды полиэтилен газ құбырларына ауыстырылды, бұл тұтынушыларда болған жеткіліксіз газ қысымының проблемасын шешті. Нәтижесінде, газбен қамту жүйесінің өткізу қабілеттігі сағатына 150,5 мың текше м дейін 1,5 есе ұлғайды.

Маңғыстау облысының елді мекендерінің жұмыс істеп тұрған газ тарату желілерін жаңғырту, қайта жаңарту және жаңаларын салу

2015 жылдан бастап жобаны іске асыру уақытында 1347 км газ құбырлары (2019 жылы 25 км) салынды және қайта жаңартылды, алты автоматты газ тарату станциясы, 34 шкафтық газ реттеу пункті, 45 газ реттегіш блок пункті орнатылды. Нәтижесінде, бес елді мекен газдандырылды және 2,5 мың жаңа абонент газға қол жеткізді.

Алматы қаласын газдандыру, Алматы қаласының газ тарату желілерін қайта жаңарту

Жоба 15,8 млн текше м газ орта жылдық тұтыну көлемімен жаңадан шамамен 4,1 мың абонентті қосуға мүмкіндік берді. 2020ж.01.01 жағдай бойынша 265 км (2019 жылы 170 км) жаңа газ құбырлары салынды, жұмыс істеп тұрған 76 км (2019 жылы 34 км) газ құбырлары қайта жаңартылды, 21 шкафтық газ реттеу пункті, 1 газ реттеу блок пункті орнатылды.

Сарыарқа магистральдық газ құбырын салу

2019 жылғы қазанда Сарыарқа МГ 1-кезеңінің құрылысы аяқталды және 2019 жылғы 27 желтоқсанда оны пайдалануға енгізу актісіне қол қойылды. 2020 жылғы 3 ақпанда газ құбыры газ тасымалдауды жүзеге асыратын «Интергаз Орталық Азия» АҚ (ИОА) жалға берілді. «Сарыарқа» МГ акционерлері «Самұрық-Қазына» АҚ (50%) мен «Baiterek Venture Fund» АҚ (50%) болып табылатын «АстанаГаз ҚМГ» АҚ меншігінде. Газ құбырының 1-кезеңінің өткізу қабілеттігі – жылына 2,2 млрд текше м. Газ құбырының жалпы ұзындығы – 1060,6 км. Газ құбыры Қазақстанның орталық өңірлері мен астанасына, бұл шамамен 2 710 мың адам, газды тұрақты жеткізеді деп күтіледі. Сарыарқа магистральдық газ құбыры қымбат емес және сапалы отын – газға көшіп, елдегі экологиялық жағдайды айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

Газ құбырының 1-кезеңінің өткізу қабілеттігі – жылына 2,2 млрд текше м. Газ құбырының жалпы ұзындығы – 1060,6 км. Газ құбыры Қазақстанның орталық өңірлері мен астанасына, бұл шамамен 2 710 мың адам, газды тұрақты жеткізеді деп күтіледі. Сарыарқа магистральдық газ құбыры қымбат емес және сапалы отын – газға көшіп, елдегі экологиялық жағдайды айтарлықтай жақсартуға мүмкіндік береді.

ГАЗ-МОТОРЛЫ ИНФРАҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУ**«ҚазТрансГаз Өнімдері» ЖШС (ҚТГО)**

2019 жылы ҚТГО ҚТГ-мен бірлесіп, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 29 қарашадағы №797 қаулысымен бекітілген Табиғи газды мотор отыны ретінде пайдалануды өрістету жөніндегі 2019 – 2022 жылдарға арналған іс-шаралар жоспарының (бұдан әрі – Жоспар) және «Қазақстан Республикасының «жасыл экономикаға» көшуі жөніндегі тұжырымдаманың» шеңберінде Қазақстан Республикасының өңірлеріндегі жұмысты жалғастырды. Осы жұмыстың мақсаты – көлік құралдары үшін бензин мен дизель секілді отынның дәстүрлі түрлерінің орнына, автокөлікті мотор отынының анағұрлым экологиялық және үнемді түріне көшіру. Қалалық автобус парктары, магистральдық жүк автокөлігі, жеке тұлғалардың жолаушыларды тасымалдайтын көлігі, ҚТГ еншілес компанияларының өңірлік филиалдарының жүк және жеңіл автокөлігі, сондай-ақ жеке автокөлік компримирилген табиғи газдың (КТГ) негізгі тұтынушылары болады.

МОТОР ГАЗЫ РЕТІНДЕ ТАБИҒИ ГАЗДЫ ПАЙДАЛАНУ ЖОБАСЫН ДАМУ

2019 жылы Алматы қ., Шымкент қ., Ақтөбе, Түркістан, Маңғыстау, Қызылорда, Атырау және Алматы облыстарында автомобильдік газ толтыру компрессорлық станцияларын салу үшін учаскелер бөлінді. КТГ-дегі қалалық жолаушыларды тасымалдайтын автобустар Ақтөбеде (78 автобус), Алматыда (400 автобус), Шымкентте (200 автобус) пен Қызылордада (120 автобус) жүріп тұрады. Сондай-ақ 2020 жылы қосымша КТГ-дегі 960 автобус – Шымкент қ. (590), Алматы қ. (200), Атырау қ. (170) сатып алу жоспарланып отыр;

«Газпром» КАҚ, CNPC мен ҚМГ арасында қол қойылған Батыс Еуропа-Батыс Қытай халықаралық көлік дәліздерінде мотор отыны ретінде табиғи газды пайдаланудың өндірістік-өткізу инфрақұрылымын дамыту саласындағы ынтымақтастық бойынша өзара түсіністік туралы меморандумның (бұдан әрі – МТК) шеңберінде, автокөлік қозғалысының қарқындылығы мен СТГ/КТГ тұтынудың тиісті көлемін маркетингтік зерттеу, елеулі технологияларды зерттеу және талдау, өндірістік-тұрмыстық инфрақұрылымның қажетті қуаты мен күрделі салымдар көлемін бағалай жұмыстары жалғастырылды;

Автожолдарды пайдалану саласындағы ұлттық оператор «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ-пен «Қазақстан Республикасында мотор отыны ретінде КТГ пайдаланудың өндірістік-өткізу инфрақұрылымын дамыту саласындағы ынтымақтастық жөніндегі меморандумға қол қойылды. Қазіргі уақытта МТК-дегі бес жер учаскесі (Қазалы, Ырғыз, Арал, Қарабұтақ, Қазығұрт) келісіліп, ресімделді.

798 автобус ҚМГ-нің газ-моторлы отынымен жүреді, ГМО-мен 960 автобус 2020 жылы жүре бастайды.

ЦИФРЛАНДЫРУ

2017 жылдан бастап 2023 жылға дейін газ тасымалдау жүйесінің объектілері туралы цифрлық кеңістіктік деректерді, олардың кеңістіктік жағдайын түсіну мен олардың техникалық және пайдаланушылық өлшемдері туралы ақпаратты талдау үшін газ құбырларының объектілері бойынша талдамалық геоақпараттық жүйені енгізу жобасы іске асырылып жатыр.

2019 жылы «Амангелді Газ» ЖШС «1С: ТҚЖЖ» ақпараттық жүйесін енгізді. Осы жүйе техникалық қызмет көрсету және жөндеу (ТҚЖЖ) процесінің көрнекі және анық болуын қамтамасыз етті, сондай-ақ жабдық бойынша деректердің сатылы тәртіппен сақталуын реттеді және барлық мүдделі тараптар

үшін процеске қол жеткізу мүмкіндігін берді. Одан кейін «1С: ТҚЖЖ» мен «1С: Бухгалтерия» интеграцияланды, осының нәтижесінде екі жүйе жабдығының қимасында шығындарды тауарлық-материалдық құндылықтар байланыстырылды.

Атмосфераға санкцияланбаған эмиссияларды болдырмау, сондай-ақ тұтынушылардың өмірі мен денсаулығын сақтау мақсатында, ҚТГО метанның кемуін іздеу бойынша цифрлық «ПЕРГАМ» детекторларымен жабдықталған Toyota Hilux автомобилінің базасындағы төрт автокешен сатып алынды. Пайдалану кезеңінде кешендер тұрғын үй-жайлар мен әлеуметтік объектілерде 235 рет газдың кемуін анықтады, барлығы – 8 766 рет.

ГАЗ МАРКЕТИНГІ

ҚТГ, газ және газбен қамту саласындағы ұлттық оператор ретінде, мемлекеттің жер қойнауын пайдаланушылардан/өнім берушілерден шикі және/немесе тауар газын сатып алуға арналған артықшылықты құқығын жүзеге асырады.

Заңнамаға сәйкес, жер қойнауын пайдаланушылар шикі және/немесе тауар газын жеткізу көлемі, бағасы мен пункті көрсетілген коммерциялық ұсынысты ұлттық операторға жібереді. Ұлттық оператор мемлекеттің артықшылықты құқығын іске асыру немесе одан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Қазіргі уақытта ұлттық оператор ҚМГ қатысу үлесі бар келесі компаниялардан газды сатып алуға байланысты мемлекеттің артықшылықты құқығын іске асырады:

- «Ембімұнайгаз» АҚ (100%)
- «Қазгермұнай» БК» ЖШС (50%)
- «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС (50%)

22,8 млрд м³
тауар газын сату

Газ ресурстары, млн м³

Көрсеткіш	2017	2018	2019
Газды сатып алу көлемдері	18 153	23 297	24 200
Қазақстандық жер қойнауын пайдаланушылар/өнім берушілер	13 376	17 209	16 435
ҚМГ қатысуы бар компаниялар	6 446	10 195	9 537
Үшінші тараптар	6 930	7 014	6 898
Газ импорты	4 777	6 088	7 765
Ресей	3 038	3 216	5 054
Өзбекстан	1 739	2 872	2 710

- «Қазақтүрікмұнай» ЖШС (100%)
- «ҚазМұнайТеңіз» ЖШС (100%)

Көрсетілген компаниялардың газы ішкі нарыққа сатылады.

Қатысу үлестері ҚМГ-ге тиесілі, газды сатып алуға қатысты мемлекеттің артықшылықты құқығы іске асырылмайтын компаниялар:

- «Амангелді Газ» ЖШС (100%)
- «ҚазГӨЗ» ЖШС (100%)
- «Теңізшевройл» ЖШС (20%)
- «ҚарашығанақПетролеум Оперейтинг Б.В.» (10%)
- «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (NOC) (8,44%)

Осы компаниялардың газы ішкі нарыққа және экспортқа сатылады.

2019 жылы тауар газын сату көлемдері 22 834 млрд текше м болды. Экспортқа 8 806 млрд текше м газ жіберілді, оның ішінде, газды Қытайға экспортқа сатып алу-сату шартының шеңберінде 81% Қытай Халық Республикасына экспортталды.

Тауар газын сату, млн м³

Көрсеткіш	2017	2018	2019
Экспорт	4 949	8 917	8 806
Ресей	2 073	2 350	1 000
Қырғызстан	249	275	264
Өзбекстан	1 003	5 484	7 091
Қытай Халық Республикасы	1 624	807	452
Ішкі нарық	12 793	13 999	14 028
Барлығы	17 742	22 915	22 834

МҰНАЙ ӨНДЕУ ЖӘНЕ МАРКЕТИНГІ



Компанияның Қазақстан Республикасы мен Румыниядағы мұнай өңдеу зауыттарын мұнай өңдеу тереңдігін жаңа деңгейге шығарған қайта жүргізілгеннен кейін, 2018-2028 жылдарға арналған даму стратегияға сәйкес, төмендегілер осы активтер бойынша негізгі міндет болып табылады:

- Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттары үшін: шығындарды оңтайландыру арқылы борышқорлық міндеттемелерді уақытылы өтеу мақсатында өтімділіктің жеткілікті деңгейінің генерациясын қамтамасыз ету;
- «Петромидия» МӨЗ үшін: өндірістік процестерді оңтайландыру арқылы, оның ішінде, цифрландыру және мұнай өнімдерін сату маржасын арттыру мақсатында мұнай өнімдерінің оңтайлы себетін қамтамасыз ету есебінен тиімділікті арттыру, сондай-ақ ҚМГ Корпоративтік орталығына дивидендтер төлеу.

МҰНАЙ МЕН КОНДЕНСАТ МАРКЕТИНГІ

2019 жылы ҚМГ-нің өзі өндірген мұнай мен конденсатты сату көлемі 23 509 мың тоннаны құрады, оның ішінде, мұнай экспорты – 16 379 мың тонна, мұнайды ішкі жеткізу көлемі – 7 130 мың тонна.

Ішкі жеткізу көлемі Қазақстандағы ҚМГ мұнай өңдеу зауыттарына жеткізуді толығымен қамтиды: АМӨЗ-ге 2 994,82 мың тонна, ПМХЗ-ға 3 158,95 мың тонна, ПҚОП-қа 517,81 мың тонна, Caspi Bitum-ге 448,56 мың тонна.

23,5 млн тонна
жеке мұнайын сату

ҚМГ мұнай мен конденсат сату, мың тонна

Активтер	2017			2018			2019		
	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы	Экспорт	Ішкі нарық	Барлығы
Операциялық активтер ¹	9 727	6 169	15 896	8 773	6 980	15 752	8 472	7 120	15 592
Оның ішінде ЕТҰ ²	5 922	2 687	8 607	5 367	3 303	8 670	5 325	3 453	8 778
Мегажобалар ³	7 525	3	7 529	7 971	12	7 983	7 907	10	7 917
Жиыны	17 252	6 173	23 424	16 744	6 991	23 735	16 379	7 130	23 509

¹ «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Қазгермұнай» БК» ЖШС, «ПетроҚазақстан» АҚ, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ

² «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Ембімұнайгаз» АҚ, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС

³ «ҚМГ Қашаған Б.В.», «ҚМГ Қарашығанақ», «Теңізшевройл» ЖШС

ӨНДЕУ АКТИВТЕРІ

ҚМГ активтерінің құрылымында Қазақстандағы төрт мұнай өңдеу зауыты мен Румыниядағы екі МӨЗ сұйық көмірсутек шикізатын (КСШ), негізінде, мұнай өңдейді.

ҚМГ мұнай өңдеу зауыттары

Көрсеткіш	Қазақстанда			Румынияда		
	АМӨЗ	ПМХЗ	ПҚОП	Caspi Bitum	Петромидия	Вега
Кен орны	Атырау	Павлодар	Шымкент	Ақтау	Нэводарь	Плойешть
Пайдалануға енгізу жылы	1945	1978	1985	2013	1979	1905
Жобалық өңдеу жобасы, млн тонна	5,5	6,0	6,0	1,0	6,0 ¹	0,5
2019 жылы КСШ өңдеу көлемі, млн тонна	5,4	5,3	5,4	0,89	6,33 ²	0,44
2019 жылы жүктеу, %	98	88	90	89	97,5 ³	132
ҚМГ иелік ету үлесі, %	99,53	100	49,72	50	54,63	54,63
Нельсон индексі	13,9	10,5	8,2	-	10,5	-
2019 жылы ашық мұнай өнімдерін өндіру, %	59	69	76	-	86,01	-
МӨЗ-дің бірге иемденушісі	-	-	CNPC	CITIC	Румыния-ның Үкіметі	Румыния-ның Үкіметі

Атырау мұнай өңдеу зауыты (АМӨЗ) 1945 жылы салынды. 70-ші жылдары Павлодар мұнай-химия зауыты (ПМХЗ) салынды. Шымкент мұнай өңдеу зауыты («ПетроКазахстан Ойл Продактс» ЖШС, ПҚОП) 80-ші жылдардың ортасында пайдалануға енгізілді. Caspi Bitum зауыты Қазақстан Республикасының заманауи мұнай өңдеу саласын дамыту шеңберінде 2013 жылы жұмыс істей бастады. 2007 жылы Rompetrol Group компаниясы сатып алынды, оған Румыниядағы ең ірі Петромидия МӨЗ бен Вега МӨЗ (Орталық және Шығыс Еуропадағы жалғыз экстракциялық нафта өндіруші) кіреді. Кейін компанияның атауы KMG International (KMGi) болып өзгерді.

2019 жылы стратегияны іске асыру мақсатында, келесі жобалар іске асырылды:

- үш мұнай өңдеу зауытын (АМӨЗ, ПМХЗ мен ПҚОП) қайта жаңғырту нәтижесінде алынған жаңа қуаттарды жүктеу есебінен ішкі нарықтың мұнай өнімдеріне деген қажеттілігін өтеді. мұнай өңдеу зауыттарында мұнай өңдеу әлеуеті жылына 18,5 млн. тоннаға дейін ұлғайтылды және өңдеу тереңдігі 10%-ке, 90%-ке дейінгі деңгейге ұлғайтылды. Қазақстан Республикасының ішкі тұтынушылары жеке жанар-жағар маймен (К4 және К5 экологиялық сыныптағы) толық көлемде қамтамасыз етілді. 37 мың тонна бензин экспортқа жіберілді;

- ПМХЗ-да лайлану температурасы -32 оС және одан да төмен дизотынның қысқы сұрыптарын өндіруге бағытталған «Ертіс» жобасы бойынша техникалық-экономикалық негіздеме (ТЭН) әзірленіп жатыр; АМӨЗ-де 145 тоннаға дейін мұнай-химия өнімін (бензол мен параксиллол) өндіру ұлғайтылды;
- «Caspi Bitum» БК ЖШС кәсіпорнында битум өндірудің рекордты көлемі – 369 мың тонна битум өндірілді, бұл ішкі нарықты толық қамтамасыз етті.

КСШ өңдеудің жалпы көлемі –

23,76 млн тонна

ТАРИФТІК САЯСАТ

Қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында белгіленген тарифтер бойынша мұнай өңдеу қызметтерін ғана көрсетеді, өңдеу үшін мұнай сатып алмайды және алынған мұнай өнімдерін сатпайды. Мұнай жеткізушілер дайын мұнай өнімдерін өз бетімен сатады. Мұнай өңдеу зауыттары өндірістік мәселелерге ғана шоғырланған, осының нәтижесінде өңдеу қызметі оңтайландырылады және шығындар қысқартылады.

Қазақстан Республикасының мұнай өңдеу зауыттары мұнай өңдеу қызметтерінің тарифтері іс жүзіндегі өндірістің операциялық шығындарынан және инвестициялық құрамдас бөлігінен қалыптасады (өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға салынған күрделі салымдар, қайта жаңартуға алынған қарыздар).

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 29 қазандағы заңға сәйкес, 2017 жылғы 1 қаңтардан бастап, өңдеу бағаларын мемлекеттік реттеу алынып тасталды, бұл мұнай өңдеу тарифтерін өзгертуді келісу процесін айтарлықтай жеңілдетті. Қазір жаңа тариф мөлшерлемесін Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі келісіп жатыр. 2019 жылы келесі тарифтер бекітілді:

- ПҚОП-та бір тонна мұнайды өңдеу тарифі екі рет қаралды: 1 шілдеден бастап – 22 500 теңге, ҚҚС-сыз, 24 750 теңгеге дейін, ҚҚС-сыз және 1 қазаннан бастап 28 059 теңгеге дейін, ҚҚС-сыз;
- 2019 жылғы 3 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Ә.М. Мағауов 2020 жылдың 1 қаңтарынан бастап, «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС мұнай өңдеу тарифін, ҚҚС-сыз, 20 904 теңге мөлшерде бекітті.

1 тонна өңделме шикізатты өңдеудің орташа өлшемді тарифтер мен тиісті шығындар, бір тонна үшін теңге

Зауыт	2017	2018	2019
АМӨЗ	23 370	33 810	37 436
ПМХЗ	15 429	17 250	19 805
ПҚОП	12 809	19 579	24 485
Caspi Bitum	16 667	18 008	18 010

Тарифке операциялық шығыстарды, күрделі салымдар мен инвестициялық шығыстарды өтейтін сома салынады.

Инвестициялық шығыстар капиталды көп қажетсінетін МӨЗ-ді қайта жаңартуды қаржыландыруға тартылған қарыздарды (негізгі қарыз бен проценттер) өтеу үшін пайдаланылады.

¹ Жобалық қуат жылына 5 млн тонна көлемінде мұнай мен жылына 1 млн тонна көлемінде өзге де КСШ өңдеуді қамтиды
² өңдеудің жалпы көлемі – 6,33 млн. тонна, оның ішінде, шикі мұнай (5,43 млн. тонна), өзге және баламалы шикізат (0,9 млн. тонна) өңдеу көлемі
³ Соломон әдісі (Solomon Associates) бойынша Петромидия МӨЗ-ді 97,5% жүктеу.

ҚАЗАҚСТАНДА МҰНАЙ ӨңДЕУ

2019 жылы Қазақстандағы мұнай өңдеу зауыттарында көмірсутек шикізатын (КСШ) өңдеу көлемі (ҚМГ үлесіне жататын) 13 822 мың тонна немесе тәулігіне 288 мың барр. болды. 2018 жылға қарағанда, 2019 жылы 438 мың тоннаға немесе 3,3%-ке артық, бұл, негізінде, ПҚОП көлемдерінің 335 мың тоннаға немесе жүргізілген қайта жаңарту нәтижесінде МӨЗ қуатын ұлғайту есебінен 14,1%-ке ұлғаюына байланысты болып отыр.

ҚМГ үлесіне жататын КСШ өңдеу көлемдері, мың тонна

Зауыт	2017	2018	2019
АМӨЗ	4 724	5 268	5 388
ПМХЗ	4 747	5 340	5 290
ПҚОП (50%)	2 343	2 366	2 701
Caspi Bitum (50%)	359	409	443
Жиыны	12 173	13 384	13 822

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ КӨЛЕМДЕРІ

2019 жылы ҚМГ операциялық үлесіне жататын мұнай өнімдерін өндіру көлемі – 12 513 мың тонна дайын өнім, бұл Шымкент мұнай өңдеу зауытын (ПҚОП) қайта жаңарту аяқталғаннан кейін мұнай өңдеу қуатын ұлғайту нәтижесінде онда өңдеу ұлғайтылғандықтан, 2018 жылғы көрсеткіштен 361 мың тоннаға (3,0%-ке) артық. 2018 жылғы 61%-пен салыстырғанда, 2019 жылы ашық мұнай өнімдерін өндіру үлесі 64% болды.

ҚМГ үлесіне жататын мұнай өнімдері өндірісінің көлемдері, мың тонна

Мұнай өнімдері	2017	2018	2019
АМӨЗ	4 481 (100%)	4 742 (100%)	4 852 (100%)
Ашық ¹	2 020 (45%)	2 691 (57%)	2 850 (59%)
Қара ²	2 236 (50%)	1 589 (34%)	1 580 (33%)
Мұнай-химия ³	8 (0,2%)	32 (0,7%)	145 (3%)
Өзгелері	217 (4,8%)	430 (9%)	277 (6%)
ПМХЗ	4 262 (100%)	4 855 (100%)	4 746 (100%)
Ашық	2 695 (63%)	3 243 (67%)	3 271 (69%)
Қара	973 (23%)	1 007 (21%)	898 (19%)
Өзгелері	594 (14%)	605 (12%)	576 (12%)
ПҚОП (50%)	2 195 (100%)	2 151 (100%)	2 476 (100%)
Ашық	1 258 (57%)	1 422 (66%)	1 881 (76%)
Қара	887 (40%)	644 (30%)	447 (18%)
Өзгелері	49 (2%)	85 (4%)	148 (6%)
Caspi Bitum (50%)	353 (100%)	405 (100%)	438 (100%)
ЖИЫНЫ	11 291	12 152	12 513

Көмірсутек шикізатын өңдеу көлемі –

13 822 мың тонна

2019 жылы ҚМГ Қазақстан Республикасының ішкі нарығының ашық мұнай өнімдеріне деген қажеттілігін толық өтеді. Қазақстанның ең ірі үш мұнай өңдеу зауытындағы өзгерістің маңызды факторы ашық мұнай өнімдерін өндіру көлемдерін ұлғайту болды, бұл көмірсутек шикізатын өңдеу себетінің құнын көтерді. Осы өзгерістер қазақстандық МӨЗ қайта жаңарту нәтижесінде іске асты.

ҚМГ ЖЕКЕ МҰНАЙЫНАН ЖАСАЛҒАН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ МАРКЕТИНГІ

ҚМГ операциялық активтері «Өзенмұнайгаз» АҚ (ӨМГ), «Ембімұнайгаз» АҚ (ЕМГ) пен «Қазақтүрікмұнай» ЖШС (ҚТМ) АМӨЗ бен ПМХЗ-ға мұнай жеткізеді, онда мұнай мұнайдың өнімдеріне өңделіп, одан кейін ішкі нарыққа және экспортқа көтерме сатылады.

2019 жылы МӨЗ-де өз мұнайынан мұнай өнімдерін өңдеу, мың тонна

Мұнай өнімдері	АМӨЗ	ПМХЗ	Барлығы	2019 жылдың 12 айындағы мұнай өнімдерінің орташа көтерме бағалары, теңге/тонна
Ашық	1 207	685	1 892	160 851
Қара	686	192	878	105 131
Мұнай-химия	63	0	63	224 851
Өзгелері	119	162	281	38 341
Барлығы	2 074	1 039	3 114	137 001

ӨМГ, ЕМГ мен ҚТМ-нен сатып алынған мұнай өңделгеннен кейін, ҚМГ өңделген мұнай өнімдерін АМӨЗ-бен және ПМХЗ-бен бірге көтерме сатады. 2019 жылы 3 136 мың тонна мұнай өнімдері сатылды, оның ішінде негізгі бөлігін бензиндер, дизельдік отын мен мазут (80%) құрайды.

Мұнай өнімдерінің басым бөлігі ішкі нарықта (3 136 мың тоннаның 2 333 мың т) сатылды, ал қалған бөлігі экспортталды (3 136 мың тоннаның 804 мың т). 2018 жылмен салыстырғанда, мұнай өнімдерін ішкі нарыққа және экспортқа жеткізудің ара қатынасы елеулі өзгермеді.

РУМЫНИЯДА МҰНАЙ ӨңДЕУ

2007 жылы құрамына Румыниядағы ең ірі Петромидия МӨЗ бен Вега МӨЗ (Орталық және Шығыс Еуропадағы экстракциялық нафтаны жалғыз өндіруші) кіретін Rompetrol Group компаниясы сатып алынды. Одан кейін компанияның атауы KMG International (КМГИ, ҚМГИ) болып өзгерді.

ҚМГИ-нің негізгі қызметі көмірсутек шикізатын өңдеу және мұнай өнімдерін көтерме және бөлшек сату болып табылады. Шикізатты бастапқы өңдеумен ҚМГИ-нің жеке мұнай өңдеу зауыттары – Петромидия, ал екінші өңдеумен – Вега МӨЗ айналысады. Петромидия мен Вега зауыттары өңдеуді схема бойынша жұмыс істейді, оған сәйкес зауыт көмірсутек шикізатын өз балансына сатып алады, оны өңдейді, ал одан кейін өзінің АҚС бөлшек сауда желісі арқылы көтерме немесе бөлшек сатады.

Сонымен қатар, ҚМГИ-ге тығыздығы жоғары және төмен полипропилен мен полиэтилен (LDPE және HDPE) өндіру бойынша ірі мұнай-химия кешені жатады. Жоғарыда көрсетілгеннен басқа, ҚМГИ ЕТҰ «ҚМГ Трейдинг АГ» ҚМГИ

2019 жылы ӨМГ, ЕМГ мен ҚТМ 3 453 мың тонна мұнайды өңдеуге, оның ішінде 2 322 мың тонна АМӨЗ-ге және 1 131 мың тонна ПМХЗ-ға жеткізді. Екі мұнай өңдеу зауыты 3 114 мың тонна мұнай өнімдерін өндірді, оның ішінде 1 892 мың тонна ашық мұнай өнімдері, 878 мың тонна қара мұнай өнімдері, 63 мың тонна мұнай-химия мен 281 мың тонна өзге де мұнай өнімдері.

Ішкі нарықта 1 331 мың тонна бензин мен дизельдік отын «КМГ Өнімдері» ЖШС мен «Petro Retail» ЖШС АҚС бөлшек саудасына, 205 мың тонна дизельдік отын ауыл шаруашылығы өндірушілеріне, 51 мың тонна мазут әлеуметтік-өндірістік объектілер мен мекемелерді жылытуға тиіп жөнелтілді, әлеуетті органдарға, әуежайлар мен коммерциялық авиацияға ашық мұнай өнімдерін жеткізу жөніндегі бірыңғай оператор шеңберінде қажеттіліктерді қамтамасыз ету үшін «ҚМГ Аэро» ЖШС-ға 120 мың тонна бензин, дизельдік отын мен авиаотын және 41 мың тонна мазут, 585 мың тонна мұнай өнімдері сырт ұйымдарға жеткізілді

мұнай өңдеу зауыттарында өндірілген, сондай-ақ үшінші тараптар өндірген шикі мұнай мен мұнай өнімдерінің трейдингімен айналысады. 2019 жылы Румыниядағы мұнай өңдеу зауыттарда көмірсутек пен өзге де шикізатты өңдеу көлемі тәулігіне 6 767 мың тонна немесе 17.3 мың тонна болды. 2018 жылмен салыстырғанда, көмірсутек шикізатын өңдеу көлемдері 436 мың тоннаға немесе 6,9%-ке өсті, бұл, негізінде, Петромидия МӨЗ-де өңдеудің орта тәуліктік нормасының рекордты деңгейінде өңдеу мен қолдау үшін шикізат диетасын (қоспасын) жақсартуға байланысты.

ҚМГ ҮЛЕСІНЕ ЖАТАТЫН КСШ ӨңДЕУ КӨЛЕМДЕРІ, мың тонна



¹ Бензин, дизельдік отын мен авиаотын

² Мазут, вакуумдық газойль мен битум

³ Бензол мен параксилл

МҰНАЙ ӨНІМДЕРІНІҢ ӨНДІРІСІ

2019 жылы мұнай өнімдерін өндіру көлемі – 6 614 мың тонна дайын өнім, бұл Петромидия зауытында өңдеу үшін шикізат диетасын (қоспасын) жақсарту және нарықтағы сұраныстың ұлғаю нәтижесінде 2018 жылғы көрсеткіштен 429 мың тоннаға (6,9%-ке) артық.

ҚМГ ҮЛЕСІНЕ ЖАТАТЫН МҰНАЙ ӨНІМДЕРІН ӨНДІРУ КӨЛЕМДЕРІ, МЫҢ ТОННА




2019 жылы Urals сұрыпты шикі мұнай белгіленімдері мен өндірілген мұнай өнімдерінің (бензин, дизель, нафта, сұйытылған газ, авиаотын, мазут, пропилен, күкірт пен мұнай коксы) белгіленімдері арасындағы айырма ретінде есептелген Петромидия МӨЗ өңдеу маржасы баррель үшін 4,2 АҚШ долл. болды, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен баррель үшін АҚШ долл. төмен (халықаралық нарықтағы мұнай белгіленімдерінің төмендеу нәтижесінде).

Петромидия МӨЗ өңдеу маржасы

Өлшем бірлігі	2017	2018	2019
Бір тонна үшін АҚШ долл.	48,8	47,4	31,7
Бір баррель үшін АҚШ долл. ¹	6,4	6,2	4,2

ҚМГИ трейдингтік операцияларының шеңберінде, 2019 жылы қайта сатуға арналған шикі мұнай көлемдері 10 911 мың тонна болды.

ҚАЙТА САТУҒА АРНАЛҒАН ШИКІ МҰНАЙ, МЫҢ ТОННА



ҚМГИ БӨЛШЕК САТУ ЖЕЛІСІ

2019 жылдың аяғындағы жағдай бойынша, ҚМГИ бөлшек сату желісін Румыниядағы 271 АҚС пен 693 сату пункттері және шетелдегі 244 АҚС пен сату пункттері білдіреді.

- Румыния: 271 АҚС пен 693 сату пункттері (DOEX, RBI мен Cuves). Бөлшек сату нарығының үлесі – 16%.
- Таяу шетел мемлекеттері: 244 АҚС пен сату пункттері, оның ішінде, Болгария — 56 (бөлшек сату нарығының үлесі – 3%), Грузия — 101 (19.5%), Молдова — 87 DOCO АҚС (24%).

ҚМГИ мұнай өнімдерін бөлшек сату (ритейл мен трейдинг) 3 450 мың тоннаны құрды, бұл алдыңғы жылдан 5.5%-ке артық. Өсу дизельді сатудың 13%-ке, бензиннің – 11%-ке және авиаотынның – 19%-ке ұлғаюына байланысты,

СЕРВИСТІК ЖОБАЛАР

Оңтайландыру бағдарламасын орындай отырып, ҚМГ-нің мұнай-сервис компаниялары қатысу өңірлерінде әлеуметтік тұрақтылықты сақтауда өзінің жетекші ролін ескереді. Сондықтан да олар, ағымдағы өндірістік қажеттілікке қарамастан, қызметкерлердің санын сақтап және ұжымдық шарттың шеңберіндегі барлық міндеттемелер: төлемдерді, медициналық сақтандыру мен біліктілікті арттыру шығыстарын іске асыра отырып, қосымша шығындарды көтереді. Қызметкерлердің саны өздігінен кемуіне орай қысқарады.

СЕРВИСТІК ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

ҚМГ-нің сервистік қызметін 14 негізгі компания қамтамасыз етеді.

Қызмет көрсету бағыттары

- Мұнай және газ ұңғымаларын бұрғылау және игеру. Ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеу.
- Жүк пен жолаушыларды тасымалдау, кен орындарына кәсіптік-технологиялық қызмет көрсету.
- Электр қондырғылары мен катодтық қорғау құралдарына техникалық қызмет көрсету, оларды жөндеу, баптау және сынау, іске қосу-баптау жұмыстары және электр жабдығын ағымдағы жөндеу.
- Жерүсті және теңіз қондырғыларын пайдалану, мұнай мен газ өндіруді жобалау, бұрғылау қызметтері.
- Табиғи газды өңдеу.
- Өлшеу құралдарына, автоматика мен телемеханика жүйелеріне техникалық қызмет көрсету, мұнай кәсіпшіліктерінде телекоммуникация, радио байланыс және кабельдік пен спутниктік теледидар қызметтерін көрсету; өлшеу құралдарын тексеру және жөндеу; күзет дабыл жүйесіне техникалық қызмет көрсету. Көліктің GPS-мониторингіне қызмет көрсету.
- Мұнай тасымалдауға арналған болат және әйнек-пластик құбырларын салу, газ құбырларын салу, мұнай және айдау ұңғымаларын жайластыру. Мұнай құбырларын, су құбырлары мен автожолдарды қайта жаңарту.
- Ауыз су өндіру және тасымалдау, теңіз су тасымалдауды қамтамасыз ету.
- Тамақтандыруды ұйымдастыру және әлеуметтік объектілерге қызмет көрсету және өзгелері.

ДАМУҒА ЖОБАЛАРЫ

Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласын әлеуметтік-экономикалық дамыту шеңберінде, **ҚМГ Жаңаөзен қаласында жаңа газ өңдеу зауытын (ГӨЗ)** салу жобасын іске асыру жұмыстарын жүргізеді.

Қазақстан Республикасының аумағындағы өндіріс, технологиялар трансфері, кадрларды даярлау мен табиғи және ілеспе мұнай газын кәдеге және өңдеу тәжірибесімен алмасу саласындағы компаниялар арасындағы ынтымақтастыққа бағытталған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен неміс «Linde Aktiengesellschaft» ұлтаралық химия компаниясы (бұдан әрі – Linde AG) арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Осы Меморандумның шеңберінде, тараптар Жаңаөзен қаласында ГӨЗ салу бойынша ынтымақтасу мүмкіндігін талқылауда. Алдын ала ТЭН әзірлеу, бірлескен қызметтің өлшемдері мен шарттарын келісу жұмыстары жүргізіліп жатыр.

«Мұнайтелеком» ЖШС төмен вольтты автоматика шкафтары мен жоғары қысымды сұйықтықтың ультрадыбыстық шығын өлшегіштерін өндіруді, сату мен монтаждауды бастады. «Мұнайтелеком» ЖШС «ҚМГ» ҰК компанияларының тобы үшін VR-технологиялардың көмегімен өндірістік оқуды ұйымдастырды. Сондай-ақ деректермен қауіпсіз алмасу үшін Маңғыстау облысының компанияларын бірыңғай желіге біріктіру жұмыстары жүргізіліп жатыр. Өз қызметіне индустриялық сертификат алынды.

«Oil Services Company» ЖШС пилоттық режимде «Үнемді өндіріс» жобасын іске асырып жатыр. Оның мақсаты – компанияның қаржы орнықтылығын арттыру мен қолайлы және жоғары өнімді еңбек жағдайын қамтамасыз ету. Компания планшеттер мен Wellreport бағдарламалық жасақтамасын енгізу жұмыстарын жүргізуде, ол ұңғымалардың бірыңғай деректер базасын құруға, тәуліктік рапорттарды автоматтандыруға, бұрғылау, ҰКЖ мен ҰЖЖ бригадаларының жұмысы бойынша деректерді жинау мен сақтауды жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, компания ұңғымаларды бұрғылау мен жөндеу жұмыстарының үздіксіз және қауіпсіз өндірісін қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін көтергіш агрегаттары мен бұрғылау қондырғыларын жаңартады және жаңғыртады.

«Oil Construction Company» ЖШС АЛАШ – Қазақстандағы мұнай-газ компания-операторларға (ҚарашығанақПетролиум Оперейтинг Б.В., Норт Каспиан Оперейтинг Компани (NCOC) арналған өнім берушілер базасында тіркелген. Бұл жүргізілетін жұмыстардың географиясын кеңейтуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ, компанияда жобалық басқару енгізілді және cost-controlling енгізу жоспарланып отыр, жаңа резервуарлардың құрылысындағы өндірістік қызметті кеңейту жұмысын жүргізіп жатыр.

Мұнай кәсіпшілігінің объектілерін электрмен қамту сенімділігін және олардың электр қондырғыларының қауіпсіз пайдаланылуын қамтамасыз ету мақсатында, **«Маңғыстауэнергомұнай» ЖШС** Қаламқас пен Жетібай кен орындарында диспетчерлік және технологиялық технологиялар жүйесі (ДТТЖ) мен автоматтандырылған электр энергиясының техникалық есебінің жүйесі (АЭТЕЖ) жүйесін енгізді, Қаламқас кен орнындағы бірегей инновациялық технологиямен жабдықталған ГТЭС заманауи газ-турбиналы электр станциясын пайдалану бойынша үздіксіз жұмысты қамтамасыз етеді. Сондай-ақ 10кВт дейін асинхронды электр қозғалтқыштарын өндіру және одан кейін энергия-сервистік қызметтер көрсетіліп, энергия аудиті қызметін жүзеге асыру жұмыстарын жүргізеді.

KMG Drilling&Services пен Caspian Drilling Company арасында «Сәтті» ӨКБҚ-ны модификациялау және Каспий теңізінің әзербайжандық секторында жер қойнауын пайдалану жобаларында одан әрі пайдалану үшін оны Caspian Drilling Company компаниясына беру туралы сенімгерлік басқару шартына қол қойылды. Модификациялау жұмыстары жүргізіліп жатыр, операциялық қызметті 2020 жылдың аяғына дейін бастау жоспарланды.

Модификацияланған «Сәтті» ӨКБҚ бұрғылау мұнарасының жүк көтергіштігі ұлғайтылады, қосымша жабдық орнатылады, тұрғын блок сыйымдылығы ұлғайтылады және бұл тереңдігі 6 мың метрден астам ұңғымаларды қауіпсіз және тиімді бұрғылауға мүмкіндік береді, сондай-ақ «Сәтті» ӨКБҚ-ның Каспий теңізіндегі бұрғылау қызметтері нарығындағы бәсекелестік қабілеттігін арттырады және Қазақстанның, Әзербайжан мен Түрікменстанның көптеген теңіз жобаларына қатысуға мүмкіндік береді.

«Технологиялық көлік және ұңғымаларға қызмет көрсету» ЖШС («ТКЖҰҚБ» ЖШС) TOTAL компаниясымен екі жылға дейін ұзарту мүмкіндігімен, үш жылға Дунга кен орнында ұңғымаларды жөндеу қызметтерін көрсетуге арналған жаңа келісімшартқа қол қойды.

«ТеңізСервис» ЖШС құрылыс-монтаж жұмыстарын толық көлемде аяқтады және Теңіз кен орнын Болашақ кеңейту жобасы үшін жүк қабылдау, ауыстырып тиеу мен тасымалдауға арналған «Жүк тасымалдау маршруты» атты жоба объектілерінің соңғы сатысы пайдалануға енгізілді. 2018-2019 жылдар кезеңінде жалпы салмағы шамамен 182 мың тонна ірі габаритті жүктің 322 бірлігі ауыстырып тиелді.

¹. Тоннаны баррельге айналдыру үшін 7,6 коэффициенті қолданылды

ҚАРЖЫЛЫҚ ШОЛУ



«Қарабаев Дәурен Сапаралыұлы,
«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының орынбасары –
қаржы директоры»

ҚМГ КРЕДИТТІК РЕЙТИНГТЕРІ

2018-2019 жж. ҚМГ қаржы көрсеткіштерінің жақсартылуы компанияның Fitch, Moody`s пен S&P берген жеке кредит қабілеттігі сипаттамаларының анағұрлым жоғары бағасына (stand-alone credit profile — SACR) трансляцияланды.

- 2018 жылдың қарашасында S&P Global Ratings халықаралық рейтингтік агенттігі ҚМГ рейтингісін «BB-/kzA» деңгейінен «BB/kzA+» деңгейіне дейін көтерді, болжам – «тұрақты». Нәтижесінде, компанияның жеке кредит қабілеттігінің рейтингісі (stand-alone credit profile) «b» деңгейінен «b+» деңгейіне дейін көтерілді;
- 2019 жылғы 28 наурызда Fitch халықаралық рейтингтік агенттігі «BBB-/Тұрақты болжам» деңгейіндегі ҚМГ рейтингісін (stand-alone credit profile) растап, «b» деңгейінен «b+» деңгейіне дейін өскенін атап өтті;
- 2019 жылғы 22 тамызда Moody`s халықаралық рейтингтік агенттігі, Қазақстан Үкіметінің тарапынан қолдаусыз, дербес негізде ҚМГ кредит қабілеттігінің рейтингін «Ba3» деңгейінен «Ba2» деңгейіне дейін көтерді. ҚМГ-нің ұзақ мерзімді рейтингісі «тұрақты» деген болжамнан «оң» деген болжамға қайта қаралып, «Ba3» деңгейінде расталды.
- 2020 жылғы 27 наурызда S&P халықаралық рейтингтік агенттігі ағымдағы «BB» рейтингісін растап, мұнай бағаларының төмендеуіне байланысты, ҚМГ бойынша болжамды «теріс» деп өзгертті;
- 2020 жылғы 27 наурызда Fitch халықаралық рейтингтік агенттігі «BBB-» деңгейіндегі рейтингті, «Тұрақты» деген болжамды растады.

Moody's	S&P	Fitch
Baa3	BB	BBB-
позитивтік	негативтік	тұрақты

ХҚЕС БОЙЫНША ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ҚОРЫТЫНДЫЛАР¹

	Өлшем бірлігі	2019	2018	%
Мұнай, Brent dated	\$ /барр.	64,21	71,31	-10,0%
Орташа бағам	теңге/ АҚШ долл.	382,87	345,04	11,0%
Түсім	млрд теңге	6 859	6 989	-1,9%
	млн АҚШ долл.	17 915	20 255	-11,6%
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың пайдасындағы үлес	млрд теңге	828	697	18,7%
	млн АҚШ долл.	2 163	2 021	7,0%
Таза пайда	млрд теңге	1 158	694	67,0%
	млн АҚШ долл.	3 026	2 010	50,5%
ЕБИТДА ²	млрд теңге	1 963	1 707	15,0%
	млн АҚШ долл.	5 126	4 947	3,6%
Еркін ақша ағыны ³	млрд теңге	592	416	42,4%
	млн АҚШ долл.	1 537	1 206	27,5%
Таза қарыз	млрд теңге	2 361	2 175	8,6%
	млн АҚШ долл.	6 171	5 661	9,0%

158 Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат «Қаржылық есеп» бөлімінде

Жалғасып жатқан нарықтық және геосаяси тұрақсыздыққа қарамастан, 2019 жыл Компания үшін орнықты болды. 2019 жылы біз белгіленген өндірістік жоспарды артық орындап, өзіміздің қаржы көрсеткіштерімізді едәуір жақсарттық және ҚР Акционері мен Үкіметі қойған стратегиялық міндеттерді орындадық.

Даму стратегиясының шеңберінде, ҚМГ соңғы бірнеше жыл ішінде борышқорлық міндеттемелерді басқаруда елеулі жұмысты жүргізді, атап айтқанда, қысқа мерзімді облигацияларды ұзақ мерзімді облигацияларға қайта қаржыландыру нәтижесінде сыртқы қарыздарды өтеу кестесін тегістеді. Еурооблигацияларды шығару бойынша құжаттарда ковенанттарды теңестірді, қарыздың деңгейін бірте-бірте қысқартты және валюталық тәуекелдерді барынша азайту мақсатында, АҚШ долларымен алынған қарыздарды теңгеге қайта қаржыландырды. 2019 жылы ҚМГ, басым тәртіппен, ТШО мұнайы мен сұйытылған көмірсутек газын аванстау шеңберінде міндеттемелерді қарқынды орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдады.

¹ Сомалар тиісті кезеңдегі орташа айырбастау бағамы бойынша ыңғайлылық үшін АҚШ долларымен көрсетілген (2019 және 2018 жылдардағы орташа бағамдар, тиісінше, 382,87 және 345,04 теңге/АҚШ долларын құрайды; кезеңнің аяғындағы бағамдар – 2019 жылғы 31 желтоқсанда және 2018 жылғы 31 желтоқсанда, тиісінше, 382,59 мен 384,20 теңге/АҚШ долларын құрайды).

² 2019 жылдан бастап, Компания Қаржы кірісінің есебінен алып тастап, Earnings before interest, taxes, depreciation and amortization (ЕБИТДА) есептеу тәсілін қайта қарады. ҚМГ-нің 2019 жылғы және кейінгі кезеңдер үшін есептерінде, Компания ЕБИТДА-ның келісі әдіснамаға сәйкес есептеді: Сатылған өнім мен көрсетілген қызметтерден түскен кіріс + БК мен қауымдастырылған компаниялардың пайдасындағы үлес, нетто – Сатып алынатын мұнай, газ бен мұнай өнімдерінің өзіндік құны және шикі мұнай өңдеу шығындары – Жалпы және әкімшілік шығыстар– Көлік және сату шығыстары – Операциялық салықтар. Өткен кезеңдердегі көрсеткіштер де тиісінше қайта есептелді.

³ 2019 жылдан бастап, Компания «Қазақстандық Вексель» бойынша түсімдерді қосып, Еркін ақша ағынын есептеу тәсілін қайта қарады. Еркін ақша ағыны операциялық ақша ағыны (ТШО мұнай жеткізу шарты бойынша алдын ала төлемдердің таза қозғалысын шегергенде) мен күрделі шығындар + «Қазақстандық Вексель» бойынша түсімдер арасындағы айырма ретінде есептеледі. Өткен кезеңдердегі көрсеткіштер де тиісінше қайта есептелді.

ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Млн. теңге	2019 ж.	2018 ж.	Ауытқу	%
Түсім және өзге де кіріс				
Түсім	6 858 856	6 988 964	(130 108)	-1,9%
Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардың кірісіндегі үлес, нетто	827 979	697 326	130 653	18,7%
Қаржылай кіріс	240 880	161 027	79 853	49,6%
Еншілес компанияны шығарудан кіріс	17 481	18 359	(878)	-4,8%
Өзге де операциялық кіріс	24 936	23 035	1 901	8,3%
Түсім жиыны мен өзге де кіріс	7 970 132	7 888 711	81 421	1,0%
Түсім жиыны мен өзге де кіріс, млн. АҚШ долл.	20 817	22 863	(2 046)	-8,9%
Шығыстар мен шығындар				
Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдері мен өзге де материалдардың өзіндік құны	(3 913 744)	(4 312 958)	399 214	-9,3%
Өндірістік шығыстар	(721 693)	(604 475)	(117 218)	19,4%
Табыс салығынан басқа, салықтар	(454 295)	(477 732)	23 437	-4,9%
Тозу, сарқылу және амортизация	(337 424)	(285 186)	(52 238)	18,3%
Тасымалдау және сату шығыстары	(420 402)	(370 777)	(49 625)	13,4%
Жалпы және әкімшілік шығыстар	(213 967)	(213 485)	(482)	0,2%
Негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің және барлау мен бағалау активтерінің құнсыздануы	(207 819)	(165 522)	(42 297)	25,6%
Өзге де шығыстар	(7 203)	(23 283)	16 080	-69,1%
Қаржы шығындары	(317 433)	(427 655)	110 222	-25,8%
Оң/(теріс) бағамдық айырма, нетто	8 479	(38 320)	46 799	-122,1%
Өзге де шығыстар мен шығындар жиыны	(6 585 501)	(6 919 393)	333 892	-4,8%
Өзге де шығыстар мен шығындар жиыны, млн АҚШ долл.	(17 201)	(20 054)	2 853	-14,2%
Табыс салығы ескерілгенге дейінгі пайда	1 384 631	969 318	415 313	42,8%
Табыс салығы бойынша шығыстар	(226 180)	(279 260)	53 080	-19,0%
Жалғасып жатқан қызметтен бір жылда алынған пайда	1 158 451	690 058	468 393	67,9%
Тоқтатылған қызмет				
Тоқтатылған қызметтен алынған салық салынғаннан кейінгі пайда/(залал)	6	3 453	(3 447)	-99,8%
Бір жылдағы пайда	1 158 457	693 511	464 946	67,0%
Бір жылдағы пайда, млн АҚШ долл.	3 026	2 010	1 016	50,5%

ТҮСІМ МЕН ӨЗГЕ ДЕ КІРІС

2019 жылы біз сатудан алған түсім 6 859 млрд теңгені (17 915 млн АҚШ долл.) құрып, 2018 жылмен салыстырғанда, 1,9%-ке азайды. Brent маркасының орташа бағасының 10,0%-ке төмендеуі, KMG International (KMG I) мұнай трейдингі көлемдерінің төмендеуі түсім серпініне тиетін негізгі теріс әсерін тигізді, бұл Қытайға газ сату көлемдерінің ұлғаюымен және теңгенің АҚШ долларына шаққандағы орташа айырбастау бағамының 11,0%-ке әлсіреуімен ішінара өтелді. 2019 жылы KMG I-нің мұнай сатудан түсімі 1 567 млрд теңге (4 092 млн АҚШ долл.) болды, бұл 2018 жылғы көрсеткіштен 13,0%-ке төмен. Қазақстандық газды экспортқа сатудан түсім 674 млрд теңгеге (1 761 млн АҚШ долл.) дейін 22,9%-ке ұлғайды.

2019 жылы ҚМГ-нің қауымдастырылған компаниялар бірлескен кәсіпорындарының таза пайдасындағы ҚМГ үлесі, 2018 жылмен салыстырғанда, 18,7%-ке ұлғайып, 828 млрд теңге (2 163 млн АҚШ долл.) болды. Ұлғаюға «Азия газ құбыры» ЖШС (АГҚ)¹ 168 млрд теңге (439 млн АҚШ долл.) сомасындағы жиналған танылмаған шығындарын толық қалпына келтіру негізгі әсер етті.

2019 жылғы қаржы кіріс, 2018 жылмен салыстырғанда, 49,6%-ке ұлғайып, 241 млрд теңгені (629 млн АҚШ долл.) құрайды. Негізгі ұлғаю әріптестердің жобадан шығу нәтижесінде, «Жемчужина» жобасының әріптестерінен жалпы сомасы 111 млрд теңгеге (шамамен 290 АҚШ долл.) қарызды есептен шығаруға байланысты болып отыр.

ӨЗІНДІК ҚҰН МЕН ӨЗГЕ ДЕ ШЫҒЫСТАР

Есепті кезеңде одан әрі сату үшін сатып алынған мұнайдың, газдың, мұнай өнімдерінің өзіндік құны мен шикі мұнайды өңдеу шығындары, 2018 жылмен салыстырғанда, 9,3%-ке азайып, 3 914 млрд теңге (10 222 млн АҚШ долл.) болды. Азаю шикі мұнайды сатып алу шығындарының төмендеуіне және Brent маркалы мұнайдың орташа бағасының азаюына байланысты болып отыр, бұл сатып алынатын газ шығындарының өсуімен және теңгенің АҚШ долларына шаққанда, әлсіздеуімен өтелді. Мұнай сату шығындарының сомасы 2 448 млрд теңге (6 395 млн АҚШ долл.) дейін 6,1%-ке азайды. «КазТрансГаз» АҚ-тың (КТГ) газды сатып алу шығындары 473 млрд теңгеге (1 235 млн АҚШ долл.) дейін 53,3%-ке ұлғайды.


Еңбекақы төлеу, жөндеу және ұстау және жалдау шығыстары бойынша шығыстардың өсуіне байланысты, 2019 жылғы өндірістік шығыстар 19,4%-ке өсіп, 722 млрд теңгені (1 885 млн АҚШ долл.) құрды. 2019 жылы өндірістік персоналға еңбекақы төлеу шығыстары, 2018 жылмен салыстырғанда, негізінде, операциялық өндіру активтерінде және ҚТГ-да жалақыны 7%-ке индексация нәтижесінде, шамамен 15,9%-ке өсіп, 338 млрд теңге (883 млн АҚШ долл.) болды. 2019 жылы жөндеу және ұстау шығындары 129 млрд теңгені (338 млн АҚШ долл.) құрды, 2018 жылмен салыстырғанда, 31,5%-ке артық, бұл «Өзенмұнайгаз» АҚ пен «Ембімұнайгаз» АҚ-та ұңғымаларды күрделі жөндеу жұмыстары көлемдерінің ұлғаюына, Қарашығанақ мега жобасында жоспарлы жөндеу жұмыстарының жүргізілуіне және Атырау мұнай өңдеу

зауытындағы (АМӨЗ) технологиялық жабдықтың жөндеуіне байланысты болды. Қазтеңізкөлікфлоты (ҚТКФ), ҚМГ мен KMG I арасындағы мұнай жеткізу және тасымалдау туралы келісімнің шеңберінде мұнай тасымалдау қызметтері үшін сырт кеме иелерін тартуға байланысты болып отыр.

2019 жылы тасымалдау және сату шығыстары Қытайға газды сату көлемдерінің өсу нәтижесінде 13,4%-ке ұлғайып, 420 млрд теңгені (1 098 млн АҚШ долл.) құрды.

2019 жылғы жалпы және әкімшілік шығыстары 214 млрд теңге (559 млн АҚШ долл.) болды, бұл шамамен 2018 жылғы деңгейде. 2019 жылы ҚМГ KMG Drilling and Services ЖШС мен Консорциум (Ersai Caspian Contractor, Caspian Offshore and Marine Construction ЖШС) арасындағы жүзбелі бұрғылау қондырғысын салу бойынша сот талқылауларына байланысты, 34 млрд теңге (90 млн АҚШ долл.) сомасына резерв есептеді. Нақтырақ ақпарат ҚМГ-нің 2019 жылғы шоғырландырылғаны қаржы есептілігіне ескертулерде көрсетілген.

2019 жылғы қаржы есептері 317 млрд теңге (829 млн АҚШ долл.) болды, бұл, 2018 жылмен салыстырғанда, 25,8% кем. Азаю 2018 жылы Еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеу үшін сыйақының танылуына байланысты.

 Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат «Қаржылық есеп» бөлімінде

¹ АГҚ «КазТрансГаз» АҚ (ҚМГ-нің 100%-тік еншілес ұйымы) пен Trans-Asia Gas Pipeline Company Ltd. (CNODC акционер – компаниясы, CNPC еншілес компаниясы) тепе-тең бірлескен кәсіпорны болып табылады.

ПАЙДА

2018 жылмен салыстырғанда, есепті кезеңде Компанияның таза пайдасы 67,0%-ке өсіп, 1 158 млрд теңгені (3 026 млн АҚШ долл.) құрды. 2019 жылы АГҚ жиналған мойындалмаған

залалдарын қалпына келтіру, Қытайға газ сату көлемдерінің ұлғаюы, қаржы кірісінің ұлғаюы мен қаржы шығыстарының азаюы таза пайданың серпініне оң әсерін тигізді.

ЕБИТДА құрылымы

	Өлшем бірлігі	2019	2018	%
Барлау және өндіру	млрд теңге	963	1 000	-4%
	млн АҚШ долл.	2 515	2 900	-13%
	ЕБИТДА %-ті ¹	49%	59%	-10 п.п.
Мұнай тасымалдау	млрд теңге	219	184	19%
	млн АҚШ долл.	572	533	7%
	ЕБИТДА %-ті	11%	11%	0 п.п.
Газды сату және тасымалдау (ҚТГ)	млрд теңге	458	299	53%
	млн АҚШ долл.	1 196	866	38%
	ЕБИТДА %-ті	23%	17%	6 п.п.
Өңдеу	млрд теңге	189	181	4%
	млн АҚШ долл.	494	525	-6%
	ЕБИТДА %-ті	10%	11%	-1 п.п.
KMG International	млрд теңге	81	71	14%
	млн АҚШ долл.	213	206	3%
	ЕБИТДА %-ті	4%	4%	0 п.п.
Трейдинг	млрд теңге	-2	3	-167%
	млн АҚШ долл.	-7	7	-200%
	ЕБИТДА %-ті	0%	0%	0 п.п.
Корпоративтік орталық (трейдинг)	млрд теңге	78	31	152%
	млн АҚШ долл.	206	90	129%
	ЕБИТДА %-ті	4%	2%	2 п.п.
Корпоративтік орталық (әкімш.)	млрд теңге	-36	-24	50%
	млн АҚШ долл.	-95	-70	36%
	ЕБИТДА %-ті	-2%	-2%	0 п.п.
Өзгелері ²	млрд теңге	13	-38	-134%
	млн АҚШ долл.	32	-119	-127%
	ЕБИТДА %-ті	0%	-2%	2 п.п.
ЕБИТДА	млрд теңге	1 963	1 707	15%
	млн АҚШ долл.	5 126	4 947	4%

¹ ЕБИТДА-дан, теңгемен

² Топішілік айналымдарды алып тастайтын элиминациялар сомасын қамтиды. Сегментарлық операциялар сегменттер арасында келісілген шарттарда жасалған сегментарлық операциялар, байланысты және үшінші тараптарға қол жетімді тарифтердің негізінде реттеліп, көрсетілетін қызметтерді есептегенде, олардың нарықтық мөлшер бойынша болуы міндет емес.

Біз ХҚЕС көрсеткіштерінің негізінде сегменттік ақпаратты талдаймыз. Сегменттердің пайдасы түсім мен таза пайда бойынша көрсеткіштердің негізінде қаралады.

Топтың операциялық сегменттерінің өндірілетін өнімнің және көрсетілетін қызметтердің түрлеріне сәйкес келетін жеке құрылымы және басқаруы бар, бұл ретте, барлық сегменттер әртүрлі өнімді ұсынатын және әр түрлі нарықтарға қызмет көрсететін стратегиялық бағытты білдіреді.

ҚМГ қызметі келесі операциялық сегменттерді қамтиды: мұнай мен газ барлау және өндіру, мұнай тасымалдау, газды сату және тасымалдау, KMG International, үшінші тараптардан шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сату, ҚМГ ҰК корпоративтік орталығының қызметі мен өзгелері (мұнай-сервис және өзге де елеусіз ұйымдар). ҚМГ корпоративтік орталықтың қызмет бөледі, себебі, ҚМГ ҰК бас компанияның функцияларын орындайды, сондай-ақ операциялық қызметті жүзеге асырады (АМӨЗ бен ПМХЗ-да шикі мұнай өңдеу және одан әрі алынған мұнай өнімдерін ішкі және экспорттық нарықтарға сату).

2019 жыл ішінде сегменттер бойынша ЕБИТДА-дағы өзгерістерге әсер еткен негізгі факторлар:

- 2018 жылмен салыстырғанда, 2019 жылы Brent бағасының төмендеуіне орай, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдастырылған компаниялардан үлестік кірістің азаюына байланысты, Мұнайды барлау және өндіру сегментінде ЕБИТДА 385 млн АҚШ долларына азайды;
- Мұнай тасымалдау сегменті жыл ішінде айтарлықтай тұрақты болып сақталды;
- Газды сату және тасымалдау сегментінің ЕБИТДА, «Азия газ құбыры» ЖШС (АГҚ) жиналған мойындалмаған залалдарын толығымен қалпына келтіру нәтижесінде, 330 млн АҚШ долларына ұлғайды;
- Өңдеу сегментінің ЕБИТДА азаюы, негізінде, теңгенің АҚШ долларына шаққандағы айырбастау бағамының әлсіздеуіне байланысты;
- Корпоративтік орталықтың трейдингтік операцияларынан ЕБИТДА, 2018 жылғы ҚМГ БӨ делистинінен кейін ӨМГ мен ЕМГ мұнай процессингі қызметінің ҚМГ БӨ-ден ҚМГ-ге ауысу нәтижесінде, 116 млн АҚШ долларына өсті. ҚМГ БӨ алынған мұнай өнімдерін ішкі және экспорттық нарықтарға одан әрі сатып, АМӨЗ бен ПМХЗ-де шикі мұнай өңдеу бойынша өз қызметін берді. Сонымен қатар, KMG Opimderi өз қызметін 2019 жылдың 2-тоқсанында тоқтатты, сондықтан да, қазіргі уақытта ҚМГ ҰК көтерме және бөлшек саудасын біріктіреді.

ЕБИТДА көрсеткіші

15%-ке өсті

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ


Келесі кестеде біздің 2018 және 2019 жылдардағы шоғырландырылған ақша ағындары көрсетілген.

млн теңге	2019 г.	2018 г.	Ауытқу	%
Операциялық қызметтен алынған таза ақша ағындары	123 801	629 161	(505 360)	-80,3%
Операциялық қызметтен алынған түзетілген ақша ағындары	988 251	801 113	187 138	23,4%
Инвестициялық қызметтен алынған/(онда пайдаланылған) таза ақша ағындары	(319 562)	991 081	(1 310 643)	-132,2%
Қаржы қызметінде (пайдаланылған)/одан алынған ақша қаражатының таза қозғалысы	(270 371)	(1 520 368)	1 249 997	-82,2%
Ақша қаражатына айырбастау бағамдарының өзгеруінің әсері мен олардың баламалары	(14 985)	179 467	(194 452)	-108,3%
Резервте күтілетін кредиттік залалдардың өзгеруі	(279)	(98)	(181)	184,7%
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс	(481 396)	279 243	(760 639)	-272,4%
Ақша қаражаты мен оның баламаларындағы таза өзгеріс, млн АҚШ долл.	(1 257)	809	(2 067)	-255,4%

Еркін ақша ағыны

42,4%-ке өсті

АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ, МЛН. АҚШ ДОЛЛАРЫ




КҮРДЕЛІ САЛЫМДАР

2019 жылы Компанияның күрделі салымдары 505 млрд теңгені (1 320 млн АҚШ долл.) құрды, бұл, 2018 жылға қарағанда, 19,5% кем. Күрделі шығыстар өндірістің ағымдағы деңгейін қолдауға салынған инвестициялық жобаларға қаражат салуды және өзге де шығындарды қамтиды.

Күрделі және капиталды көп қажетсінетін жоба – мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту аяқталды, соның нәтижесінде, біз ішкі нарықты К4, К5 (Еуро-4, Еуро-5 стандарттары) экологиялық кластарындағы жеке мұнай өнімдерінің ішкі нарығын толық қамтамасыз еттік және мұнай өнімдерін Еуропа мен Орталық Азия нарықтарына экспорттаймыз. Инвестициялардың негізгі көлемі Барлау және өндіру сегменттеріне тиесілі – 51%, Тасымалдау – 27%, Өңдеу – 16%, Өзгелері – 6%.

КҮРДЕЛІ САЛЫМДАР, МЛН. АҚШ ДОЛЛАРЫ




АЛЫНҒАН ДИВИДЕНДТЕР

Компания Топ үшін бас компания болып табылады және өзінің еншілес компанияларынан, БК мен қауымдастырылған компанияларынан дивидендтер алады. 2019 және 2018 жылдары Компания 330 млн АҚШ долл. мен 464 млн АҚШ долл. мөлшеріндегі дивидендтерді, тиісінше, 2019 және 2018 жылдарда алды. Төмендеудің негізгі себебі – 2018 жылғы есепті кезеңде ТШО мен ҚазРосГаздан дивидендтер алу.

2019 жылы біз Қорға, ҚР Ұлттық Банкі және басқа да бақыланбайтын қатысу үлестеріне 43 млрд. теңге мөлшерінде дивидендтер төледік.

БК МЕН ҚАУЫМДАСТЫРЫЛҒАН КОМПАНИЯЛАРДАН АЛЫНҒАН ДИВИДЕНДТЕР, МЛН. АҚШ ДОЛЛ.



ҚАРЖЫ ЖАҒДАЙЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

млн теңге	2019 ж.	2018 ж.	Ауытқу	%
Активтер				
Негізгі құралдар	4 484 271	4 515 170	(30 899)	-0,7%
Бірлескен кәсіпорындарға және қауымдастырылған компанияларға инвестициялар салу	5 590 384	4 895 444	694 940	14,2%
Ұзақ мерзімді банк салымдары	52 526	52 297	229	0,4%
Өзге де ұзақ мерзімді активтер	1 314 823	1 285 418	29 405	2,3%
Қысқа мерзімді банк салымдары	359 504	386 459	(26 955)	-7,0%
Ақша қаражаты мен олардың баламалары	1 064 452	1 539 453	(475 001)	-30,9%
Өзге де қысқа мерзімді активтер	1 208 351	1 279 279	(70 928)	-5,5%
	14 074 311	13 953 520	120 791	0,9%
Сатуға арналған деп сараланған активтер	7 604	61 760	(54 156)	-87,7%
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ	14 081 915	14 015 280	66 635	0,5%
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ, млн АҚШ долл.	36 807	36 479	328	0,9%
Капитал мен міндеттемелер				
КАПИТАЛ ЖИЫНЫ	8 196 656	7 143 069	1 053 587	14,7%
АКТИВТЕР ЖИЫНЫ, млн АҚШ долл.	21 424	18 592	2 832	15,2%
Ұзақ мерзімді қарыздар	3 584 076	3 822 648	(238 572)	-6,2%
Өзге де ұзақ мерзімді міндеттемелер	862 741	1 241 408	(378 667)	-30,5%
Қысқа мерзімді қарыздар	253 428	330 590	(77 162)	-23,3%
Өзге де қысқа мерзімді міндеттемелер	1 185 014	1 472 526	(287 512)	-19,5%
	5 885 259	6 867 172	(981 913)	-14,3%
Сатуға арналған деп сараланған активтерге жататын міндеттемелер	-	5 039	(5 039)	-100,0%
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ	5 885 259	6 872 211	(986 952)	-14,4%
МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ, млн АҚШ долл.	15 383	17 887	(2 504)	-14,0%
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ	14 081 915	14 015 280	66 635	0,5%
КАПИТАЛ МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕР ЖИЫНЫ, млн АҚШ долл.	36 807	36 479	328	0,9%


ҚАРЖЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Компанияның қаржы міндеттемелері облигациялар мен қарыздардан қалыптасады. Бұрышқорлық қоржын, негізінде, негізгі кіріс валютасы – АҚШ долларымен қалыптасты. Тиісінше, туында қаржы құралдарын пайдалану қажеттілігінсіз валюталық тәуекелді «шектеулі» хеджирлеу әсеріне қол жеткізіледі. Даму стратегиясының шеңберінде, Компания қаржы орнықтылығын нығайту бойынша бірқатар шаралар қабылдады:

- қысқа мерзімді облигацияларды ұзақ мерзімді облигацияларға қайта қаржыландыру нәтижесінде, ҚМГ сыртқы қарыздарын өтеу кестесін тегістеді;
- Еурооблигациялар шығарылымы бойынша құжаттардағы ковенанттарды тегістеді;
- қарыз деңгейін жоспарлы түрде қысқартты, сондай-ақ Компания ТШО мұнайын және сұйытылған көмірсутек газын басым тәртіппен аванстау шеңберінде міндеттемелерді қарқынды орындау үшін барлық қажетті шараларды қабылдады;

- кейбір қарыз алу валюталары валюталық тәуекелдерді ішінара барынша азайту мақсатында, қайта қаржыландыру арқылы АҚШ долларынан теңгеге ауыстырылды.

ҚАРЫЗДЫ ӨТЕУ БЕЙІНІ (НОМИНАЛ БОЙЫНША), МЛН. АҚШ ДОЛЛАРЫ



ҚАРЫЗДЫ БАСҚАРУ

2018 жылы Компания өзінің міндеттемелер қоржынын басқару шеңберінде жеті жылдық, 12 жылдық және 30,5 жылға арналған еурооблигациялар шығарылымын сәтті орналастырды. Жаңа еуробондтар шығару мақсаты – алдағы міндеттемелерді қайта қаржыландыру және қарыз құрылымын басқару. 2018 жылы 3,25 млрд АҚШ долл. сомасына еурооблигацияларды қайта қаржыландыру нәтижесінде, міндеттемелерді өтеудің анағұрлым теңдестірілген кестесіне және кредиторлар тарапынан ковенанттар деп аталатын бірқатар шектеу шарттарын өзгертуге қол жеткізілді.


2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша көрсеткіштермен салыстырғанда, жалпы қарыз 316 млрд теңгеге (780 млн АҚШ долл.) немесе 7,6%-ке азайып, 3 838 млрд теңгені (10 030 млн АҚШ долл.) құрды. Жалпы қарыздың азаюы:

- жалпы сомасы 111 млрд теңгеге (290 млн АҚШ долл) «Жемчужина» жобасының әріптестерінен алынған қарызды есептен шығаруға;
- 62 млрд. теңге сомасындағы (шамамен 163 млн АҚШ долл) АМӨЗ деңгейіндегі берешектің азаюына;
- 2019 жылғы наурызда ҚМГ 2022, 2023, 2027, 2047 жж. өтелуі тиіс еурооблигацияларды (2018 жылға дейін шығарылған еурооблигациялар) ұстаушылардың 2018 жылғы еурооблигациялар шығарылымының шарттарымен ковенанттық пакетті тегістеуге және 2044 жылы өтелуі тиіс болған 30,1 млн. АҚШ долл. (11,6 млрд. теңге) сомасына еурооблигацияларды мерзімінен бұрын өтеуге келісімін алуға;
- 40,5 млрд теңге (113 млн АҚШ долл) сомасындағы ҚДБ облигацияларының өтелуіне және КМГ I қарыздарының 32 млрд теңге (шамамен 83 млн АҚШ долл) сомасына азаюына байланысты болып отыр.

Жалпы қарыздың

- 7,6% -ке азаюы

ҚАРЫЗДЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ, МЛН. АҚШ ДОЛЛАРЫ




Сонымен қатар, 2019 жылдың шілдесінде АМӨЗ валюталық тәуекелді басқару мақсатында, Қазақстанның Даму банкінен (БРК) 152 млн АҚШ долларына баламалы сомаға қарыздың валютасын «АҚШ долларынан» «теңгеге» ауыстырды. Оның үстіне, АМӨЗ 2019 жылғы желтоқсанда 200 млрд. АҚШ долларына баламалы сомадағы БРК-дан тиімді шарттарда қарызды тартты. Қаражат мұнай өңдеу зауытын шамамен 87 млн. АҚШ доллары сомасына қайта жаңартуды қаржыландыруға жіберілді, сондай-ақ 2020 жылы 110 млн. АҚШ доллары сомасына Қытайдың Эксим Банкіндегі валюталық қарызын ішінара қайта қаржыландыру жоспарланып отыр.

2019 жылғы 30 қарашада Компания Vitol халықаралық трейдинг компаниясы мен халықаралық банктер синдикатынан ТШО² мұнайы мен сұйытылған көмірсутекті газын аванстау мәмілесінің шеңберінде авансты қайтару бойынша барлық келісімшарттық міндеттемелерді мерзімінен бұрын орындады. Тұтастай алғанда, 2019 жылы ҚМГ компаниялар тобы 2,25 млрд АҚШ долл. сомасында мұнайды аванстау шеңберінде міндеттемелерді қарқынды орындау (мерзімнен бұрын өтеу сомасы 1,25 млрд АҚШ долларын құрайды) есебінен борышқорлық жүктемені азайтты.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы шоғырландырылған ақша қаражаты мен оның баламалары, оның ішінде депозиттер түріндегі ақша қаражаты, 2018 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткіштермен салыстырғанда, 25,4%-ке азайып, 1 476 млрд теңге (3 859 млн АҚШ долл) болды. Ақша қаражаты мен олардың баламаларының төмендеуі, ТШО мұнайын аванстау шеңберіндегі келісімшарттық міндеттемелердің толық көлемде мерзімінен бұрын орындалуына байланысты болды (мерзімнен бұрын өтеу – 1 250 млрд АҚШ долл).

Жоғарыда баяндалғанның нәтижесінде, 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша ҚМГ-нің таза қарызы 2 361 млрд теңге (6 171 млн АҚШ долл) болды, бұл 2018 жылғы 31 желтоқсандағы көрсеткіштен 8,6%-ке, 2 175 млрд теңгеге (5 661 млн АҚШ долл) артық.

ӨТІМДІЛІК, МЛН. АҚШ ДОЛЛ.



¹ Ыңғайлылық үшін сомалар тиісті кезеңдегі орташа айырбастау бағам бойынша АҚШ долларымен көрсетілген (2019 жылғы орташа бағам 382,87 теңге/АҚШ долл. құрайды).

² 2016 жылы Компания ТШО шикі мұнайы мен сұйытылған газын жеткізуге арналған ұзақ мерзімді шарт жасасты. Шарттың талаптарына сәйкес, Компания шарт жасалған сәттен бастап, 2021 жылдың маусымы мен тамызына дейінгі кезеңде мұнай мен сұйытылған газдың ең аз көлемі, тиісінше, 38 млн тонна мен 1 млн тоннаға тең.



ОРНЫҚТЫ ДАМУ АСПЕКТІЛЕРІН БАСҚАРУ

Компания орнықты даму қағидастарын қуаттайды және құнды құрудың барлық кезеңдерінде осы тәсілді енгізу үшін күш-жігерін салады. ҚМГ қауіпсіздік пен корпоративтік басқарудың ең жоғары стандарттарына сәйкес келуге ұмтылады. Компанияның 2028 жылға дейінгі стратегиясында корпоративтік әлеуметтік қорғаудың, еңбек қорғаудың, денсаулық сақтау мен қоршаған ортаны қорғаудың жақсартылған көрсеткіштеріне қол жеткізуді қамтамасыз ететін басқару жүйесін үнемі дамыту, қатысу өңірлерінде экономикалық әсерді, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекетті жақсарту, мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастардың сапасын жақсарту, корпоративтік басқару рейтингін көтеру, этика мен комплаенстың жалпы корпоративтік мәдениеті көзделген.

Компанияның әлеуметтік саясат саласындағы стратегиясы оның қызметінің өңірлерін дамытуға жәрдемдесуге бағытталған. ҚМГ меритократия, әділдік пен объективтілік қағидастарын қолдайды; әрбір қызметкерге жаңа жетістіктерге жету үшін оңтайлы жағдай жасайды және әрқайсысының Компанияның қызметіне қосқан үлесін әділ бағалайды; барлық деңгейдегі қызметкерлерде түсінушілік, мүдделілік пен қолдау мәдениетін қалыптастыруға жәрдемдеседі.

МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

Компанияның қызметінің мүдделі тараптар үшін анық болуын қамтамасыз ету мақсатында, ҚМГ орнықты даму саласындағы есептілікті жыл сайын жариялайды. Есепті дайындау кезінде, ҚМГ Global Reporting Initiative (GRI Standards) халықаралық стандарттарын басшылыққа алады.




Орнықты даму туралы есеппен Компанияның веб-сайтында танысуға болады

БҰҰ-НЫҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ МАҚСАТТАРЫНА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ БОЙЫНША ІС-ӘРЕКЕТТЕРІ



2015 жылы Қазақстан Орнықты даму мақсаттарын (бұдан әрі — ОДМ) ратификациялады және осы мақсаттарды 2025 және 2050 жылдарға арналған ұлттық стратегияға қосты. Қазақстан Республикасының Үкіметі тәсілдердің артықшылықтары мен іске асырылуын, тиісті ОДМ белгілеу үшін жауап береді, сондықтан да Қазақстан осы мақсаттарға қол жеткізу үшін жоспарларды қалыптастырды. Оларды шешу бизнеспен және азаматтық қоғаммен ынтымақтасуды және ұжымдық іс-әрекеттерді талап етеді.

2006 жылдан бастап ҚМГ БҰҰ Ғаламдық шартының мүшесі және белсенді қатысушысы болып табылады және БҰҰ Ғаламдық шартының он қағидатын және 17 ОДМ ұстанады.



ҚМГ ЛЖМ ұстанады. Олардың кейбіреуі, тәуекелдердің және Компанияның қызметіне тиетін әсердің тұрғысынан анағұрлым өзекті болып табылады:

3-мақсат. Барлығына кез келген жаста салауатты өмір салтын және әл-ауқатына жәрдемдесуді қамтамасыз ету;

6-мақсат. Су ресурстарының болуын және ұтымды пайдаланылуын және барлығына санитарияның болуын қамтамасыз ету;

7-мақсат. Барлығының қымбат емес, сенімді, орнықты және заманауи энергия көздеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету;

8-мақсат. Ұдайы, барлығын қамтитын және орнықты экономикалық өсуге, барлығына толық және өнімді жұмыспен қамтуға және лайықты жұмыс істеуіне жәрдемдесу;

9-мақсат. Мықты инфрақұрылым құру, барлығын қамтитын және орнықты индустриализациялау мен инновацияларды енгізуге жәрдемдесу;

12-мақсат. Тұтыну мен өндірістің ұтымды модельдерін қамтамасыз ету;

13-мақсат. Климаттың өзгеруі мен олардың салдарымен күрес бойынша шұғыл шараларды қабылдау;

15-мақсат. Құрлықтың экожүйелерін қорғау, қалпына келтіру және олардың ұтымды пайдаланылуына, ормандарды ұтымды пайдалануға, шөлге айналумен күрес, жер деградациясының процесін кері айналды мен биологиялық әртүрлілікті жоғалту процесін тоқтату.

ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ (ЕҚ, ӨҚ ЖӘНЕ ҚОҚ) ҚОРҒАУ МЕНЕДЖМЕНТІНІҢ ЖҮЙЕСІ


ҚМГ-де денсаулық сақтау, өнеркәсіптік қауіпсіздік пен қоршаған ортаны қорғау менеджментінің жүйесі Халықаралық мұнай мен газ өндірушілері қауымдастығының ең үздік әлемдік практикалары мен ұсынымдары: IOGP, ISO 14000 және ISO 45001 негізінде әзірленді. Жүйе он облыстан тұрады және көшбасшылық, мақсаттарға қол жеткізу, тәуекелдерді басқару және үнемі жетілдіру секілді іргелі қағидаттарды қолдайды.

2006 жылдан бастап, Компанияның еншілес және тәуелді ұйымдарында ISO 9001, ISO 14001 және OHSAS 18001 талаптарына сәйкес, сапа, қоршаған ортаны қорғау, денсаулық

сақтау және еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласындағы басқару жүйесі енгізілді. Энергияны тұтынудың елеулі деңгейімен ұйымдастыру ISO 50001 стандартына сәйкес сертификацияланды. Менеджмент жүйелерінің тиімділігін тәуелсіз аудиторлар тұрақты түрде растап тұрады.

Сапаны қорғау саласындағы басқаруды жетілдіру мақсатында, ҚМГ компаниялар тобының ЕТҰ 2021 жылға қарай, өзінің денсаулық сақтау және еңбек қауіпсіздігі менеджменті жүйесін OHSAS 18001:2007 ауыстыратын ISO 45001:2018 халықаралық стандартына сәйкес келу мәніне сертификаттайды.

ДС, ӨҚ және ҚОҚ МЖ құрылымы мен ең үздік салалық практикаларды енгізу



* ҚОӘБ – еңбекті және қоршаған ортаны қорғау.

Компанияда үш деңгейлі Еңбек қорғау, өндірістік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) комитеті өз қызметін бастады:

- бірінші деңгей — ҚМГ Директорлар кеңесі;
- екінші деңгей – ҚМГ Басқармасының деңгейіндегі ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ жөніндегі комитет;
- үшінші деңгей — ЕТҰ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитеттер (ЕҚОҚ).

2019 жылдан бастап, «Самұрық-Қазына» АҚ деңгейіндегі Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет жұмыс істей бастады.

Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша есептер ҚМГ директорлар кеңесінің отырыстарында ай сайын беріледі және егжей-тегжейлі

БАСШЫЛАРДЫ МОТИВАЦИЯЛАУ ЖҮЙЕСІ

ЕҚ, ӨҚ және ЕҚОҚ талаптарының сақталуын ынталандыру және ол үшін жауапкершілікті арттыру мақсатында, корпоративтік деңгейде 2019 жылғы негізгі тиімділік көрсеткіштерінің тізбесіне «Корпоративтік басқару рейтингісі» қосылды, ал Компанияның топ-менеджменті үшін экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік бөлігіндегі КПЭ белгіленді:

Сонымен қатар, Компанияның ESG рейтингісін жақсарту бойынша 2020 жылғы корпоративтік ҚНК бекітілді.

Компанияның топ-менеджменті үшін экологиялық және әлеуметтік жауапкершілік бөлігіндегі КПЭ

Экологиялық жауапкершілік	ЕҚОҚ жөніндегі басқарушы директор – «Ілеспе мұнай газын жағу қарқындылығының көрсеткішін төмендету». ЕҚОҚ жөніндегі тең басқарушы директор – «Энергия ресурстарын тұтынуды азайту». ЕҚОҚ жөніндегі басқарушы директор және тең басқарушы директор – «Тарихи мұнай қалдықтарын толығымен кәдеге жаратуға қол жеткізу»
Әлеуметтік жауапкершілік	Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директор – «Әлеуметтік жауапкершілік». Қауіпсіздік жөніндегі басқарушы директор – «Мердігерлік ұйымдардың (МҰ) қауіпсіздігін басқару», «БЖ есептілігінің анықтылығы».

Мердігерлік ұйымдар қызметкерлерінің үлесі –

50%-тен астам

ақпараттық есептер Директорлар кеңесінің Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеттің отырысында беріледі.

2019 жылы Компания тәуекелдер тіркелімін жаңартты. Тізбеде климаттың өзгеруіне және су ресурстарының тапшылығына байланысты тәуекелдермен кеңейтілді. Корпоративтік орталық қоршаған ортаны қорғау саласындағы көрсеткіштерді тұрақты түрде талдайды, өткен кезеңдермен және саланың жетекші халықаралық компанияларының (IOGP, IPIECA) ұқсас көрсеткіштерімен салыстырып талдайды, өндірістік объектілердің аудиттерін жүзеге асырады. Сондай-ақ заңнамалық талаптарға қандай да бір болмасын сәйкессіздіктерді анықтау және қызметті жақсарту бойынша алдын алу шараларының жүргізілу мәніне өндірістік объектілерді оқтын-оқтын тексереді.

МЕРДІГЕРЛІК ҰЙЫМДАРМЕН ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ

Мердігерлерді таңдау және олармен өзара іс-қимыл жасау өнері Компания үшін маңызды бәсекелестік артықшылықты қамтамасыз етеді. Мердігерлер біздің жұмыс персоналымыздың, кем дегенде, 50%-тін құрайды және нәтижесінде, ҚМГ-нің жалпы өнімділігіне әсер етеді. Компания жоғары деңгейде және қызметтерді көрсетудің барлық циклының толық анықтылығымен жұмыстардың орындалуына кепілдік беру үшін әлеуетті өнім берушілерді іріктеу критерийлерін арттыруға ұмтылады.

ҚМГ компанияларының тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігерлермен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі корпоративтік стандарт Менеджмент жүйесінің құрылымдық элементі болып табылады және ЕҚ, ӨҚ және ЕҚОҚ талаптарын сақтау бойынша ЕҚ, ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы келісімді және оларды бұзу үшін айыппұл санкцияларын; техника мен жабдықтың, мердігер персоналының дайындығына жұмылдыру алдында жүргізілетін аудитті, ЕҚ, ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы қызмет нәтижелері бойынша мердігерді бағалауды қамтитын мердігерлік ұйымдармен жасалатын шарттарға қойылатын талаптарды қамтиды. Сонымен қатар, Компания болашақ бірлескен әріптестер мен ҚМГ-нің ЕҚ, ӨҚ және ЕҚОҚ саласындағы талаптарын талқылау үшін форумдарды, әлеуетті өнім берушілермен тұрақты жүргізеді.

2019 жылғы 2 қазанда Ақтау қаласында «ҚМГ-нің тарихи қалдықтарын кәдеге жаратуға және өңдеуге арналған технологиялар» атты форум өткізілді. Барлығы ұқсас қызметтерді көрсететін 30-дан астам компания қатысты. Іс-шараның мақсаты Қазақстанның нарығында бар мұнай қалдықтарын өңдеу/кәдеге жарату қызметтерін көрсетушілермен кездесу және оларға өз мүмкіндіктерін бағалауға және жаңа технологияларды пайдалану туралы шешім қабылдауға көмектесу үшін ҚМГ-нің тарихи ластауды өңдеу/кәдеге арту қызметтерін көрсету сапасы, көлемдері мен мерзімдері бөлігіндегі талаптарды түсіндіру болды.


Сонымен қатар, Форумда «Қалдықтарды кәдеге жарату» (тарихи ластау) туралы санаттық сатып алу стратегиясы көрсетілді, оның негізінде, одан әрі тарихи ластауды кәдеге жарату мен мұнаймен ластанған аумақтарды тазарту қызметтерін сатып алу рәсімі өтеді.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ҚАУІПСІЗДІК

2019 ЖЫЛҒЫ НЕГІЗГІ КӨРСЕТКІШТЕР

1. SO_x шығарынды қарқындылығы – 0,20¹ (IOGP – 0,2²)
2. NO_x шығарынды қарқындылығы – 0,21 (IOGP – 0,37)
3. Ілеспе мұнай газын (ІМГ) жағу қарқындылығы – 2,95 (IOGP – 10,5³)
4. ІМГ пайдалану коэффициенті: 97%
5. Тарихи қалдықтарды және мұнаймен ластанған жерді өңдеу: 325 мың тонна (жоспар – 325 мың тонна)
6. Энергияның тұтынылуын азайту (2016 жылғы базалықтан) – 0,7%
7. CDP климат рейтингісі: «С»

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ КӨРСЕТКІШТЕР, 1 МЫҢ ТОННА КСШ ӨНДІРУГЕ ШАҚҚАНДА, ТОННАМЕН



ІМГ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ ДЕҢГЕЙІ, %



ЕҚ, ӨҚ және ЕҚОҚ мәселелерін басқару бойынша мақсаттар Компанияны дамыту стратегиясымен тікелей байланысты. ҚМГ-нің 2028 жылға дейін даму стратегиясы (бұдан әрі – Стратегия) экологиялық жауапкершілікті арттыру бойынша стратегиялық бастамашылықтарды қамтиды. Қоршаған ортаны қорғау бөлігінде Компания үшін басым бағыттар парниктік газдар шығарындыларын басқаруды және газды факелдық жағуды қысқартуды, су ресурстарын басқаруды, өндіріс қалдықтарын басқаруды, жерді оңалту мен энергия тиімділігін арттыруды қамтиды.

Стратегияның басымдықтарына сәйкес, 2019 жылы Компанияда «Экологиялық саясат» бекітілді. ҚМГ мен ЕТҰ-ның басшылығы қоршаған ортаның ластануына байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нольдік төзімділік қағидатын сақтайды. Осылайша, Экологиялық саясатта алғаш рет климат, биоәртүрлілік, экологиялық құндылығы бар аумақтарда тәуекелдерді қосымша бағалау бойынша, ластанған жерді оңтайландыру бойынша міндеттемелерге, құбырлардың бүтін болуын қамтамасыз етуге көңіл бөлінеді.

2015 жылы ҚМГ GGFR Дүниежүзілік Банкінің 2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты жағуды толық тоқтату бойынша бастамашылығын қолдады. Жоғарыда көрсетілген бастамашылықты іске асыру шеңберінде, 2019 жылы ҚМГ-де шығарындыларды басқару саясаты бекітілді. Сегіз негізгі қағидаттан тұратын, оның ішінде алтауы климаттың өзгеру мәселелеріне жататын саясат факелдық жағуды толық тоқтатуға бағытталған.

ҚМГ компанияларының тобында қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму саласындағы негізгі стратегиялық бастамашылықтарды қамтитын ҚМГ-2020 еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі жол картасы іске асырылып жатыр. Жыл сайын Компания кәдеге жаратудың жаңа объектілерін салады, жұмыс істеп тұрған өндірістерді қайта жаңартады, құбырлар мен инфрақұрылымның құрылысына, мысалы, газды кешенді өңдеуге, «Сарыарқа» магистральдық газ құбырын салуға инвестициялар салады.

¹ Компанияның баспасөз-релиздерінде бұрын жарияланған көрсеткіштер алдын ала деректер бойынша есептелді.
² Халықаралық мұнай өндірушілерінің қауымдастығының (IOGP) 2017 жылғы қол жетімді көрсеткіштері (https://www.iogp.org/)
³ IOGP-нің (Халықаралық мұнай өндірушілерінің қауымдастығы) 2018 жылғы қол жетімді көрсеткіштері (https://www.iogp.org/)

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ САЛАСЫНДАҒЫ ЖОБАЛАР

1. Тарихи ластану, сондай-ақ қоршаған ортаға тиетін әсер көздерін жою (пайдаланылмайтын ұңғымалар, ағынды су жинақтағыштары, полигондар мен өзге де өндірістік объектілер);
2. Технологиялық шешімдерді жетілдіру, мысалы, отындық мазутты технологиялық пештердегі отынды отынға ауыстыру арқылы қоршаған ортаға шығарындыларды азайту, жаңа буындағы қоспаларды пайдалану, өндірістік объектілердің аумағын көгалдандыру және жайластыру, жабдықты ауыстыру жөніндегі іс-шаралар, газ өңдеу бойынша өндірістік қуаттарды кеңейту, газ өңдеу қондырғыларын салу және өзгелері;
3. Ластағыш заттарды тастылындыларын қысқарту: «Тазалық» жобасы: «АМӨЗ» ЖШС ағынды су тазарту құрылыстарын жаңғырту және «Тухлая балка» буландыру алқаптары қалпына келтіру;
4. 3 мың текше м жаңа техникалық су көлемін ұлғайту үшін градирлегішті күрделі жөндеу; тазарту құрылыстарын тазалау тиімділігін жақсарту.

NAMA климат жобасының шеңберінде, «ҚазТрансГаз-Өнімдері» ЖШС (ҚТГО) «Автокөлік құралдарын дәстүрлі Аи, Дт отынынан КТГ пайдалануға көшіру (парк жаңарту)» іс-шарасының аясында жеке автопаркта газ автокөлік және арнайы техниканың үлесін одан әрі ұлғайтуды жоспарлайды. Автопарк құрылымын жаңғырту есебінен 2020-2024 жылдар кезеңінде газ автомобильдерінің үлесі (3 Еуро класынан төмен емес) 35%-ке дейін өсуі тиіс. Отынды тұтыну құрылымын және СКГ пайдаланатын жаңа 16 автомобильді және КТГ пайдаланатын 46 автомобильді жаңарту (сатып алу) арқылы автокөлік класын жақсарту ҚТГО көлігінен зиянды заттардың тасталуын едәуір азайтуға мүмкіндік береді. Егер 2018 жылы көліктен шығатын зиянды заттар шығарындысының көлемі 17 962 тонна болса, онда 2024 жылы, бес жылдық кезеңде шамамен 600 млн теңгені талап ететін көзделген іс-шаралар өткізілгеннен кейін, осы шығарындылар, тиісінше, жылына 17 144 тоннаға дейін немесе 4,6 %-ке төмендеуі мүмкін.

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ МЕНЕДЖМЕНТ МӘСЕЛЕЛЕРІ БОЙЫНША ПЕРСОНАЛДЫ ОҚИТУ

Көрсеткіштердің серпінді өсуі ҚМГ компанияларының тобында ЕҚ, ӨҚ және ЕҚОҚ мәселелеріне оқу қажеттілігі өзекті екенін көрсетеді. Қазақстанның мұнай-газ секторының ерекшелігін, сондай-ақ Қазақстан Республикасы заңнамасының персоналды міндетті оқыту, даярлау және олардың біліктілігін арттыру бөлігінде міндетті талаптарын ескере отырып, еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі бағыттары басым болып табылады.

2024 жылға қарай зиянды заттар тасталындыларының жобалық азаю деңгейі

- 4,6%

2019 жылы ҚМГ компанияларының 130 615 қызметкерінің оқуына жалпы сомасы 1 179 877 мың теңге жұмсалды. ҚМГ компанияларының тобында енгізілген жеке алты оқу-курс комбинатының/орталығының базасында «70/20/10 – жұмыс орнында/іштей/сырттай оқу» деген оқу моделі бойынша еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау, өнеркәсіптік және өрт қауіпсіздігі мәселелері бойынша оқу жүргізіліп жатыр.

Жеке оқу-курс комбинаты/орталығы «Өзенмұнайгаз» АҚ (Жаңаөзен қ.), «ҚазТрансОйл» АҚ (Ақтау қ.), «Интергаз Орталық Азия» АҚ (Атырау қ., Шымкент қ.), «Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС (Павлодар қ.) мен «Oil Services Company» ЖШС (Ақтау қ.).

Қазіргі бар оқытушылар құрамынан басқа, оқу жүргізу және біліктілікті арттыру үшін өндірістік персонал санынан біліктілігі жоғары, үлкен өндірістік тәжірибесі бар желілік басшылар мен мамандар тартылады. Тәжірибелі қызметкерлер арасында тәлімгерлік пен ішкі тренерлік бағдарламалары іске асырылуда, үздік қызметкерлер арасында мастер-кластар мен тренингтер, әр түрлі конкурстар жүргізіліп жатыр, бұл ішкі коммуникацияларды жетілдіріп, персоналды өз кәсібінде үздік болуға мотивациялауға мүмкіндік береді.


Қызметкерлердің оқу шығыстары

	2017	2018	2019
Оқудан өткен қызметкерлер саны	61 140	114 971	130 615
Сомма, мың теңге	624 811	1 097 877	1 179 877

НЕГІЗГІ БИЗНЕС-БАҒЫТТАР БОЙЫНША ЕҚ, ӨҚ ЖӘНЕ ҚОӘБ БОЙЫНША ОҚУ, ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР САНЫ



НЕГІЗГІ БИЗНЕС-БАҒЫТТАР БОЙЫНША ЕҚ, ӨҚ ЖӘНЕ ҚОӘБ БОЙЫНША ОҚУ, СОММА, МЫҢ ТЕҢГЕ



ЭНЕРГИЯ ҮНЕМДЕУ МЕН ТИІМДІЛІКТІ АРТТЫРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ

Қоршаған ортаны қорғау мен өндірістің тиімділігін арттыру саласындағы міндеттердің бірі ретінде ҚМГ энергия тиімділігін арттыру саласындағы қызметті жалғастыруды көздеп отыр. Корпоративтік орталық энергия тұтыну жөніндегі деректер мен энергия тиімділігінің көрсеткіштерін жинайды және талдайды, прогресті бақылайды және жақсарту үшін мүмкіндіктерді сәйкестендіреді, өткен кезеңмен және саланың ұқсас компанияларының көрсеткіштерімен бенчмаркинг жүргізеді.

Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы компанияның қызметі осы қызметтегі жүйелі басқару бойынша көпшілік таныған ең үздік халықаралық практика болып табылатын ISO 50001 «Энергетикалық менеджмент жүйелері» халықаралық стандартының әдіснамасына базаланады.

2017 жылдан бастап, ҚМГ-де ҚМГ ЕТҰ-ның, оның ішінде бірлесіп-бақыланатын ұйымдарының, оның ішінде бірлесіп бақыланатын ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындарының энергия үнемдеу жөніндегі 2017-2020 жылдарға арналған жол картасы қолданылып жатыр. Энергия үнемдеу жөніндегі жол картасының мақсаттары:

1. жоғары басшылықтың жауапкершілігін арттыру, энергия үнемдеу және энергия тиімділігі үшін жауапты басшыларға арналған энергия тиімділігі бойынша ҚНҚ енгізу;
2. энергетикалық ресурстардың ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету;
3. энергия үнемдеу іс-шараларының энергетикалық тиімділігін арттыру есебінен төлем жүктемесін азайту;
4. энергетикалық жабдықты салуды, қайта жаңартуды, күрделі жөндеуді сатып алу кезінде энергетикалық тиімділікті қамтамасыз ету;
5. энергетикалық тиімділікті арттыруға, оның ішінде энергия-сервис шарттарының (келісімшарттарының) талаптарында арттыруға жеке инвестицияларды тарту;
6. энергетикалық тиімділіктің талаптары мен көрсеткіштерінің сақталуын бақылау жүйесін жетілдіру;
7. энергия үнемдеу және энергетикалық тиімділікті арттыру саласындағы заңнаманың талаптарын сақтау.

ЭНЕРГИЯНЫ ТҰТЫНУ

2019 жылы отын- энергетикалық ресурстардың барлығы 182,8 млн ГДж тұтынылды, бұл 2018 жылғы деңгейден 9%-ке артық, оның ішінде электр энергиясын тұтыну көлемі 12,7 млн ГДж болды, жылу энергиясы — 4,7 млн ГДж, мотор отыны – 1,7 млн ГДж, қазандық-пеш отыны – 163,7 ГДж. Энергия тұтыну көлемі үш бизнес-бағыт: «Мұнай мен газ өндіру», «Мұнай мен газ тасымалдау» мен «Мұнай мен газ өңдеу» арасында бөлінді.

2019 жылы генерацияланатын жеке энергия көлемі 642,8 млн кВт ЭЭ және 3 850,6 мың Гкал ТЭ болды


2018 жылмен салыстырғанда, энергия ресурстарын тұтынудың өсуі, бірінші кезекте, табиғи және ілеспе газдың жеке қажеттіліктерге тұтынудың ұлғаюына байланысты. 2019 жылы ҚМГ компанияларының тобы бойынша генерацияланатын энергия көлемі 642,8 млн кВт электр энергиясы мен 3 850,6 тыс. Гкал жылу энергиясын құрды.

2019 жылы ҚМГ компанияларының тобы бойынша көмірсутектер өндіру бағыты бойынша үлестік энергия тұтыну өндірілген КСШ-ның бір тоннасына шаққанда 2,4 ГДж болды, бұл 2017 жылы өндірілген көмірсутектердің бір тоннасына шаққанда, 1,5 ГДж болған IOGP халықаралық мұнай мен газ өндірушілері қауымдастығының көрсеткіштерінен 60%-ке артық болып сақталуда. Мұнай өндіруде энергия ресурстарды үлестік тұтынудың ұлғаюы, ең алдымен, ескі кен орындарында өндірудің суландырылуына байланысты, себебі, суландыру ұлғайғандықтан, өндірілетін сұйықтықтың үлестік тығыздығы өседі және, тиісінше, өндірудің механикаландырылған тәсілдеріне тұтынылатын энергия да өседі.

ҚМГ компаниялары тобының энергия үнемдеу мен энергия тиімділігін дамытудың негізгі стратегиялық бағыттары – технологиялық жабдықты жаңғырту, энергия үнемдеу технологияларын енгізу, жылу энергиясын өндіру мен тұтынуды оңтайландыру, сондай-ақ жеке генерация көздерін дамыту, оның ішінде ІМГ пайдаланып, дамыту.

2019 жылы энергия үнемдеу мен энергия тиімділігі бойынша 69 іс-шара орындалды, отын-энергетикалық ресурстардың жоспарлы жылдық үнемі 0,8 млн ГДж болды, заттай нысанда – 11,3 млн кВт электр энергиясы, 91,3 тыс. Гкал жылу энергиясы, 8 508 мың текше м табиғи газ.

2019 ЖЫЛЫ ЭНЕРГИЯ РЕСУРСТАРЫН ТҮРЛЕРІ БОЙЫНША ТҰТЫНУ, %



КЛИМАТТЫҢ ӨЗГЕРУІ МЕН ПАРНИКТІК ГАЗДАР ШЫҒАРЫНДЫЛАРЫ

ҚМГ-нің ұзақ мерзімді даму стратегиясында климат аспектілері бойынша келесі басым бағыттар белгіленді:

- парниктік газдар шығарындыларын басқару;
- ілеспе мұнай газын тұрақты түрде факелдық жағуды қысқарту;
- өндірілген өнімнің көлеміне шаққанда, шығарындылардың қарқындылығы бойынша көрсеткіштерді жақсарту және энергия тиімділігін арттыру.

2019 жылы ҚМГ төменде көрсетілген негізгі қағидаттары болып табылатын Шығарындыларды басқару саясаты бекітілді:

- заңнамалық талаптар мен Компанияның өзге де міндеттемелеріне қатаң сәйкестікте қызметті жүзеге асыру;
- белгіленген шығарынды нормативтері мен ластағыш заттардың шығарындыларына белгіленген лимиттерді, парниктік газдар шығарындыларына квоталарды сақтау;
- рольдер мен міндеттерді нақты бөлу, құзыреттілікті арттыру, оқу және хабардарлық;
- шығарындылардың тұрақты есебін жүргізу, оларды түгендеу және мониторингін жүргізу;
- көмірсутек шикізатын өндіру кезінде шикі газын үнемі жағуды қысқарту;
- парниктік газдар шығарындыларын қысқарту және көмірсутек белгілерін азайту жөніндегі іс-шаралар өткізу;
- көмірсутек активтерін басқару;
- шығарындыларды басқару қызметін үнемі жақсарту.

Біз энергияға деген өсіп жатқан әлемдік сұранысты қанағаттандыру үшін мұнай мен табиғи газ өндіруді ұлғайтуға ұмтыламыз, осыған орай, табиғат қорғау заңнамасының талаптарын сақтап, табиғи ресурстарды ұтымды пайдаланып және табиғат қорғау қызметін үнемі жетілдіре отырып, қызметіміздің қоршаған ортаға тигізетін теріс әсерді барынша азайту шараларына бірінші кезекте көңіл бөлеміз.

Біз экологиялық есептілікті анық болуына шоғырланамыз. Осыған орай, ҚМГ қатарынан екі жыл бойы Қазақстанның мұнай-газ компаниялары, Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігінің қолдауымен, Ресейдің WWF пен CREON компанияларының тобы ұйымдастырған экологиялық жауапкершілік аясында ашық болу рейтингінде көшбасшылық орынды алып отыр.



2019 жылғы 29 шілдеде ҚМГ ҚМГ-нің барлық активтері, оның ішінде, Румыния мен Грузиядағы ЕТҰ бойынша парниктік газдардың тікелей және жанама шығарындыларының көлемдері туралы деректер кіретін CDP¹ (Carbon Disclosure Project) климат бағдарламасының шеңберінде, 2018 жылғы парниктік газдар шығарындылары бойынша верификацияланған есепті² алғаш рет жариялады.

Есепке көмірқышқыл газ (CO₂), метан (CH₄), азоттың шала тотығы (N₂O) қосылған. Осы есепке сәйкес, 2018 жылдың қорытындылары бойынша көмірқышқыл газдың тікелей шығарындыларының көлемі 9,3 млн тонна болды (2017 жылы – 8,4 млн тонна). Шығарындылардың ұлғаюы газ тасымалдау көлемдерінің өсуіне және жаңа көздердің қосылуына байланысты болып отыр. Парниктік газ шығарындылары бойынша деректер тәуелсіз тіркелген ұйымның қорытындысымен расталған. 2019 жылғы ақпарат 2020 жылғы III тоқсандағы CDP есебінде ашылатын болады.



ҚМГ еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі басқарушы директоры Винсент Спинелли: «Біз ҚМГ тарихындағы бірінші CDP Климат бағдарламасының есебін жариялауға қуаныштымыз. Бүкіл әлем климаттың өзгеру проблемаларын шешуге арналғандықтан, ҚМГ шығарындыларды қысқарту, энергия тиімді инвестициялар бағдарламасын жасау, оның прогресін бағалау және басқа да әлемдік компаниялармен озық тәжірибе алмасу арқылы климаттық тәуекелдерді басқаруға ұмтылады. Бізге CDP есебі біз қоршаған ортаға тигізетін әсерді тиімдірек өлшеп, басқаруға мүмкіндік береді» - деп, атап өтті.

Управляющий директор по охране труда и окружающей среды КМГ

Винсент Спинелли

2019 жылғы 26 қарашада Нұр-Сұлтан қаласында алғашқы «Парниктік газдар шығарындыларын басқару жөніндегі ҚМГ форумы (Климаттық сессия)» өтті. Оған саланың әр түрлі кәсіпорындарының шамамен бір жүз өкілі қатысты. Форум кәсіпқойлардың конструктивтік диалогының орны, тәжірибе мен білім алмасу алаңы болды. Форумда ҚМГ бойынша парниктік газдар шығарындыларын басқару проблемаларының, парниктік газдар шығарындыларын реттеу саласындағы заңнаманың күтілетін өзгерістері, квоталар саудасының, CDP Климат бағдарламасының шеңберіндегі ҚМГ есептілігінің төңірегінде пікірталас өрістеді.



Атмосфералық ауаны қорғау туралы егжей-тегжейлі ақпаратты Орнықты даму туралы есептен білуге болады.

¹ Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпаратты келесі сілтеме бойынша ашық қол жеткізуге болатын жарияланған ҚМГ есептерінен алуыңызға болады: ҚМГ компанияларының тобында парниктік газдар шығарындылары бойынша 2018 жылғы есебі, CDP климаттық сауалнамасы.

² CDP – 2002 жылдан бастап, инвесторлардың атынан көміртектер шығарындылары мен климаттың өзгеруі туралы ақпаратты жинаумен айналысатын тәуелсіз коммерциялық емес ұйым. Ең ірі әлемдік экономикаларды білдіретін мыңдаған ұйымдар өздерінің көміртек шығарындыларының есебін жүргізеді және CDP көмегімен экологиялық сипаттағы ақпаратты ашады. Компаниялар беретін есептерді бағалау нәтижелері бойынша оларға берілетін CDP климат рейтингтерін, қаржы ақпаратымен бірге, жетекші ақпараттық-талдау агенттіктері (Thomson Reuters, Google Finance) жариялайды және инвесторлар активтер мен олармен байланысты тәуекелді бағалау кезінде ескереді.

12 ЖАУАПТЫ ТҰТЫНУ ЖӘНЕ ӨНДІРС ПАЙДАЛАНУДЫ АРТТЫРУ

Парниктік газдар шығарындыларын қысқарту бойынша ең маңызды міндеттеріміздің бірі ілеспе мұнай газын пайдалану мен ілеспе мұнай газын кәдеге жаратуды ұлғайту, факелдық жағуды барынша азайту болып табылады. 2019 жылы ілеспе мұнай газын кәдеге жарату өндірілген 1000 тонна КСШ-ға шаққанда, 2,95 деңгейінде (2017 жылы – 11, 2018 жылы – 6), бұл 2018 жылғы ҚМГ көрсеткішінен шамамен 51% төмен және IOGP көрсеткішінен төмен – 10,5.

Компания шикі газды жағу көлемдерін барынша азайтуға ұмтылады. 2015 жылы ҚМГ Дүниежүзілік банктің «2030 жылға қарай ілеспе мұнай газын тұрақты жағуды кәдеге жарату» атты бастамашылығын қолдады. Осы бастамашылық шеңберінде шикі газды жағы көлемдері бойынша есептілік жыл сайынғы негізде тапсырылады.



Егжей-тегжейлі ақпаратты Орнықты даму туралы есепте білуге болады.




ҚАЛДЫҚТАРДЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

ҚМГ-де барлық келісімшарттық аумақ бойынша қалдықтардың, оның ішінде мердігерлік компаниялардың барлық қалдықтарының есебін жүргізеді. Сондай-ақ ҚМГ өзінің мердігерлік ұйымдарын олардың қызметінің қалдықтарды қауіпсіз тасымалдау, орналастыру және кәдеге жарату талаптарына сәйкес келу мәнине бақылайды. Компания үшін қалдықтарды басқару бөлігіндегі сөзсіз басымдықтардың бірі – қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы заңнаманың талаптарына сәйкес келу болып табылады. Осы мақсатта Компанияда Қалдықтарды басқару бағдарламалары әзірленіп, іске асырылып жатыр, өндірістік объектілерде қалдықтардың пайда болуына және жердің ластануына байланысты проблемаларды шешу үшін қомақы ақша қаражаты бөлінеді.

Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының талаптарына сәйкес, біздің объектілеріміздегі зарарсызданбайтын, өңделмейтін және кәдеге жаратылмайтын қауіпті қалдықтар мамандандырылған полигондарға тасымалданады.

Бүгінгі таңда ҚМГ алдында тұрған өзекті міндет – тарихи ластануды жою және мұнаймен ластанған аумақтарды тазарту болып табылады. Бұл үшін тарихи ластануды

ШИКІ ГАЗДЫ ФАКЕЛДЕРДЕ ЖАҒУ КӨЛЕМІ



- Шикі газды факелдерде жағудың жалпы көлемі, млн. текше м
- Шикі газ пайдалану деңгейі, %
- Шикі газ жағу қарқындылығы, өндірілген 1 мың тонна КСШ

түгіндей бойынша зерттеу жүргізілді, әрбір кен орнының, өңірдің, климат жағдайының ерекшеліктері ескеріліп, тарихи ластанудың барлық түрлерін жою жоспарлары әзірленді.

2019 жылғы 6 тамызда Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігі мен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ арасында Қоршаған ортаны қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды, оның мақсаты жабдықталмаған қоқырнағыштарда орналастырылған қалдықтарды кәдеге жарату/өңдеу («Өзенмұнайгаз» АҚ) және «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «Өзенмұнайгаз» АҚ пен «Қаражанбасмұнайгаз» АҚ келісім-шарттың аумақтардың шегіндегі мұнаймен ластанған жерді тазарту болып табылады. 2019 жылы Компания осы жобаларды іске асыруға кемінде 9,7 млрд теңге жіберді.



Егжей-тегжейлі ақпаратты Орнықты даму туралы есепте білуге болады.



СУ РЕСУРСТАРЫН ҚОРҒАУ

Компания негізгі қызметін су құнды және тапшы табиғи ресурс болып табылатын Орталық Азия өңірінде жүзеге асыратынына байланысты, біз қоғам мен қоршаған ортаның алдындағы жауапкершілігімізді мойындаймыз және су ресурстарын ұтымды пайдалануға ұмтыламыз.

2019 жылғы 1 шілдеде ҚМГ Қазақстан Республикасының су ресурстарын сақтауға үлесін енгізу ниеті туралы ресми түрде хабарлады. Бас директорларға арналған еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі форум шеңберінде, ҚМГ Басқармасының төрағасы А.С.Айдарбаев су ресурстарын (ҚМГ-нің сегіз су қағидаты) ұтымды пайдалану ұстанымын сақтайтыны туралы жеке мәлімдемеге қол қойды. Осы бастамашылықты ҚМГ-нің ЕТҰ-ның бірінші басшылары қолдап, өз компанияларының атынан ұстанымдық туралы ұқсас мәлімдемелерге қол қойды. Қол қойылған ұстанымдық мәлімдемелері ҚМГ компаниялары тобының ресми сайттарында жарияланады.

Сегіз су қағидаты

1. Біз судың адам өмірі мен денсаулығы үшін, қоғам мен біздің өндірістік қызметіміз үшін жоғары құндылығын мойындаймыз және еліміздің су ресурстарына деген ұқыпты және ұтымды көзқарасты сөзсіз қабылдаймыз.
2. Біз Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауға, сондай-ақ халықаралық стандарттар мен озық практикаларға сәйкес келуге және де қатысу өңіріндегі барлық мүдделі тараптардың пікірін ескеруге ұмтыламыз.
3. Біз басқарушылық шешімдерді қабылдау кезінде және операцияларды басқару кезінде тұщы суды сақтау және оны пайдалану тиімділігі туралы мәселелерді ескереміз.
4. Біз, судың тікелей алынатынына немесе делдалдар арқылы сатып алынатынына қарамастан, өзіміздің бастапқы су жинау көздерін түсінеміз және бағалаймыз.
5. Біз ауыз суды өндірістік мақсаттарда пайдаланбаймыз.
6. Біз су жинау мен су тартудың жүз проценттік аспаптық есебіне ұмтыламыз.
7. Біз су айналымдық және су үнемдейтін технологияларды енгізу есебінен балғын су жинауды барынша қысқартуға және суды барынша қайта пайдалану мүмкіндігі үшін оны тазарту сапасын арттырып, тасталындылар көлемін азайтуға ұмтыламыз.
8. Біз өзіміздің су ресурстарын басқару жүйемізді үздіксіз жетілдіру үшін озық тәжірибені зерттеу мақсатында, салалық қауымдастықтарға қатысып және су ресурстары саласындағы халықаралық бастамашылықтарды қолдай отырып, әлеуетті нығайтамыз.

Осы міндеттемелер шеңберінде, ҚМГ ЕТҰ су ресурстарын ұтымды пайдалану бойынша бес жылдық жоспарларды әзірлейді, су үнемдейтін технологияларды енгізеді суды айналымда пайдалануды өсіреді.

Біз судың қайта айналу жүйелерін қайтадан пайдалану есебінен су пайдалану тиімділігін арттырамыз. Негізгі су тәуекелдері біздің өндірісімізге байланысты. Барлық өндіруші компаниялар Қазақстандағы су тапшылығы бар өңірлерде орналасқан және тұщы суға деген қажеттілік өнеркәсіп үшін, сондай-ақ муниципалдық қажеттіліктер үшін жыл сайын өседі. «Қаражанбасмұнайгаз» АҚ бу бүрку үшін тұщы суды негізгі тұтынушы болып табылады. Қаражанбас кен орнының су тұщыландыру қондырғысын құру жобасы балғын судың тұтынушылығын азайтып, тұщы су тұтыну көрсеткіші бойынша IOGP жоғары квартиліне кіруге мүмкіндік береді. 2019 жылғы қыркүйекте CEL компаниясы 2021 жылы аяқтау жоспарланған құрылыс жұмыстары басталды.

2019 жылы Атырау мұнай өңдеу зауыты (АМӨЗ) зауыт үшін жаңа тазарту құрылыстарын жобалау мен салуға кірісті, Tazalyk жобасы. Тазарту құрылыстарын жаңғырту екі кезеңде жүргізілетін болады:

1. механикалық тазарту құрылыстарын жаңғырту және қайта жаңартудың бірінші кезеңі (2019-2021 жылдар);
2. биологиялық тазарту құрылыстарын жаңарту мен жете тазарту блогын салу (2019-2023 жылдар)

Тазарту құрылыстарын жаңғырту ең үздік технологияларды енгізе отырып, жабық түрдегі жаңа тазарту құрылыстарын салуды көздейді. Бұл буландыру алаңдарын пайдалануды тоқтатып, Атырау қаласының жерасты суына, флорасына, фаунасы мен атмосфералық ауасына тиетін теріс әсерді жоюға мүмкіндік береді. Нәтижесінде, «Тухлая балка» буландыру алаңдары қалпы келтірілетін болады. Сондай-ақ Жоба судың қайта пайдаланылуын көп есе ұлғайтуға мүмкіндік беретін ағынды суларды тазартудың көп сатылы жүйесін пайдалану есебінен Орал өзенінен су жинауды едәуір қысқартады. Жобаны 2023 жылдың аяғында аяқтау жоспарланған. Іздеу-зерттеу жұмыстары жүргізілуде. Атырау облысы мен «Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС арасындағы құрылыс аяқталғаннан кейін (2023 жылы) Атырау қаласының сол жағалауы бөлігіндегі коммуналдық тазарту құрылыстарында АМӨЗ-дің нормативтік-тазарту ағында-рын қабылдау туралы ынтымақтастық меморандумына қол қойылды.



ҚМГ-де су пайдалану мен іске асырылатын жобалар туралы нақтырақ Орнықты даму туралы есепте көруге болады.



ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ПЕН ЕҢБЕКТИ ҚОРҒАУ

ҚМГ компаниялары тобының еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздік саясаты жоғары басшылықтың еңбекті қорғау мен өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне қатысты ұстанымдылығына негізделген және әрбір қызметкерді қауіпсіздік мәдениетін дамытуға тартуға арналған. Компания мен оның ЕТҰ басшылығы жазатайым жағдайлар мен апаттармен, алкогольдің, психотроптық заттармен және олардың аналогтарының тұтынуымен және жол-көлік оқиғаларымен байланысты шығындар мен залалдарға қатысты нольдік төзімділік қағидатын сақтайды. Компания ұлттық заңнамадан басқа халықаралық және ұлттық стандарттардың талаптарын сақтауға міндеттенеді.

Басқарманың 2016 жылдың 27 қыркүйегіндегі шешімімен (№39 хаттама) бекітілген ҚМГ-2020 еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жағдайын жақсарту жөніндегі жол картасын іске асыру шеңберінде, бірінші кезекте қызметкерлердің ауру мен жарақаттылыққа байланысты емес өлімін қысқартуға бағытталған ҚМГ-нің корпоративтік сауықтыру бағдарламалары кезең-кезеңмен енгізіледі. 2019 жылғы жол картасы 31 жобаны қамтыды.

Осылайша, 2019 жылы қауіпсіз мінез-құлықты анықтауға және түзетуге шоғырландырылған «Салдарсыз болған оқиғалар бойынша есептілік/Qorgau картасы» атты пилоттық жоба іске қосылды. «Салдарсыз болған оқиғалар бойынша есептілік» атты бағдарлама жұмыстың қауіпсіз шарттарын белгілеуге бағытталатын болады, барлық деңгейлердегі қызметкерлерді тартады және алаңдаушылығымен, проблемаларымен және ұсыныстарымен бөлісуге мүмкіндік береді.

Ықтимал сыни жағдайларға жедел ден қоюды, олардың өршуін болдырмауды, салдар ауырлығын және олардың пайда болу нәтижесіндегі залал ықтималдығын азайтуды қамтамасыз ету мақсатында, Сыни жағдайларды басқару жүйесі енгізілді. ҚМГ компанияларының тобында оқиғаға ден қоюдың өндірістік объект пен еншілес ұйымның деңгейінен корпоративтік орталық тарапынан сыни жағдайды стратегиялық басқару деңгейіне дейін күшеюін қамтамасыз ететін басқарудың үш деңгейлі жүйесі қолданылады. 2019 жылы Сыни жағдайды басқару командасының бірінші оқуы

өтті. ЕТҰ-да сыни жағдайларды басқару жүйесі бойынша ішкі оқу өткізілуде.

Жерүсті көлік қауіпсіздігі бойынша басқару жүйесіне жүргізілген талдау қорытындылары бойынша жақсартуды талап ететін үш сала анықталды: жүргізушілерді оқыту мен олардың біліктілігін арттыру, GPS көмегімен көлік құралдарының мониторингін жүргізу жүйесі мен жолсапарларды басқару жүйесі. ҚМГ-нің көлік қауіпсіздігі саясатына сәйкес, көлік қауіпсіздігінің жағдайын жақсарту және әдіснамалық базаны күшейту және бірегейлендірілген талаптарды орнату үшін, ҚМГ Жаңғырту жөніндегі кеңесінің 2019 жылдың 23 қазанындағы шешімімен ҚМГ-нің Цифрлық Трансформация бағдарламасындағы «Жолсапарларды басқару» жобасының инициациясы мақұлданды.

Жобаның мақсаты ең үздік халықаралық практикалардың негізінде қауіпсіз жүргізу мәдениетін құру, сондай-ақ заманауи цифрлық шешімдерді енгізу мен процестерді автоматтандыру арқылы көлік қауіпсіздігін арттыруға арналған. Жобаның іске асыру мерзімі: 2020-2022 жж. Жоба барлық жерүсті көлік операцияларына қатысты жолсапарлардың қауіпсіздігіне қойылатын талаптарды бірегейлендіруге, негізгі метрикаларды орталықтан бақылауды ұйымдастыруға және талдау есептері мен корпоративтік көрсеткіштерін енгізу арқылы автокөлікті тиімді пайдалануға мүмкіндік береді.

Қызметкерлеріміздің өмірі мен денсаулығы басым болып табылады, сондықтан да біз жазатайым жағдайларды нольдік деңгейге дейін азайту мақсатымызға, яғни, 100%-тік қауіпсіздікке қол жеткізу үшін жұмыс істеуді ешқашанда тоқтатпаймыз. Соңғы бес жылда біз еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау саласындағы көрсеткіштерді айтарлықтай жақсарттық. Біздің қызметкерлеріміз қауіпсіз еңбек жағдайы жасалып жатқанын және өзін, өз әріптестері мен айналадағы адамдарды қорғау үшін ең жоғары стандарттар енгізіліп жатқанын атап өтеді. Бірақ біз ұмтылатын мақсаттар әлі де бар. Өкінішке орай, 2019 жылдың екінші жартысында біз жазатайым жағдай – жол-көлік оқиғасы мен өрт нәтижесінде екі қызметкерімізден айрылып қалдық.


ЖАРАҚАТТЫЛЫҚ

- Жарақаттылық коэффициенті – 0,31 (2020 жылға қарай IOGP жоғары квартиліне кіру жоспарына сәйкес 0,25)
- «Алтын қағидалар» — «Алтын қағидаларды» бұзу 23%-ға азайды: 36 жағдай (2018 жылы — 47 жағдай).
- Қол мен саусақ жарақаттылығы 57%-ға азайды: 9 жағдай (2018 жыл – 21).
- ҚМГ корпоративтік орталығының аудиттерін жүргізу жоспары орындалды (15 ЕТҰ мен БК-нің 15-і тексерілді).
- ҚОӘБ бойынша он корпоративтік басшылық құжат бекітілді.


Жарақаттану көрсеткіштері, жағдайлар саны

Негізгі индикаторлар	2018	2019	Өзгерістер	%
Еңбек қызметімен байланысты ӨЖ	1	2	1	100
Еңбек қызметімен байланысты емес ӨЖ	21	13	-8	-38
Еңбек қабілеттігі жоғалған ЖЖ	48	46	-2	-4
Еңбек қабілеттігі жоғалған ірі ЖЖ	9	8	-1	-11
Барлық ЖКО	66	44	-22	-33
Ірі + апаттық ЖКО	11	13	2	18
Жүргізу жарақаттылығы	9	10	1	11
Алтын Қағидаларының бұзылуы	47	36	-9	-23
Өрт	12	10	-2	-17

5 ЖЫЛДЫҚ ӨЛІМ ЖАҒДАЙЛАР КОЭФФИЦИЕНТІ,
100 МЛН/САҒ АДАМҒА ЕСЕПТЕГЕНДЕ



5 ЖЫЛДЫҚ ЖҰМЫС УАҚЫТЫ ЖОҒАЛҒАН ЖАЗАТАЙЫМ ЖАҒДАЙЛАР
КОЭФФИЦИЕНТІ, 1 МЛН САҒ/АДАМҒА ЕСЕПТЕГЕНДЕ



¹ IOGP 2018 жылғы қол жетімді көрсеткіштері (<https://www.iogp.org/>)




ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ


ҚМГ мен ЕТҰ-дағы еңбек қорғау мен еңбек гигиенасы мәселелерін басқару денсаулық сақтау мен еңбек гигиенасы саласындағы қазақстандық заңнаманың талаптары мен халықаралық талаптарға сәйкес жүргізіледі.

2019 жылы ЕТҰ қызметкерлерінің ауруына байланысты еңбекке жарамсыздық күндерінің тіркелген саны – 162 153, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 54 050 күнге немесе 24,9%-ға аз. 2018 жылмен салыстырғанда ЕТҰ қызметкерлері арасындағы жарақаттылыққа байланысты емес өлім жағдайларының саны 8 жағдайға немесе 38,0%-ға азайды.

ЖАРАҚАТТЫЛЫҚПЕН БАЙЛАНЫСТЫ ЕМЕС ӨЛІМ ЖАҒДАЙЛАРЫНЫҢ САНЫ



НАУҚАСТАНУ БОЙЫНША ЕҢБЕККЕ ЖАРАМСЫЗ БОЛУ КҮНДЕР САНЫ



ҚМГ компанияларының тобында өндірістік объектілерде еңбек жағдайын жақсарту мен кәсіптік аурудың алдын алу бойынша іс-шаралар кешені жүргізіліп жатыр. ҚМГ компанияларының тобында денсаулық пен еңбек гигиенасы жөніндегі корпоративтік стандарт әзірленіп, жоспарлы түрде енгізіліп жатыр, оның негізгі мақсаттары:

- қызметкерлердің денсаулығын сақтау және жақсарту үшін өндірістік процесті ұйымдастыру бойынша бірыңғай талаптарды белгілеу;
- жұмыс орындарында еңбек гигиенасы мен эргономиканы, өндірістік санитарияны жетілдіру арқылы тәуекелдерді/қауіпті және зиянды өндірістік факторларды анықтау және азайту;
- қызметкерлердің денсаулығына төнген қауіптерді бағалауға негізделген бақылау және оларды орынды төмен деңгейге дейін азайту бойынша ескерту шараларын қолдану;
- жұмыс және жұмыстан тыс уақытта қызметкерлердің салауатты өмір салтын ұстануына ықпал ету және ынталандыру.

Қызметкерлер арасында жүрек-қан тамырларының ауруына байланысты өлім-жітімді болдырмау мен азайтуға бағытталған ҚМГ-нің «Инфракт пен инсульттарды болдырмау» атты денсаулық сақтау бойынша корпоративтік науқан жалғасуда. Негізгі міндеттері қызметкерлерді жедел медициналық көмекпен қамтамасыз ету, медпункттерді жабдықтау мен жедел медициналық ден қою жоспарының мазмұны бойынша жұмысты ұйымдастыруға талаптарды белгілеу болып табылатын «Сауығуға 10 қадам» атты бастамашылық пен «ҚМГ компанияларының тобында жедел медициналық көмекті ұйымдастыру регламенті» атты ішкі реттейтін құжаттың енгізілуі бақылануда және мониторинг жүргізілуде.

Есепті жылы ҚМГ-нің бірқатар ЕТҰ базасында мамандар мен қызметкерлерді зардап шеккендерге алғашқы көмек көрсетуге үйрету, парамедиктердің оқуы мен көрнекі медициналық оқу-жаттығу дабылын жүргізу бойынша жұмыс жалғастырылды.

Еңбек қорғау мен еңбек гигиенасы саласындағы басқаруды жақсарту және оның тиімділігін арттыру үшін, келесі іс-шаралар өткізілді:

- медициналық қамтамасыз ету, жедел медициналық ден қою, ауысым алдындағы медициналық куәландыру мен ауысым алдындағы медициналық қарап-тексеру, тәуекелдерді бағалау секілді бағыттар бойынша бағалау құралдарын қамтитын ҚМГ-нің Денсаулық сақтау саласындағы Басқару жүйесі бойынша стандарт әзірленіп, бекітілді;
- ЕТҰ-да көрнекі медициналық оқу-жаттығу оқуы өтті;
- ЕТҰ мамандарының қатысуымен тоғыспалы аудиттер жүргізілді;
- ЕҚ, ӨҚ және ҚОӘБ қызметтері парамедиктерінің алғашқы көмек көрсету бойынша оқуы ұйымдастырылды;
- ЕҚ, ӨҚ және ҚОӘБ қызметтері мамандарының денсаулық сақтау және еңбек гигиенасы бойынша оқуы өткізілді;
- ҚМГ Денсаулық сақтау саласындағы басқару жүйесіне оқтын-оқтын бақылау жүргізіледі және жақсарту бойынша іс-шаралар әзірленеді.

Қауіпсіздік мәдениетін арттыру шеңберінде, Компания өндірістегі жарақаттылық деңгейін азайту үшін шаралар кешенін әзірледі.

- 2019 жылы жұмыс қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықты 68 263 бақылау және жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықты 23 495 бақылау жағастырылды.
- Үздік әлемдік практикаға негізделген, ҚМГ компанияларының барлық тобы бойынша еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау мәселелеріне дәйекті түрде қолданылатын тәсілді қамтамасыз ететін корпоративтік құжаттарды әзірлеу және енгізу бойынша үздіксіз жұмыс жүргізіліп жатыр.
- ҚОӘБ жөніндегі комитеттердің үш деңгейлі жүйесі енгізіліп, жұмыс істеп жатыр.

Жұмыстар қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықты бақылау – 68 263

- Жарақаттылық деңгейі жоғары ЕТҰ-да кешенді аудиттер жүргізілді және олардың нәтижесінде өндірісте жазатайым жағдайлардың туындау қауіптерін азайту бойынша түзету іс-шараларының жоспарлары әзірленді және іске асырылды.
- Қауіпсіздік процестері бойынша қызметкерлерді, топ-менеджментті қауіпсіздік бойынша жаңа бағдарламаларға оқыту мақсатында көшпелі презентациялар өтті.
- Компаниялар тобының жүргізушілерін қорғалып жүргізу бойынша оқыту жалғасуда. 12 ішкі тренер шамамен 1 366 жүргізушіні (барлығы 7,2 мың) оқытты.
- Басқарма төрағасының ҚОӘБ саласындағы ең үздік инновациялық идея бойынша V конкурсы өтті (20 ЕТҰ қызметкерлері 103 өтінім берді).
- Kazakhstan Energy Week 2019 шеңберінде, 370 қатысушы жинаған «SPE: Каспий өңіріндегі Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, қоршаған ортаны қорғау және әлеуметтік жауапкершілік» атты 1-ші симпозиум өтті.
- «Нольдік жарақаттылық жолында» тақырыбына еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы бас

ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУ

ҚМГ-нің әлеуметтік саясат саласындағы стратегиясы өз қызметінің өңірлерін дамытуға жәрдемдесуге арналған. Компания Қазақстан Республикасында қолданылатын заңнамалық және нормативтік заң талаптарын, сондай-ақ мұнай компанияларының қызметін реттейтін халықаралық заңдар мен шарттарды сақтайды. ҚМГ меритократия, әділдік пен объективтілік қағидаттарын сақтайды; әрбір қызметкерге жаңа жетістіктер үшін оңтайлы жағдай жасайды және әрқайсысының ҚМГ қызметіне қосқан үлесін әділ бағалайды; барлық деңгейдегі қызметкерлердің стратегиялық, операциялық және өндірістік мақсаттағы түсінушілік, мүдделілік пен қолдау мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді. Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберінде, ҚМГ қатысу өңірлері облыстарының әкімдіктерімен жасалған меморандумдардың шеңберінде, өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуына және оның инфрақұрылымын дамытуға қомақты соманы жыл сайын аударып тұрады.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖЫНЫС БОЙЫНША БӨЛІП КӨРСЕТУ, %



Жүргізу қауіпсіздігі бойынша мінез-құлықты бақылау – 23 495

директорлардың жыл сайынғы V форумы өтті. Ұқсас форумдар ЕТҰ-да өткізіледі: ҚТО компаниясы Нұр-Сұлтан қаласында желілік басшыларға арналған форум өткізді (>150 қатысушы).

- Жергілікті жерлерде қызметкерлердің хабардар болу деңгейін арттыру бағдарламалары әзірленіп енгізілді:

- қауіпсіздік мәдениетін арттыру мақсатында Басқарма төрағасының қызметкерлерге тоқсан сайынғы жолдауларын дайындау және тарату;
- «Инфарттар мен инсульттар профилактикасы» тақырыбына брошюралары әзірленіп, басып шығарылды және ҚМГ компанияларының тобында таратылды;
- ҚОӘБ логотипі бар имидждік өнім ЕТҰ-ға жіберілді;
- ЕТҰ қызметкерлерінің компьютерлеріне 100%-дық қауіпсіздік анимациялық заставкасы және өзгелер орнатылды;
- ҚОӘБ саласында тәжірибе алмасу мақсатында ҚМГ Қордың қоржынды компанияларымен кездесулер жүргізеді.

2019 жылдың аяғында ҚМГ компаниялар тобындағы (оның ішінде, қатысу үлесі 50% және одан да көп ЕТҰ мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындарда (ББК)) қызметкерлердің іс жүзіндегі саны 70 938 адам.

Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан ЕТҰ мен ББК бойынша жергілікті тұрғындар санынан жалданған жоғары рангтегі басшылар үлесі (қатысу үлесі 50% және одан да көп) – 86%.

Барлық деңгейлердегі басшыларға жататын қызметкерлер үлесі — қызметкерлердің жалпы санынан 11,3%, оның ішінде әйелдер — 16,5%, еркектер — 83,5%.

2019 жылдың аяғындағы жағдай бойынша ҚМГ компанияларының тобы бойынша қызметкерлердің іс жүзіндегі саны 70 938 адам болды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ЖАСТЫҚ ТОППЕН КӨРСЕТУ, %



ӘЛЕУМЕТТІК САЯСАТ БАСЫМДЫҚТАРЫ

СТУДЕНТТЕРМЕН ЖҰМЫС ІСТЕУ

ҚМГ жыл сайын Қазақстанның жоғары оқу орындары студенттерін өндірістік диплом алдындағы практикадан өту үшін қабылдайды.

2019 жылы «Жас өркен» бағдарламасының үш түлегі жұмысқа тұрды.

«Цифрлық жаз» бағдарламасы бойынша ҚМГ компанияларының тобы бойынша жобаның шамамен 20 қатысушысы жазғы тағлымдамаға қабылданды. Тағлымдама қорытындылары бойынша төрт жас маман жұмысқа қабылданды.

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ БЕЙІМДЕУ МЕН ОҚЫТУ

2019 жылдан бастап, ҚМГ компанияларының тобы бойынша оқу тұжырымдамасының мақсаты өндірістік бағыттағы басшылар, инженерлік-техникалық персонал секілді қызметкерлерді, сондай-ақ жұмысшы кәсіптері бар қызметкерлерді дамытуға арналған. Корпоративтік орталық «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС-мен бірлесіп, «Игеру жөніндегі инженер» сияқты өндірістік кәсіптерді дамыту бағдарламасын әзірлеп бекітті (2019 жылы «Өзенмұнайгаз» АҚ, «Қаражанбасмұнай» АҚ, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ, «КМГ Инжиниринг» ЖШС, «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, «Қазақтүрікмұнай» ЖШС өндіру компанияларының 25 қызметкері оқудан өтті).

Сондай-ақ қызметкерлердің кәсіби құзыреттерін дамыту мен оқуының негізгі бағыты мұнай өңдеу зауыттарын жаңғырту болып табылады. Осылайша, 2019 жылы ПМХЗ қызметкерлеріне IBM Maxima және процестерді басқару бойынша модульдік оқу өтті. ПМХЗ, АМӨЗ мен Caspi Bitum қызметкерлері үшін «Петромидия» (Румыния) зауытының аумағында техникалық қызмет көрсету бойынша көшпелі оқу бағдарламасы іске асырылды.

Міндетті бағдарламалар мен біліктілікті арттыру курстары бойынша оқу негізгі бағыттар болып қалуда. 2019 жылы 140 мыңнан астам адамның оқуына 6,5 млрд теңге жұмсалды.

Оқудан өткен адамдардың санын есептеу кезінде өткізілген курстар ескеріледі (егер бір қызметкер екі бағдарлама бойынша оқудан өтсе, оқудан өткендердің саны екеу болады). Бір адамға шаққанда, академиялық сағаттардың орта жылдық саны –17,6 сағат.

140 мыңнан астам адам біліктілікті арттырудың міндетті бағдарламалары мен курстары бойынша оқудан өтті

ҰЖЫМДЫҚ ШАРТТАР

ҚМГ компанияларының тобында еңбекақы төлеуді, әлеуметтік қолдау көрсетуді, еңбек жағдайын, жұмыс және демалыс режимін ұйымдастыру үшін бірыңғай қағидаттарды белгілейтін ұжымдық шарттың үлгі нысаны әзірленді.

Әрбір кәсіпорын өздерінің жұмыс беруші мен қызметкерлер арасында ұжымдық шарттар жасасады.

36 өндірістік кәсіпорында ұжымдық шарттар жасалды. Ұжымдық шарттармен қамтылған ҚМГ компаниялар тобы қызметкерлерінің саны – 58 710 адам.

58,7 мың адам ұжымдық шарттармен қамтылған

КӘСІПОДАҚТАР

ҚМГ компаниялары тобының кәсіпорындарында кәсіподақтар құру қызметкерлердің ерік білдіруі болып табылады.

ҚМГ компаниялар тобында құрылған ішкі коммуникациялардың бірыңғай жүйесінде ҚМГ кәсіпорындарының кәсіпорындарымен консультацияларды міндетті түрде жүргізу көзделген.

ҚМГ компанияларының тобында 55 657 қызметкердің мүдделерін қорғайтын бастапқы және оқшаулы кәсіпорындар ескеріле отырып, 40 кәсіподақ комитеті жұмыс істеп жатыр.

40 кәсіподақ комитеті

ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

ҚМГ компаниялар тобы ұйымдарының ұжымдық шарттары мен Әлеуметтік қолдау қағидаларында бірыңғай кепілденген әлеуметтік пакет енгізілген, сондай-ақ кәсіпорынның қаржы жағдайына және жұмыс беруші мен қызметкерлер/кәсіподақтар арасындағы келіссөз процесіне қарай, қосымша әлеуметтік пакет ұсынылған.

ҚМГ кәсіпорындарының ұжымдық шарттарында қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелері, сондай-ақ жұмыс істемейтін зейнеткерлері үшін әлеуметтік қолдаудың 35 түрі көзделген.

МОТИВАЦИЯЛЫҚ БАҒДАРЛАМАЛАР

«Барлау» және «Өндіру» бизнес-бағытындағы компанияларда Еңбекақы төлеудің бірыңғай жүйесі (ЕТБЖ) енгізілді, оның мақсаты барлық бөлімшелерде еңбекақы төлеудің бірыңғай тәртібін қамтамасыз ету және қызметкерлердің еңбек қорытындыларына мүдделі болуын күшейту болып табылады. Осы жүйеде қызметкерлерге өтемақы төлемдері, үстеме және қосымша төлемдер берілетін бірқатар шарттар көзделген; осындай критерийлердің бірі өңірлік коэффициент – климаттық жағдайы қатаң өңірлерде жұмысты орындауға байланысты қосымша шығыстарды және көтеріңкі шығындарды өтеу мақсатында жалақыны салыстырмалы түрде көбейту көрсеткіші болып табылады.

2019 жылы ҚМГ қызметкерлері «Татнефть» КАҚ базасында халықаралық аренадағы жарыстарға алғаш рет қатысты. Осы іс-шараның мақсаты: тәжірибе алмасу, мамандарды оқыту, компаниялар арасындағы өзара іс-қимылды нығайту болды.

Төрт күн ішінде ҚМГ компаниялар тобының 26 ұйымының 182 қызметкері жұмыс шеберлігі бойынша жарысқа қатысты.

САЛАУАТТЫ ӨМІР САЛТЫН ҚОЛДАУ

ҚМГ жыл сайын қызметкерлер арасында әр түрлі спорт түрлері бойынша Спартакиада өткізеді.

2019 жылы Шымкент қаласында Спартакиада өтті. Іріктеу топтарына ҚМГ-нің 48 еншілес ұйымынан 3 мыңнан астам спортшы қатысты. ҚМГ-нің 26 еншілес ұйымынан 350 адам ойынның финалына шықты.

ҚМГ Спартакиадасына
3 мыңнан астам адам қатысты

ДЕМЕУШІЛІК ЖӘНЕ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ

Қор компаниялар тобының барлық демеушілік және қайырымдылық қызметін «Samruk-Kazyna Trust» әлеуметтік жобаларды дамыту қоры жүзеге асырады. Қор қызметі мемлекеттік органдардың, Қазақстан Республикасының Үкіметі мен қоғамдық және әлеуметтік саясат саласындағы сарапшылардың қолдауымен жүзеге асырылады.

2019 жылы ҚМГ компанияларының тобы бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар шеңберіндегі әлеуметтік инвестициялардың көлемі 7,6 млрд теңге болды.

Сонымен қатар, есепті кезеңде ҚМГ Қазақстан Республикасы Үкіметі тапсырмаларының шеңберінде, Түркістан қаласының инфрақұрылымын дамытуға 22,8 млрд теңге бөлді (7 мың орынды стадион, 1 мың орынға конгресс холл мен амфитеатр құрылысы).

Жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың шеңберіндегі әлеуметтік инвестициялардың көлемі –
7,6 млрд теңге



ОҚУДАН ӨТКЕН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІҢ ЖАЛПЫ САНЫ, ЖЫЛДАР БОЙЫНША, МЫҢ АДАМ



ПЕРСОНАЛДЫ ДАМУ ШЫҒЫНДАРЫ, МЛРД ТЕҢГЕ



ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРДІ ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ ШЫҒЫСТАРЫ, МЛРД. ТЕҢГЕ



Бір қызметкерге шаққанда, академиялық сағаттардың орта жылдық саны – 17,6 сағат.

Оқудан өткен адамдардың санын есептеу кезінде өткізілген курстар ескеріледі (егер бір қызметкер екі бағдарлама бойынша оқудан өтсе, оқудан өткендердің саны екеу болады).

2019 жылы ҚМГ компаниялар тобының қызметкерлерін әлеуметтік қолдау, оның ішінде жұмыс істемейтін зейнеткерлерге әлеуметтік көмек шығыстары 22 млрд теңге (2018 жылы – 22 млрд теңге) болды. ҚМГ компанияларының тобы бойынша әлеуметтік пакетінің басым үлесін қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін ерікті медициналық сақтандыру, бала тууға, оның күтіміне байланысты материалдық көмек көрсету, балалардың оқуы, көп балалы отбасылар, сондай-ақ балалардың жазғы демалысы мен қызметкерлердің демалысына қосымша ақы төлеу құрайды.

Қолдау бағыттары бойынша шығындардың құрылымы

Шығындар	Үлес, %
Ауырған жағдайда, қызметкерлер мен олардың отбасы мүшелерін ерікті медициналық сақтандыру	22
Бала тууға, оның күтіміне байланысты материалдық көмек көрсету, балалардың оқуы, көп балалы отбасылар	18
Балалардың жазғы демалысы мен қызметкерлердің демалысына қосымша ақы төлеу	17
Жұмыс істемейтін зейнеткерлерді әлеуметтік қолдау	7
Медициналық сақтандыру лимитін асырған жағдайда, медициналық емдеу/операция төлеуге материалдық көмек	2
1 қыркүйекке қарай мектеп жабдықтарын сатып алуға көмек көрсету	3
Мүгедек зайыбы (жұбайы), бала жасынан мүгедек балалары бар қызметкерлерге Мүгедек күніне орай берілетін материалдық көмек	2
Әлеуметтік қолдаудың өзге де түрлері ¹	29

ҚМГ компанияларының тобында гендерлік айырмашылыққа қарай, базалық айлықақы мен сыйақы төлеу жүйесінде айырмашылық жоқ. ҚМГ компаниялар тобының ұйымдарындағы жалақы деңгейі қызметкерге емес, лауазымға байланысты, яғни, бір лауазымда жұмыс істейтін еркектер мен әйелдер ұйымдағы еңбекақы төлеу қағидаларында көзделген бірдей жалақы мен өзге төлемдер алады. Басшылар үшін жылдық ҚНК бекітіледі, оларды лайықты түрде орындағаны үшін жылдық бонустар көзделген. Әкімшілік деңгейдегі қызметкерлер үшін мақсаттар бекітілген. Оларды орындағаны үшін қызметкерлерге әрбір тоқсан қорытындылары бойынша сыйақы беріледі.

¹ Әлеуметтік қолдаудың өзге де түрлері: (интернационалистік-әскерилерге (ауғандық) кеңге отырған кезде берілетін материалдық көмек, Чернобыль қатысушыларына/Семей полигонының құрбандарына, қызметкердің/жақын туысының қайтыс болуы бойынша, жүктілік және бала туу бойынша, жерлеудің ұйымдас-тырылуына әлеуметтік қолдау, жазатайым жағдайдың нәтижесінде қайтыс болған қызметкердің отбасына төлемдер, көмекке мұқтаж отбасыларға көмек, қызметкердің тұрғын үй шығыстарын төлеу, спорт құрылыстарына тегін бару, мерейтолық жасқа келгенде берілетін төлем, балаларға арналған мекемелерді төлеу, марапатталған қызметкерге төлем, зейнеткерлік жасқа жетуіне байланысты төлем, жеңілдікті шарттарда сырқаттану парақтарын төлеу, жұмысқа қабылдау кезінде төленетін өтемақы төлемдері, дәрі-дәрмекке шығыстарды өтеу, балаларға берілетін жаңажылдық сыйлықтар



ӘЛЕУМЕТТІК ТҰРАҚТЫЛЫҚ ИНДЕКСІ (ӘТИ)

«Самұрық-Қазына» АҚ жанындағы әлеуметтік өзара іс-қимыл жасау және коммуникация орталығы (бұдан әрі – Орталық) жыл сайын ҚМГ компанияларының тобы бойынша Әлеуметтік тұрақтылық индексі (ӘТИ) зерттейді. 2019 жылы Орталық ҚМГ-нің 25 ЕТҰ қатысуымен ӘТИ зерттеді (6 906 респондент арасында сауалнама жүргізілді). Іріктеу ЕТҰ-ның және, тұтастай алғанда, ҚМГ-нің әлеуметтік-демографиялық, институционалдық-аумақтық және кәсіби-лауазымдық құрылымын көрсетеді.


ҚМГ ӘТИ 2014-2019 жылдары 61-ден 72 пайызға дейін өсіп, «орташадан жоғары» деңгейге шықты. Әдіснамаға сәйкес, компанияда әлеуметтік даму мәселелеріне көп назар аударылатынын білдірілді. Әрбір кәсіпорын бойынша есептердің негізінде әрбір кәсіпорын бойынша зерттеу барысында анықталған «дабыл аймақтарын» жою немесе барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары жасалады.

Зерттеу қатысушыларының саны персоналдың жалпы санының 41%-н құрайды.

Әрбір ЕТҰ бойынша профилактикалық іс-шаралар жүргізу қажет анағұрлым «дабыл аймақтары» көрсетілді. Әрбір кәсіпорын бойынша есептердің негізінде зерттеу барысында анықталған «дабыл аймақтарын» жою немесе барынша азайту бойынша 2019-2020 жылдарға арналған іс-шаралар жоспары жасалды.

Жоспарда еңбек ұжымының қанағаттануын, басшылықтың іс-әрекеттеріне деген сенімді арттыру, тұруын, тамақтануын ұйымдастыру шаралары, сондай-ақ лайықты еңбек жағдайын жасау, сапалы арнайы киіммен және арнайы жеке құралдармен қамтамасыз ету, тамақтануды, оқуды, кәсіби өсуді арттыруды, кері байланыстың тиімді тетігін арттыруды, мотивация мен ынталандыру жүйесін қамтамасыз ету және басқа да мәселелер бойынша іс-шаралар көзделген. 2019 жылы жоспарланған іс-шаралар орындалды.

РЕСПОНДЕНТТЕР, %



Әлеуметтік тұрақтылық индексі –

72%

«ҚазТрансГаз» АҚ (ҚМГ-нің 100%-тік еншілес ұйымы) Қазақстандағы жалпы ұзындығы 19 мың км-ден асатын, жылдық өткізу қабілеттігі 230 млрд. текше м. магистральдық газ құбырларының ең ірі желісі мен ұзындығы 49 мың км астам газ тарату желілерінің пайдаланылуын жүзеге асырады.



8,8 млрд. текше м газ экспортқа жіберілді, оның ішінде 81% қытай халық республикасына экспортталды

#1

ҚАЗАҚСТАНДА

ГАЗ ТАСЫМАЛДАУДА

КОМПАНИЯ Қазақстанда газ тасымалдау көлемдерінен 79%-ті қамтамасыз етеді

БҮДАН ӘРІ:
КОРПОРАТИВТІК
БАСҚАРУ



ЖАУАПКЕРШІЛІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, Директорлар кеңесі мен Басқарма Компанияның жылдық есебі мен қаржы есептілігінің дұрыстығы үшін жауап береді.

Директорлар кеңесі мен Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі жылдық есеп пен қаржы есептілігін дайындау және келісу үшін жауапкершілігін мойындайтынын мәлімдейді, сондай-ақ, тұтастай алғанда, жылдық есеп пен қаржы есептілігін әділ, теңдестірілген және түсінікті, сондай-ақ акционерлер үшін Компания қызметінің жағдайын, қорытындыларын және бизнес-модель мен стратегиясын бағалау үшін қажетті ақпаратты қамтитынын мәлімдейді.

Директорлар кеңесінің әрбір мүшесі, онда бар ақпараттан туындай отырып:

- ХҚЕС-ке сәйкес дайындалған Компанияның қаржы есептілігінің активтердің, міндеттемелерінің, қаржылық жағдайының, қаржы-шаруашылық қызметі қорытындыларының, Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының жинақталған балансының шынайы және дұрыс көрсетілгенін;
- Басқарма есебінің Компания мен оның еншілес кәсіпорындарының жиынтықта қаржы-шаруашылық қызметі мен қаржы жағдайының дамуы мен көрсеткіштері туралы дұрыс деректерін, сондай-ақ олар тап болған ең маңызды тәуекелдер мен белгісіздіктерді сипаттамасын қамтитынын растайды.

Компанияның Корпоративтік басқару кодексіне сәйкес, Директорлар кеңесі директорлардың тәуелсіздік фактісін анықтады және Уолтон Кристофер Джон, Дайер Филип Джон, Уайт Стивен Джеймс пен Виана Палья да Силва Луис Мария мінезі бойынша және шешімдерді қабылдау кезінде тәуелсіз болып табылады деп есептейді. Директорлар кеңесі осы директорлардың тәуелсіз шешімдеріне елеулі әсер ететін немесе әсер ете алатын қандай да бір болмасын қатынастардың немесе мән-жайлардың жоқ екенін анықтады.

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІ

ҚМГ-нің корпоративтік басқару жүйесі ҚМГ қызметін басқару мен бақылауды қамтамасыз ететін процестер жиынтығын, сондай-ақ акционерлер (Қор мен «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ), Директорлар кеңесі, Басқарма мен мүдделі тараптар арасындағы өзара қарым-қатынастар жүйесін білдіреді.

ҚМГ органдарының құзыреттері ҚМГ Жарғысында нақты бөлініп, бекітілген.

ҚМГ-нің корпоративтік басқару жүйесі акционерлер мен негізгі мүдделі тараптар: мемлекеттің, стратегиялық әріптестер мен контрагенттердің (өнім берушілер мен сатып алушылардың), инвесторлардың, ҚМГ қызметкерлерінің, муниципалитеттердің, жергілікті қауымдастықтар мен Компания қатысатын өңірлер тұрғындарының құқықтары мен заңды мүдделерін сыйлауға негізделеді.

Компанияның корпоративтік басқару жүйесі қазақстандық және халықаралық корпоративтік басқару практикасының талаптары мен стандарттарын үнемі жетілдіреді.

ҚМГ корпоративтік басқару құрылымы



¹ «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының тұлғасында

КОРПОРАТИВТІК БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

Компания корпоративтік басқарудың жоғары стандарттарына сәйкес келу мен анықтылық – бұл әлеуетті инвесторлардың, контрагенттер мен өзге де стейкхолдерлердің сенімін нығайтуға, Компания ресурстарын тиімсіз пайдалану тәуекелдерін азайтуға, оның құнын өсіруге және әл-ауқатты ұлғайтуға ықпал ететін инвестициялық тартымдылықты және қызметтің экономикалық тиімділігін арттыру ең маңызды факторлар екенін мойындайды.

ҚМГ корпоративтік басқару практикасын құру мен жақсарту базаланатын негізгі құжат – 2015 жылы қабылданған ҚМГ-нің корпоративтік басқару кодексі (бұдан әрі – Кодекс)¹ болып табылады.

Корпоративтік хатшы Кодексті Компанияның «Comply or explain» (Сақта немесе түсіндір) тәсілдерін қолдана отырып, оның қағидаттары мен ережелерін сақтау мәніне жыл сайын талдайды. Қазіргі уақытта Кодекс талаптарының басым бөлігі сақталады. Оның жекелеген ережелерін сақтамау жағдайлары сақтамау себептерінің түсініктемелері көрсетілген Кодексті сақтамау туралы есепте жазылған. Жылдық есепке қоса берілген қосымшада ҚМГ-нің 2019 жылы Кодекстің қағидаттары мен ережелерін сақтамауы туралы есеппен танысуға болады.

2018 жылы тәуелсіз консультант дауыс беретін акцияларының кемінде 50%-ті Қорға (бұдан әрі – Қор) (Компанияның негізгі акционері) тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғалардағы корпоративтік басқару диагностикасы әдістемесінің негізінде жүргізген корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасының қорытындылары бойынша, тәуелсіз консультант ҚМГ-ге «ВВ» деңгейіндегі корпоративтік басқару рейтингісін берді, бұл барлық маңызды аспектілердегі Компанияның корпоративтік басқару жүйесінің белгіленген критерийлердің көпшілігіне сәйкес келуін, бұл ретте, жүйенің тиімді жұмыс істейтініне жеткілікті растаудың болмауын білдіреді.

2019 жылы Компания көрсетілген корпоративтік басқару диагностикасының қорытындылары бойынша берілген және ҚМГ Директорлар кеңесі бекіткен ҚМГ-нің 2019-2020 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі егжей-тегжейлі жоспарына (бұдан әрі – Корпоративтік басқару жоспары) енгізілген тәуелсіз консультанттың ұсынымдарын жоспарлы және кешенді іске асыруға арнады. Корпоративтік басқару жоспары кемінде 500 іс-шарадан тұрады және Директорлар кеңесі мен Атқарушы органы қызметінің тиімділігі, ішкі бақылау мен аудит, орнықты даму акционердің құқықтары мен анықтылық секілді корпоративтік басқару компоненттерін өтейді. Корпоративтік хатшы Корпоративтік басқару жоспарының іс-шараларын орындау барысы туралы есептерді дайындап, Аудит жөніндегі комитет пен Директорлар кеңесінің қарауына береді. Есептерді қарау қорытындылары бойынша Директорлар кеңесінен кері байланыс ҚМГ Басқармасының төрағасы мен корпоративтік басқару практикасын жетілдіру процесіне тартылған ҚМГ функционалдық блоктарының басшыларына дейін жеткізіледі.

Корпоративтік басқару жоспарының іс-шараларын сапалы және уақытылы іске асыру мақсатында, Директорлар кеңесі 2019 жылы ҚМГ корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі егжей-тегжейлі іс-шараларын іске асыру дәрежесі» атты корпоративтік ҚНК бекітті. Сонымен қатар, Қор мен ҚМГ-нің 2028 жылға дейінгі даму стратегияларында «Корпоративтік басқару рейтингісі» ҚНК-сінің өршіл мәндеріне қол жеткізу бойынша негізгі кезеңдер белгіленді. Бұл ҚМГ негізгі акционері, Директорлар кеңесі, Аудит жөніндегі комитет пен Компанияның менеджменті тарапынан корпоративтік басқаруға аса көңіл бөлінетінін білдіреді.

2019 жылы Корпоративтік басқару жоспарын іске асыру шеңберінде, Компания бірқатар бастамашылықты сәтті іске асырды. Директорлар кеңесі, тәуекелдерді басқару мен орнықты даму тиімділігі секілді бағыттар бойынша анағұрлым прогреске қол жеткізілді.

«ВВ»

тәуелсіз консультант берген корпоративтік басқару рейтингісі



2019 ЖЫЛҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕССИЯ

2019 жылғы 4 қыркүйекте Стратегиялық сессия өтті, оның барысында 2018 жылы бекітілген ҚМГ-нің 2028 жылға дейін даму стратегиясын іске асыруға байланысты мәселелер қаралды. ҚМГ Директорлар кеңесі мен Басқармасы мүшелерінің арасында анағұрлым өзекті тақырыптар бойынша, атап айтқанда, газ бастамашылықтарына қатысты стратегияны жаңарту туралы конструктивтік пікірталас болды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ОРНЫҚТЫ ДАМУ БОЙЫНША ОТЫРЫСЫ

2019 жылғы 1 шілдеден бастап, Басқарманың мүшелері шақырылған Директорлар кеңесінің орнықты даму бойынша арнайы сессия өтті, оның шеңберінде Директорлар кеңесі мен Басқарманың мүшелері үшін сыртқы тренермен семинар ұйымдастырылды және ҚМГ компаниялары тобының ұзақ мерзімді орнықты дамудың өзекті мәселелері бойынша пікірталас болды.

Директорлар кеңесі мен Басқарманың мүшелері экология және қоршаған ортаны қорғау, Компания қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын қорғау, кадр әлеуетін дамыту құндылығы мен орнықты даму саласындағы көпшілік таныған ғаламдық мақсаттарды ұстану мәселелерінің жоғары басымдығын мойындайды.



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚМГ ЕТҰ-НЫҢ ӨНДІРІСТІК ОБЪЕКТІЛЕРІНДЕГІ КӨШПЕЛІ ОТЫРЫСЫ

2019 жылғы 30 маусымда «Қазгермұнай» БК» ЖШС (ҚГМ) өндірістік объектілерінде және «ПетроҚазақстан Ойл Продактс» ЖШС (ПҚОП) өндірістік объектілеріндегі ҚМГ Директорлар кеңесінің көшпелі отырысы өтті.

Осылайша, Қызылорда облысында Директорлар кеңесі мұнай өндіру мен өңдеу кешеніне барды, сондай-ақ ҚГМ басшылығының «Интеллектуалдық кен орны» жобасын іске асыру туралы есебін тыңдады. Осы актив ҚМГ компаниялар тобының өзге де өндірістік объектілері арасында озық жоғары технологиялық кешендердің бірі болып табылады.

Шымкент қаласында Директорлар кеңесінің мүшелері 2018 жылы жалпы мемлекеттік үдемелі индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының шеңберінде қондырғыларды жаңғырту аяқталып, жаңартылған мұнай өңдеу зауытына барды. Жаңғырту қорытындылары бойынша, ПҚОП Кеден одағының техникалық регламентінің талаптарына сәйкес, К4, К5 экологиялық кластарындағы мотор отындарын (Еуро 4 пен Еуро 5 стандарттарына сәйкес келетін мотор отыны) шығаруды қамтамасыз етеді. Зауыт жылына 6,0 млн. тонна мұнайға дейін өңдейді, мұнай өңдеу тереңдігі 88,7% ұлғайтылды, бұл ретте, ашық мұнай өнімдерінің үлесі – 76%-ке дейін.

¹ ҚМГ Корпоративтік басқару кодексі сайтта орналасқан (http://www.kmg.kz/rus/kompaniya/vnutrennie_dokumenty/)



ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖЕКЕЛЕГЕН МӘСЕЛЕЛЕРІН ҚМГ ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ КОМИТЕТТЕРІНЕ БЕРУ

2018 жылы Директорлар кеңесі беру арқылы Директорлар кеңесі мәселелерінің санын қысқарту беру және Директорлар кеңесінің назарын Компанияның стратегиялық және негізгі мәселелерін талқылауға шоғырландыру үшін Директорлар кеңесінің Комитеттердің бақылауына беру қажет мәселелермен жұмысқа кірісті, бұл ретте, берілген мәселелер бойынша шешімдерді пысықтау мен қабылдау тиімділігі сапасының жоғары деңгейі сақталады.

Директорлар кеңесі Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитетке еншілес және тәуелді ұйымдардың директорлар кеңестері мен атқарушы органдарының мүшелерін сайлау; Атқарушы орган мүшелерінің және Корпоративтік хатшының қызметін бағалау, өтеу, сабақтастық пен даму жоспарларын бағалау; Атқарушы органның құрамына кірмейтін атқарушы басшылық мүшелерінің ҚНҚ мәселелерін берді.

Аудит жөніндегі комитетке тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйелерін, сондай-ақ ішкі аудитті бақылау мәселелері берілді.

Беруді ескере отырып, Директорлар кеңесінің Комитеттері қараған мәселелер бойынша Директорлар кеңесінің отырыстарында Директорлар кеңесі Комитеттерінің төрағаларын тыңдау практикасы енгізілді. Комитеттердің төрағаларын тыңдау Директорлар кеңесінің 2020 жылғы жұмыс жоспарына қосылды.

КОМПАНИЯНЫҢ НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕРІНІҢ ІСКЕ АСЫРЫЛУЫН БАҚЫЛАУ

ҚМГ-нің стратегиялық бастамашылықтарын бақылау және уақытылы түзету шараларын бақылау мақсатында, Директорлар кеңесі ҚМГ Басқармасы төрағасының қызметтің негізгі өзгерістер бойынша есебін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі ақпаратты, қаржы-шаруашылық қызметті қорғау жөніндегі ақпаратты, қаржы-шаруашылық қызметтің қорытындылары бойынша есепті, жасалуына мүдделілік бар, олар бойынша Басқарма шешім қабылдаған жасалған мәмілелер туралы есепті, стратегияның, ҚНҚ мен инвестициялық жобалардың орындалу мәртебесіне жасалған шолуды, ҚМГ-нің шоғырландырылған даму жоспарын іске асыру туралы

есепті, тәуекелдер бойынша есепті, Директорлар кеңесі комитеттерінің берілген мәселелер бойынша есептерін, Директорлар кеңесі шешімдерінің орындалуы туралы есепті. Сондай-ақ Директорлар кеңесіне есеп беретін Қызметтердің жұмысы туралы есептерді тұрақты түрде тыңдайды.

Директорлар кеңесінің Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитеті ірі мұнай-газ жобаларын (Қашаған, Қарашығанақ, Теңіз) іске асыру, трансформация, жекешелендіру туралы есептерді әр отырыста қарайды және талқылайды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНЕ МАТЕРИАЛДАР БЕРУ САПАСЫ МЕН МЕРЗІМІ

Компания Директорлар кеңесінің отырыстарына материалдар беру мерзімдері бөлігінде ҚМГ Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар енгізді. Директорлар кеңесінің төрағасы отырыстың күн тәртібін отырысты өткізу күніне дейін кемінде 10 күнтізбелік күн бұрын қалыптастырады, ал ҚМГ-нің даму стратегиясы мен шоғырландырылған даму жоспарының, атқарушы органының басшысы мен мүшелеріне арналған мотивациялық ҚНҚ, жылдық есеп пен басқа да заңды тұлғаларды құруға қатысу мәселелері бойынша – кемінде 15 жұмыс күні бұрын қалыптастырады.

Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің отырыстарына материалдарды дайындау қағидалары әзірленіп,

бекітілді және оларға сәйкес Директорлар кеңесінің әрбір мүшесін алынған ақпарат (кері байланыс) сапасы және уақытылы дайындалған материалдардың отырыстарға бойынша тұрақты негізде талданады.

Директорлар кеңесінің отырыстарына дайындауға арналған, Директорлар кеңесі мүшелеріне мәселелерді қарау үшін барлық қажетті ақпаратты анағұрлым қысқа және мағыналы жеткізуге мүмкіндік беретін негізгі құжаттардың жаңа нысандар енгізілді. Осындай құжаттарда тәуекелдер, экономикалық әсер туралы ақпарат міндетті түрде ашылады, сондай-ақ ҚМГ-нің даму стратегиясымен және бизнес-жоспарымен байланыс көрсетіледі.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЕСЕБІ

Директорлар кеңесі ҚМГ қызметіне жалпы басшылықты жүзеге асырады. Директорлар кеңесінің шешімдері заңнамада және ҚМГ Жарғысында белгіленген тәртіппен қабылданады. Заңнамада және ҚМГ Жарғысында шешімдер қабылдау үшін кворум мен Директорлар кеңесі мүшелері санының көпшілігінің қажеттілігіне қарамастан, Компания анағұрлым маңызды мәселелер бойынша шешімдердің сырттай отырыстарда қабылдануына, Директорлар кеңесінің барлық мүшелерінің шешімдер қабылдауға қатысуына ұмтылады және шешімдердің тәуелсіз директорлардың пікірі міндетті түрде ескеріліп, білікті көпшілікпен қабылданатындай етіп, оларды дайындау және келісу үшін мүмкін болатын барлық шараларды қабылдайды.


Директорлар кеңесі ҚМГ қызметінің басым бағыттарын белгілейді және ҚМГ даму стратегиясын бекітеді, әлеуетті сатып алу мәселелер және қаржы сипатындағы басқа да маңызды мәселелер, оның ішінде ҚМГ-нің облигациялары мен туынды бағалы қағаздары шығарылымының шарттары бойынша шешімдерді қарайды және қабылдайды, сомасы бойынша елеулі мәмілелер мен жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу туралы шешім қабылдайды, жер қойнауын пайдалану құқығын алу, беру (қайта беру), жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттар бойынша жобаларды бірлесіп іске асыру, ҚМГ мен ҚМГ-нің еншілес қоғамдарының қатысуы бар инвестициялық жобаларды келісу үшін стратегиялық әріптестермен бірлескен қызмет туралы шарттар (келісімдер) жасасу мәселелері бойынша шешімдерді қабылдайды, корпоративтік басқарудың тәуелсіз диагностикасының қорытындыларын қарайды және корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекітеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰРАМЫ

Компанияда Директорлар кеңесінің құрамындағы тәуелсіз директорлардың елеулі үлесі бар, бұл ретте, Директорлар кеңесінің тоғыз мүшесінің төртеуі тәуелсіз болып табылады.

2019 жылдың аяғында Директорлар кеңесінің құрылымы төмендегідей болды:


Директорлар кеңесі мүшелерінің жалпы саны – 9, оның ішінде:



Директорлар кеңесінің құрамында бір әйел бар – Грюал Б.К.

Директорлар кеңесінің тоғыз мүшесінің үшеуі Қазақстанның азаматтары болып табылады; төртеуі – Біріккен Корольдік азаматтары; Малайзия азаматтары – бір, Португалия азаматтары – бір адам.

Директорлар кеңесінің жас бойынша құрылымы төмендегідей болды:



Директорлар кеңесі мүшелерінің орташа жасы — 59 жас.

Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің құрамы

Директорлар кеңесінің мүшелері	Директорлар кеңесінің құрамында болу мерзімі					
	2014	2015	2016	2017	2018	2019
тәуелсіз директорлар:						
Уолтон Кристофер Джон ¹	■	■	■	■	■	■
Уайт Стивен Джеймс	■	■	■	■	■	■
Дайер Филип Джон	■	■	■	■	■	■
Виана Палья да Силва Луис Мария	■	■	■	■	■	■
«Самұрық-Қазына» АҚ өкілдері:						
Грюал Балжит Каур			■	■	■	■
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы			■	■	■	■
Сәтқалиев Алмасадан Майданұлы				■	■	■
Энтони Эспина	■	■	■			■
Басқарма төрағасы:						
Айдарбаев Алик Серікұлы					■	■

■ бірінші мерзім
■ екінші мерзім
● Комитеттердің Төрағалары

Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет
 Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет
 Қаржы жөніндегі комитет
 Аудит жөніндегі комитет

Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет

¹ ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы

2017 жылы Қор Директорлар кеңесінің құрамын тоғыз адам санында белгіледі. Біраздан кейін құрам қысқарып, 2019 жылдың басында Директорлар кеңесі құрамының саны жеті мүше болды. 2019 жылы Директорлар кеңесінің құрамында екі мүше сайланды. 2019 жыл ішінде ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамында келесі өзгерістер болды:

2019 жылғы 4 қаңтардан бастап, Баймұратов Ерлан Оразгелдіұлы ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өз өкілеттіктерін тоқтатты;

2019 жылғы 29 сәуірде Виана Палья да Силва Луис Мария ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі – ҚМГ тәуелсіз директоры болып сайланды;

2019 жылғы 20 мамырда Энтони Эспина ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі – Қор мүдделерін білдіругі болып сайланды.

Директорлар кеңесінің мүшелеріне кандидаттарды ұсыну және іріктеу тәртібі ҚМГ Жарғысында және өзге де нормативтік құжаттарда белгіленеді, Акционерлердің жалпы жиналысы Директорлар кеңесінің төрағасымен және Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасымен бірлесіп жүзеге асырады және кандидатураларды іздеу және жалдау кезінде анықтылық, әділдік және кәсіпқойлық қағидаттарына байланысты.

Директорлар кеңесінің мүшелері акционерлердің өкілдері мен өзге де

тұлғалардың өкілдері ретінде сайлауға ұсынылған адамдар санынан сайланады. Директорлар кеңесінің мүшелеріне кандидаттардың лауазымдық функцияларын орындау және Компанияның ұзақ мерзімді құнының өсуін және орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін қажетті білімі, дағдылары мен тәжірибесі, сондай-ақ мүлтіксіз іскерлік беделі болуы тиіс.

Директорлар кеңесінің төрағасын Акционерлердің жалпы жиналысы сайлайды.

Тәуелсіз директорлар Қор компанияларының тобына кіретін компаниялардың бекітілген Тәуелсіз директорларды іріктеу қағидаларына сәйкес іріктеледі.

Директорлар кеңесі өкілеттіктерінің мерзімі – үш жыл. Директорлар кеңесінің құрамын сапалық жаңарту қажеттілігін ескере отырып, ерекше қарау кезінде Директорлар кеңесінің мүшелері қатарынан алты жылдан астам мерзімге қайта сайлануы мүмкін. Ерекше жағдайларда, тоғыз жылдан астам мерзімге сайлауға жол беріледі (осы жағдайларда тәуелсіз директорлар үшін осындай қажеттіліктің егжей-тегжейлі және сенімді негіздеме дайындалатын болады және Компания оны барлық мүдделі тараптарға ашады).

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚҰЗЫРЕТТЕР БОЙЫНША ҚҰРЫЛЫМЫ



Уолтон К. Д.
Тасымалдау, мұнай-газ саласы, қаржы



Айдарбаев А. С.
Мұнай-газ саласы



Сәтқалиев А. М.
Мұнай-газ саласы, жекешелендіру



Қарабалин Ұ. С.
Мұнай-газ саласы



Грюал Б. К.
Стратегия, қаржы



Энтони Э.
Қор нарықтары



Дайер Ф. Д.
Қаржы, аудит, тәуекелдерді басқару



Уйт С. Д.
Мұнай-газ саласы, стратегия



Палья Л. М.
Мұнай-газ, мұнай-химия саласы, персоналды басқару

Директорлар кеңесінің әртүрлі бағыттар бойынша құрылымы, кәсіби білімі мен дағдылар тұрғысынан, теңдестірілген құраммен сипатталады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІ



Уолтон Кристофер Джон

Директорлар кеңесінің төрағасы ҚМГ, тәуелсіз директор

2014 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 1957 жылғы 19 маусым

Білімі:

- Батыс Австралия Университеті, өнер бакалавры (саясаттану);
- Батыс Австралия Университеті, іскерлік әкімшіліктендіру магистрі (MBA), қаржы;
- Корольдік Аэронавигациялық қоғамның құрметті мүшесі;
- Директорлар институтының құрметті мүшесі.

Жұмыс тәжірибесі

Директорлар кеңесінің төрағасы болып табылады, сондай-ақ ол Ұлыбританияның Сүңгуір қайықтарын жеткізу агенттігінде Аудит төрағасы мен Корольдік әскери-теңіз флоты үшін Кеме жасау жөніндегі стратегиялық кеңесінің атқарушы емес мүшесінің қызметтерін қоса атқарды.

Лондондағы Қайырымдылық қордың Ерікті азаматтары гильдиясының қамқоршысы болып табылады. Жақында ол уақытша жұмыс істеген Ұлыбританияның Директорлар институты төрағасының лауазымынан кетіп қалды.

Бұрын Лотиан муниципальды автобус компаниясы, Голденпорт кеме операторлық холдингі мен Asia Resource Minerals Plc (Азия минералдық ресурстар) көмір өндіру компаниясы секілді орындарда басқарма төрағасы болды. Сонымен бірге, ол Rockhopper Exploration Plc мұнай өндіру компаниясында аға тәуелсіз директор, «Қазақстан Темір Жолы» АҚ-тағы аудит жөніндегі комитеттің төрағасы мен Ұлыбританияның Мәдениет, бұқаралық ақпарат құралдары және спорт департаментінің Аудит және тәуекелдер жөніндегі комитетінің атқарушы емес мүшесі лауазымдарында жұмыс істеді. 2002 жылдан бастап 2005 жылға дейін Англия Банкінің (SE England & Anglia) Өңірлік экономикалық консультативтік кеңесінің мүшесі болды.

EasyJet Plc қаржы директорының лауазымында жұмыс істеді, онда компанияның IPO-сын табысты ұйымдастырды. Qantas, Air New Zealand, Australia Post пен Australian Airlines ірі австралиялық авиация компанияларында жоғары қаржы және коммерциялық лауазымдарды атқарды. BP компаниясында (Австралия), австралиялық Сенатта және Hamersley Iron компаниясында жұмыс істеді.

Лондондық Ситидің Фримен гильдиясы сотының мүшесі (және қазынашысы) болып табылады.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.



Айдарбаев Алик Серікұлы

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, ҚМГ Басқармасының төрағасы

2018 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 1963 жылғы 19 мамыр

Білімі:

- В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, мамандығы — «мұнай және газ кен орындарын игеру технологиясы және оны кешенді механикаландыру».

Жұмыс тәжірибесі

Алик Айдарбаев 1985 жылдан бастап 1995 жылға дейінгі кезеңде «Жетібаймұнай» МГӨБ-те оператор-технолог, одан кейін «Маңғышлақмұнай» бірлестігінің «Жетібаймұнай» МГӨБ қабаттық қысымды қолдау цехы бастығының орынбасары, қабаттық қысымды қолдау учаскесінің бастығы, мұнай және газ өндіру цехының бастығы, «Оңтұз-мұнайгаз» ГАҚ бас директорының орынбасары және бірінші вице-президенті болып жұмыс істеді.

Өртүрлі жылдарда «ТОРФАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ бас директоры, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың барлау және өндіру жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директоры, Маңғыстау облысының әкімі, Қазақстан Республикасының Инвестициялар және даму жөніндегі бірінші вице-министрі, Қор Басқармасы төрағасының орынбасары лауазымдарында жұмыс істеді.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.



Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, «Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші

2018 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 1970 жылғы 31 қазан

Білімі:

- Стэнфорд Университеті, Жоғары бизнес мектебі, Stanford Executive Program (SEP);
- Назарбаев Университеті, Жоғары бизнес мектебі (Duke University's Fuqua School of Business-пен бірлескен бағдарлама), Executive MBA, «Іскерлік әкімшіліктендіру (басқарушы кадрларға арналған)» магистрі;
- Ресей Федерациясы Президентінің жанындағы Ресейлік халық шаруашылығы және мемлекеттік қызмет академиясы, Экономика магистрі;

Жұмыс тәжірибесі

Өртүрлі жылдарда «ТасСаТ» ЖШС директоры, «ҚазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания» ЖАҚ клиринг департаментінің менеджері, бастығы, Нұр-Сұлтан қ. Өкілдігінің экономика жөніндегі вице-президенті, басқарушы директоры, «ҚазТрансОйл» мұнай тасымалдау жөніндегі ұлттық компания» АҚ жобаларды басқару департаментінің бастығы, «KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компаниясы» АҚ қаржы директоры, экономика жөніндегі вице-президенті болып жұмыс істеді.

«KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компаниясы» АҚ бірінші вице-президенті, «KEGOC» АҚ бойынша топтың директор-жетекшісі, «Самұрық» қазақстандық мемлекеттік активтерді басқару холдингі» АҚ электр-энергетикалық активтерді басқару жөніндегі директоры, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, «KEGOC» электр желілерін басқару жөніндегі қазақстандық компаниясы» АҚ басқармасының төрағасы, бірінші вице-президенті, президенті, Қор басқарушы директоры, «Самұрық-Энерго» АҚ басқарушы директоры, «KAZENERGY» ЗТБ төрағасының орынбасары, Қор активтерді басқару дирекциясының басшысы болды.

- Халықаралық мемлекеттік қызмет және басқару институты (ХМҚБИ), Қоғамдық сектордағы қаржы кафедрасы, бағыты – экономика, бағдарлама — қаржы экономикасы;
- Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы қ., мамандығы – «механик, қолданбалы математика».

«Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі, «KEGOC» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, Қазақстандық электр-энергетикалық қауымдастығының Директорлар кеңесінің мүшесі, Дүниежүзілік энергетикалық одақтың (WEC) Қазақстандық ұлттық комитетінің төрағасы, «KAZENERGY» қауымдастығы кеңесінің мүшесі, «KAZENERGY» қауымдастығының энергетикалық саланы дамыту үйлестіру кеңесінің төрағасы, «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы Энергетика комитетінің төрағасы, «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының мүшесі, «Қазақстан машина жасаушылар одағы» ЗТБ жанындағы Энергетикалық және электр-техникалық машина жасау комитеті төрағасының лауазымдарында жұмыс істеді.

Энергетика саласындағы жұмысы үшін Қазақстандық электр-энергетикалық қауымдастығынан «ТМД еңбегі сіңген энергетигі» деген құрметті атақ алды.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.



Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,
Қор мүдделерін білдіруші

2016 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 1947 жылғы 14 қазан

Білімі:

- И.М. Губкин атындағы Мәскеулік мұнай-химия және газ өнеркәсібі институты, мамандығы – «тау-кен инженері»;
- И.М. Губкин атындағы Мәскеулік мұнай-химия және газ өнеркәсібі институтының аспирантурасы;
- Техникалық ғылымдар кандидаты;
- Техникалық ғылымдар докторы;
- Қазақстан Республикасының Ұлттық және халықаралық инженерлік академияларының академигі.

Жұмыс тәжірибесі

Әртүрлі жылдарда «Қазмұнайгазбарлау» басқармасының Оңтүстік Ембі мұнай-газ барлау экспедициясында, Қазақ ғылыми-зерттеу геологиялық-барлау мұнай институтында, «Каспиймаңгеология» аумақтық басқармасында, В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институтының Гурьев филиалында, Қазақстан Республикасының Президенті аппаратының өнеркәсіп бөлімінде және Қазақстан Республикасының Министрлер кабинетінде жұмыс істеді.

Әртүрлі жылдарда ҚР Энергетика және отын ресурстары министрлігінің Мұнай және газ басқармасының бастығы, Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігінің орынбасары, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ өнеркәсібі министрінің орынбасары, «Қазақойл» ұлттық мұнай-газ компаниясы» бірінші вице-президенті және президентінің міндетін атқарушы, «ҚазТрансГаз» АҚ президенті, Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар вице-министрі, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ президенті, «Маңғыстаумұнайгаз» АҚ бас директоры, «Қазақстандық мұнай және газ институты» АҚ бас директоры, Қазақстан Республикасының Мұнай және газ министрі, Қазақстан Республикасының Энергетика министрінің бірінші орынбасары болып жұмыс істеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ, «Мұнай мен газ тасымалдау» ҰК ЖАҚ, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы, «KazEnergy» қауымдастығының үйлестіру кеңесінің төрағасы, «KazRosGas» ЖШС байқау кеңесінің мүшесі, Қазақстан Республикасының Президентінің жанындағы ұлттық инвесторлар кеңесінің мүшесі, Атырау мұнай және газ университетінің Директорлар кеңесінің төрағасы, «ҚМГИ» АҚ Директорлар кеңесі мүшесі (тәуелсіз директор) лауазымдарында жұмыс істеді.

«ҚазТрансОйл» АҚ-тың 9 655 жай акциясына иелік етеді.



Грюал Балжит Каур

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші

2016 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 1976 жылғы 2 мамыр

Білімі:

- Хартфордшир Университеті, халықаралық экономика саласындағы бакалавр дәрежесі (бірінші дәрежелі үздік диплом);
- Кембридж Университеті, Басшыларға арналған MBA бағдарламасы;
- Массачусетс технологиялық институтының (MIT) Advanced Executive Education, Слоун блокчейн-технологиялар жөніндегі менеджмент мектебі.

Жұмыс тәжірибесі

«Самұрық-Қазына» АҚ инвестицияларының қоржынын стратегиялық қадағалауды жүзеге асырады және корпоративтік және инвестиция стратегияны әзірлеу мәселелері бойынша консультация береді.

Мемлекеттік инвестициялық қорлар мен ғаламдық инвестициялық банктердегі басшы лауазымдардағы 18 жылдық халықаралық жұмыс тәжірибесі бар. Азия даму банкінде (Батыс Азия миссиясы) кеңесші, Кувейт қаржы үйінің инвестициялық зерттеу бөлімінің басқарушы директоры және вице-төрағасы болды. Сонымен қатар, Maybank Group (Малайзия) вице-президенті және ABN AMRO мен Deutsche Bank инвестициялық-банк қызметін зерттеу жөніндегі басшысы болып жұмыс істеді.

Дамушы нарықтарда стратегия, инвестициялық консалтинг пен ұлттық экономикалық стратегиялар саласындағы тәжірибесі мол. ЕЦБ, ХВҚ, Дүниежүзілік банкпен және реттеу және стратегиялық дамыту саласындағы әртүрлі басқарушы органдармен тығыз ынтымақтасып, жұмыс істеді. Инвестициялар саласындағы 18 халықаралық награданың иегері болып табылады, сондай-ақ дамушы нарықтардың мұнай-газ саласында үлкен тәжірибесі бар. Қаржы саласындағы әйелдердің мүдделерін қорғауда маңызды тұлға болып табылады.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.



Эспина Энтони

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі,
«Самұрық-Қазына» АҚ мүдделерін білдіруші

2019 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 1948 жылғы 27 маусым

Білімі:

- Оңтүстік Квинсленд университеті, бизнес бакалавры.

Жұмыс тәжірибесі

Қызметін 1969 жылы Австралияда компьютерлік бағдарламашы ретінде бастады. 1971 жылы ең ірі кеме жасаушыға бизнес-қосымша әзірлеп, компьютерлік жүйелер талдаушысы болып жұмыс істеген Гонконгқа қайтып келді. 1973 жылы Arthur Andersen & Co. Компаниясында аудитор ретінде жұмыс істей бастады, ал 1982 жылы ол әріптеске дейін өсті. Клиенттері арасында – Гонконг ірі банктері, сақтандыру компаниялары, қорларды басқару компаниялары мен Үкіметі. Осы уақытта, халықаралық банктерге стратегиялық АТ-жоспарлар әзірлеуде және банк жүйелерін енгізуде көмек көрсетуден басқа, ол, кем дегенде, Гонконг тұрғындарының жалпы санынан (7,5 миллион адам) 3 млн тұрған Тұрғын үй шаруашылығы басқармасына үшін тұрғын үй бойынша деректер базасын әзірледі.

1986 жылы Deloitte компаниясында консалтинг үшін жауап беретін әріптес ретінде жұмысқа кірісті. Deloitte компаниясында жұмыс істегенде, Гонконг Үкіметіне ұзақ іссапарға жіберілді, онда ол Гонконг қор биржасы үшін клиринг және есеп жүргізудің орталық жүйесін әзірледі.

1991 жылы өзінің бағалы қағаздар саудасы мен инвестициялық консультация бойынша бизнесінің негізін қалады. 2005 жылы ол Гонконг Бағалы қағаздар қауымдастығының төрағасы болды және қазіргі уақытта Қауымдастықтың тұрақты құрметті президенті болып табылады. 2012 жылы ол Қазақстанның ең ірі банктерінің ондығына кірген АСҚ банкін сатып алу мәселелері бойынша консультация берді, ал 2013 жылдың мамырында АСҚ банкі Басқармасының төрағасы болды. 2019 жылғы сәуірде ол Басқарма төрағасының постынан кетті. 2014 жылдың шілдесінен бастап 2017 жылдың мамырына дейін ол БЖЗҚ-ның, Қазақстанның орталық жинақ қорының тәуелсіз директоры болды.

Бір уақытта жұмыс істейді:

- China Cloud Copper Company Limited (Гонконг қор биржасында тіркелген) Директорлар кеңесінің тәуелсіз атқарушы емес мүшесі;
- Қазақстандағы АСҚ банкінің (Қазақстандық қор биржасында, Қазақстанда тіркелген) Директорлар кеңесінің атқарушы емес мүшесі лауазымдарында жұмысты қоса атқарады.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.



Дайер Филип Джон

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

2018 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 1951 жылғы 5 қаңтар

Білімі:

- Корольдік Лондон университетінің колледжі, құқық саласындағы бакалавр (LLB);
- Англия мен Уэльс Дипломды бухгалтерлері институтының ғылыми қызметкері.

Жұмыс тәжірибесі

Дипломды бухгалтер біліктілігін алып, бірқатар жетекші банктермен жұмыс істеп, инвестициялық-банк қызметі аясындағы корпоративтік қаржы саласында мансап құрды.

2005 жылы «ABN AMRO Hoare Govett» компаниясынан кетіп, мұнай мен газ, бағдарламалық жасақтама саласындағы және қаржы қызметтері секторының бірқатар компанияның тәуелсіз директоры болып жұмыс істеп жатыр. 2006 жылы компанияны IPO-ға табысты шығару барысында «Роснефть» ҰК КАҚ консультанты болды.

Қазіргі уақытта «Северсталь» КАҚ, VTB Capital plc мен The Parkmead Group Директорлар кеңесінің мүшесі болып табылады.

2010 жылдан бастап 2018 жылға дейін «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Директорлар кеңесінің мүшесі болды.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.



Уайт Стивен Джеймс

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

2017 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 1966 жылғы 20 қаңтар

Білімі:

- Эдинбург университеті, бакалавриат — геофизика (BSc Hons);
- Лестер Пирсон атындағы колледж, халықаралық бакалавриат.

Жұмыс тәжірибесі

Мұнай саласындағы жұмыс тәжірибесі мол. Әртүрлі жылдары Shell компаниясында кен орнын игеру жөніндегі топ жетекшісі, Shell EP Еуропалық филиалында бірлескен кәсіпорындар мен инфрақұрылым жөніндегі директор, CLYDE Petroleum BV коммерциялық директоры, бизнесті дамыту жөніндегі директоры, өндірістік емес активтер жөніндегі директоры, барлау тобының жетекшісі, Shell EP компаниясының барлау және өндіру жөніндегі вице-президенті, бразилиялық филиалының басшысы, BG Group коммерциялық мәселелер жөніндегі аға вице-президенті болды, GALP ENERGIA компаниясының өндірістік мәселелер жөніндегі директоры мен барлау және өндіру жөніндегі басшы болып жұмыс істеді. 2017 жылдың сәуірінен бастап 2019 жылдың желтоқсанына дейін Genel Energy Plc Атқарушы емес төрағасының постында жұмыс істеді.

"Echo Energy Plc" компаниясының атқарушы директоры болып табылады. "Sound Energy Plc" Директорлар кеңесінің атқарушы емес төрағасы болды, сондай-ақ Португалияның ең ірі компаниясы болып табылатын "Galp Energia" компаниясының Директорлар кеңесінің құрамына кірді. Көрсетілген компанияларда Стивен Тағайындау жөніндегі комитеттердің, Сыйақы жөніндегі комитеттердің, Аудит жөніндегі комитеттер мен Еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы мен қоршаған ортаны қорғау комитеттерінің мүшесі және төрағасы болды.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.



Виана Палья да Силва Луис Мария

ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшесі, тәуелсіз директор

2019 жылдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кіреді.

Туған күні: 1956 жылғы 18 ақпан

Білімі:

- Instituto Superior de Economia, экономикалық ғылымдар бакалавры;
- Universidade Católica Portuguesa, экономикалық ғылымдар бакалавры, менеджмент және іскерлік әкімшіліктендіру;
- Пенсильвания университеті (Уортон экономика мектебі), басшыларға арналған бағдарлама;
- INSEAD бизнес-мектебі, қазіргі замандағы бөлшек сауданың негізгі стратегиялық мәселелері;
- Вирджиния университеті (Дарден мектебі), органикалық өсуді қамтамасыз ету.

Жұмыс тәжірибесі

1981 жылдан бастап 1986 жылға дейін жетекші португалдық бейорганикалық химия өнімін өндіру компаниясында менеджер болып жұмыс істеді. 1987-1992 жж. жетекші португалдық COVINA, Companhia Vidreira Nacional табақ әйнек шығару компаниясында қаржы директоры болып жұмыс істеді.

Үш жыл бойы сыртқы сауда және Португалия Үкіметінің инвестициялар, сыртқы сауда, тамақ өнімдерінің зиянсыздығы және антимонополия жөніндегі ұлттық органдарды бақылау үшін жауапты сауда мәселелері жөніндегі мемлекеттік хатшы лауазымында жұмыс істеді.

1995 жылдан бастап 2001 жылға дейін қаржы директоры ретінде біріктіру мен жұту жөніндегі мәмілелер арқылы CIMPOR компаниясын өңірдегі цемент, бетон, ерітінділер, әктас пен басқа да құрылыс материалдары өндірісі бойынша ең ірі компаниялардың деңгейіне шығарды. 2001 жылы Jerónimo Martins (JM) компаниясында қаржы директоры ретінде жұмыс істей бастады, ал одан кейін 2004 жылдан бастап 2010 жылға дейін Компаниялар тобында бас директоры мен қаржы директоры лауазымында жұмыс істеді. Көрсетілген кезеңде JM Португалиялық қор биржасында нарықтық капиталдандыру бойынша жетекші компаниялардың үштігіне кірді. Соңғы жылдары Galp Energia компаниясының Директорлар кеңесінің вице-президенті мен мұнай өңдеу және маркетингі бөлімінің өндірістік мәселелер жөніндегі басшысы болды. Осы орында Португалиядағы екі мұнай өңдеу зауытын дамыту үшін жауап берді.

2015 жылдан бастап осы уақытқа дейін PHAROL Директорлар кеңесінің төрағасы болып жұмыс істеп жатыр.

Әртүрлі жылдарда Apetro (португалдық мұнай компанияларының қауымдастығы) төрағасы, NYSE Euronext (Нью-Йорк) Директорлар кеңесі мен Аудит жөніндегі комитетінің тәуелсіз мүшесі және Португалдық капитал нарықтары қауымдастығының (AEM) төрағасы болды. Осы уақытта Nutrinveste компаниясының (жетекші португалдық зәйтүн майын өндіру компаниясы) Директорлар кеңесінің тәуелсіз мүшесі, Seguradoras Unidas компаниясының (Ангола мен Мозамбикте қатысуы бар Португалиядағы сақтандыру компаниясы) Аудит жөніндегі комитетінің төрағасы мен EDP – Electricidade de Portugal компаниясының (Euronext Lisbon-да тіркелген Португалияның жетекші электр-энергетикалық компаниясы) байқау кеңесінің мүшесі болып табылады.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ЖҰМЫСЫ


2019 жылы Директорлар кеңесі 18 отырыс өткізді, онда 307 мәселе қаралды.

Комитеттер қимасында:


- Қаржы жөніндегі комитет (ҚК): бес отырыс, 46 мәселе;
- Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет (СҚБК – бұрынғы Стратегия және инновациялар жөніндегі комитет): бес отырыс, 125 мәселе;
- Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет (ТЖСК): жеті отырыс, 99 мәселе;
- Аудит жөніндегі комитет (АК): тоғыз отырыс, 110 мәселе;
- Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет (ЕҚЕҚОҚОДК): үш отырыс, 36 мәселе.

2019 жылы Директорлар кеңесі Даму стратегиясын өзектендіру, қаржылық орнықтылықты қамтамасыз ету, инвестициялық жобаларды басқару мәселелеріне және орнықты даму проблематикасына, корпоративтік басқаруды жетілдіру, ішкі аудит пен тәуекелдерді басқару мәселелеріне, менеджмент қызметінің негізгі көрсеткіштерін әзірлеуге, цифрлық трансформация мәселелеріне, сондай-ақ қызметкерлердің қауіпсіздігі мен әл-ауқаты мәселелеріне ерекше назар аударды.

ОТЫРЫСТАР САНЫ



ҚАРАЛҒАН МӘСЕЛЕР САНЫ



2019 жылы Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесі мен оның комитеттерінің отырыстарына қатысуы

Директорлар кеңесінің мүшелері	2019 жылғы отырыстар					
	Директорлар кеңесі	Аудит жөніндегі комитет	Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет	Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитет	Қаржы жөніндегі комитет	Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі комитет
Уолтон Кристофер Джон	18/18	-	7/7	5/5	5/5	3/3
Уайт Стивен Джеймс	18/18	9/9	7/7	5/5	5/5	3/3
Дайер Филип Джон	18/18	9/9	7/7	5/5	5/5	3/3
Виана Палья да Силва Луис Мария ¹	11/11	5/5	4/4	3/3	3/3	2/2
Грюал Балжит Каур	18/18	-	-	5/5	5/5	-
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы	18/18	-	7/7	5/5	-	2/3
Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы	18/18	-	-	-	-	-
Энтони Эспина ²	11/11	-	4/4	3/3	3/3	-
Айдарбаев Алик Серікұлы	18/18	-	-	-	-	-

Ескерту: бірінші цифр Директорлар кеңесінің мүшесі қатысқан отырыстардың санын, екіншісі – Директорлар кеңесінің мүшесі қатыса алмаған отырыстардың жалпы санын білдіреді

¹ 2019 жылғы 29 сәуірден бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына тәуелсіз директор болып сайланды.

² 2019 жылғы 20 мамырдан бастап ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына Қор мүдделерін білдіруші болып сайланды.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТӨРАҒАСЫ МЕН ОНЫҢ РОЛІ

Директорлар кеңесінің төрағасы Директорлар кеңесіне жалпы басшылық үшін жауап береді, Директорлар кеңесінің өзінің негізгі функцияларының толық және тиімді іске асырылуын және Директорлар кеңесінің мүшелері, ірі акционерлер мен Басқарма арасында конструктивтік диалогтың құрылуын қамтамасыз етеді.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНДЕ САБАҚТАСТЫҚТЫ ЖОСПАРЛАУ, ЛАУАЗЫМҒА КІРУ ЖӘНЕ БІЛІКТІЛІКТІ АРТТЫРУ

Қазіргі уақытта Компания ҚМГ Басқармасының мүшелеріне қатысты тиісті бағдарламаны әзірлеуге байланысты Директорлар кеңесі мүшелерінің сабақтастығы туралы бағдарламаны әзірлеп жатыр. 2020 жылы осы жұмысты аяқтау жоспарланып отыр.

ҚМГ-де Директорлар кеңесі 2017 жылы бекіткен ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін Лауазымға енгізу бағдарламасы (бұдан әрі – Бағдарлама) қолданылады. 2019 жылдың наурызында Директорлар кеңесінің шешімімен Бағдарламаға ең үздік корпоративтік практикаларды талдау нәтижелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Атап айтқанда, Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін Бағдарламадан өту нәтижелері Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметін бағалау кезінде ескерілетін болады.

Корпоративтік хатшы Бағдарламаның орындалуына, яғни, Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелерінің іс жүзінде одан өтуіне мониторинг жүргізеді. 2019 жыл ішінде ҚМГ Директорлар кеңесінің қайта сайланған мүшелері Эспина Э. мен Палья Л.М. Бағдарламадан өтті, оның ішінде бірқатар өндірістік объектілерге барды.

Директорлар кеңесінің мүшелері бекітілген бағдарламаға сәйкес, тұрақты негізде оқудан өтеді. 2019 жылғы 1 шілдеде Ernst&Young компаниясы өткізген «Орнықты даму саласындағы әлемдік үрдістер және олардың ұйымдарға тигізетін әсері».

ТӘУЕЛСІЗ ДИРЕКТОРЛАР МЕН ОЛАРДЫҢ РОЛІ

Тәуелсіз директорлар тәуелсіздіктің барлық заңнамалық критерийлеріне, сондай-ақ «Самұрық-Қазына» АҚ компанияларының тәуелсіз директорларын іріктеу тәртібіне және ҚМГ корпоративтік басқару кодексіне сәйкес келеді.

Ең үздік халықаралық практикаларды ұстана отырып, Компания өзінің тәуелсіз директорларының жоғары стандарттарға сәйкес келуіне ұмтылады және директордың тәуелсіздігін нашарлата алатын немесе нашарлатты деп көрінетін өзге мән-жайлардың жоқ екенін жариялайды.

ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ САҚТАНДЫРУ

Бекітілген ішкі стандарттарға сәйкес, ең үздік халықаралық практиканың негізінде ҚМГ Компанияның лауазымды тұлғаларының, оның ішінде Директорлар кеңесі мүшелерінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыруды жыл сайынғы негізде жүзеге асырады.

Сақтандыру директорлар мен басшыларды лауазымды тұлғалардың қасақана емес және (немесе) қате іс-әрекеттерінің салдарынан туындай алатын ықтимал талап-арыздардан материалдық қорғауды қамтамасыз етеді. D&O полисі директорларды соттан қорғау шығыстарын және директорлардың өз міндеттерін орындауына байланысты оларға қойылған кез келген талаптардан қаржы шығыстарын өтейді.

Топ жүргізілген конкурстық рәсімдер жүргізу қорытындылары бойынша жергілікті сақтандырушыны іріктейді, бұл ретте, міндетті шарт – Standard&Poors шәкілі бойынша «А» деңгейінен төмен болмайтын сенімділік рейтингісімен нарықтағы тәуекел үлесінің кем дегенде 95%-тін қайта сақтандыру болып табылады.

Сақтандыру сомасы (жауапкершілік лимиті) – 100 млн АҚШ долл. Сақтандыру аумағы – бүкіл әлем.

Топтың D&O полис шарттары компаниялардың директорлары мен басшыларының жауапкершілігін сақтандырудың ең үздік қазақстандық және шетелдік практикаларына сәйкес келеді.

МҮДДЕЛЕР ҚАҚТЫҒЫСЫН БАСҚАРУ

Директорлар кеңесі және, бірінші кезекте, тәуелсіз директорлар мүдделер қақтығысы ықтималдығының туындауына қатысты мәселелерді талқылауға белсенді түрде қатысады (қаржы және қаржы емес есептілігін дайындау, жасалуына мүдделілік бар мәмілелер жасасу, атқарушы органның құрамына кандидаттарды ұсыну, атқарушы органның мүшелеріне сыйақы белгілеу). Қазіргі уақытта тәуелсіз директорлар Кеңесі жанындағы барлық комитеттердің төрағалары болып табылады, ал Аудит жөніндегі комитеттің құрамына тәуелсіз директорлар ғана кіреді.

Сонымен қатар, Филипп Дайер VTB Capital plc («ВТБ») тәуелсіз төрағасы болып табылады. ҚМГ ВТБ-ны ҚМГ-ге консультациялық қызметтерді көрсету үшін оқтын-оқтын тартады. Осындай жағдайларда, Филип Дайер ВТБ тарту туралы шешім қабылдауға қатыспайды және консультантты тартудан тікелей немесе жанама пайда алмайды.

Директорлар кеңесі немесе Басқарма мүшелерінің басқа ұйымдардың басқару органдарының жұмысына қатысуына байланысты мүдделер қақтығысы жоқ.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ҚЫЗМЕТІН БАҒАЛАУ

ҚМГ корпоративтік басқару кодексін сәйкес, Директорлар кеңесі, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелері Директорлар кеңесі бекіткен құрылымданған процестің шеңберінде, жыл сайын бағалануы тиіс. Осы процесс Қор әдіснамасына сәйкес келуі тиіс. Бұл ретте, бағалау, тәуелсіз кәсіпқой ұйым тартылып, үш жылда кемінде бір рет жүргізіледі.

2020 жылы ҚМГ, ҚМГ-нің корпоративтік басқару кодексін сәйкес, тәуелсіз кәсіпқой ұйым – Korn Ferry тартып, Директорлар кеңесін, Директорлар кеңесінің комитеттері мен мүшелерін, сондай-ақ Корпоративтік хатшыны бағалауды жоспарлап отыр. Көрсетілген бағалауды тәуелсіз консультант 2020 жылдың бірінші жартысында жүргізуге ниетті, оның нәтижелері бойынша Директорлар кеңесі Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитетінің отырысында егжей-тегжейлі қарайтын болады.

Тәуелсіз консультант Директорлар кеңесінің қызметін сыртқы бағалаушы ғана болады және оның Компаниямен немесе Директорлар кеңесінің немесе Басқарманың жекелеген мүшелерімен қандай да бір болмасын басқа байланысы жоқ.

КОРПОРАТИВТІК ХАТШЫ



Шәріпов Дамир Валерийұлы

Азаматтығы: Қазақстан Республикасы

Туған күні: 1980 жылғы 22 қаңтар

Білімі:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университеті, халықаралық қатынастар факультеті, мамандығы – «халықаралық құқық»;
- Сертификатталған корпоративтік хатшы. Корпоративтік хатшылар үшін корпоративтік басқару саласындағы сертификатталған тренер. «Самұрық-Қазына» АҚ корпоративтік университеті» ЖМ тренері.

Жұмыс тәжірибесі:

2001 жылдан бастап 2007 жылға дейін Атырау облысында Теңіз кен орнында әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеді.

2007 жылдан бастап 2012 жылға дейін «Қазақстанның даму банкі» АҚ-та,

2012-2014 жылдарда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен «ҚазТрансГаз» АҚ-та әртүрлі лауазымдарда жұмыс істеді.

2015 жылдың 5 қаңтарынан бастап «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік хатшысы болып табылады.

2019 жылғы 1 ақпаннан бастап, Д.В. Шәріпов «Атамекен» Қазақстан Республикасының ұлттық кәсіпкерлер палатасы төралқасының жанындағы корпоративтік басқару жөніндегі ұлттық кеңестің корпоративтік хатшылар комитетінің құрамына сайланды, ал 2019 жылғы 16 желтоқсаннан бастап «Ұлттық корпоративтік хатшылар бірлестігі» қауымдастығының (Ресей Федерациясы) құрамына кірді.

Корпоративтік хатшының негізгі міндеті ҚМГ мен акционерлердің, акционерлер мен Директорлар кеңесінің, Ішкі аудит қызметінің, ҚМГ Басқармасы мен өзге де органдарының арасындағы, ҚМГ мен оның негізгі еншілес және тәуелді ұйымдарының арасындағы жүйелі коммуникациялардың сақталуын қамтамасыз ету болып табылады.

Корпоративтік хатшының негізгі міндеттері Директорлар кеңесінің тарапынан корпоративтік шешімдердің уақытылы және сапалы қабылдануына жәрдемдесуді, Директорлар кеңесі мүшелерінің қызметі мен ҚМГ Корпоративтік басқару кодексін ережелерін қолданудың барлық мәселелері бойынша Директорлар кеңесінің мүшелері үшін кеңесшінің ролін орындауды, сондай-ақ ҚМГ Корпоративтік басқару кодексін іске асырылуына мониторинг жүргізуде қамтиды. Корпоративтік хатшы ҚМГ-де корпоративтік басқару практикасын жетілдіру процесі үшін жауап береді. Корпоративтік хатшы өз міндеттерін тәуелсіз негізде жүзеге асыратын және Директорлар кеңесіне есеп беретін Компания қызметкері болып табылады.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ЖАНЫНДАҒЫ КОМИТЕТТЕРДІҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

Комитеттердің жұмысына қатыса отырып, Директорлар кеңесінің мүшелері өзара байланысты функцияларды, мәселелер мен бағыттарды егжей-тегжейлі қарауға және талдауға шоғырланады. Комитеттердің отырыстары шақырылған сарапшылардың, бизнес-лидерлер мен өзге де мүдделі тұлғалардың қатысуымен өтеді. Комитеттер тиісті шешімді қабылдау үшін Директорлар кеңесіне ұсынымдар енгізеді.

Директорлар кеңесі комитеттерінің функциялары мен міндеттері

Комитет	Міндеттер
Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет	Комитет: <ul style="list-style-type: none"> Стратегия мен инвестициялық саясат, оның ішінде қызметтің басым бағыттары; ҚМГ инвестициялық тартымдылығын арттыру; ҚМГ-нің қаржы-шаруашылық қызметін лайықты түрде жоспарлауды қамтамасыз ету; ҚМГ трансформациясына мониторинг жүргізу мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу және беру арқылы Директорлар кеңесіне жәрдемдесу мақсатында жұмыс істейді.
Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет	Комитет: <ul style="list-style-type: none"> Директорлар кеңесі мен Басқарманың сабақтастығын жоспарлау; Директорлар кеңесінің, Басқарманың, Корпоративтік хатшы мен өзге де қызметкерлердің қызметін үнемі және объективті бағалауды қамтамасыз ету; тиімді кадр саясатын, еңбекақы мен сыйақы төлеу жүйесін, лауазымды тұлғалар мен қызметкерлердің кәсіби дамуын қамтамасыз ету мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу және беру арқылы Директорлар кеңесіне жәрдемдесу мақсатында жұмыс істейді.
Қаржы жөніндегі комитет	Комитет: <ul style="list-style-type: none"> қаржы жағдайын үнемі және тиімді бағалауды қамтамасыз ету; жақын уақыттағы және ұзақ мерзімді стратегиялық мақсаттар мен жоспарларды қанағаттандыратын жеке және қарыз капиталы, қаржы құрылымы мен қаржы стратегиясы арасындағы сәйкестілік мониторингі; инвестициялық жобаларды алдын ала қарау іске асыруды бақылау мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу және беру арқылы Директорлар кеңесіне ҚМГ-нің тиімді қаржы саясатын жүргізуде жәрдемдесу мақсатында жұмыс істейді.
Аудит жөніндегі комитет	Комитет: <ul style="list-style-type: none"> қаржы-шаруашылық қызметті бақылаудың тиімді жүйесін белгілеу; ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйелерінің сенімділігі мен тиімділігін, сондай-ақ корпоративтік басқару саласындағы құжаттардың орындалуын бақылау; сыртқы және ішкі аудит процесін бақылау; Компанияның жылдық және тоқсандық қаржы есептілігін тексеру; комплаенс мәселелерінің сақталуын бақылау мәселелері бойынша ұсынымдар әзірлеу және беру арқылы Директорлар кеңесіне жәрдемдесу мақсатында жұмыс істейді.
Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет	Комитет: <ul style="list-style-type: none"> еңбек қауіпсіздігін, еңбекті және қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ету; орнықты даму қағидаттарын ҚМГ стратегиялық жоспарлау мен әлеуметтік-экономикалық дамытуға енгізу; жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың шеңберіндегі ҚМГ-нің әлеуметтік міндеттемелері мен бағдарламалары; ҚМГ экологиялық тиімділігіне мониторинг жүргізу мәселелері бойынша Директорлар кеңесіне жәрдемдесу мақсатында құрылды.

ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ



2019 жылы Қаржы жөніндегі комитеттің бес отырысы өтті, онда шамамен 100 мәселе қаралды.

Қаржы жөніндегі комитеттің құрамына:

1. 2017 жылдың тамызынан бастап Комитеттің төрағасы – Уолтон Кристофер Джон;
2. 2017 жылдың тамызынан бастап – Уайт Стивен Джеймс;
3. 2017 жылдың тамызынан бастап – Грюал Балжит Каур;
4. 2018 жылдың мамырынан бастап – Дайер Филип Джон;
5. 2019 жылдың маусымынан бастап – Виана Палья да Силва Луис Мария;
6. 2019 жылдың маусымынан бастап – Эспина Энтони кіреді.

ҚАРЖЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

2019 жылы Комитет Компанияның қаржылық жағдайын жақсарту бөлігінде, оның ішінде, компанияның қаржылық орнықтылық мәселелері бойынша ҚМГ күші-жігерінің үйлестірушісі болды. ҚМГ таза қарызын азайтуға және өтімділігінің көрсеткіштерін жақсартуға бағытталған анағұрлым маңызды транзакциялар ТШО мұнайын жеткізуді аванстау шеңберінде міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеу бойынша мәміле болды.

Комитет мұнай бағаларының әр түрлі сценарийлерінің ҚМГ өтімділігінің деңгейіне тигізетін әсерін, елеулі инвестициялық жобаларды, біріктіру және жұту транзакцияларын іске асыруға, ірі инвестициялық жобаларды қаржыландыруға және т.б. талдауға бағытталған егжей-тегжейлі және тиімді талқылай отырып, қаржылық орнықтылық мәселесін тұрақты негізде қарайды. Сонымен бірге, Комитет ҚМГ бұрын шығарған еурооблигациялар бойынша жекелеген ковенанттық шарттарды қарауға байланысты мәселелерді қарады. Комитеті қаржы есептілігінің әр түрлі тәсілдерін пайдалану бойынша ұсынымдарды тұрақты негізде әзірлейді.

Директорлар кеңесінің
Қаржы жөніндегі комитетінің төрағасы,
тәуелсіз директор
Уолтон К.Д.

Қаржы жөніндегі комитет мүшелерінің 2019 жылы өткізілген отырыстарға қатысуы

Комитет мүшесі	Комитет отырысының нөмірі мен күні					
	1/2019 06.03.2019	2/2019 08.05.2019	3/2019 02.07.2019	4/2019 02.09.2019	5/2019 05.11.2019	қатысу %-ті
Уайт С.Д.	+	+	+	+	+	100
Уолтон К.Д.	+	+	+	+	+	100
Дайер Ф.Д.	+	+	+	+	+	100
Грюал Б.К.	+	+	+	+	+	100
Палья Л.М. ¹			+	+	+	100
Эспина Э. ²			+	+	+	100

¹ 2019 жылғы 29 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің құрамына сайланды
² 2019 жылғы 20 мамырдан бастап Директорлар кеңесінің құрамына сайланды

ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫАҚЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ



2019 жылы Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің жеті отырысы өтті, онда шамамен 99 мәселе қаралды.

Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің құрамына:

1. 2019 жылдың маусымынан бастап Комитеттің төрағасы – Виана Палья да Силва Луис Мария;
2. 2018 жылдың мамырынан бастап – Дайер Филип Джон;
3. 2017 жылдың тамызынан бастап – Уолтон Кристофер Джон;
4. 2017 жылдың тамызынан бастап – Уайт Стивен Джеймс;
5. 2017 жылдың тамызынан бастап – Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы;
6. 2019 жылдың маусымынан бастап – Эспина Энтони кіреді.

ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫАҚЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

2019 жылы Комитеттің жұмысы тиімді кадр саясатын қамтамасыз етуге, ҚМГ-нің лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерінің сабақтастығын, еңбекақы мен сыйақы төлеу жүйесін, әлеуметтік қолдауды, кәсіби дамуы мен оқуын жоспарлауға бағытталған. Сонымен қатар, Комитет өз құзыретінің шеңберінде, ҚМГ Директорлар кеңесі мен оның Комитеттерінің құрамы бойынша мәселелерді, оның ішінде, жекелеген тәуелсіз директорларды Комитеттердің төрағалары ретінде тағайындау бойынша ұсынымдарды сақтау мақсатында, қарады. Комитет ҚМГ еншілес компаниялары Басқармасының, байқау кеңестері мен атқарушы органдарының мәселелеріне, ҚМГ компаниялар тобының атқарушы басшылығы қызметінің негізгі көрсеткіштерін қалыптастыру мәселелеріне назар аударды.

Директорлар кеңесінің құрамында дағдылар мен құзыреттер балансын сақтау мақсатында, 2018 жылы Директорлар кеңесінің жаңартылған құрамын ескере отырып, 2019 жылдың наурызында қайта қаралған Директорлар кеңесі мүшелерінің дағдылары мен құзыреттерінің матрицасы алғаш рет әзірленді және бекітілді. 2019 жылғы наурызда Комитеттің қарауына Директорлар кеңесінің мүшелері толтырған жиынтық матрица ұсынылды және болашақта Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттарды іздеу кезінде осы матрицаны пайдалану бойынша ұсыным әзірленді.

Комитет ҚМГ қызметкерлеріне еңбекақы төлеу және оларды ынталандыру, оның ішінде материалдық емес ынталандыру жүйесіне баса назар аударды. Сондай-ақ Комитет ҚМГ компаниялар тобында омбудсмен институтын және комплаенс функцияларын дамытуға да көңіл бөледі.

Комитет қолайлы, меритократиялық және прогрессивті ортаны қамтамасыз ете отырып, ҚМГ қызметкерлерінің кәсіби өсуіне назар аударуды жалғастырады.

Әлеуметтік жауапкершілік пен іске тартылуына көңіл бөліп, Комитет одан әрі әлеуметтік проблемаларды, оның ішінде, өңірлердегі әлеуметтік шиеленіс жағдайларын, жұмыссыздық проблемаларын шешуді қамтамасыз етеді, ҚМГ қызметкерлері үшін Компания, сондай-ақ еншілес компаниялардың қызметкерлері үшін Компанияның әлеуметтік қолдау бағдарламаларын іске асыруға жәрдемдесетін болады.

Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің төрағасы,
тәуелсіз директор
Виана Палья да Силва Луис Мария

ТАҒАЙЫНДАУ ЖӘНЕ СЫЙАҚЫ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ 2019 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР:

- ҚМГ-нің ағымдағы қажеттіліктерін және оның ұзақ мерзімді даму стратегиясын ескере отырып, ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамына кандидаттар үшін дағдылар, білім мен тәжірибесінің бейінін белгілеу.
- ҚМГ Директорлар кеңесінің құрамы туралы.
- ҚМГ Директорлар кеңесінің комитеттері туралы. Сыйақы беру саясаты бойынша консультациялық қызметтердің шеңберінде тендерге қатысу үшін берілген ұсыныстарды талдау және ҚМГ Директорлар кеңесіне ұсынымдар әзірлеу.
- ҚМГ Директорлар кеңесі Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеті жұмысының 2020 жылға арналған жоспарын әзірлеу.
- ҚМГ CEO-1 лауазымына кандидаттарды іздеу және іріктеу қағидаларын бекіту.

- ҚМГ ҚНҚ дарағы туралы
- ҚМГ компаниялар тобы мен олардың мердігерлік ұйымдарының қызметкерлері арасындағы әлеуметтік шиеленістің жай-күйі туралы ақпарат.
- ҚМГ еншілес компанияларының Омбудсмені туралы үлгі ережені бекіту туралы.
- ҚМГ Директорлар кеңесінің жаңадан сайланған мүшелері үшін Лауазымға енгізу бағдарламасына толықтырулар енгізу туралы.
- ҚМГ басшы қызметкерлерінің 2019 жылғы қызметінің мотивациялық негізгі көрсеткіштері мен олардың мақсатты мәндерінің карталарын бекіту.
- ҚМГ Директорлар кеңесінің мүшелерін оқыту жоспары мен кәсіби дамыту бағдарламасын бекіту туралы.
- ҚМГ қызметкерлерін ұзақ іссапарлары туралы ақпарат.
- ҚМГ компанияларының тобы бойынша сабақтастықты жоспарлау туралы.

Комитет мүшелерінің 2019 жылы өткізілген отырыстарға қатысуы

Комитет мүшелері	Комитет отырысының нөмірі мен күні								
	1/2019 04.02.2019	2/2019 06.03.2019	3/2019 06.05.2019	4/2019 02.07.2019	5/2019 30.05.2019	6/2019 06.11.2019	7/2019 23.12.2019	Қатысу %-ті	
Дайер Ф.Д.	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Уолтон К.Д.	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Уайт С.Д.	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Қарабалин Ұ.С.	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Палья Л.М. ¹				+	+	+	+	+	100
Эспина Э. ²				+	+	+	-	+	80
Баймұратов Е.Ө. ³	-					Комитеттің құрамынан шықты			

¹ 2019 жылғы 29 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің құрамына сайланды
² 2019 жылғы 20 мамырдан бастап Директорлар кеңесінің құрамына сайланды
³ 2019 жылғы 4 қаңтардан бастап Директорлар кеңесінің мүшесі ретінде өз өкілеттіктерін тоқтатты

СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ



СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

2019 жылы Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитеттің жұмысы, газ стратегиясы бөліп, ҚМГ-нің ұзақ мерзімді стратегиясына шоғырландырылды. Тұтастай алғанда, Комитеттің қызметі табиғи жолмен, сондай-ақ біріктіру және жұту жобаларының есебінен қорларды өсіруге, өндіру көлемдерін ұлғайтуға шоғырланған. Геологиялық-барлау жобаларына, оның ішінде біріктіру және жұту жобаларына баса назар аударылды. Әрбір отырыстың шеңберінде, Комитет Қашаған, Қарашығанақ, Теңіз ірі кен орындары бойынша есеп ақпаратын, сондай-ақ трансформация, жекешелендіру және дивестициялар бағдарламалары бойынша мәртебе-есептерді тыңдады. Компанияның бизнесінде құнды құру тізбесін сегментарлық талдау, түзету іс-әрекеттерінің жоспарын әзірлеу, сондай-ақ мұнай және газ тасымалдау және маркетингі бойынша жұмыс жалғастырылды.

Сонымен қатар, Комитет ҚМГ шешімдерін ЕТҰ-ға тиімді каскадтау мақсатында Директорлар кеңестері/Байқау кеңестері арқылы ҚМГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдарын басқару жүйесінің тұжырымдамасын қарауға бастамашылық етті. Сатып алу саласында сатып алудың жаңа жүйесін әзірлеуге белсенді түрде қатысу арқылы сапаны бағаға қарағанда басым етуді қамтамасыз ету жұмысы жалғастырылды. Бұл ретте, Комитеттің назары мұнай-сервис қызметтерінің бәсекелес нарығын, сондай-ақ сатып алу рәсімдерінде кідірту болған жағдайда, бизнестің жауапкершілігін қамтамасыз етуге шоғырландырылды.

Өзгелерден басқа, Комитет назарын құзыреттер орталықтарын құру, оның ішінде құзыреттіліктің техникалық стандарттарын дамыту жобаларының шеңберінде, «ҚМГ Инжиниринг» ЖШС қызметіне шоғырландырды. Комитет Компанияның мұнай өңдеу зауыттарындағы залалдарды сандық бағалау үшін маңызды салыстырмалы талдау қаралды.

2019 жылы Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеттің бес отырысы өтті, онда 125 мәселе қаралды.

Стратегия және қоржынды басқару жөніндегі комитеттің құрамына:

1. 2018 жылдың мамырынан бастап Комитет төрағасы – Уайт Стивен Джеймс;
2. 2017 жылдың тамызынан бастап – Уолтон Кристофер Джон;
3. 2017 жылдың тамызынан бастап – Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы;
4. 2017 жылдың тамызынан бастап – Грюал Балжит Каур;
5. 2018 жылдың мамырынан бастап – Дайер Филип Джон;
6. 2019 жылдың маусымынан бастап – Виана Палья да Силва Луис Мария;
7. 2019 жылдың маусымынан бастап – Эспина Энтони кіреді.

Комитет Директорлар кеңесінің құзыретіне жатқызылған басқа да стратегиялық мәселелермен қатар, ҚМГ-нің инвестициялық тартымдылығын арттыру мәселелеріне шоғырланды. Жобалардың басымдығын белгілеуді, инвестициялық шешім қабылдау үшін критерийлер белгілеуді ескере отырып, ең аз жол берілетін рентабельдік индексін, қаржыландыру көздері мен шарттарын қоса алғанда, Комитеттің елеулі күш-жігері ҚМГ-нің инвестициялық қоржынын қалыптастыруға жіберілді.

Сонымен қатар, Комитет М&А мәмілесіне қатысу мүмкіндігін қолдады, сондай-ақ бір жыл ішінде сатып алу және дивестициялар шеңберінде кішігірім мәмілелер қарады.

Комитет барлық мәмілелерде түпкілікті бенефициарлық меншік иелерін сәйкестендіру үшін, сондай-ақ Комплаенс пен өзге де тексерістер міндетті болу үшін, Компания рәсімдеріне түзетулер енгізді.

Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеттің төрағасы, тәуелсіз директор Стивен Уайт

СТРАТЕГИЯ ЖӘНЕ ПОРТФЕЛЬДІ БАСҚАРУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ 2019 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН БАСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР:

- ҚМГ-нің газ жөніндегі стратегиясы. Мұнай бизнесіне көрсетілетін қызметтер бойынша бәсекелес нарықты қамтамасыз ету стратегиясы.
- ҚМГ-нің Даму стратегиясына енгізілген өзгерістер мен толықтыруларды бекіту туралы.
- Ескі кен орындарына қатысты стратегия.
- ҚМГ-нің 2019-2024 жылдарға арналған цифрлық трансформация бағдарламасының жол картасын бекіту.
- ҚМГ компаниялар тобы бойынша жекешелендіру және дивестициялар бағдарламасының ҚМГ трансформация бағдарламасы.
- Директорлар кеңесі/Байқау кеңестері арқылы ҚМГ-нің еншілес және тәуелді ұйымдарын басқару жүйесінің тұжырымдамасы. ҚМГ-де инновациялар саласындағы қызметті үйлестіру және инновациялық жобалардың зерттелуін немесе іске асырылуын қолдауға ҚМГ-нің жеке бюджетін қалыптастыру үшін жауапты ҚМГ құрылымдық бөлімшесін белгілеу.
- Инвестициялық жобаларды келісу.
- ҚМГ-нің 2020-2024 жылдарға арналған шоғырландырылған даму жоспарын қарау.
- Мұнай өңдеу зауыттарында отын ысырабы мен жағылуы бойынша ақпарат;
- Құнды құру тізбегіндегі толық сегментарлық талдау.
- Шикі мұнайды ішкі нарыққа бөлу процесі.
- Қарағанды көмір бассейнінің көмір қабаттарынан метан өндіру.
- ҚМГ-нің 2020-2024 жылдарға арналған инвестициялық қоржын бойынша ақпарат.
- Геологиялық-барлау жобалары.
- Жобаларды басқару және күрделі шығындарды жоспарлау тиімділігін арттыру үшін Stage Gate Management жобасын әзірлеу процесін енгізу.

Комитет мүшелерінің 2019 жылы өткізілген отырыстарға қатысуы

Комитет мүшелері	Комитет отырысының нөмірі мен күні					
	1/2019 05.03.2019	2/2019 07.05.2019	3/2019 03.07.2019	4/2019 03.09.2019	5/2019 05.11.2019	Қатысу %-ті
Уайт С.Д.	+	+	+	+	+	100
Уолтон К.Д.	+	+	+	+	+	100
Дайер Ф.Д.	+	+	+	+	+	100
Қарабалин Ұ.С.	+	+	+	+	+	100
Грюал Б.К.	+	+	+	+	+	100
Палья Л.М. ¹			+	+	+	100
Эспина Э. ²			+	+	+	100

¹ 2019 жылғы 29 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің құрамына сайланды
² 2019 жылғы 20 мамырдан бастап Директорлар кеңесінің құрамына сайланды

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ



АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Аудит жөніндегі комитет Компанияның негізгі функционалдық бағыттары бойынша ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесінің мониторингін жүргізді, сондай-ақ басшылықтың есептілігі мен негізгі шешімдерін қарайды, сондай-ақ, қажет болғанда, қарсылық жіберуді жалғастырды. Комитеттің қызметі үміттерге және ҚМГ корпоративтік басқару кодексінде, Аудит жөніндегі комитет туралы ережеде және ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімдерінде жазылған Аудит жөніндегі комитеттің функционалдық міндеттерінің тізбесіне толығымен сәйкес келді.

Біз басшылық пен сыртқы аудитордың бухгалтерлік есеп саясатындағы елеулі мәселелер мен шешімдер көрсетілген

АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТТІҢ ФУНКЦИЯЛАРЫ МЕН НЕГІЗГІ МІНДЕТТЕРІ

Комитет Директорлар кеңесіне:

- Компанияның ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару жүйесінің мониторингі;
- Ішкі және сыртқы аудит жүргізу бойынша бақылауды қамтамасыз ету; және
- Компанияның тоқсандық және жылдық қаржы есептілігін қарау арқылы жәрдемдеседі.

Комитет мүшелерінің 2019 жылы отырыстарға қатысуы

Комитет мүшесі	Комитет отырысының нөмірі мен күні									
	1/19 28.01.2019	2/19 05.03.2019	3/19 01.04.2019	4/19 06.05.2019	5/19 02.07.2019	6/19 02.09.2019	7/19 27.09.2019	8/19 06.11.2019	9/19 19.12.2019	Қатысу үлесі, %
Дайер Ф. Дж.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100
Палья Л. М. ¹					+	+	+	+	+	100
Уайт С. Дж.	+	+	+	+	+	+	+	+	+	100

¹ 2019 жылғы 29 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің құрамына сайланды

Аудит жөніндегі комитеттің құрамына:

- Комитет төрағасы Дайер Филип Джон — 2018 жылғы мамырдан бастап;
- Уайт Стивен Джеймс — 2017 жылғы тамыздан бастап;
- Виана Палья да Силва Луис Мария — 2019 жылғы маусымнан бастап кіреді.

тоқсандық есебін алдық. Осы ақпарат бізге ҚМГ қаржы есептілігінің дұрыстығы, теңдестірілген және анықтылығы дәрежесі туралы нысаналық пікірталас жүргізуге көмектеседі.

Мен Аудит жөніндегі комитеттің барлық мүшелерінің қосқан үлесі үшін оларға алғыс білдіргім келеді. Олардың тәжірибесі Аудит жөніндегі комитетке ҚМГ-нің тиімді қызметі мен қаржы орнықтылығын қамтамасыз етеді деп сенемін.

Аудит жөніндегі комитеттің
төрағасы
Дайер Филип Джон

ОТЫРЫСТАР ӨТКІЗУ ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚАТЫСУ

Аудит жөніндегі комитет конференц-байланыс арқылы тұрақты отырыс өткізеді. 2019 жылы Комитеттің тоғыз отырысын өткізді. 2019 жылы Аудит жөніндегі комитет 110 мәселені қарады, оның ішінде 39 – ішкі аудит саласында, 12 – сыртқы аудит саласында, 13 – тәуекелдерді басқару саласында және өзге де 46 мәселе.

ЕСЕПТІ ЖЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТ

ҚАРЖЫ АҚПАРАТЫН АШУ

Аудит жөніндегі комитет:

- ҚМГ тобындағы қаржы есептілігін дайындау процесінің тұтастығы;
- ашылатын ақпараттың нақтылығы мен анықтылығы;
- есеп саясаты мен қабылданған шешімдерді сақтау секілді мәселелерге баса назар аударып, басшылықтың тоқсан сайынғы және жыл сайынғы шоғырландырылған қаржы есептері мен аралық есептерін қарады.

Көрсетілген есептерді қарау барысында, ҚМГ басшылығы мен сыртқы аудитор Аудит жөніндегі комитетке бухгалтерлік есепке қатысты қабылданған шешімдер туралы нақтыланған деректерді, сондай-ақ қаржы есептілігі мен салық салу туралы өзекті ақпарат берді.

СЫРТҚЫ АУДИТ

2019 жылғы аудит стратегиясында сыртқы аудитор аудит барысында ескере қажет болатын келесі елеулі тәуекелдерді айқындады:

- ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы;
- міндеттемелер бойынша белгіленген көрсеткіштердің сақталуы;
- мұнай мен газ қорлары мен ресурстарын бағалау.

Компанияның шоғырландырылған қаржы есептілігінің жыл сайынғы аудитінің шеңберінде, Аудит жөніндегі комитет ЕУ-ге кейбір еншілес компанияларда еңбекақыны есептеу және төлеу бойынша Топтың процесі бойынша қосымша рәсімдер жүргізуге сұрау салды. Осы жылдық есептің шығу күніндегі жағдай бойынша осындай қосымша рәсімдер әлі аяқталған жоқ.

Аудит жөніндегі комитет сыртқы аудитор 2019 жылы аудит жүргізген кезде қабылдаған елеулілік деңгейін бекітті, сондай-ақ есептілікке енгізілмеген аудиторлық түзетулерді қарады.

ҚАРЖЫ ЕСЕПТІЛІГІ

Аудит жөніндегі комитет ҚМГ қаржы есептілігіне байланысты бірқатар елеулі мәселелерді қарады, оның ішінде:

- Негізгі шешімдер мен есептік бағалау ;
- Аудит жөніндегі комитеттің іс-әрекеттері ;
- Нәтижелер/қорытындылар.



Мұнай мен газ есебі (шоғырландырылған қаржы есептілігіне 4, 13, 15 және 16 ескертулерді қараңыз)	Аудит жөніндегі комитет:	2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, мұнай және газ активтері 1 049,8 млрд теңгені құрды. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, барлау және бағалау активтеріне жататын активтер 179,9 млрд теңгені құрды. ҚМГ-нің мұнай бағалары бойынша ұзақ мерзімді болжамдары 2018 жылдан бері өзгермеді. 2019 жыл ішінде активтерді барлау және бағалау активтерінің құнсыздануы 57,2 млрд теңге болды, оны, негізінде, Үкіметке қайтаруға жоспарланған жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшартпен білдірілген.
Барлау, бағалау мен игеру шығындарының есебін жүргізу және мұнай мен газдың бағаланған қорларын айқындау үшін, ҚМГ техникалық және коммерциялық пікірлерді қолданады. Басшылықтың тауарлардың болашақ бағаларын айқындауы активтердің баланстық құнының өтелуіне әсер етеді. Пікір барлау және бағалау активтеріне жататын материалдық емес активтерін сақтау мақсаттылығын шешу үшін қажетті (E & E).	Аудит жөніндегі комитет: <ul style="list-style-type: none"> • ҚМГ тауарларының бағалары туралы болжамдар қаралды. • Құнсыздану мәніне тест үшін қолданылатын ҚМГ дисконттау мөлшерлемелері қаралды. • Сыртқы сарапшы мұнай мен газ көлемдерінің бағасын қарады. • Браунфилдерді есептен шығару қаралды. • Барлау және бағалау активтеріне жататын активтерді есептен шығару қаралды. Комитет активтердің құнсыздану мәніне жүргізілген тестке және мойындалған құнсыздану залалдарына қанағаттанған.	2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша МӨЗ-дің өңдеу активтері 1 381,7 млрд теңге болды.
Активтердің баланстық құнының өтелуі (шоғырландырылған қаржы есептілігіне 4, 13 және 15 ескертулерді қараңыз)	Басшылық бағалаған активтердің құнсыздану белгілерін қарады.	2019 жыл ішінде негізгі құралдарға жататын құнсыздану сомасы, негізінде, ақша ағындарын генерациялайтын келесі бірліктер: KMG International, «Сәтті» бұрғылау қондырғысы мен Батуми мұнай терминалы бойынша 144,4 млрд теңге мөлшерінде мойындалды.
Активтердің баланстық құнының өтелуі (шоғырландырылған қаржы есептілігіне 4, 13 және 15 ескертулерді қараңыз)	Аудит жөніндегі комитет активтердің құнсыздану мәніне жүргізілген тестке және мойындалған құнсыздану залалдарына қанағаттанған.	
Резервтер (шоғырландырылған қаржы есептілігіне 4, 26 және 36 ескертулерді қараңыз)	ҚМГ активтерін шығару туралы болжамдарды қаралды.	2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша, активтерді шығару резерві 154,4 млрд теңгені құрайды.
ҚМГ-нің негізгі резервтері активтерді шығару міндеттемелеріне, экологиялық міндеттемелер мен дауларды шешуге қатысты. Активтер болашақта көп жылдан кейін шығарылатын болады, бұл, өз кезегінде, нақты болашақ талаптарға қатысты елеулі белгісіздіктерді білдіреді. ҚМГ әртүрлі заңдық іс-әрекеттердің қатысушысы болып табылады. Басшылықтың ой-пікірі мен бағасы кез келген істің мәні, сот талқылауларының қорытындысы мен апелляцияларды қарау мерзімдеріне байланысты белгісіздіктер бойынша қажет.	ҚМГ дисконттау мөлшерлемелері қаралды.	Активтерді шығару бойынша резерв үшін қолданылатын дисконттау мөлшерлемелері 2018 жылдан бастап өзгерді. Ақшалай нысанда осы өзгеріс елеусіз болды.
	ҚМГ-мен байланысты ағымдағы елеулі даулар туралы түсіндірмелер алды.	2019 жылы KMG Drilling and Services компаниясымен байланысты дауды келіссөздер арқылы реттеу туралы шешім қабылданғаннан кейін, 34,1 млрд. теңге сомасына реттеу резерві құрылды.
	Аудит жөніндегі комитет резервтердің деңгейіне қанағаттанушылық білдіреді.	

Жоғарыда көрсетілген шешімдер мен бағалаудан басқа, Аудит жөніндегі комитет Топтың қаржы ковенанттарын сақтауын қарады, себебі бұл қаржы есептілігін дайындау кезінде қолданылатын тәуекелдер туралы болжамдарға елеулі әсер етеді.

АУДИТОРЛЫҚ ЖӘНЕ АУДИТОРЛЫҚ ЕМЕС ҚЫЗМЕТТЕРГЕ АҚЫ ТӨЛЕУ

Аудит жөніндегі комитет төлемдер құрылымын, оларды қаржыландыру көздері мен сыртқы аудитормен жыл сайын өзара іс-қимыл жасау тәртібін, сондай-ақ аудитор Компанияға жыл сайынғы негізде көрсететін аудиторлық емес қызметтерді жыл сайын қарайды.

Бір жыл ішінде сыртқы аудиторға төленетін төлемдер¹ 5,3 млн АҚШ долл. (2018 жылы — 5,8 млн АҚШ долл.), оның ішінде аудиторлық емес қызметтер үшін 0,4 млн АҚШ долл. (2018 жылы — 0,95 млн АҚШ долл.) құрды. Аудиторлық емес қызметтер немесе аудитке жатпайтын қызметтер ақпараттың дұрыстығын растау қызметтерін немесе басқа да консультациялық қызметтерді білдіреді.

¹ ҚҚС-сыз.

СЫРТҚЫ АУДИТОР

Акционерлердің 2019 жылғы 4 наурыздағы шешіміне сәйкес, тәуелсіз аудиторлық компания – «Эрнст энд Янг» ЖШС ҚМГ-нің 2019-2021 жылдарға арналған қаржы есептілігінің сыртқы аудитору болып танылды.

Аудиторды тағайындау және оның тәуелсіздігі

Құрамына ҚМГ мен «Самұрық-Қазына» АҚ Аудит жөніндегі комитеттерінің мүшелері кіретін комиссия үш жылда бір рет жаңа сыртқы аудиторды тағайындау туралы мәселені қарайды және ҚМГ акционерлеріне тиісті ұсынымды береді.

Аудит жөніндегі комитет сыртқы аудитордың тәуелсіздігін тұрақты негізде бағалайды; бес жыл сайын аудиторлық компанияның ротациясы көзделген. ҚМГ аудитіне қатысы бар әріптестер мен басшы қызметкерлер Компанияға жалдана алмайды.

Сыртқы аудитордың аудиторлық емес қызметтер көрсетуі

Сыртқы аудитор аудиторлық емес консалтингтік қызметтерді көрсеткен кезде, Аудит жөніндегі комитет осындай қызметтерді алдын ала мақұлдайды. Сондай-ақ сыртқы аудитор аудиторлық емес қызметтерді ҚМГ көрсетілетін

қызметтердің жалпы үлесіне проценттік ара қатынасы бойынша бөліп, жыл сайын ұсынады. Аудиторлық ұйымдарды тарту саясатына сәйкес, аудиторлық емес қызметтер үшін төлемдердің үлесі жалпы соманың 50%-інен аспауы тиіс. 2019 жылы сыртқы аудиторға аудиторлық емес қызметтер үшін төлемдер үлесі аудиторлық және аудиторлық емес қызметтердің жалпы құнының 8,09%-тін құрады («Аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер үшін төлем» бөлімін қараңыз).

Тәуекелдерді және ішкі бақылау тетіктерін қарау

Ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару жүйесін жетілдіру ҚМГ-нің негізгі міндеттерінің бірі болып табылады.

Есепті жылы Аудит жөніндегі комитет елеулі тәуекелдерді және ішкі бақылау мәселелерін қарау үшін Тәуекелдерді басқару департаментінің басшысымен тұрақты түрде кеңестер өткізеді.

Комитет тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді, тәуекел-аппетит туралы мәлімдемелерді, тәуекелдер тіркелімі мен тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, тәуекелдер картасын, тәуекелдерге деген төзімділік деңгейлерін, негізгі тәуекел көрсеткіштерін, ішкі

бақылау тетіктерін, сондай-ақ сақтандыру мәселелерін қарап, бағалады.

ІШКІ АУДИТ

Ішкі аудитті ҚМГ Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) жүзеге асырады.

ІАҚ өз қызметін жүзеге асырғанда, ІАҚ Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚМГ Жарғысын, ҚМГ органдарының шешімдерін, ІАҚ жұмысын реттейтін ішкі құжаттарды, Ішкі аудит қызмет туралы ережені және ҚМГ ішкі аудитін ұйымдастыру жөніндегі басшылықты басшылыққа алады.

Ішкі аудиттің жылдық жоспары ҚМГ-нің негізгі тәуекелдері, аудит процесінің барлық кезеңдері мен басшылықтың сұраулары ескеріліп әзірленеді және Аудит жөніндегі комитет пен басшылықтың арнайы сұрауларының негізінде түзетіледі.

Аудит жөніндегі комитет ІАҚ қызметінің қорытындыларына мониторингті жүзеге асырады, сондай-ақ ІАҚ қызметкерлерінің кәсіпқойлығын дамыту мен кадрлық әлеуетін ашуға көңіл бөледі. Осы мәселелер ІАҚ есептеріне қосылады және Аудит жөніндегі комитет оларды тоқсан сайынғы негізде қарайды. Есептерде Қызметтің сертификаттау және бөлімшенің оқу және біліктілікті арттыру бюджетін орындау шеңберіндегі тренингтер/семинарлардан өту секілді әртүрлі міндеттерді орындауы көрсетіледі.

ІАҚ қызметкерлерінің кәсіпқойлығы ҚМГ ішкі аудиті функциялары тиімділігінің негізгі кепілі болып табылады, сондықтан да оқу процесі мен біліктілікті арттыру процесі маңызды роль атқарады.

2019 жылы Аудит жөніндегі комитеттің отырыстарында ішкі аудиттің келесі мәселелері қаралды:

- 2018 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша ІАҚ жылдық есебі;
- ІАҚ-тың 2019 жылғы жылдық аудиторлық есебі;
- ІАҚ-тың грейдтеу негізінде еңбекақыға көшкен басшысы мен қызметкерлерінің 2018 жылғы қызметінің негізгі көрсеткіштері карталарының іс жүзіндегі мәндері;
- ҚМГ ІАҚ тоқсандық есептері, оның ішінде, жүргізілген аудиттердің қорытындылары бойынша елеулі тұжырымдарды қарау, сондай-ақ ішкі аудиторлардың ұсынымдарын орындау мониторингі;
- ІАҚ қызметкерлерінің тәуелсіздігін растау нысандары;
- ІАҚ-тың 2019—2021 жылдарға арналған стратегиялық жоспары;
- ІАҚ-тың 2019 жылғы бюджеті;
- ІАҚ басшысы мен қызметкерлерінің 2019 жылғы КПЭ;
- ҚМГ ІАҚ қызметкерлерін тағайындау және жұмыстан босату;
- ҚМГ ІАҚ-тың 2019 жылға арналған жылдық аудиторлық жоспарына толықтырулар.

ҚМГ ІАҚ есептерін талдау шеңберінде, есепті жылда Аудит жөніндегі комитет Топтың еншілес кәсіпорындарының біреуінде анықталған ішкі бақылау талаптарының сақталмағанын тергеу мақсатында, форензик-талдау жүргізу үшін тәуелсіз халықаралық аудиторлық компанияны тартуға шешім

қабылдады. Тергеу бұзушылықтардың бар екенін растады және оның қорытындылары бойынша аудитор оларды жою бойынша бірқатар ұсынымдар берді. Қазіргі уақытта басшылық бұзушылықтарды жою бойынша тиімді жоспарды әзірлеу мақсатында, осы ұсынымдарды қарап жатыр.

СЫРТҚЫ ЖӘНЕ ІШКІ АУДИТ ЖҮРГІЗУ ПРОЦЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ

2019 жылы сыртқы аудиторлармен жұмысқа тартылған «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құрылымдық бөлімшелерінің арасында, сондай-ақ Аудит жөніндегі комитет мүшелерінің арасында сыртқы аудитордың жұмысын бағалау бойынша сауалнама жүргізілді. Бағалау Аудит жөніндегі комитеттің мүшелері мен жоғары басшылықтың мүдделі тараптарының қатысуымен сауалнамалардың қорытындылары мен жеке талқылаулар нәтижелері бойынша жүргізілді. Осы бағалау нәтижелері Аудит жөніндегі комитеттің отырысында талқыланды және сыртқы аудитордың назарына жеткізілетін болады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Сыртқы аудит қызметінің жұмысын қамтамасыз ету және оның сапасын арттыру бағдарламасының талаптарына сәйкес, аудиттелетін тарап әрбір жүргізілген аудиттен кейін ІАҚ жұмысын бағалап, сауалнаманы толтырады. Осы бағалаудың қорытындылары шоғырландырылады және Аудит жөніндегі комитет мақұлдайтын ІАҚ жылдық есебіне қосылады. ҚМГ басшылығы ІАҚ ролі мен құндылығын жоғары бағалағаны туралы айтуға қуаныштымыз.

КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ

Комплаенс-тәуекелдерді бағалау, кемшіліктерді талдау және бұзушылықтарды жою жоспарын жасау үшін Комплаенс қызметі тәуелсіз халықаралық аудиторлық компанияны тартты. 2019 жылы осы жоспарды іске асыруда елеулі прогреске қол жеткізілді. 2020 жылы Аудит жөніндегі комитет Компанияның комплаенс саласындағы келесі саясаттарды қарады: Корпоративтік мінез-құлық кодексі, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясат, Мүдделер қақтығысын реттеу саясаты, Контрагенттерді тексеру регламенті мен Бұзушылықтар туралы хабарлау саясаты.

Жақында құрылған Комплаенс қызметіне жәрдемдесу мақсатында, Аудит жөніндегі комитет контрагенттерді тексеру бойынша арнайы практикалық оқу-жаттығу өткізу үшін тәуелсіз халықаралық аудиторлық компанияны тартты.

Аудит жөніндегі комитет бұзушылықтар туралы хабарлау рәсімдері мен ақпаратты берудің басқа да арналарының мониторинг жүзеге асырады. Келіп түсетін бұзушылықтар туралы барлық хабарламалар бойынша тексеру жүргізіледі.

ӨЗГЕ ДЕ МӘСЕЛЕЛЕР

Аудит жөніндегі комитет ҚМГ-дегі корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі егжей-тегжейлі жоспардың орындалғанын қарады.

Аудит жөніндегі комитеттің тапсырмасы бойынша, ІАҚ әрбір аудит объектісінде денсаулық пен қауіпсіздік мәселелері бойынша анонимді сауалнамаларды тұрақты түрде жүргізеді. Осы сауалнамалардың қорытындылары кәсіпорын қызметкерлерінің денсаулық пен қауіпсіздік мәселелеріне қатысты үміттерін көрсетеді және ҚМГ басшылығына құнды ақпарат береді.

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ, ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ



ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ, ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ ТӨРАҒАСЫНЫҢ МӘЛІМДЕМЕСІ

Компанияның еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму мақсаттарын ұстану шеңберінде, 2019 жылы ҚМГ Директорлар кеңесінің жанындағы жаңа Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет (бұдан әрі – тиісінше, ҚМГ, ДК және Комитет) өз қызметін бастады.

Есепті жылы Комитеттің үш отырыс өткізді, онда еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ), ESG аспектілерін стратегиялық басқару, сондай-ақ орнықты даму саласындағы есептілік бойынша 36 мәселе қаралды.

Өнеркәсіптік қауіпсіздік мәселелеріне баса назар аудару аясында, Комитет біздің әрбір кәсіпорнымыздағы, сондай-ақ мердігерлік ұйымдардағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету көрсеткіштері мен әдістерін мұқият зерттеді. Өндірістегі оқиғалардың ресми статистикасы мен оларға жүргізілген талдау соңғы кезеңде болған инциденттердің көпшілігі мердігерлік ұйымдардың қызметімен байланысты екенін көрсетеді. Осы мән-жай компанияда мердігерлермен жұмыс істеудің анағұрлым кең құзыретін құрудың өзекті қажеттілігін растайды. Стейкхолдерлермен жұмыс пен өнім берушілердің жауапкершілігін арттыру шеңберінде, негізгі қалаушы қағидаттар мен Компанияның мүдделі тараптардан күтетін үміттерін сипаттайтын негіздемелік құжат – ЕҚ, ӨҚ және ҚОӘБ мәселелері бойынша өнім берушілер жауапкершілігінің кодексі әзірлеу және бекіту жоспарланып отыр. Жүргізілген жан-жақты талдау менеджменттің қауіпсіздік көрсеткіштерін жақсарту шараларын қалай қабылдайтынын және бүкіл бизнестің шеңберінде қауіпсіздік мәдениетін қалай жақсарту алатыны туралы түсінік берді.

Былтырғы маңызды фокустардың бірі орнықты даму мәселелері бойынша есептілікті анық етуге ұмтылу болды. Компания белгілі бір нәтижелерге қол жеткізді.

Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитетінің құрамына:

- 2018 жылғы желтоқсаннан бастап, Комитет мүшесі – Дайер Филип Джон;
- 2018 жылғы желтоқсаннан бастап – Уолтон Кристофер Джон;
- 2018 жылғы желтоқсаннан бастап – Уайт Стивен Джеймс;
- 2019 жылғы мамырдан бастап – Қарабалин Ұзақбай Сұлейменұлы;
- 2019 жылғы маусымнан бастап – Виана Палья да Силва Луис кіреді.

Қазақстанның мұнай-газ компанияларының практикасында алғаш рет, 2019 жылы ҚМГ Carbon Disclosure Project (CDP) бастамашылығының шеңберінде парниктік газдар шығарындылары (1, 2 және 3-деңгей) бойынша есептілікті жариялады. Бізге «С» рейтингі берілді, бұл, біз сияқты халықаралық компаниялармен салыстырғанда, олардан жоғары. Сондай-ақ біз Орнықты даму туралы есеп (ОДЕ) шығаруды жалғастырып жатырмыз және өткен жылы Қазақстанда ОДЕ Стандартқа сәйкес келу мәніне тексеруден өтіп, түпнұсқалы GRI белгісін алды. ҚМГ Корпоративтік басқару кодексін және Даму стратегиясына сәйкес, ұзақ мерзімді орнықты даму ҚМГ-нің негізгі стратегиялық мақсаттары мен міндеттері болып табылады, бұл Қордың көзқарасымен, Қазақстан Республикасының даму стратегиясымен және әлемдік инвестициялық қауымдастықпен келісіледі.

Директорлар кеңесі компанияның барлық өндірістік объектілерінде экология және қоршаған ортаны қорғау, өз қызметкерлерінің өмірі мен денсаулығын сақтау, кадр әлеуетін дамыту мен көпшілік таныған Орнықты даму саласындағы ғаламдық мақсаттарды ұстану мәселелерін Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті, қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитетке беру арқылы осы мәселелерді жоғары басымдығын растайды.

Біздің 2020 жылға арналған күн тәртібіміз, өткен жылдағыдай болады: өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау, этикалық мінез-құлық секілді негізгі тақырыптарға шоғырланған. Сонымен қатар, біз орнықты даму саласындағы күн тәртібін ең үздік әлемдік практикаларға сәйкес келтіру жұмысын жалғастыратын боламыз.

Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму комитетінің төрағасы, тәуелсіз директор Дайер Филип Джон

ЕҢБЕК ҚАУІПСІЗДІГІ, ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ ЖӘНЕ ОРНЫҚТЫ ДАМУ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТ 2019 ЖЫЛЫ ҚАРАҒАН НЕГІЗГІ МӘСЕЛЕЛЕР

- Құрылымдық бөлімшелер есептілігінің анық және сапалы болуын және Комитеттің құзыретіне жатқызылған мәселелер бойынша басқару тиімділігін арттыру,
- Беделді халықаралық рейтингтік агенттіктерінің желісі бойынша ESG рейтингін алу,
- 2018 жылы ҚМГ орнықты даму туралы есебінің тәуелсіз аудиті және верификация,
- Қауіпсіздікке төну ықтималдығы бар қауіп-қатерлерді тіркеу, қызметкерлердің өмірі мен денсаулығы үшін жоғары қауіпті инциденттерді ескерту,
- Су ресурстарын пайдалануға, парниктік газдардың атмосфераға шығарындыларға және ілеспе мұнай газын жағуға, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасының өзгеруіне байланысты тәуекелдер секілді климаттық тәуекелдерді мойындау,
- Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік өнеркәсіп және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша мердігерлік ұйымдарды басқару және өнім берушілердің жауапкершілігін арттыру,
- Еңбекті қорғау, өнеркәсіптік өнеркәсіп және қоршаған ортаны қорғау мәселелері бойынша мамандандырылған ішкі аудиттерді жүргізу және аудит қорытындыларын талдау,
- ҚМГ компаниялар тобына салынған экологиялық айыппұлдар мен санкцияларды және осыған байланысты қолданылған іс-әрекеттерді егжей-тегжейлі талдау,
- Қалдықтарды басқару мәселелерін кешенді қарау: ҚМГ компанияларының тобы бойынша әр түрлі қалдықтар түрлерінің есебі, оларды айқындау және жою,
- БҰҰ-ның орнықты даму саласындағы ғаламдық мақсаттарын енгізу,
- Компания үшін орнықты даму бағыттары бойынша жекелеген басшылардың ҚНК (қызметтің негізгі көрсеткіштерінің) теңдестірілген жүйесін белгілеу,

- Өлім жағдайларын, жол-көлік оқиғалары мен қауіпсіздік инциденттерін зерттеу және ескерту, басшыларды болған қауіпсіздік инциденттері үшін жауапкершілікке тарту,
- Экологиялық және табиғат қорғау мәселелерін басқару бойынша лидерлік позицияны айқындау, Қазақстан Республикасының экологиялық заңнамасын әзірлеуге қатысу,
- ҚМГ мен оның еншілес ұйымдарының басшылары мен қызметкерлерінің мәдениеті, оқуы мен жауапкершілігі.

2019 жылы Комитет келесі құжаттарды қарады және мақұлдады:

- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-тың 2018 жылғы орнықты даму туралы есебі,
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында орнықты даму саласындағы басқару жүйесі жөніндегі басшылық,
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саясаты,
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ экологиялық саясаты,
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ алкогольге, есірткі құралдарына, психотроптық заттар мен олардың аналогтарына қатысты саясаты,
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ жерүсті көлік құралдарын қауіпсіз пайдалану саласындағы саясаты,
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы мердігерлік ұйымдармен өзара іс-қимыл жасау жөніндегі корпоративтік стандарт,
- «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ компанияларының тобында еңбекті қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы құзыреттерді қамтамасыз ету жөніндегі корпоративтік стандарт.

Комитет мүшелерінің 2019 жылы отырыстарға қатысуы

Комитеттің мүшесі	Комитет отырысының нөмірі мен күні			
	1/2019 05.03.2019	2/2019 02.09.2019	3/2019 05.11.2019	Қатысу үлесі, %
Дйаер Ф.Д.	+	+	+	100
Уолтон К.Д.	+	+	+	100
Уайт С.Д.	+	+	+	100
Қарабалин Ұ.С.		+	+	100
Палья Л.М. ¹		+	+	100

¹ 2019 жылғы 29 сәуірден бастап Директорлар кеңесінің құрамына сайланды

БАСҚАРМАНЫҢ ЖҰМЫСЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

БАСҚАРМАНЫҢ 2019 ЖЫЛҒЫ ҚЫЗМЕТІ/ЖҰМЫСЫ

Басқарма ҚМГ-ні ағымдағы басқару үшін, сондай-ақ Компанияның еншілес ұйымдарын дамытудың жалпы стратегиясын әзірлеу және іске асыру үшін жауап беретін алқалық атқарушы орган болып табылады. ҚМГ Басқармасын Басқарма төрағасы басқарады.

Басқарма құзыретінің анағұрлым елеулі мәселелер:

- Компанияның ағымдағы шаруашылық саясатын әзірлеу және іске асыру;
- Қызметтің тоқсандық, жылдық және перспективалық жоспарларын, бюджеті мен инвестициялық бағдарламасын әзірлеу, бекіту және олардың орындалуын бақылау;
- Компанияның басқа заңды тұлғаларды құру туралы, Компанияның басқа ұйымдарға қатысуы және қатысуды тоқтатуы туралы шешімдерді қабылдау;
- Компанияның еншілес қоғамдарын дамытудың жалпы стратегиясын әзірлеуге және іске асыруға байланысты мәселелер болып табылады.

Компанияның Басқармасын Директорлар кеңесі Басқарма төрағасы ұсыныстарының негізінде құрайды. Басқарманың құрамына Компанияның тоғыз негізгі менеджері кіреді.

2019-2020 жылдар ішінде Басқармада келесі өзгерістер болды:

- 2019 жылғы қыркүйекте Басқарманың құрамынан ақпараттық технологиялар, трансформация және цифрландыру жөніндегі басқарушы директор Салов Дмитрий Николаевич Басқарманың құрамынан шықты;
- 2020 жылғы ақпанда сатып алу және жабдықтау жөніндегі басқарушы директор Қайыржан Есен Қайыржанұлы Басқарманың құрамынан шықты;
- 2020 жылғы ақпанда Басқарма төрағасының стратегия, инвестициялар және дамыту жөніндегі орынбасары Абдулғафаров Дастан Елемесұлы және құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор Сәулебай Мәлік Оралұлы Басқарманың құрамына кірді.

2019 жылы 54 отырыс өтті, 660 шешім қаралды және қабылданды, оның ішінде, 649 – сырттай отырыстарда. Басқарма Директорлар кеңесінің қарауына 162 мәселені шығарды, олардың анағұрлым маңыздылары – бұл жаңа жер қойнауын пайдалану туралы келісімдерді жасасу және инвестициялық жобаларды келісу; бейінді емес активтерден шығу; Стратегия мен Даму жоспарын іске асыру; қаржыландыру шарттарын жақсарту; тәуекелдер жөніндегі есептер мен орнықты даму туралы есеп.

БАСҚАРМАНЫҢ ҚҰРАМЫ



Айдарбаев А.С.
ҚМГ Басқармасының төрағасы



Марабаев Ж.Н.
Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары



Есқазиев Қ.О.
Басқарма төрағасының геология және барлау жөніндегі орынбасары



Шәріпбаев Қ.Қ.
Басқарма төрағасының газ тасымалдау және маркетингі жөніндегі орынбасары



Тиесов Д.С.
Басқарма төрағасының мұнай өңдеу және маркетингі жөніндегі орынбасары



Берлібаев Д.А.
Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасары



Қарабаев Д.С.
Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры



Абдулғафаров Д.Е.
Басқарма төрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары



Хасанов Д.К.
Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директор



Сәулебай М.О.
Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор

БАСҚАРМА ҚҰРАМЫ



Айдабаев Алик Серікұлы

ҚМГ Басқармасының төрағасы



Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат «Директорлар кеңесі» бөлімінде



Марабаев Жақып Нәсібқалиұлы

Басқарма төрағасының өндіріс жөніндегі орынбасары

2019 жылдан бастап Басқарманың құрамына кіреді.

Туған күні: 1962 жылғы 9 тамыз.

Білімі:

- И.М. Губкин атындағы Мәскеулік мұнай-химия және газ өнер-кәсібі институты, мамандығы — «тау-кен ісі»;
- Мәскеулік мемлекеттік басқару университеті.

Жұмыс тәжірибесі

Еңбек қызметін 1984 жылы МГӨБ-те бастады

«Комсомольскнефть» техникалық бөлімінің бастығы болды. Әртүрлі жылдарда «Сфинкс» мемлекеттік корпорациясы коммерциялық қызметінің директоры, Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыс министрлігінде бас инженері, Қазақстан Республикасының Энергетика және отын ресурстары министрлігіндегі теңіз жұмыстары басқармасының бастығы болып жұмыс істеді.

«ҚазақстанКаспийШельф» АҚ вице-президенті мен бас директоры, «ҚазақОйл» ҰК ЖАҚ инвестициялар және жаңа жобалар жөніндегі директоры, коммерциялық директоры, газ жобалары жөніндегі вице-президенті «Қазақстанның Халық банкі» АҚ басқарма төрағасы мен басқарма мүшесі, «ҚазТрансОйл» АҚ пайдалану жөніндегі вице-президенті, «ҚазақОйл» ҰК ЖАҚ вице-президенті, «Мұнай және газ тасымалдау» ҰК бас директорының орынбасары, Қарашығанақ Петролеум Оперейтинг Б.В., Өнімді бөлу туралы келісім (ӨБК) бойынша жобалардағы үлестерді басқару жөніндегі өкілетті органының төрағасы, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы лауазымдарында жұмыс істеді.

2006 жылдың қарашасынан бастап 2008 жылдың желтоқсанына дейін KAZENERGY қауымдастығы үйлестіру кеңесінің төрағасы болды. 2008 жылғы желтоқсаннан бастап 2019 жылғы ақпанға дейін «Норт Каспиан Оперейтинг Компани Н.В.» (NCOC) басқарушы директорының орынбасары болып жұмыс істеді.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.



Есқазиев Құрманғазы Орынғазыұлы

Басқарма төрағасының геология және барлау жөніндегі орынбасары

2018 жылдан бастап Басқарманың құрамына кіреді.

Туған күні: 1965 жылғы 11 мамыр.

Білімі:

- В.И. Ленин атындағы Қазақ политехникалық институты, мамандығы «тау-кен инженер-геологы»;
- Томск политехникалық университеті, геологиялық-минералогиялық ғылымдар кандидаты.

Жұмыс тәжірибесі

Еңбек қызметін Балықшы барлап бұрғылау басқармасының оператор-коллекторы болып бастады, одан кейін «Ембімұнай» ӨБ Тампонаждық конторасының цементажы жөніндегі операторы қызметінде жұмыс істеді. Балықшы барлап бұрғылау басқармасының №1 бұрғылау экспедициясының геологы болды. Әртүрлі жылдарда 2-санаттағы геолог, «Ембімұнайгаз» АҚ-тың Атырау бұрғылау жұмыстары басқармасының ЦИТС жетекші геологы, Атырау қабаттардың мұнай қайтаруын арттыру және ұңғымаларды күрделі жөндеу басқармасы (АҚМҚА және ҰКЖБ) директорының орынбасары, «Ембімұнайгаз» АҚ геология және мұнай-газ кен орындарын игеру департаментінің директоры болып жұмыс істеді.

Әртүрлі жылдарда «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ геология және игеру департаменті директорының орынбасары, директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай және газ өндіру жөніндегі атқарушы директоры, геология, геофизика және резервуарлар жөніндегі басқарушы директоры, бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының геология және перспективалық жобалар жөніндегі орынбасарлары, «Ембімұнайгаз» АҚ бас директоры (Басқарма төрағасы), «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директор (Басқарма төрағасы) болды.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.



Шәріпбаев Қайрат Қаматайұлы

Басқарма төрағасының газ тасымалдау және маркетинг жөніндегі орынбасары

2016 жылдан бастап Басқарманың құрамына кіреді.

Туған күні: 1963 жылғы 16 тамыз.

Білімі:

- Қазақ ауыл шаруашылығы институты;
- Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті;
- Саяси ғылымдарының кандидаты.

Жұмыс тәжірибесі

Еңбек жолын 1985 жылы ауыл шаруашылығы саласында агроном болып бастады. 1991 жылдан бастап 1999 жылдан бастап ол «Көктем» ЖШС-да, «Шын-Асыл» АҚ-та, «Жетісу» ЖШС-да басшы лауазымдарында жұмыс істеді. Әртүрлі жылдарда Тараз әкімінің орынбасары, «Кітап» баспа үйінің президенті, «Данко» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы болды.

2001 жылы газ және газбен жабдықтау саласында жұмыс істей бастады. «Интергаз Орталық Азия» АҚ бас директорының маркетинг және коммерция жөніндегі орынбасары болды. Әртүрлі жылдарда «ҚазТрансГаз» АҚ кеңесшісі, бас директорының маркетинг жөніндегі орынбасары, бірінші вице-президентінің кеңесшісі, ал одан кейін «Қазақстан темір жолы» ҰК АҚ-та коммерция жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ бас директорының, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының газ тасымалдау және маркетинг жөніндегі орынбасары лауазымдарында жұмыс істеді.

2015 жылғы 11 желтоқсаннан бастап, «ҚазТрансГаз» АҚ Директорлар кеңесінің төрағасы болды.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.



Тиесов Данияр Сүйіншілікұлы

Басқарма төрағасының мұнай өңдеу және маркетинг жөніндегі орынбасары

2016 жылдан бастап Басқарманың құрамына кіреді.

Туған күні: 1970 жылғы 6 желтоқсан.

Білімі:

- Атырау мұнай және институты, инженер-технолог;
- Шығыс Қазақстан мемлекеттік университеті, заңгер.

Жұмыс тәжірибесі

Еңбек қызметін 1994 жылы «Манас» МП менеджері, одан кейін «Бата» ЖШС-да менеджер және «Абыз» ЖШС-да атқарушы директор болды. Әртүрлі жылдарда «АМӨЗ» ЖШС бірінші вице-президентінің көмекшісі, Директорлар кеңесінің хатшысы, «Қазақойл» ҰМК ЖАҚ-та бас менеджер, «АМӨЗ» ЖШС қайта жаңарту жобаларын басқару тобының бас менеджерінің орынбасары, АМӨЗ жобаны басқару департаментінің ағымдағы қызметті бақылау секторын меңгеруші, ағымдағы қызметті корпоративтік басқару және мониторинг секторының бас маманы, мұнай, газ және мұнай-химия өңдеу департаменті директорының орынбасары, ал одан кейін «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ мұнай-химияны дамыту департаменті директорының орынбасары, «АМӨЗ» ЖШС күрделі құрылыс басқармасының бастығы, Салынатын кәсіпорын дирекциясының бас директоры, қаржы директоры болып жұмыс істеді.

Әртүрлі жылдарда «ҚазМұнайГаз» сауда үйі» АҚ бас директорының өндіріс жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының өңдеу және мұнай-химия жөніндегі орынбасары, мұнай өңдеу және маркетинг жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз – Өңдеу және маркетинг» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ аға вице-президенті, мұнай тасымалдау, өңдеу және маркетинг жөніндегі атқарушы вице-президенті болып жұмыс істеді.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.



Берлібаев Данияр Әмірбайұлы

Басқарма төрағасының мұнай тасымалдау, халықаралық жобалар және «Сарыарқа» газ құбырын салу жөніндегі орынбасары

2019 жылдан бастап жылдан бастап Басқарманың құрамына кіреді.

Туған күні: 1968 жылғы 21 желтоқсан.

Білімі:

- Әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік университеті, заңгер.

Жұмыс тәжірибесі

1991-1994 жж. еңбек қызметін ҚазКСР Ғылым академиясында кіші ғылым қызметкері болып бастады, одан кейін «Барикон» кәсіпорнының заң бөлімінің заң консультанты, одан кейін бастығы болып жұмыс істеді. Әртүрлі жылдарда Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттіктің жобаларды бағалау басқармасының бас маманы, Қазақстан Республикасының Экономика министрлігінің жанындағы Шетелдік инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттігінің шетелдік инвестициялар басқармасы бастығының орынбасары, заң департаментінің құқықтық сараптама басқармасының бастығы, ал одан кейін Қазақстан Республикасының Мемлекеттік экспорттық-импорттық банкінің («Эксимбанк») заң департаменті директорының орынбасары болып жұмыс істеді.

1997 жылдан бастап осы уақытқа дейін ҚМГ компанияларының тобында жұмыс істеп жатыр. «ҚазТрансОйл» НКТН» ЖАҚ инвестициялық жобалар департаментінің бастығы, корпоративтік қаржыландыру департаментінің бастығы, қаржы жөніндегі атқарушы директоры, экономика және қаржы жөніндегі кеңесшісі болып жұмыс істеді. Әртүрлі жылдарда «ҚазТрансГаз» ЖАҚ вице-президентінің, бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, бірінші вице-президенті, «Интергаз Орталық Азия» АҚ бас директорының орынбасары, «Мұнай және газ тасымалдау» ҰК ЖАҚ бас директорының бірінші орынбасары, «ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ корпоративтік басқару жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының корпоративтік даму жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ қаржы және экономика жөніндегі басқарушы директоры, «Қазтеңізкөлікфлоты» ҰТКК ЖАҚ бас директоры болып жұмыс істеді. 2005-2007 жылдар кезеңінде — «ҚазТрансГаз» АҚ бас директорының бірінші орынбасары, «Интергаз Орталық Азия» АҚ бас директоры болды.

Әртүрлі жылдарда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау және өңдеу жөніндегі вице-президент, «ҚазМұнайГаз – өңдеу және маркетинг» АҚ газ жобалары жөніндегі басқарушы директоры, бас директоры, «ҚазТрансГаз» АҚ бас директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ газ жобалары жөніндегі басқарушы директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасы төрағасының бірінші орынбасары, Басқарма төрағасының Корпоративтік орталық жөніндегі орынбасары болып жұмыс істейді.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.



Қарабаев Дәурен Сапаралыұлы

Басқарма төрағасының орынбасары – қаржы директоры

2016 жылдан бастап Басқарманың құрамына кіреді.

Туған күні: 1978 жылғы 11 маусым.

Білімі:

- Қазақ мемлекеттік басқару академиясы, халықаралық экономикалық қатынастар;
- Texas A&M университеті, қаржы саласындағы ғылымдар магистрі;
- CFA халықаралық кәсіби сертификатының иегері.

Жұмыс тәжірибесі

Еңбек қызметін 2001 жылы «АБН АМРО Банк Қазақстан» АҚ-та кредиттік талдаушы болып бастады. 2003 жылы банкте кредиттік басқарма бастығы болып тағайындалды.

2004 жылдан бастап — «Қазақстанның Халық банкі» АҚ-та басқарушы директор болды. 2007 жылдан бастап 2016 жылдың маусымына дейін «Қазақстанның Халық банкі» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары болды. 2016 жылғы қыркүйекке дейін McKinsey & Company Inc. компаниясында жобаның тәлімгері болды. 2017 жылдан бастап, Лондондық қор биржасында листингтелген «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ Директорлар кеңесі төрағасы болып табылады.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.



Абдулғафаров Дастан Елемесұлы

Басқарма төрағасының стратегия, инвестициялар және бизнесті дамыту жөніндегі орынбасары

2020 жылғы ақпаннан бастап Басқарманың құрамына кіреді.

Туған күні: 1974 жылғы 16 желтоқсан.

Білімі:

- О.А. Жаутықов атындағы республикалық физикалық-математикалық мектеп;
- Қазақстандық құқық және халықаралық қатынастар институты, мамандығы – «халықаралық құқық», заңгер;
- Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігінің дипломатиялық академиясы, мамандығы - «халықаралық экономика және құқық»;
- ENI Корпоративтік университеті, Милан қ., мұнай бизнесі магистрі;
- Мәскеулік Сколково басқару мектебі, мамандығы - «қаржы және инвестициялар», Executive MBA.

Жұмыс тәжірибесі

ҚМГ компанияларының тобындағы жұмыс тәжірибесі 18 жылдан астам, оның ішінде, 14 жыл – басшы лауазымдарда.

Әр түрлі жылдарда халықаралық келісімшарттар департаментінің заңгері, жаңа жобаларды дамыту департаментінің бас менеджері, жаңа жобаларды дамыту департаментінің директоры, жаңа теңіз жобаларын дамыту департаменті директорының орынбасары, одан кейін директоры, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ пен «ҚазМұнайТеңіз» ТМК» АҚ-та жобаларды басқару тобының жетекшісі, бас директордың кеңесшісі, бизнесті дамыту жөніндегі басқарушы директор, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ барлау және өндіру бизнесін сүйемелдеу жөніндегі басқарушы директоры, аппарат басшысы – дамыту жөніндегі басқарушы директоры болып жұмыс істеді.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.



Хасанов Дәулетжан Кеңесұлы

Адами ресурстарды басқару жөніндегі басқарушы директор

2018 жылдан бастап Басқарманың құрамына кіреді.

Туған күні: 1971 жылғы 21 қазан.

Білімі:

- Батыс Қазақстан ауыл шаруашылығы институты, мамандығы – «экономист»;
- Атырау мұнай және институты, мамандығы – «тау-кен инженері».

Жұмыс тәжірибесі

Әртүрлі жылдарда «Теңіз» бас бухгалтерінің орынбасары, РУТ, ААҚ Құрманғазы РУТ, «Қазақтелеком» бас бухгалтері, «ӨзенМұнайГаз» ААҚ, «Ембімұнайгаз» бас бухгалтерінің орынбасары, «Каспий Мұнай – ТМЕ» бас бухгалтері, «EuroAsia Group» ЖШС бас бухгалтері, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ «Ембімұнайгаз» ӨФ бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары, қаржы департаментінің директоры, бас бухгалтерінің орынбасары болды.

Әртүрлі жылдарда «ҚазГерМұнай» БК» ЖШС бас директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары. «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ БК-дегі үлестерді басқару жөніндегі басқарушы директоры, «ТКЖҰҚ» ЖШС директорының, «Қаражанбасмұнай» АҚ президентінің, «ӨзенМұнайГаз» АҚ бас директорының, Басқарма төрағасының, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ бас директорының, басқарма мүшесінің, «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ барлау және өндіру активтерін басқару жөніндегі басқарушы директорының, «Тау-Кен Самұрық» ҰТК» АҚ экономика және қаржы жөніндегі бас директорының, Басқарма мүшесінің лауазымдарында жұмыс істеді.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.



Сәулебай Мәлік Оралұлы

Құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор

2020 жылдан бастап Басқарманың құрамына кіреді.

Туған күні: 1975 жылғы 7 мамыр.

Білімі:

- О.А. Жаутықов атындағы республикалық физикалық-математикалық мектеп (1991);
- Қазақ мемлекеттік басқару академиясы (1995), мамандығы - «экономист»;
- Қазақ еңбек және әлеуметтік қатынастар академиясы (1999), мамандығы - «заңгер»;
- И.М. Губкин атындағы Ресейлік мемлекеттік мұнай және газ университеті (2014), Іскерлік әкімшіліктендіру магистрі (үздік).

Жұмыс тәжірибесі

Жалпы жұмыс тәжірибесі 25 жыл.

Еңбек қызметін 1995 жылы бастады, 2000 жылға дейін банк саласында: «Қазпочтабанк» департаментінің жетекші экономисі, директорының орынбасары, Альфа банкте аға бухгалтер-бақылаушы, «Транс Азия Сауда банкі» ААҚ-та басқармасының бастығы болып жұмыс істеді.

2000-2005 жж. прокуратура органдарында жұмыс істеді (Астана қ. Алматы ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры, Бас прокурор орынбасарының көмекшісі, Астана қ. прокуратурасының, Орталық өңірлік көлік прокуратурасының басқарма бастығы). «Прокуратура үздігі» омырауға тағатын белгісі, 2005 жылы біліктілік емтиханын сәтті тапсырып, судьялар резервіне кірді.

2005 жылдан бастап 2006 жылға дейін «Қазақстандық Ипотека компаниясы» АҚ басқармасы төрағасының орынбасары, ҚР Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс комитетінде басқарма бастығы болды.

2006 жылы «ҚазТрансГаз» АҚ активтерді басқару департаментінің директоры, 2007-2009 жж. - «ҚазТрансОйл-Сервис» АҚ бас директоры, 2009 жылдан бастап 2011 жылға дейін «ҚазМұнайГаз-Өңдеу Маркетинг» АҚ-та (бас директорының кеңесшісі, құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор), 2011 жылдан бастап 2016 жылға дейін «ҚазМұнайГаз» БӨ» АҚ-та (құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі, аппарат басшысы – Басқарма мүшесі), 2016 жылдан бастап 2018 жылға дейін «Қаражанбасмұнай» АҚ-та (сыртқы және корпоративтік байланыс жөніндегі вице-президент), 2018 жылдан бастап 2019 жылға дейін «Самұрық-Энерго» АҚ-та (тәуекелдер және құқықтық мәселелер жөніндегі басқарушы директор – Басқарма мүшесі) болып жұмыс істеді.

2009 жылғы мамырдан бастап – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ құқықтық қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директоры, 2020 жылғы ақпанда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқармасының құрамына сайланды.

ҚМГ немесе оның еншілес және/немесе тәуелді ұйымдарының акцияларына иелік етпейді (тікелей немесе жанама), ҚМГ, еншілес және/немесе тәуелді ұйымдардың акцияларымен мәмілелер жасамады.

СЫЙАҚЫ ТУРАЛЫ ЕСЕП

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ МҮШЕЛЕРІНЕ СЫЙАҚЫ БЕРУ

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2016ж.26.09 шешімімен бекітілген, өзгелерден басқа, Директорлар кеңесінің мүшелеріне сыйақы белгілеу тәртібі көзделген Қор компанияларының Директорлар кеңесінің құрамдарын құру қағидалары бекітілді. Сыйақы мөлшерін белгілеу кезінде

Директорлар кеңесі мүшесінің міндеттері, компания қызметінің ауқымы, ұзақ мерзімді мақсаттар мен міндеттер назарға алынады. Сыйақы тәуелсіз директорларға төленеді. Ұйымдардың Директорлар кеңесінің құрамындағы Қор өкілдеріне берілетін сыйақы Қор Басқармасы шешімінің негізінде белгіленеді.

Тәуелсіз директорлар Уолтон Кристофер Джон, Дайер Филип Джон, Уайт Стивен Джеймс пен Виана Палья да Силва Луис Мария, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелері Грюал Балжит Каур мен Эспина Энтони 150 мың АҚШ долл. мөлшерінде тіркелген жылдық сыйақы алады, Директорлар кеңесі мүшесі Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы 18,2 мың теңге мөлшерінде тіркелген жылдық сыйақы алады.

Сонымен қатар, тәуелсіз директорлар, сондай-ақ Директорлар кеңесінің мүшелері Грюал Балжит Каур мен Эспина Энтониге қосымша сыйақы төленеді:

- ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасына – жылына 75 мың АҚШ долл.;

- төрағаларға:
 - Аудит жөніндегі комитеттің — жылына 35 мың АҚШ долл.;
 - Тағайындау және сыйақылар жөніндегі комитеттің — жылына 25 мың АҚШ долл.;
 - Қаржы жөніндегі комитеттің — жылына 25 мың АҚШ долл.;
 - Стратегия және портфельді басқару комитеттің — жылына 25 мың АҚШ долл.;
 - Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеттің — жылына 25 мың АҚШ долл..

- мүшелерге:
 - Аудит жөніндегі комитеттің — жылына 17,5 мың;
 - Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитеттің — жылына 12,5 мың АҚШ долл.;
 - Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитеттің — жылына 12,5 мың АҚШ долл.;
 - Қаржы жөніндегі комитеттің — жылына 12,5 мың АҚШ долл.;
 - Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитеттің — жылына 12,5 мың АҚШ долл.

Тәуелсіз директорлар мен Директорлар кеңесінің мүшелері Грюал Балжит Каур мен Эспина Энтониге ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы және/немесе Қор Басқармасының төрағасына, ҚМГ Басқармасының төрағасы бастамашылық еткен отырысқа (кездесуге/кеңеске) қатысқаны үшін – күніне көп дегенде бір отырыс есебінен әрбір отырыс үшін 2 мың АҚШ долл.

Компания (құрамына Компания кіретін ұйымдар тобынан заңды тұлға) Директорлар кеңесінің мүшелеріне қарыздар (кредиттер) берген жоқ.

2019 жылы Директорлар кеңесінің мүшелеріне іс жүзіндегі берілетін жылдық сыйақы, АҚШ долл.

Директорлар кеңесінің мүшелері	Бір жылдағы Директорлар кеңесіндегі мүшелік үшін сыйақы	Бір жылдағы Директорлар кеңесінде төрағалық ету үшін сыйақы	Бір жылдағы комитеттердегі төрағалық ету үшін сыйақы	Бір жылдағы комитеттердегі мүшелік үшін сыйақы	Жеке отырыстарға қатысу үшін сыйақы	Жиыны
Уолтон Кристофер Джон	150 000	75 000	Қаржы жөніндегі комитет — 25 000	Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет — 12 500 Аудит жөніндегі комитет — 7 583 Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет — 12 500 Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет — 5 477	82 000	370 060
Уайт Стивен Джеймс	150 000	-	Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет — 25 000	Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет — 12 500 Қаржы жөніндегі комитет — 12 500 Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет — 5 477 АК — 17 500	20 000	242 977
Дайер Филип Джон	150 000	-	Аудит жөніндегі комитет — 35 000 Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет — 10 954	Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет — 17 778 Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет — 12 500 Қаржы жөніндегі комитет — 12 500	34 000	272 732
Виана Палья да Силва Луис Мария	100 417	-	Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет — 14 167	Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет — 7 083 Қаржы жөніндегі комитет — 7 083 Аудит жөніндегі комитет — 9 917 Еңбек қауіпсіздігі, еңбекті және қоршаған ортаны қорғау және орнықты даму жөніндегі комитет — 5 477	10 000	154 144
Грюал Балжит Каур	150 000	-	-	Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет — 12 500 Қаржы жөніндегі комитет — 12 500	92 000	267 000
Қарабалин Ұзақбай Сүлейменұлы	47 028,09 ²	-	-	-	-	47 028,09
Сәтқалиев Алмасадам Майданұлы	-	-	-	-	-	-
Энтони Эспина	91 935	-	-	Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет — 7 083 Стратегия және портфельді басқару жөніндегі комитет — 7 083 Қаржы жөніндегі комитет — 7 083	10 000	123 184
Айдарбаев Алик Серікұлы	-	-	-	-	-	-

¹ ҚМГ Директорлар кеңесінің төрағасы және (немесе) «Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының төрағасы, ҚМГ Басқармасының төрағасы бастамашылық еткен кездесулер/кеңестер

² Ұзақбай Сүлейменұлы Қарабалинге берілген жылдық сыйақы – 18 млн теңге, бұл «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банк» РМК-ның 2019 жылғы орташа бағамы - 382,75 теңге бойынша қайта есептегенде, 47 028,09 АҚШ долл. сомасына баламалы.

БАСҚАРМАҒА СЫЙАҚЫ БЕРУ

ҚМГ Директорлар кеңесі Қор Басқармасының 2017 жылғы 14 желтоқсандағы шешімімен бекітілген Қор тобының адами ресурстарын басқару жөніндегі корпоративтік стандартына сәйкес, сыйақы беру саясаты мен ҚМГ Басқарма мүшелері қызметінің тиімділігін бағалау тәртібін белгілейді.

Есепті кезеңдегі (жылдағы) жұмыс қорытындылары бойынша сыйақы өлшемді, өзара байланысты, қисынды құрылған және теңдестірілген мотивациялық ҚНК карталарында көрсетілген стратегиялық және басым мақсаттарға қол жеткізуге ынталандыру мақсатында қызмет тиімділігін бағалау қорытындылары бойынша Басқарма мүшелеріне төленеді.

Мотивациялық ҚНК картасы корпоративтік және функционалдық ҚНК-дан тұрады.

Сыйақы сыйақының тіркелген бөлігі мен ҚМГ жұмысының қорытындыларына және қызметкердің түпкілікті нәтижеге қосқан жеке (индивидуалдық) салымына тәуелді ауыспалы бөлігінің ақылға қонымды және негізді ара қатынасымен қамтамасыз етілетіндей белгіленеді.

Тиімді және анық сыйақы жүйесін қалыптастыруға байланысты мәселелерді алдын ала қарау үшін, Директорлар кеңесінің Тағайындау және сыйақы жөніндегі комитет құрылды.

Төленетін сыйақы деңгейі сыйақы жүйесін қалыптастыру және ҚМГ Басқармасының мүшелеріне берілетін сыйақының нақты мөлшерін белгілеу кезінде Компания үшін қажетті құзыреттері мен біліктілігі бар тұлғаларды тарту, ынталандыру және сақтау үшін жеткілікті болуы тиіс деп көзделеді.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2013 жылғы 13 ақпанда бекітілген ҚМГ Басқармасының мүшелеріне (басшы қызметкерлеріне), ішкі аудит қызметінің қызметкерлері мен корпоративтік хатшысына еңбекақы төлеу қағидаларына сәйкес, 2019 жылдың қорытындылары бойынша ҚМГ Басқармасының мүшелеріне берілетін сыйақының жиынтық мөлшері 565 558 538,93 теңгені құрайды, бұл ҚМГ Басқарма мүшелеріне олардың 2019 жылы Басқарманың құрамында болған кезеңде төлеген жалақылар мен ақшалай нысандағы барлық ынталандырудың барлық түрлерінің жиынтық мөлшерін, сондай-ақ 2018 жылғы жұмыс қорытындылары бойынша Басқарма мүшелеріне (басшы қызметкерлерге) берілетін сыйақының жиынтық мөлшерін қамтиды.

КОРПОРАТИВТІК БАҚЫЛАУ

Корпоративтік жанжалдар туындаған жағдайда, қатысушылар ұйым мен мүдделі тараптардың мүдделерінің тиімді қорғалуын қамтамасыз ету мақсатында, келіссөздер арқылы оларды шешу жолдарын іздейді.

Корпоративтік жанжалдарды ескерту және реттеу жұмысының тиімділігі, ең алдымен, осындай жанжалдарды толық және тез анықтауменен ұйымның барлық органдарының іс-әрекеттерін нақты үйлестіруді көздейді.

ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТІ

Ішкі аудит қызметі (ІАҚ) ҚМГ Директорлар кеңесіне бағынады және есеп береді және ҚМГ Директорлар кеңесі Аудит жөніндегі комитеті оған жетекшілік етеді. ІАҚ өз қызметін жүзеге асыру кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасын, ҚМГ ішкі құжаттары мен Халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарын басшылыққа алады.

ІАҚ-тың негізгі мақсаты тәуекелдерді басқару, ішкі бақылау және корпоративтік басқару процестерін жетілдіруде жүйелі тәсіл енгізу арқылы ҚМГ мен оның ЕТҰ тиімді басқаруды қамтамасыз етуге арналған тәуелсіз және объективті ақпаратты Директорлар кеңесіне беру болып табылады.

Ішкі аудит қызметі қызметін жылдық аудиторлық жоспарға сәйкес жүзеге асыра отырып, Қызмет келесі міндеттерді орындайды:

- қолданылатын ішкі бақылау мен тәуекелдерді басқару рәсімдерінің сенімділігі мен тиімділігін бағалау;
- бухгалтерлік есеп жүйесінің дұрыс, толық, объективті болуын бағалау және ҚМГ мен оның негізінде ЕТҰ-дағы қаржы есептілігін жасау;
- ҚМГ мен оның ЕТҰ ресурстарының және активтердің сақталуын қамтамасыз етудің қолданылатын әдістерін бағалау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы, операциялық, инвестициялық және қаржы қызметінің корпоративтік нормалары мен қағидалары талаптарының сақталуын бақылау. Жүйелі негізде ұсынымдарды орындау шараларының әзірленуі мен іске асырылуына мониторинг пен бақылауды жүйелі түрде қамтамасыз етеді.

Корпоративтік жанжалдарды, корпоративтік хатшының көмегімен, Директорлар кеңесінің төрағасы қарайды. Директорлар кеңесінің төрағасы корпоративтік жанжалға тартылған жағдайда, мұндай жағдайларды Тағайындау және сыйақылар комитеті қарайды.

Ішкі аудиттің лайықты сапасын қамтамасыз ету үшін Халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарының талаптарын орындау үшін, ІАҚ-та аудиторларды үздіксіз кәсіби дамыту жүйесі жұмыс істеп жатыр. Нәтижесінде, ІАҚ-тың 36 қызметкердің 31-нде немесе 86%-те халықаралық сертификаттар мен дипломдар бар, оның ішінде:

- Сертификатталған ішкі аудитор (Certified Internal Auditor) - 7;
- Халықаралық қаржы есептілігі жөніндегі диплом (Diploma in International Financial Reporting) - 5;
- Қазақстан Республикасының кәсіби бухгалтері - 10;
- Сертификатталған бухгалтер-практик/ Сертификатталған халықаралық кәсіби бухгалтер (Certified Accounting Practitioner/Certified International Professional Accountant) - 4;
- «Сертификатталған кәсіби сыртқы аудитор» дипломы (Diploma Certified Professional Internal Auditor) - 13;
- Сертификатталған алаяқтық жөніндегі ревизор (Certified Fraud Examiner) - 2;
- Ақпараттық жүйелердің сертификатталған аудиторы (Certified Information Systems Auditor) - 2;
- «Дипломы бар сертификатталған бухгалтерлер қауымдастығы» сертификаты (Association of Chartered Certified Accountants) - 1.

КОМПЛАЕНС ҚЫЗМЕТІ

ҚМГ-ның ұлттық экономикадағы ролі қызметтің қолайлы шарттарын жасауға жауапты көзқарасты талап етеді және корпоративтік басқару тәсілдік қалыптастыру кезінде ескеріледі. Осыған байланысты, компания қолданыстағы заңнама мен этикалық нормалар шеңберінде, ҚМГ стратегиялық міндеттеріне қол жеткізуге жәрдемдесетін, беделдік және құқықтық тәуекелдердің азаюына ықпал ететін, бизнестің орнықты дамуына, оның тиімділігі мен Компанияның тұтастылығына әсер ететін ішкі қағидалар мен рәсімдерде жетекші әлемдік комплаенс-практикаларды қолданады.

Ең үздік әлемдік корпоративтік басқару практикасын сақтай отырып, Компания қолданыстағы корпоративтік стандарттарды жақсартуға ұмтылады. осылайша, Компания мен оның қызметкерлерінің сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-әрекет жасау саласындағы заңнамалық және этикалық нормаларды сақтау шеңберінде, тәуекелдер іске асқан жағдайда, әлеуетті залал ықтималдығы мен тиетін зиянды бағалау мақсатында компанияның бизнес-процестерінде тәуекел факторларына талдау жүргізілді, сондай-ақ әрбір ықтимал тәуекел бойынша қолданыстағы бақылау тиімділігін бағалау жүргізілді.

Адалдық және заңнама нормаларына сәйкестікті қамтамасыз ету компанияның табысты және тұрақты жұмысы үшін, сондай-ақ компанияның мәдениетінде, қызметкерлердің мінез-құлқында және қатынасында комплаенс қызметінің жұмысында басым болып табылатын және тиімді корпоративтік басқарудың кепілі болып табылатын сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік, ашықтық және ашықтық қағидаларының негізі және мүмкіндігі болып табылады.

2019 жылы ҚМГ Комплаенс қызметі өз жұмысын бастады. Комплаенс қызметі жұмысының мақсаттары, ең үздік халықаралық стандарттарға, ішкі саясаттар мен Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес, қызметкерлер арасында анықтылықты, адалдықты қамтамасыз ету, сондай-ақ бизнес жүргізу үшін жағдай жасау мақсатында, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мен ҚМГ компаниялар тобының ішкі корпоративтік мәдениетті қалыптастыру мәселелері бойынша міндетті реттейтін талаптар мен ең үздік халықаралық практикаларды сақтау болып табылады. Қызметтің жауапкершілігінің аясына оның қызметкерлері

қызметті іске асыру кезінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарын жасау ықтималдығына байланысты барлық тәуекелдерді жою кірді. Компания қызметінің дербес бағыты ретінде Қызмет компанияның барлық бизнес бөлімшелерімен интеграцияланған.

ҚМГ сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жасау, ақша қаражатының ұрлануын және мақсатты пайдаланылмауын, тауарлық-материалдық құндылықтардың ұрлануын және қасақана бұзылуын, қаржы есептілігі мен өзге де құжаттардың бұрмалануын және жалған жасалуын, лауазымдық өкілеттіктердің теріс қолданылуын және асырылуын, жұмыста салақтық пен әрекетсіздікті және басқа да құқықтық бұзушылықтарды болдырмау саласында бірыңғай саясатты жүргізеді.

Сонымен қатар, ең үздік әлемдік практиканы ұстана отырып, азаматтық-құқықтық шарттарға «сыбайлас жемқорлыққа қарсы ескертпелерді» қосу, ішкі нормативтік құжаттар мен қолданыстағы заңнама талаптарының сақталмағаны анықталған жағдайда, қызметкерлерге тәртіптік жаза қолдану, халықаралық және ұлттық заңнаманың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері жөніндегі ережелерді түсіндіре отырып, Іскерлік этика кодексінің қағидаларының комплаенс-тренингтері арқылы әкімшілік-басқарушылық персонал қызметкерлеріне хабарлау және оқыту практикасы енгізілді.

Компанияда сыртқы тәуелсіз компания әкімшілік ететін бастамашылықпен ақпарат беру арналары жұмыс істеп жатыр. Іскерлік этика кодексінің бұзылғаны туралы, оның ішінде, сыбайлас жемқорлық, алаяқтық, этикалық емес мінез-құлық фактілері туралы күмән туындаған немесе ақпарат болған жағдайда, барлық қызметкерлер «жедел желіге» бастамашылықпен ақпарат жібере алады, олар одан әрі себептерді анықтау және жою үшін Компланс қызметінің жауапты қызметкерлеріне беріледі. Өтініштерді қарау қорытындылары тоқсан сайынғы негізде Директорлар кеңесіне беріледі. 2019 жылдың қорытындылары бойынша «жедел желіге» 28 өтініш жіберілді, оның ішінде, 6 өтініш расталды, тәуелсіз компанияның оларды өтініш иелеріне уақытылы жіберуі үшін ұсынымдар мен жауаптар әзірленді.

ТӘУЕКЕЛ-МЕНЕДЖМЕНТ ПЕН ІШКІ БАҚЫЛАУ

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-та тәуекелдерді басқару ҚМГ компаниялары тобының барлық деңгейлерінде Тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін (ТБКЖ) енгізу арқылы жүзеге асырылады. ТБКЖ барлық тәуекелдерді уақытылы сәйкестендіруге, бағалау мен мониторингінге, сондай-ақ тәуекелдер деңгейін азайту бойынша уақытылы және барабар шараларға бағытталған корпоративтік басқару жүйесінің басты компоненті болып табылады.

ҚМГ мен оның ЕТҰ-ның ТБКЖ саясаты ТБКЖ терминологиясын, мақсаттарын, міндеттерін, ұйымдастыру мен қолданудың негізгі қағидаттарын, ҚМГ компанияларының тобы үшін ТБКЖ ұйымдастырушылық құрылымын белгілейді. ТБКЖ Компанияның құнын, оның кірістілігі мен тәуекелдері арасындағы оңтайлы балансқа қол жеткізуге бағытталған.

ТБКЖ ҚАҒИДАТТАРЫ

Компанияның тәуекелдерді басқару саласындағы саясаты келесі қағидаттарға негізделеді:

1. әдіснамалық базаның біртұтастығы: ТБКЖ-дағы процестер ҚМГ компаниялар тобының барлық құрылымдық бірліктеріндегі бірыңғай әдіснамалық тәсілдердің негізінде іске асырылады;
2. үздіксіздік: ТБКЖ тұрақты негізде жұмыс істейді;
3. кешенділік: ТБКЖ Компания қызметінің барлық бағыттары мен олардың шеңберінде туындайтын тәуекелдердің барлық түрлерін қамтиды. бақылау рәсімдері ҚМГ компаниялар тобының бақылау рәсімдері басқарудың барлық деңгейлеріндегі барлық бизнес-процестерде бар;
4. есеп беру: ТБКЖ ұйымдастырушылық құрылымы ҚМГ компаниялар тобының барлық деңгейлерінде тәуекелдерді басқару саласындағы шешімдер мен бақылау шешімдерін қабылдау құзыретін белгілейді;
5. хабардарлық пен уақытылы хабарлау: тәуекелдерді басқару процесі объективті, дұрыс және өзекті ақпараттың болуымен ілеседі;
6. ұтымдылық: ҚМГ компанияларының тобы тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың қамтамасыз ете отырып, тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жүзеге асыруға ресурстарды ұтымды пайдалану;
7. ақылға қонымды сенімділік: ТБКЖ Компанияның стратегиялық және операциялық мақсаттарына қол жеткізуге ғана ақылға қонымды кепілдіктер бере алады, бірақ сыртқы және ішкі ортаға тән шектеулерге (адами фактор, бақылау рәсімдерін енгізудің орынды болу қағидатын қолдану және т.б.) орай, абсолютті кепілдік бере алмайды;
8. бейімділік: ТБКЖ қызметтің барлық мүмкін тәуекелдерін сәйкестендіру және тәуекелдерді бақылау мен басқару әдістерін барынша тиімді пайдалану үшін үнемі жетілдіріледі;
9. нақты реттеу: барлық операциялар оларды жүзеге асырудың ҚМГ мен оның ЕТҰ ішкі құжаттарымен белгіленген тәртібіне сәйкес жүргізіледі;

10. басшылықтың белсенді қатысуы: Компанияның басшылығы ҚМГ компанияларының тобындағы тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу және жетілдіру кезінде белсенді түрде қатысады және қолдау көрсетеді.

ТӘУЕКЕЛДЕРДІ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ДАМУ

ТБКЖ жетілдіру және ҚМГ компаниялар тобындағы тәуекел-мәдениетті жақсарту қызметі ҚМГ-нің 2019-2020 жылдарға арналған корпоративтік басқаруды жетілдіру жөніндегі егжей-тегжейлі жоспардың (КБЖЕЖ) шеңберінде іске асырылады. Осы жоспарда Компанияның ТБКЖ саласындағы мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз етуге жәрдемдесетін негізгі іс-шаралар белгіленген.

Компания ТБКЖ-ны үнемі жетілдіреді және тәуекелдерді басқару жөніндегі нормативтік-әдістемелік базаны үнемі жақсартады. ТБКЖ-ны үздіксіз дамыту мен жетілдіруді ұстанатынын растай отырып, Компания 2019 жылы келесі шаралар мен іс-шараларды іске асырды:

- ҚМГ Тәуекелдер жөніндегі комитеттің құрамы өзектендірілді;
- Ішкі аудит қызметі (ІАК) басшысы Тәуекелдер жөніндегі комитеттің отырысына дауыс беру құқығы жоқ шақырылған тұрақты сарапшы ретінде белгіленді;
- ҚМГ-де тәуекелдерді басқару мәдениетін бағалау бойынша сауалнама жүргізілді. ҚМГ Тәуекелдер жөніндегі комитеті сауалнама қорытындылары бойынша есепті қарады;
- ҚМГ-нің 2020 жылғы тәуекел-мәдениетін жақсарту жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді;
- ҚМГ Директорлар кеңесі тәуекел-аппетит туралы мәлімдемелі, Тәуекелдер тіркелімі мен Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, тәуекелдер картасын, тәуекелдерге деген төзімділік деңгейлері мен ҚМГ-нің 2020 жылғы негізгі тәуекел көрсеткіштерінің тіркелімін бекітті;
- ІБЖ мен ҚҮБЖ бойынша әдіснамалық құжаттар бекітілді;
- ҚМГ-нің 2019 жылғы бизнес-процестер сыныптамасы бекітілді. ҚМГ-нің 2019 және 2020 жылдарға арналған тәуекелдер мен бақылау матрицаларын және блок-схемаларды әзірлеудің және өзектендірудің күнтізбелік жоспар-кестесі, ҚМГ корпоративтік деңгейінің тәуекелдері мен бақылау матрицасы, ҚМГ мен оның ЕТҰ ІБЖ мен ҚҮБЖ жетілдірудің жол картасы бекітілді;
- ҚМГ тәуекел-үйлестірушілерінің тіркелімі бекітілді;
- бірлескен кәсіпорындарды қосу, сондай-ақ өтеуді ұлғайту және сақтандырудың жаңа өнімдерін енгізу есебінен Корпоративтік қайта сақтандыру бағдарламасы кеңейтілді;
- Kazakhstan Energy Reinsurance Company Ltd. Бермудтан Нұр-Сұлтан қ. «Астана» халықаралық қаржы орталығының (АХҚО) алаңына көшірілді. Көшіру нәтижесінде, жергілікті салық салу мақсатында, Топтан бақыланатын шетелдік компания алынып тасталды.

Қор басқармасы төрағасының бұйрығымен бекітілген Қордың 2019 жылы ЕТҰ-да «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының

сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде, ҚМГ-нің Комплаенс қызметімен және құрылымдық бөлімшелерімен бірлесіп, жұмыс тобы құрылды, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау әдістемесі белгіленді, оқу сессиялары өткізілді, Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің тізілімі дайындалды, ҚМГ Директорлар кеңесінің шешімімен Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін бағалау туралы есеп пен Барынша азайту жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілді.

2019 жылы ҚМГ-нің банк-контрагенттеріне лимиттер бойынша келесі шешімдер қабылданды:

- Басқарма ҚМГ он банк-контрагентінің баланстық және баланстан тыс міндеттемелері бойынша ішкі лимиттерін бекітті;
- Директорлар кеңесі ҚМГ-нің екі банк-контрагенті бойынша лимиттерді белгіледі;
- ҚМГ-нің банк-контрагенттеріне лимиттерді сақтау жөніндегі төрт есеп бекітілді (ҚМГ тәуекелдер туралы тоқсан сайынғы есептердің құрамында).

АҚШ-тың Ресейге қарсы қолданыстағы және ықтимал санкцияларының ҚМГ компанияларының тобына әсер етуі бағаланды, сондай-ақ сыртқы сын-тегеурінге ден қою шаралары әзірленді. Сондай-ақ АҚШ пен Қытай арасындағы сауда жанжалының ҚМГ қызметіне әсер ету ықтималдығы туралы ақпарат дайындалды.

2020 ЖӘНЕ КЕЙІНГІ ЖЫЛДАРДА МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІН ДАМУ ЖОСПАРЛАРЫ


- ҚМГ компаниялар тобы бойынша тәуекелдерді басқарудың автоматтандырылған жүйесінің базасында ТБКЖ процестерін автоматтандыру.

- 24 бизнес-процесс бойынша тәуекелдер мен бақылау матрицаларын және блок-схемаларды әзірлеу, бақылау рәсімдерінің дизайнын тестілеу (талдау). ЕТҰ-дағы ІБЖ ағымдағы жетілу деңгейін талдайды. ЕТҰ-дағы ІБЖ енгізуді үйлестіру. Қызметкерлердің оқуы.
- Қызметтің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларын әзірлеу және бекіту. Жоспарларды тестілеу және жақсарту бойынша ұсынымдарды әзірлеу. ЕТҰ-дағы ҚҮБЖ ағымдағы жетілу деңгейін талдау. ЕТҰ-дағы ҚҮБЖ енгізуді үйлестіру. Қызметкерлердің оқуы.
- АХҚО алаңында Kazakhstan Energy Reinsurance Company Ltd. қызметін дамыту және басқару, Корпоративтік қайта сақтандыру бағдарламасына (КҚБ) жаңа компанияларды тарту.
- Киберсақтандыруды пысықтау және оны ҚМГ мен ЕТҰ-ға енгізу.
- ҚМГ корпоративтік басқарудың мақсатты рейтингісі шеңберінде, «Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау» компоненті бойынша рейтингті жақсарту.
- 2020 жылғы КБЖЕЖ іс-шараларын іске асыру. ҚМГ компаниялар тобында тәуекел-мәдениетті дамыту.

ТБКЖ ҚАТЫСУШЫЛАРЫ

Тәуекелдерді басқару Директорлар кеңесі, Басқарманы, басшылық пен қызметкерлерді қоса алғанда, барлық деңгейлерде жүзеге асырылатын ҚМГ-дегі үздіксіз процесс болып табылады. әрбір лауазымды тұлға шешімдерді қабылдау кезінде тәуекелдердің лайықты түрде қаралуын қамтамасыз етеді. Стратегиялық және операциялық мақсаттарға қол жеткізу бөлігінде ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз ету мақсатында, ТБКЖ-ның барлық қатысушылары Компанияның қызметіне әсер ете алатын ықтимал оқиғаларды анықтауға және олардың Компания үшін қолайлы (белгіленген) шектерде қолдауға бағытталған іс-әрекеттерді жүзеге асырады.

ҚМГ ТБКЖ-НЫҢ ҰЙЫМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ



ТБКЖ қатысушыларының функционалдық картасы

Директорлар кеңесі	Директорлар кеңесі жанындағы Аудит жөніндегі комитет	Ішкі аудит қызметі (ІАҚ)
<ul style="list-style-type: none"> Стратегиялық, орта мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарды бекіту; Тиімді ТБКЖ-ның болуын қамтамасыз ету, оның ішінде бекітілген ТБКЖ саясаты арқылы; Компанияның тәуекел-аппетитін, сондай-ақ ҚМГ тәуекелдеріне қатысты төзімділік деңгейлерін бекіту; Тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын, негізгі тәуекел көрсеткіші (НТК) мен ҚМГ тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту; Тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді қарау және бекіту; ТБКЖ тиімділігінің көрсеткіштерін бекіту және ҚМГ ТБКЖ тиімділігінің жыл сайын бағалануын қамтамасыз ету; ҚМГ қызметінің үздіксіздігін қамтамасыз ету жоспарларын бекіту. 	<ul style="list-style-type: none"> Ішкі және сыртқы (қаржылық) аудитке, қаржы есептілігі мен тәуекелдері басқаруға және Директорлар кеңесіне ұсынымдарды әзірлеуге қатысты барлық мәселелерді қарау; Директорлар кеңесінің тәуекел-аппетитін, Тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын, Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, НТК, тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді, тәуекелдерді басқару саясатын және кейінгі өзгерістерді бекітуі алдында алдын ала қарау. 	<ul style="list-style-type: none"> Тәуекелдерді басқару процесінің тиімділігін бағалау, Директорлар кеңесіне ТБКЖ-дағы елеулі кемшіліктер туралы хабарлау, сондай-ақ тәуекелдерді басқару процесін жетілдіру бойынша ұсынымдарды әзірлеу; Тәуекелге/тәуекел-факторға алдын алу әсері бар іс-шаралар тиімділігін (бақылау рәсімдері) бағалау және анықталған кемшіліктерді жою кезінде ұсынымдарды дайындау (қажет болғанда); ҚМГ-нің жауапты бөлімшесіне аудиторлық тексеру процесінде сәйкестендірілген, Тәуекелдер тіркеліміне қосылмаған жаңа тәуекел-факторлар туралы хабарлау.
Басқарма	Басқарманың жанындағы Тәуекелдер жөніндегі комитет	Тәуекелдерді басқару департаменті
<ul style="list-style-type: none"> ТБКЖ саясатын іске асыру, оның ішінде ҚМГ құрылымдық бөлімшелерінің ТБКЖ саясатының ережелерін сақтауы; ТБКЖ ұйымдастыру және оның тиімді қолданылуы; Тәуекелдер иелерінің, тәуекел-факторлар иелерінің және тәуекел-үйлестірушілердің тіркелімін бекіту; Өз құзыретінің шеңберінде ҚМГ тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді қарау және тиісті шараларды қабылдау; ҚМГ мен оның ЕТҰ тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі құжаттарын жетілдіру. 	<ul style="list-style-type: none"> Тәуекелдерді басқару жөніндегі әдіснамалық құжаттарды қарау; Тәуекелдерді басқарудың жаңа тәсілдерін және олардың Компанияға қолданылуын қарау; Тәуекелдердің иелерін, тәуекел-факторлардың иелерін және тәуекел-үйлестірушілерді тағайындау бойынша ұсыныстарды қарау; Компанияның тәуекелдерін және оларды басқару шараларының тиімділігін қарау; Тәуекел-аппетитті, тәуекелдерге деген төзімділік деңгейлерін, Тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын, Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, НТК, сондай-ақ тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептерді келісу. 	<ul style="list-style-type: none"> ТБКЖ, ішкі бақылау жүйесі (ІБЖ) және қызметтің үздіксіздігін басқару жүйесі (ҚҮБЖ) бойынша әдіснамалық құжаттарды әзірлеу және өзектендіру; ТБКЖ, ІБЖ және ҚҮБЖ жұмыс істеу мәселелері бойынша ТБКЖ қатысушыларын консультациялық қолдау; тәуекелдерді басқару, ІБЖ мен ҚҮБЖ бойынша оқу іс-шараларын өткізу; тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын, Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, сондай-ақ тәуекелдер бойынша тоқсан сайынғы есептілікті дайындау; тәуекелдер мен НТК-ға төзімділік деңгейлерін сақтау мониторингі; тәуекелдер мен бақылау матрицалары мен бизнес-процестер бойынша блок-схемаларды әзірлеу (бизнес-процестердің иелерімен бірлесіп). ҚМГ мен оның ЕТҰ-да ІБЖ енгізуді үйлестіру; тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралардың орындалуын бақылау, тәуекелдердің жағдайын бақылау; өз құзыретінің шеңберінде, тәуекелдерді басқару, ІБЖ мен ҚҮБЖ мәселелері бойынша ІАҚ-пен, құрылымдық бөлімшелермен, сыртқы консультанттармен және басқа да мүдделері тараптармен өзара іс-қимыл жасау.

Мақсаттардың иелері (ҚМГ/ЕТҰ басшылық етуді жүзеге асыратын Компания қызметкерлері)	Тәуекелдердің иелері (Компанияның басшы орынбасарының деңгейінен төмен емес, бірінші басшыға тікелей бағынатын қызметкерлері)	Тәуекел-факторлардың иелері (Компанияның функционалдық блогы/құрылымдық бөлімшесі басшысының деңгейінен төмен емес қызметкерлері)
<ul style="list-style-type: none"> Бекітілген өндірістік/өндірістік емес көрсеткіштерге қол жеткізу үшін жауапкершілік; Белгіленген ҚНҚ (мақсаттарға) қол жеткізуге әсер ететін сандық/сапалық нысандағы тәуекелдердің мәндерін келісу және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын келісу; Бекітілген Тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарының уақытылы іске асырылуын бақылау. 	<ul style="list-style-type: none"> Іске асырылуы өндірістік/өндірістік емес тәуекелдің басталуына әкелуі мүмкін тәуекел-факторларды басқару; Тәуекел-факторлардың иелері жетекшілік ететін процестерді жүзеге асырумен ілесетін тәуекел-факторларды лайықты түрде басқару мен бақылау; Тәуекел-факторлардың жағдайы және тәуекел-факторларды басқару жөніндегі іс-шараларды орындау туралы уақытылы және толық ақпаратты ҚМГ-нің жауапты бөлімшесіне беру; Қызметтің үздіксіздігі жоспарын әзірлеу және енгізу; ҚМГ тәуекел-факторларының иелері жетекшілік ететін процестерді жүзеге асырумен ілесетін, тәуекелдерді азайтуға бағытталған тәуекелдердің жеке-леген түрлерін, бақылау рәсімдерін басқару тетіктерін (корпоративтік стандарттар, регламенттер, тәуекелдердің жекелеген түрлерін басқару саясаттары) әзірлеу. 	<ul style="list-style-type: none"> Іске асырылуы өндірістік/өндірістік емес тәуекелдің басталуына әкелуі мүмкін тәуекел-факторларды басқару; тәуекел-факторлардың иелері жетекшілік ететін процестермен ілесетін тәуекел-факторларды лайықты түрде басқару және бақылау; тәуекел-факторлардың жай-күйі және тәуекел-факторларды басқару жөніндегі іс-шараларды орындау туралы уақытылы және толық ақпаратты ҚМГ-нің жауапты бөлімшесіне беру; қызмет үздіксіздігі жоспарын әзірлеу және енгізу; ҚМГ тәуекел-факторлардың иелері жетекшілік ететін процестерді жүзеге асырумен ілесетін, тәуекелдерді азайтуға бағытталған тәуекелдердің жеке-леген түрлерін, бақылау рәсімдерін бақылау тетіктерін (корпоративтік стандарттар, регламенттер, тәуекелдердің жекелеген түрлерін басқару саясаттары) әзірлеу.
ҚМГ-нің өншілес ұйымдары мен тәуелді қоғамдары, оның ішінде бірлесіп бақыланатын ұйымдары мен бірлескен кәсіпорындары (ҚМГ ЕТҰ)	Тәуекел-үйлестіруші (тәуекел-тәуекел-фактор иесі тағайындайтын құрылымдық бөлімшенің жауапты қызметкері)	ҚМГ/ЕТҰ қызметкері
<ul style="list-style-type: none"> ТБКЖ әдіснамалық құжаттарына сәйкес, тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау процесін уақытылы ұйымдастыруды қамтамасыз ету; ЕТҰ процестерін жүзеге асырумен ілесетін тәуекелдерді лайықты түрде басқару және бақылау; Тәуекелдер жөніндегі есептілікті, сондай-ақ өндірістік/өндірістік емес тәуекелдердің жай-күйі мен оларды басқару, іске асқан тәуекелдік оқиғалар бойынша іс-шараларды орындау туралы толық ақпаратты ҚМГ-нің жауапты бөлімшесіне уақытылы беру; ЕТҰ қызметінің үздіксіздігі жоспарын әзірлеу және енгізу. 	<ul style="list-style-type: none"> Өзінің құрылымдық бөлімшесінде тәуекелдерді/тәуекел-факторларды басқару жұмыстарын ұйымдастыру және үйлестіру және жауапты бөлімшемен өзара іс-қимыл жасау. 	<ul style="list-style-type: none"> Лауазымдық нұсқаулықтарға сәйкес тәуекелдерді басқару саласындағы лауазымдық міндеттерді орындау; ТБКЖ ішкі құжаттарымен белгіленген тәртіппен және мерзімдерде ықтималды шығындарға әкеп соққан немесе әкеп соғуы мүмкін кез келген жасалған немесе ықтимал қателер/кемшіліктер туралы, сондай-ақ әлеуетті және іске асқан тәуекелді оқиғалар туралы ҚМГ/ЕТҰ-ның жауапты бөлімшеге және өзінің тікелей басшысына уақытылы хабарлау; Бекітілген оқу бағдарламасына сәйкес, тәуекелдерді басқару саласындағы оқудан өту.

ДИРЕКТОРЛАР КЕҢЕСІНІҢ ТБКЖ-ДАҒЫ РОЛІ

ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына жылына кемінде бір рет келесі құжаттар беріледі:

- Компанияның тәуекел-аппетиті бойынша ұсыныстар;
- Шоғырландырылған Тәуекелдер тіркелімі;
- тәуекелдер картасы;
- Компанияның тәуекелдерін басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары.

Сонымен бірге, ҚМГ Директорлар кеңесінің қарауына тоқсан сайын тәуекелдер жөніндегі есеп (ҚМГ ТЕҰ өтеу ескеріліп, шоғырландырылған) шығарылады, ол лайықты түрде толық көлемде қаралады және талқыланады. Директорлар кеңесі қолданыстағы Тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесін (ТБЖІБЖ) Директорлар кеңесі белгілеген қағидаттар мен тәсілдерге сәйкес келтіру үшін тиісті шаралар қабылдайды.

ІШКІ БАҚЫЛАУ ЖҮЙЕСІ (ІБЖ)

ІБЖ ТБКЖ-ның ажырамас бөлігі болып табылады. ІБЖ-де COSO моделі қолданылады және бес өзара байланысты компонентті қамтиды.

ІБЖ ҚҰРЫЛЫМЫНЫҢ СХЕМАСЫ



ҚМГ мен оның ЕТҰ-да келесі үш саласындағы ҚМГ мақсаттарына қол жеткізуде ақылға қонымды сенімділікті қамтамасыз етуге бағытталған ІБЖ енгізіледі:

- операциялық қызметтің тиімділігін арттыру;
- толық және дұрыс қаржы есептілігін дайындау;
- Қазақстан Республикасының заңнамасы мен ҚМГ ішкі құжаттарының талаптарын сақтау.

ІБЖ ҚМГ корпоративтік басқару жүйесінің басты компоненті болып табылады және ҚМГ-нің өз операциялық

мақсаттарына қол жеткізуін қамтамасыз етуге және процестік деңгей тәуекелдерін барынша азайтуға бағытталған тиімді және ұтымды қызметіне жәрдемдесетін процестер мен рәсімдердің, мінез-құлық пен іс-әрекеттер нормаларының жиынтығы ретінде белгіленеді.

ҚМГ-де ІБЖ мақсаттары, қолданылу қағидаттары мен компоненттері белгіленген Ішкі бақылау жүйесінің саясаты бекітілді. Ішкі бақылау жүйесінің саясатын іске асыру мақсатында, өкілеттіктер мен жауапкершілік, қолданылу тәртібі, ұйымдастырушылық құрылымы мен нәтижелілік критерийлері белгіленген Ішкі бақылау жүйесінің регламенті бекітілді.

ҚМГ-де жыл сайын Күнтізбелік жоспар-кесте бекітіледі, оған сәйкес бизнес-процестер бойынша тәуекелдер мен бақылау блок-схемалары мен матрицалары әзірленеді, бақылау рәсімдерінің дизайнын тестілеу (талдау) жүргізіледі және оларды жетілдіру бойынша ұсынымдар әзірленеді. ЕТҰ да осындай жұмысты жүргізеді. ІБЖ жұмыстарының қорытындылары бизнес-процестер иелерінің, ІАҚ, Басқарма мен Директорлар кеңесінің назарына жеткізіледі.

КОРПОРАТИВТІК САҚТАНДЫРУ

Топтағы сақтандыру тәуекелдерді басқару мен қаржыны басқаруды қамтамасыз етудің ең маңызды құралдарының бірі болып табылады. Сақтандыру Компания мен оның акционерлерінің өндірістік қызметте, оның ішінде сыртқы әсердің салдарынан туындай алатын мүлктік мүдделерін көзделмеген залалдардан қорғауға мүмкіндік береді.

Топта сақтандыру функциясы үздіксіз сақтандырып өтеуді басқаруда кешенді тәсілді іске асыру кезінде сақтандырып қорғауды ұйымдастырудың бірыңғай корпоративтік стандартын сақтау үшін орталықтандырылған.

ҚМГ-нің корпоративтік сақтандыру бағдарламасы сақтандырудың келесі негізгі түрлерін қамтиды:

- Компанияның негізгі өндірістік активтерін сақтандыру;
- үшінші тұлғалардың алдындағы жауапкершілікті сақтандыру;
- энергетикалық тәуекелдерді сақтандыру.

Негізгі өндірістік активтерді сақтандырған жағдайда, ҚМГ, өндірістік қызмет жүргізгенде, үшінші тұлғалардың тарапынан талап-арыздар беру ықтималдығы жағдайында жауапкершілікті сақтандыру кезінде, апаттан және басқа да кездейсоқ әсерден мүлікке зиян келтіру (жою) тәуекелдерін сақтандыруды жүзеге асырады.

Қайта сақтандыруда кредиттік рейтингісі Standard & Poors шәкілі бойынша «А-» деңгейінен төмен емес қайта сақтандыру компаниялары қабылданады. Топ ең жақсы сақтандыру шарттарына қол жеткізу және сақтандырылатын тәуекелдерді басқаруға қол жеткізу мақсатында, мұнай-газ саласының ең үздік практикасы ескеріледі.

НЕГІЗГІ ТӘУЕКЕЛДЕР

Тәуекел мен ықтималды салдардың сипаттамасы | Тәуекелді азайту және басқару үшін қабылданатын шаралар

Өндіру көлемдерінің азаю тәуекелі

Ескі кен орындарында өндіру деңгейін қолдау мақсатында, келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:

- Ұңғымалардың жөндеуаралық кезеңін ұлғайту жөніндегі іс-шаралар;
- Ұңғымаларды жерасты және күрделі жөндеуді, сондай-ақ геологиялық-техникалық іс-шараларды уақытылы орындау;
- Ескірген жабдықты жаңғырту бағдарламаларын іске асыру;
- Ескі кен орындарында өндіру деңгейін қолдау үшін жаңа технологияларды енгізу.

Өндірістік жарақаттылық тәуекелі

Өндірісте жазатайым жағдайларды болдырмау мақсатында, Компания:

- жұмыстарды қауіпсіз жүргізуді, өндірістік жарақаттылық пен кәсіптік ауруларды ескертуді;
- оқу мен білім тексерудің уақытылы өткізілуін;
- еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы ішкі бақылауды;
- жаңа технологиялар мен еңбекті механикаландыру құралдарын енгізуді, өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздігінің деңгейін арттыруды қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-техникалық іс-шараларды іске асырады.

Өндірістік объектілердегі апат жағдайлары, техногендік апаттар тәуекелі

Өндірістік тәуекелдерді барынша азайту мақсатында, Компания келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

- нормативтік құжаттардың талаптарына сәйкес, жабдыққа техникалық қызмет көрсету мен оны жөндеудің уақытылы жүргізілуін қамтамасыз ету;
- уақытылы қайта жаңарту, жаңғырту;
- уақытылы диагностика жүргізу және әлеуетті-қауіпті факторларды анықтау, сондай-ақ өндірістік объектілердің өнеркәсіптік қауіпсіздігінің сараптама-сын жүргізу;
- операциялық персоналдың техникалық деңгейі мен біліктілігін арттыру. Компания қорғаудың, күзет пен физикалық қауіпсіздіктің заманауи инженерлік-техникалық құралдарын кезең-кезеңмен енгізеді.

Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік қауіпсіздік пен экология саласындағы заңнамасының талаптарына сәйкес, Компания, қызметі үшінші тұлғаларға зиян келтіру қаупімен байланысты объектілер иелерінің азаматтық-құқықтық міндетті сақтандыру шарттарын, сондай-ақ міндетті экологиялық сақтандыру шарттарын жыл сайын жасасады. Сонымен қатар, сақтандыру жағдайының басталу нәтижесіндегі залалдан (кездейсоқ жойылу, жоғалту немесе зақымдалу тәуекелінен) мүлкті ерікті сақтандыру шарттары жыл сайын жасалады (нақты-рақ ақпарат хх-беттегі Корпоративтік басқару бөлімінің Жауапкершілікті сақтандыру кіші бөлімінде)

119 Анағұрлым егжей-тегжейлі ақпарат «Жауапкершілікті сақтандыру» бөлімінде

Экологияға теріс әсер келтіру тәуекелдері және климаттың өзгеру тәуекелдері

Компания үшін қоршаған ортаны қорғау саласындағы басым бағыттар:

- парниктік газдардың шығарындыларын басқару мен факелдық жағуды қысқарту;
- су ресурстарын басқару;
- өндіріс қалдықтарын басқару;
- жерді қалпына келтіру;
- энергия тиімділігін арттыру болып табылады.

Қолайсыз экологиялық әсердің қоршаған ортаға әсер ету тәуекелін барынша азайту үшін, Компания келесі іс-шараларды жүзеге асырады:

- экологиялық көрсеткіштерді жақсарту үшін жобаларды басқаруға және тәуекел-бағытталған тәсілді басқаруға негізделген маңызды экологиялық аспектілерді алдын алып басқару;
- экологиялық мәселелер бойынша мүдделі тараптармен өзара іс-қимыл жасау;
- корпоративтік экологиялық бағытты толыққанды дамыту, сондай-ақ Компанияның «жасыл экономика» қағидаттарын ұстануын қамтамасыз ету. Компания жаңа экологиялық заңнаманы әзірлеу жөніндегі уәкілетті органның жұмыс тобына белсенді қатысу.

Тәуекел мен ықтималды салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және басқару үшін қабылданатын шаралар
Газ тапшылығының тәуекелі	
Газды ішкі тұтынудың ұлғаюы, оның ішінде, ішкі нарықта газ-химиялық жобаларды енгізу ескеріліп ұлғаюы саларынан, газ өндіру деңгейін қолдау үшін газ өндірісін қолдау үшін газ кері айдалғандықтан және/немесе газ өңдеу қуаттары жеткіліксіз болғандықтан, сондай-ақ газ өндіру бойынша ресурстық базаның жеткіліксіз дамуына байланысты газ экспортының көлемдері азаюы мүмкін.	Компания кен орындарында ілеспе мұнай газын өңдеу қуаттарын кеңейту, газды кері айдауды қысқарту және ілеспе мұнай газын жағу арқылы тауар газының ресурстық базасын ұлғайту бойынша бірқатар жобасын іске асыруды көз-деген. Жаңа перспективалық кен орындарын игеру, сондай-ақ қазіргі бар кен орындарында газ өндіруді ұлғайту жұмысы жоспарланып, жүргізіліп жатыр.
Геологиялық тәуекел	
Жаңа барлау жобаларын іске асыру әрқашанда геологиялық құрылымның айқын-сыздығына байланысты геологиялық тәуекелдерге қатысты болады: көмірсутек кенжатындарының анықталмауы, алынатын мұнай (газ) қорлары бағасының расталмауы.	<ul style="list-style-type: none"> Геологиялық-геофизикалық деректер базасын жинау, талдау, жинақтау және толтыру. Көмірсутектерді іздеу мен барлаудың геофизикалық әдістерін жоспарлау, деректерді тиімді зерттеу, өңдеу және интерпретациялау әдістерін қолдану. 2Д/3Д ажыратымдылығы жоғары сейсмикалық-барлауды жүргізу. Сапалы талдау және геохимиялық және литологиялық талдаудың заманауи әдістемелерін қолдану негізінде өңір мен кен орындарының седиментациялық, геологиялық және бассейндік модельдерінің құрылымы. Жаңа кен орындарын бірлесіп барлау және игеру үшін, оның ішінде, геологиялық тәуекелдердің қаржы әсерін азайту үшін «кэрри-қаржыландыру» шарттарында, стратегиялық әріптестерді тарту.
Қатысу өңірлеріндегі әлеуметтік жағдай	
Компания санкцияланбаған ереуілдер тәуекеліне ұшырайды	<p>Әлеуметтік тәуекелдерді басқару үшін келесі іс-шаралар жүзеге асырылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> еңбек ұжымдарында түсіндіру жұмыстары жүргізіледі, оның ішінде, басшылардың еңбек ұжымдары мен кәсіподақтарының өкілдерімен есепті кездесуі. Компанияда жас қызметкерлерді белсенді өмірлік ұстанымын қалыптастыру, жастарды тарту мен әлеуметтік және өндірістік өмірге тікелей қатысу көзделген жүйе құрылады. Қатысу өңірлерінде қанағаттанушылық пен әлеуметтік тұрақтылық бойынша тұрақты сауалнамалар, талдау мен мониторинг жүргізіледі және нәтижелері бойынша тиісті іс-шаралар жоспары әзірленеді.
Өтімділік пен қаржылық орнықтылық тәуекелдері	
Өтімділік пен қаржылық орнықтылыққа байланысты тәуекелдер Компания үшін негізгі тәуекелдер болып табылады	Осы тәуекелдерді жеңу үшін, борышқорлық жүктемені басқару және өтімділік тапшылығын болдырмау жөніндегі іс-шаралармен бірге, Компания операциялық қызметтің тиімділігін арттыруға, күрделі шығындардың басымдығын нақты белгілеуге, қаржылық тәртіпті ұстануға, Компанияның активтері мен жобаларының қоржындарын оңтайландыруға, жобаларды қоржындық басқаруға көшуге шоғырланған.
Тәуекелдер комплаенсы	
Жеке пайда мен мүліктік мүдделер алуға бағытталған, оның ішінде, үшінші тұлғалар үшін, сыбайлас жемқорлық сипаттағын қасақана іс-әрекеттер, сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерінің белгілерінің кез келген фактілері, қаржылық залалдың мөлшеріне қарамастан, Компанияның қызметінде мүлдем қолайсыз болып табылады.	<p>Компания ішкі бақылау жүйелерін енгізу және күшейту, үшінші тұлғалардың, сондай-ақ Компания қызметкерлерінің тарапынан заңсыз және жосықсыз іс-әрекеттерді болдырмаудың бірыңғай саясатын белгілеу, Компания қызметкерлерінің тарапынан заңсыз және жосықсыз іс-әрекеттердің жасалу фактілері бойынша ішкі тергеу жүргізу тәртібін белгілеу бойынша дәйекті жұмыс жүргізеді. Компанияда сенім телефоны жұмыс істейді.</p> <p>Компания:</p> <ul style="list-style-type: none"> ішкі бақылау және бақылау комплаенсы жүйелерін енгізу және күшейту; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мониторинг енгізу; сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін талдау; сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениет қалыптастыру; шешімдер қабылдау рәсімдерінің есеп берушілігін, бақылауға алыншылығы мен анықтылығын қамтамасыз ететін ұйымдастырушылық-құқықтық тетіктерді белгілеу; іскерлік этика нормаларын бақылдау мен сақтау; мүдделер қақтығысын болдырмау бойынша саясаттар мен стандарттарды, сондай-ақ міндеттемелерді қабылдады.

Тәуекел мен ықтималды салдардың сипаттамасы	Тәуекелді азайту және басқару үшін қабылданатын шаралар
Мұнай бағаларының ауытқуы	
Компания энергия көздері бағаларының құбылмалылығы тәуекеліне ұшырайды	Компания мұнай мен мұнай өнімдерінің бағалары мен оларға деген сұраныс мониторингі мен серпінін талдауды тұрақты негізде жүзеге асырады. Компанияның стратегиялық және ағымдағы жоспарлау моделі сценарийлік тәсілге негізделген және тиісті түзетулердің енгізілуін көздейді. Компанияның мұнайдың, газ бен мұнай өнімдерінің бағалары төмендегенде, өз міндеттемелерін орындау үшін ішкі резервтері бар және ол шығындар мен күрделі салымдарды оңтайландыра алады, сондай-ақ мұнай бағаларының елеулі түсуінен қорғау үшін қаржы құралдарын сатып алу мүмкіндігін де ескереді.
Елдік тәуекелдер мен санкциялар тәуекелі	
Компания шет мемлекеттерде операцияларды жүзеге асырады. Реципиент-елдің экономикалық және саяси жағдайдағы кез келген елеулі теріс өзгерістер Компанияның қызметіне әсерін тигізе алады. Кейбір елдерге қатысты санкциялар, оның ішінде секторальдық санкциялар Компанияның қызметін қозғап, перспективалық жобаларға әсер ете алады.	Компания реципиент-елді талдау (экономикалық, саяси, стратегиялық, әлеуметтік және өзге де жақтан) негізінде елдік лимиттерді белгілеу арқылы елдік тәуекелдердің деңгейін шектейді. Компания экономикалық санкциялардың Компанияның қызметіне тиетін әсерді және ден қоюдың ықтимал шараларын талдау жүргізілді. Ресейлік ұйымдармен бірлескен жобалар/елеулі транзакциялар қаралды, ықтимал операциялық және қаржылық тәуекелдер зерттелді. Компанияның перспективалық жобаларына нүктелі әсер ете алатын санкциялардың кеңею ықтималдығын ескере отырып, теріс әсер мен салдарды барынша азайту үшін қолданыстағы санкциялардың мониторингін жүзеге асырады. Тәуекелдерді азайту мақсатында, Компания жобалардан шығу немесе санкциялық режим күшейтілген жағдайда, оларды өз бетімен іске асыру тетіктерін көздейді.
Кибер-тәуекелдер	
Киберқылмыстылықтың әлемдік ауқымда өсуі мен цифрландырудың Компаниядағы өндірістік және басқарушылық процестерге тигізетін әсердің күшеюі, Компанияның ақпараттық-коммуникациялық жүйесінің тұтастылығын қол жетімділігі мен құпиялылығын бұзу мақсатында, оған шабуыл жасау тәуекелдерін арттырады.	<ul style="list-style-type: none"> Сыртқы және ішкі қауіп-қатерлердің автоматтандырылған мониторингін қамтамасыз ету үшін ақпараттық қауіпсіздік мамандандырылған аппараттық-бағдарламалық құралдары енгізіледі. Жүйенің сыртқы шабуылдарға осалдығын тестілеу, ақпараттық технологиялардың қауіпсіздік инфрақұрылымын талдау, желелік компоненттердің аудиті, операциялық жүйелер қауіпсіздігін уақытылы бақылау тұрақты негізде жүргізіледі. Компанияның ақпараттық қауіпсіздік менеджменті жүйесінің қолданыстағы халықаралық стандарттарға сәйкес келуін қолдау жүргізіледі.
Беделдік тәуекелдер	
Компания іскерлік беделге және инвесторлармен, контрагенттермен, әріптестермен және басқа да мүдделі тараптармен өзара қарым-қатынастарға әсер ететін беделдік тәуекелге ұшырайды.	Компания қызметінің әртүрлі аспектілерін жариялау және мүдделі тараптардың хабардарлығын арттыру мақсатында, Компания БАҚ-тағы жарияланымдарды қамтитын осы тәуекелді басқару шараларының кешенін, брифингтер, баспасөз-конференциялар, басшылардың сөз сөйлеуін ұйымдастыруды жүргізеді. Компанияда жедел желі жұмыс істейді, сондай-ақ шағымдар наразылықтардың себептерін жою мақсатында, оларға жедел ден қою процесі ұйымдастырылды.
Валюталық тәуекел	
Валюталық тәуекел – валюталық бағамдардың ауытқуына байланысты Компанияның қаржы көрсеткіштері қолайсыз өзгеруі мүмкін.	Түсім мен міндеттемелердің валюталық құрылымын ескере отырып, Компания өз қызметінде валюталық тәуекелге ұшырайды. Осы тәуекелді басқару стратегиясы табиғи (экономикалық) хеджирлеуді қолдану мүмкіндігін ескеретін кешенді тәсіл қолдануды көздейді. Шетелдік валютада номинацияланған активтер мен міндеттемелердің ара қатынасы қамтамасыз етіледі, түсім валюталық тәуекелдің әсері ескеріліп есептеледі.
Салықтық тәуекел	
Дивидендтер (24-ескертпе)	—	—	—	—	(45 879)	(45 879)	(13 269)	(59 148)
Самұрық-Қазынаның бөлуі (24-ескертпе)	—	—	—	—	(23 634)	(23 634)	—	(23 634)
Самұрық-Қазынамен операциялар (24-ескертпе)	—	—	—	—	(29 736)	(29 736)	—	(29 736)
Акциялар негізіндегі төлемдер бойынша опциондарды орындау	—	—	(131)	—	—	(131)	131	—
Акциялар негізіндегі төлемдер бойынша опциондарды алу	—	—	(8)	—	—	(8)	(5)	(13)
2017 жылғы 31 желтоқсанға	709 345	243 876	83	1 295 091	3 665 192	5 913 587	870 018	6 783 605
9 ХҚЕС пен 15 ХҚЕС-ті қолданудан болған әсер	—	—	—	—	(12 391)	(12 391)	(6)	(12 397)
2018 жылғы 1 қаңтарға	709 345	243 876	83	1 295 091	3 652 801	5 901 196	870 012	6 771 208
Бір жылғы таза пайда	—	—	—	—	695 864	695 864	(2 353)	693 511
Басқа да жиынтық кіріс	—	—	—	469 017	(3 874)	465 143	9 673	474 816
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	—	—	—	469 017	691 990	1 161 007	7 320	1 168 327
Жарғылық капиталға жарна (24-ескертпе)	207 196	(203 082)	—	—	—	4 114	—	4 114
Дивидендтер (24-ескертпе)	—	—	—	—	(36 272)	(36 272)	(6 200)	(42 472)
Самұрық-Қазынаның бөлуі (24-ескертпе)	—	—	—	—	(27 383)	(27 383)	—	(27 383)
Самұрық-Қазынамен операциялар (24-ескертпе)	—	—	—	—	(88 546)	(88 546)	—	(88 546)
Еншілес компанияны сатып алу	—	—	—	—	—	—	345	345
Еншілес компанияның меншікті акцияларын сатып алу (24-ескертпе)	—	—	—	—	148 473	148 473	(790 997)	(642 524)
2018 жылғы 31 желтоқсанға	916 541	40 794	83	1 764 108	4 341 063	7 062 589	80 480	7 143 069
16 ХҚЕС-ті қолдану (3-ескертпе)	—	—	—	—	(4 268)	(4 268)	(910)	(5 178)

2019 жылғы 1 қаңтарға (қайта есептелген)	916 541	40 794	83	1 764 108	4 336 795	7 058 321	79 570	7 137 891
Бір жылғы таза пайда	—	—	—	—	1 197 157	1 197 157	(38 700)	1 158 457
Басқа да жиынтық (залал)/ кіріс	—	—	—	(32 361)	(5 349)	(37 710)	88	(37 622)
Бір жылғы жиынтық кіріс жиыны	—	—	—	(32 361)	1 191 808	1 159 447	(38 612)	1 120 835
Дивидендтер (24-ескертпе)	—	—	—	—	(36 998)	(36 998)	(4 138)	(41 136)
Самұрық-Қазынаның бөлуі (24-ескертпе)	—	—	—	—	(6 194)	(6 194)	—	(6 194)
Самұрық-Қазынамен операциялар (24-ескертпе)	—	—	—	—	(14 184)	(14 184)	—	(14 184)
Еншілес компанияның меншікті акцияларын сатып алу (24-ескертпе)	—	—	—	—	(1 991)	(1 991)	(473)	(2 464)
Акцияларға иелік ету үлесін өзгертпестен жарғылық капиталға жарна	—	—	—	—	—	—	1 908	1 908
2019 жылғы 31 желтоқсанға	916 541	40 794	83	1 731 747	5 469 236	8 158 401	38 255	8 196 656

¹ 175-265 бет аралығындағы есеп саясаты мен ескертпелер осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

Басқарма төрағасының орынбасары - қаржы директоры

Басқарушы директор – қаржы бақылаушысы

Бас бухгалтер


Д.С. Қарабаев


А.Ж. Бакназарова


Е.Е. Орынбаев

ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін

1. ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

«ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания», «ҚазМұнайГаз» немесе «Бас компания») 2002 жылғы 27 ақпанда Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 20 ақпандағы № 811 Жарлығының және Қазақстан Республикасы Үкіметінің (бұдан әрі мәтін бойынша – «Үкімет») 2002 жылғы 25 ақпандағы № 248 Қаулысының негізінде жабық акционерлік қоғам ретінде құрылған Қазақстан Республикасының мұнай-газ кәсіпорны болып табылады. Компания «Қазақойл» ЖАҚ Ұлттық мұнай-газ компаниясы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Қазақойл» ҰМК) мен «Мұнай және газ көлігі» Ұлттық компаниясының (бұдан әрі мәтін бойынша – «МГК») қосылуы нәтижесінде құрылды. Бірігудің нәтижесінде «Қазақойл» ҰМК мен МГК-ның барлық активтері мен міндеттемелері, оның ішінде осы компаниялар иелік еткен барлық кәсіпорындардағы қатысу үлестері ҚазМұнайГазға берілді. 2004 жылдың наурызында Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес Компания акционерлік қоғам болып қайта тіркелді.

2006 жылғы 8 маусымнан бастап Компанияның жалғыз акционері «Самұрық» Мемлекеттік активтері басқару бойынша қазақстандық холдинг» АҚ (бұдан әрі «Самұрық») болып табылды, әрі ол 2008 жылдың қазанында «Қазына» Тұрақты Даму Қорымен бірігіп, осылайша «Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-ауқат Қоры» АҚ-ын (бұдан әрі «Самұрық-Қазына») құрды. Үкімет Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. 2015 жылғы 7 тамызда Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі («ҚР Ұлттық Банкі») Самұрық-Қазынадан Компания үлесінің 10%-ын және бір акциясын сатып алды.

2019 жылғы 31 желтоқсанға Компанияның 54 операциялық компанияда (2018 жылы: 57, 2017 жылы: 52) қатысу үлесі болды (бұдан әрі мәтін бойынша - «Топ»).

Компанияның тіркелген кеңсежайы мына мекенжайда орналасқан: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қ., Қонаев көшесі, 8.

Топ қызметінің негізгі бағыттарына өзгесінен басқа мыналар кіреді:

- мұнай-газ саласында мемлекеттің саясатына қатысу;
- келісімшарттарға үлестік қатысу арқылы жер қойнауын пайдалану келісімшарттарында мемлекеттік мүдделерді білдіру; және
- көмір сутегілерді барлау, әзірлеу, өндіру, қайта өңдеу, өткізу, тасымалдау, мұнай құбырлары мен газ құбырларын және мұнай-газ өндіру инфрақұрылымын жобалау, салу, пайдалану мәселелері бойынша корпоративтік басқару және мониторинг жасау.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және ол бақылайтын еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі кіреді (33-ескертпе).

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығаруға Компанияның Басқарма төрағасының орынбасары - қаржы директоры, Басқарушы директоры - қаржы бақылаушысы және Бас бухгалтері 2020 жылғы 5 наурызда бекітті.

2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

Осы шоғырландырылған қаржылық есептілік, есеп саясатында және осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктің ескертпелерінде ашылып көрсетілген операцияларды қоспағанда, бастапқы құн бойынша бағалау қағидатына сәйкес әзірленді. Осы шоғырландырылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, арнайы аталған жағдайларды қоспағанда, миллиондарға дейін дөңгелектенген.

Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікті білдіру валютасының бірлігін мыңнан миллионға өзгертті, өйткені Топ бұл амал шоғырландырылған қаржылық есептілікті пайдаланушылар үшін барынша орынды болып табылады деп есептейді.

СӘЙКЕСТІК ТУРАЛЫ МӘЛІМДЕМЕ

Топтың мұндай шоғырландырылған қаржылық есептілігі Халықаралық қаржылық есептілік стандарттары жөніндегі Кеңес («ХҚЕС жөніндегі Кеңес») бекіткен редакцияда Халықаралық қаржылық есептілік стандарттарына («ХҚЕС») сәйкес әзірленді.

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті ХҚЕС-ке сәйкес дайындау белгілі бір маңызды есептік бағалауды қолдануды талап етеді, сондай-ақ басшылықтан есеп саясатын қолдану барысында жол берулер бойынша пікірлер қолдануды талап етеді. Жоғары күрделілік деңгейі мен жол берулерді қолдануды қамтитын қолданылу саласы, сондай-ақ бағалау мен жол берулерді қолдану Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігі үшін елеулі болып табылатын салалар 4-ескертпеде ашылған.

ШЕТЕЛ ВАЛЮТАСЫН ҚАЙТА ЕСЕПТЕУ

Функционалдық валюта және білдіру валютасы

Топтың осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған әрбір кәсіпорнының қаржылық есептілігінің элементтері кәсіпорын өз қызметін жүзеге асыратын негізгі экономикалық орта валютасын пайдалана отырып бағаланады («функционалдық валюта»). Шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның функционалдық валютасы болып табылатын теңгемен көрсетілген.

Операциялар мен шоттардың сальдосы

Шетелдік валютадағы операциялар операциялар жүзеге асырылған күнгі валюта бағамы пайдаланыла отырып, функционалдық валютаға қайта есептеледі. Мұндай операциялар бойынша есептеулер нәтижесінде туындаған бағамдық айырмашылықтардан және есепті күнгі бағамдар бойынша шетел валютасында берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеуден түскен кірістер мен шығындар жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады. Тарихи құнның негізінде шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар бастапқы мәмілелер жасалған күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Әділ құны бойынша шетелдік валютада бағаланатын монетарлық емес баптар әділ құн белгіленген күні қолданыста болған бағамдар бойынша қайта есептеледі. Монетарлық баптарды өтеу немесе қайта есептеу кезінде туындайтын айырмалар, Топтың шетелдік бөлімшелерге таза инвестицияларын хеджирлеудің бір бөлігі ретінде айқындалған монетарлық баптарды қоспағанда, пайда немесе зиян құрамында танылады. Бұл баптар инвестициялардың пайда немесе зиян құрамынан шығуы сәтіне жинақталған соманы қайта жіктей отырып таза инвестициялар шығарылғанға дейін басқа жиынтық кірістің құрамында танылады. Бұл монетарлық баптар бойынша бағамдық айырмаларға тән салық төлемдері мен несиелер басқа да жиынтық кірістің құрамында танылады.

Топтың кәсіпорындары

Функционалдық валютасы ұсыну валютасынан ерекшеленетін Топтың барлық еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындары мен қауымдасқан компанияларының (олардың бір де бірі гиперинфляциялы экономикалардың валютасында операция жасамайды) кірістері, шығындары және қаржылық позициясы ұсыну валютасына мынадай түрде қайта есептеледі:

- қаржылық жағдай туралы ұсынылған есептердің әрқайсысы бойынша активтер мен міндеттемелер есепті күнге жабу бағамдары бойынша қайта есептеледі;
- жиынтық кіріс туралы есептердің әрқайсысы бойынша кірістер мен шығыстар орташа бағамдар бойынша қайта есептеледі (орташа бағам бағамдардың жиынтық әсерінің операция жүзеге асырылған күнгі бағамға ақылға қонымды жақындауы болып табылмайтын жағдайлардан басқа; бұл жағдайда кірістер мен шығыстар операциялар жүзеге асырылған күнгі бағам бойынша қайта есептеледі); және
- барлық бағамдық айырмалар өзге жиынтық кірісте жеке компонент ретінде танылады.

Валюталарды айырбастау бағамдары

Қазақстан Қор Биржасында («ҚҚБ») белгіленген орташа есептелген валюта айырбастау бағамы Қазақстан Республикасында ресми валюта айырбастау бағамы ретінде қолданылады.

ҚҚБ-ның 2019 жылғы 31 желтоқсандағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 382,59 теңгені құрады. Бұл бағам 2019 жылғы 31 желтоқсанға АҚШ долларымен берілген монетарлық активтер мен міндеттемелерді қайта есептеу үшін қолданылды (2018 жылы: 1 АҚШ доллары үшін 384,20 теңге, 2017 жылы: 332,33). ҚҚБ 2020 жылғы 5 наурыздағы айырбас бағамы 1 АҚШ доллары үшін 380,53 теңгені құрады.

3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

ЖАҢА СТАНДАРТТАР, ТҮСІНДІРМЕЛЕР ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСТАҒЫ СТАНДАРТТАР МЕН ТҮСІНДІРМЕЛЕРГЕ ТҮЗЕТУЛЕР

Шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есепке алу қағидаттары, 2019 жылдың 1 қаңтарына күшіне енген қабылданған жаңа стандарттар мен түсіндірмелерді қоспағанда, 2018 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау кезінде қолданылған қағидаттарға сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді және түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

Топ «Жалдау» 16 ХҚЕС-ті (IFRS) 2019 жылы алғаш рет қолданды. Мұндай өзгерістердің сипаты мен әсері туралы ақпарат төменде ашылып көрсетілген. Сондай-ақ Топ алғаш рет 2019 жылы кейбір түзетулер мен түсіндірмелерді қолданды, бірақ олар оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

16 ХҚЕС (IFRS) «Жалдау»

16 ХҚЕС (IFRS) 17 ХҚЕС-ті (IAS) «Жалдау» ауыстырады, 4 КРМФО (IFRIC) «Келісімде жалдау белгілерінің болуын айқындау» түсіндірмесі, 15 ПКР (SIC) «Операциялық жалдау – стимулдар» түсіндірмесі және 27 ПКР (SIC) «Заңгерлік жалдау нысаны бар операциялардың мәнін айқындау» түсіндірмесі. Стандарт жалдау туралы ақпаратты мойындау, бағалау, ұсыну және ашып көрсету қағидаттарын белгілейді және жалға алушылардың баланста жалдау шарттарының көпшілігінің көрсетуін талап етеді.

16 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес жалға беруші үшін есепке алу тәртібі 17 ХҚЕС-пен (IAS) салыстырғанда іс жүзінде өзгермейді. Жалға берушілер 17 ХҚЕС (IAS) сияқты дәл сондай жіктеу қағидаттарын пайдалана отырып жалдауды жіктеуді жалғастыратын болады, бұл ретте екі жалдау түрін бөліп көрсетеді: операциялық және қаржылық. Осылайша, 16 ХҚЕС (IFRS) қолдану Топ жалға беруші болып табылатын жалдау шарттарының есепке алынуына әсерін тигізбеді.

Топ 16 ХҚЕС-ті (IFRS) 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап түрлендірілген ретроспективті әдісті пайдалана отырып қолданды. Бұл әдіске сай стандарт бастапқы мойындау күніне стандартты бастапқы қолданудың жалпы әсерін мойындай отырып ретроспективті түрде қолданылады. Стандартқа өту кезінде Топ бастапқы мойындау күніне 17 ХҚЕС-ті (IAS) және 4 КРМФО (IFRIC) Түсіндірмелерін қолдана отырып стандартты жалдау шарттары ретінде бұрын сәйкестендірілген шарттарға ғана қолдануға мүмкіндік беретін іс жүзіндегі сипаттағы жеңілдетуді пайдалануды шешті. Сондай-ақ Топ солар бойынша жалдаудың басталу күні мен стандартты алғаш рет қолдану күніне жалдау мерзімі 12 айдан артық мерзімді құрайтын және сатып алуға арналған опционды (қысқа мерзімді жалдау) қамтымайтын жалдау шарттары үшін, сондай-ақ соларда базалық активтің төмен құны бар (құны төмен активтерді жалдау) жалдау шарттары үшін мойындаудан босатуды пайдалануды шешті, құнсыздану мәніне тексеруге балама ретінде алғаш рет қолдану күніне дейін тікелей жалдау шарттарының ауыртпалық сипатына талдауды пайдаланды және егер шартта жалдауды ұзартуға немесе тоқтатуға опцион қамтылса, жалдау мерзімін айқындау кезінде өтіп кеткен күнмен пайымдауды пайдаланды.

16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың 2019 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепке әсері:

	Миллион теңгемен	1 қаңтарға 2019 жылғы
Активтер		
Негізгі құралдар (15-ескертпе)		(524)
Пайдалану құқығы нысанындағы активтер		44 398
Ұзақ мерзімді активтер үшін аванстар		(2 364)
Активтер жиыны		41 510
Капитал		
Бөлінбеген пайда		(4 268)
Бақыланбайтын қатысу үлесі		(910)
		(5 178)
Міндеттемелер		
Жалдау бойынша міндеттемелер		46 688
Капитал мен міндеттемелер жиыны		41 510

Шарттың жасалу сәтіне Топ жалдау келісімі жалдау болып табылатындығын не болмаса белгілерін қамтитындығын бағалайды. Өзгеше айтқанда, Топ шарт сәйкестендірілген активті белгілі бір уақыт кезеңінің ішінде өтемақының орнына пайдаланылуын бақылау құқығын беретіндігін айқындайды.

(a) 16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолдану әсерінің сипаты

Топтың түрлі қондырғыларды, машиналарды, көлік құралдары мен басқа да жабдықты жалдау шарттары бар. 16 ХҚЕС (IFRS) қолданғанға дейін Топ жалдау қатынастарының басталу күніне әрбір жалдау шартын (сол бойынша жалға алушы болған) қаржылық жалдау ретінде немесе операциялық жалдау ретінде жіктеді. Егер Топқа жалға алынған активті иелік етумен байланысты барлық тәуекелдер мен пайда іс жүзінде берілген болса, жалдау шарты қаржылық жалдау ретінде жіктелді; өйтпеген жағдайда жалдау шарты операциялық жалдау ретінде жіктелді. Қаржылық жалдау жалға алынған мүліктің әділ құны бойынша жалдау мерзімінің басталу күніне капиталдандырылды немесе егер бұл сома аз болса, - ең аз жалдау төлемдерінің дисконтталған құны бойынша. Жалдау төлемдері пайыздар (қаржыландыру шығындары ретінде танылған) арасында бөлінді және жалдау бойынша міндеттемелер азайды. Операциялық жалдау жағдайында жалға алынған мүліктің құны капиталданбады, ал жалдау төлемдері жалдау шығыстары ретінде пайданың немесе зиянның құрамында жалдау мерзімінің бойына тікжелілік әдіспен мойындалды. Барлық аванстық жалдау төлемдері мен есептелген жалдау төлемдері алынған аванстар, сауда кредиторлық берешек және тиісінше басқа да ағымдағы міндеттемелер ретінде танылды.

16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың нәтижесінде Топ, қысқа мерзімді жалдаудан және төмен құны бар активтерді жалдаудан басқа, барлық жалдау шарттарын мойындауға және бағалауға бірыңғай тәсілді пайдалануды бастады. Топ стандартта көзделген іс жүзіндегі сипаттағы айрықша ауыспалы талаптар мен жеңілдіктерді қолданды.

Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдау

Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдау үшін Топ бастапқы мойындау күніне мойындалған активтер мен міндеттемелердің бастапқы баланстық құнын өзгертпеді (яғни жалдау бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер мен міндеттемелер 17 ХҚЕС-ті (IAS) қолдана отырып танылған жалдау бойынша активтердің және жалдау бойынша міндеттемелердің көлеміне тең сомада бағаланды). 16 ХҚЕС (IFRS) талаптары мұндай жалдауға 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданды.

Бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген жалдау

Топ, қысқа мерзімді жалдаудан және төмен құны бар активтерді жалдаудан басқа, бұрын операциялық жалдау ретінде жіктелген жалдау үшін пайдалану құқығы нысанындағы активтер мен жалдау бойынша міндеттемелерді мойындады. Жалдау шарттарының көпшілігі бойынша пайдалану құқығы нысанындағы активтер баланстық құны бойынша бағаланды, егер стандарт әрдайым қолданғандай болса, бірақ бастапқы мойындау күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған. Кейбір жалдау шарттарында пайдалану құқығы нысанындағы активтер бұрын мойындалған мұндай жалдауға орай күні бұрын жүзеге асырылған немесе есептелген жалдау төлемдерінің көлеміне түзете отырып, жалдау бойынша міндеттемелерге тең көлем бойынша мойындалды. Жалдау бойынша міндеттемелер бастапқы мойындау күніне қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдалана отырып дисконтталған қалған жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша танылды.

Төменде 2019 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша жалдау міндеттемелері 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша операциялық жалдаудың шарттық міндеттемелерімен салыстырып тексеру көрсетілген:

Миллион теңгемен	
2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша операциялық жалдау бойынша шарттық міндеттемелер	71 902
2019 жылғы 1 қаңтарға орташа алынған мөлшерлеме	8,12%
2019 жылғы 1 қаңтарға қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесі бойынша дисконт әсері	(20 840)
2019 жылғы 1 қаңтарға операциялық жалдау бойынша дисконтталған шарттық міндеттемелер	51 062
Минусы қысқа мерзімді жалдаумен және құны төмен активтерді жалдаумен байланысты шарттық міндеттемелер	(4 374)
Бұрын қаржылық жалдау ретінде жіктелген жалдаумен байланысты шарттық міндеттемелерді қоса	9 206
2019 жылғы 1 қаңтарға жалдау бойынша міндеттемелер	55 894

(б) Жаңа есеп саясатының негізгі ережелері

Төменде бастапқы мойындалған күннен бастап қолданылған 16 ХҚЕС-ті (IFRS) қолданудың нәтижесінде Топтың жаңа есеп саясатының негізгі ережелері көрсетілген:

Пайдалану құқығы нысанындағы активтер

Топ жалдаудың басталу күніне (яғни базалық актив пайдалану үшін қолжетімді болатын күнге) пайдалану құқығы нысанындағы активтерді мойындайды. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер, жалдау бойынша міндеттемелерді қайта бағалауға түзете отырып жинақталған амортизация мен құнсызданудан жинақталған залалды шегере отырып, бастапқы құны бойынша бағаланады. Пайдалану құқығы нысанындағы активтің бастапқы құнына жалдау бойынша мойындалған міндеттемелердің көлемі, болған бастапқы тікелей шығындар және жалдаудың басталу күніне немесе жалдау бойынша алынған ынталандырушы төлемдерді шегере отырып жасалған жалдау төлемдері жатады. Пайдалану құқығы нысанындағы актив келесі кезеңдердің барынша қысқасы бойына тікжелілік әдіспен амортизацияланады: активтің пайдалы қызмет етуінің болжамды мерзімі немесе жалдау мерзімі. Пайдалану құқығы нысанындағы активтер құнсыздану мәніне тексеріледі.

ОЖалдау бойынша міндеттемелер

Жалдаудың басталу күніне Топ жалдау мерзімінің ішінде жүзеге асырылатын жалдау төлемдерінің келтірілген құны бойынша бағаланатын жалдау міндеттемелерін мойындайды. Жалдау төлемдеріне алынуға жататын жалдау бойынша кез келген ынталандыратын төлемдерді, индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болатын құбылмалы жалдау төлемдерін және тарату құнының кепілдіктері бойынша төленетін сомаларды шегере отырып белгіленген төлемдер (оның ішінде іс мәні бойынша белгіленген төлемдер) жатады. Жалдау төлемдеріне, егер Топтың бұл опционды орындайтындығына жеткілікті сенімділік болса, сатып алу опционын орындау бағасы және егер жалдау мерзімі Топтың жалдауды тоқтату опционын әлеуетті орындауын көрсететін болса, жалдауды тоқтату үшін айыппұлдарды төлеу жатады. Индекске немесе мөлшерлемеге тәуелді болмайтын құбылмалы жалдау төлемдері мұндай төлемдердің жүзеге асырылуына әкеп соқтыратын оқиға немесе талап орын алатын кезеңде шығыстар ретінде танылады. Жалдау төлемдерінің келтірілген құнын есептеу үшін Топ қосымша қарыз қаражатын тарту мөлшерлемесін пайдаланады. Жалдаудың басталу күнінен кейін жалдау бойынша міндеттемелер көлемі пайыздардың есептелуін көрсету үшін ұлғайтылады және жүзеге асырылған жалдау төлемдерін көрсету үшін азайтылады.

Қысқа мерзімді жалдау және төмен құны бар активтерді жалдау

Топ қысқа мерзімді жалдауға қатысты мойындаудан босатуды негізгі құралдарды өзінің қысқа мерзімді жалдау шарттарына (яғни жалдаудың басталу күніне көзделген жалдау мерзімі 12 айдан аспайтын мерзімді құрайтын және сатып алу опционын қамтымайтын шарттарға) қолданады. Қысқа мерзімді жалдау мен төмен құны бар активтерді жалдау бойынша жалдау төлемдері жалдау мерзімінің ішінде желілік әдіспен шығыс ретінде танылады.

Ұзарту опционымен жасалған шарттарда жалдау мерзімін айқындау кезіндегі елеулі пайымдаулар

Топ жалдау мерзімін соларға қатысты жалдауды ұзарту опционы көзделген кезеңдермен бірге, егер ол орындалады деген жеткілікті сенімділік болса, немесе егер ол орындалмайды деген жеткілікті сенімділік болса, соған қатысты жалдауды тоқтату опционы көзделген кезеңдермен бірге жалдау кезеңі мерзімінен бұрын тоқтатылуға жатпайтын ретінде айқындайды.

«Пайдаға салынатын салықты есептеу қағидаларына қатысты белгісіздік» 23 KPMFO (IFRIC) түсіндіру

Түсіндіру негізінен 2016 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Түсіндіру салықтық баяндауларға қатысты белгісіздік болған талаптарда пайдаға салынатын салықтарды есепке алу тәртібін қарастырады, бұл «Пайда салықтары» 12 XҚЕС-тің (IAS) қолданылуына әсер етеді. Түсіндіру 12 XҚЕС-тің (IAS) қолданылу аясына жатпайтын салықтар мен алымдарға қолданылмайды, сондай-ақ айқындалмаған салықтық баяндаулармен байланысты пайыздар мен айыппұлдарға қатысты талаптарды қамтымайды. Атап айтқанда, түсіндіру келесі мәселелерді түсіндіреді:

- ұйым айқындалмаған салықтық баяндауларды бөлек қарастыра ма;
- ұйым салық органдарының салықтық баяндауларды тексеруге қатысты жасайтын жорамалдар;
- ұйым салық салынатын пайданы (салық залалын), салық базасын, пайдаланылмаған салық залалдарын, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен салық мөлшерлемелерін қалайша айқындайды;
- ұйым фактілер мен жағдайлардың өзгеруін қалайша қарастырады.

Түсіндіру негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Топ әрбір анықталмаған салық түсіндірмесін бөлек немесе бір немесе бірнеше басқа анықталмаған салық түсіндірмелерімен бірге талқылау қажеттілігін айқындайды және белгісіздікті шешу нәтижесін барынша дәл болжауға мүмкіндік беретін тәсілді пайдаланады.

Түсіндіру негізінен 2016 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Топ пайда салығын есептеу қағидаларына қатысты белгісіздікті анықтау кезінде елеулі пайымдауды қолданады. Топ өз қызметін күрделі халықаралық ортада жүзеге асыратындықтан, бұл түсіндіруді қолдану оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсер ете алатындығын саралады. Түсіндіруді қолдану кезінде Топ трансферттік баға белгілеумен байланысты қандай да бір белгісіз салық түсіндірмесінің бар екендігін саралады. Компанияның және оның еншілес ұйымдарының түрлі юрисдикциялардағы салық декларацияларына трансферттік баға белгілеумен байланысты есептен шығарулар жатады және салық органдары бұл салық түсіндірмелерімен келіспеуі де мүмкін. Топ салық заңнамасының талаптарын орындайтындығын ескере отырып және трансферттік баға белгілеудің қолданылатын практикасын талдауына сүйене отырып, Топ салық органдары қолданатын салық түсіндірмелерінің (оның ішінде оның еншілес ұйымдары қолданатын түсіндірмелер) салық органдарымен қабылдануы ықтимал болып табылады деген тұжырымға келді. Бұл түсіндіру Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Түсіндіру негізінен 2016 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

«Әлеуетті теріс өтеумен мерзімінен бұрын өтеу туралы талаптар» 9 XҚЕС-ке (IFRS) түзетулер

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

9 XҚЕС-ке (IFRS) сай борыштық құрал шартта көзделген ақша ағындары «борыштың негізгі сомасының және борыштың негізгі сомасының өтелмеген бөлігіне пайыздардың есебінен төлемдер» болып табылатындығы («ақша ағындары» критерийлері) және құрал мұндай жіктеуге жол беретін тиісті бизнес-модельдің шеңберінде ұсталатын құрал екендігі талабымен басқа да жиынтық кіріс арқылы амортизацияланған құны немесе әділ құны бойынша бағалана алады. 9 XҚЕС-ке (IFRS) түзетулер қаржы активі шарттың мерзімінен бұрын бұзылуына әкеп соқтыратын оқиғаға немесе жағдайға қарамастан және қай тараптың шарттың мерзімінен бұрын бұзылуы үшін негізделген өтемақыны төлейтіндігіне немесе алатындығына қарамастан «ақша ағындарының» критерийлерін қанағаттандыратындығын түсіндіреді. Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

«Бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу» 19 XҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

19 XҚЕС-ке (IAS) түзетулер бағдарламаның өзгеруі, бағдарламаның қысқаруы немесе бағдарлама бойынша міндеттемелердің өтелуі есепті кезең ішінде болған жағдайларда есепке алу тәртібін қарастырады. Түзетулер, егер бағдарламаға өзгерістерді енгізу, бағдарламаны қысқарту немесе бағдарлама бойынша міндеттемелерді өтеу жылдық есепті кезеңнің ішінде болса, ұйым белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған және бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақы мен мұндай оқиғадан кейін бағдарламаның активтерін көрсететін актуарлық жорамалдарға сүйене отырып, бағдарламаға өзгерістер енгізілгеннен, қысқартылғаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін кезеңнің қалған бөлігіне қатысты ағымдағы кезеңдегі қызметтердің құнын айқындауы тиіс. Сондай-ақ ұйым бағдарлама бойынша ұсынылатын сыйақыларды көрсететін белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған және бұл оқиғадан кейін бағдарлама активтерін; және белгіленген төлемдері бар бағдарламаның таза міндеттемесін (активін) қайта бағалау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып, бағдарламаға өзгерістер енгізілгеннен, қысқартылғаннан кейін немесе бағдарлама бойынша міндеттемелер толық өтелгеннен кейін кезеңнің қалған бөлігіне қатысты пайыздардың таза көлемін айқындау.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені есепті кезеңде бағдарлама өзгерген жоқ, сол бойынша міндеттемелер қысқарған немесе өтелген жоқ.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

«Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындарға ұзақ мерзімді салымдар» 28 XҚЕС-ке (IAS) түзетулер

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Түзетулер, ұйым 9 XҚЕС-ті (IFRS) соларға үлестік қатысу әдісі қолданылмайтын, бірақ мәнінде қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға таза инвестицияның бір бөлігін құрайтын (ұзақ мерзімді салымдар) қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға ұзақ мерзімді салымдарды қолдануы тиіс екендігін түсіндіреді. Бұл түсіндіру маңызды болып табылады, өйткені ол мұндай ұзақ мерзімді салымдарға 9 XҚЕС-те (IFRS) күтілетін несие залалдарының моделі қолданылады.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Сондай-ақ түзетулерде, 9 XҚЕС-ті (IFRS) қолдану кезінде ұйым қауымдасқан ұйым немесе бірлескен кәсіпорын шеккен залалдарды, не болмаса «Қауымдасқан ұйымдарға немесе бірлескен кәсіпорындарға салынған инвестициялар» 28 XҚЕС (IAS) қолдану салдарынан туындайтын қауымдасқан ұйымға немесе бірлескен кәсіпорынға салынған таза инвестицияның түзетулері ретінде танылған таза инвестицияның құнсыздануынан болған залалдарды назарға алмайтындығы түсіндіріледі.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Бұл түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді, өйткені Топтың ағымдағы практикасы осы өзгерістерге сәйкес келеді.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

XҚЕС-ті жыл сайынғы жетілдірулер, кезеңі 2015-2017 жж.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

3 XҚЕС (IFRS) «Бизнестерді біріктіру»

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Түзетулерде, егер ұйым бірлескен операция болып табылатын бизнеске бақылау алса, бірлескен операцияның активтері мен міндеттемелеріндегі қатысу үлестерін әділ құны бойынша қайта бағалауды қоса алғанда, ол кезең-кезеңімен жүзеге асырылатын бизнестерді біріктіруге қатысты талаптарды қолданылуы тиіс екендігі түсіндірілген. Бұл ретте иемденуші бірлескен операциялардағы бұрын болған барлық қатысу үлесін қайта бағалауы тиіс. Ұйым бұл өзгерістерді бизнесті біріктіруге қолданады, әрі солар үшін иемдену күні немесе 2019 жылғы 1 қаңтарға немесе кейін басталатын алғашқы есепті кезеңнің басталуына немесе кейін келеді. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Бұл түзетулер Топтың соның шеңберінде бірлескен бақылауды алатын операциялардың жоқтығына орай оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

11 XҚЕС (IFRS) «Бірлескен кәсіпкерлік»

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Бірлескен операциялардың қатысушысы болып табылатын, бірақ бірлескен бақылауы жоқ тарап бірлескен операцияларға бірлескен бақылауды ала алады, солардың шеңберіндегі қызмет бұл термин 3 XҚЕС-те (IFRS) айқындалғандай бизнесті білдіреді. Түзетулерде мұндай жағдайларда осындай бірлескен операцияда бұрын болған қатысу үлестерінің қайта бағаланбайтындығы түсіндіріледі. Ұйым бұл түзетулерді бірлескен бақылау 2019 жылғы 1 қаңтарға немесе кейін алынған транзакцияларға қолданады, мерзімінен бұрын қолдану рұқсат етілген.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Бұл түзетулер Топтың соның шеңберінде бірлескен бақылауды алатын операциялардың жоқтығына орай оның шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

12 XҚЕС (IAS) «Пайда салықтары»

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Түзетулер, дивидендтерге қатысты салық салдары көпшілік жағдайда меншік иелерінің арасында бөлумен қарағанда, бөлінетін пайданы әкелген бұрынғы операциялармен немесе оқиғалармен байланысты екендігін түсіндіреді. Тиісінше, ұйым ұйымның бастапқыда бұл операцияларды немесе оқиғаларды қай жерде мойындағандығына қарай дивидендтерге қатысты салық салдарын пайда немесе залал, басқа да жиынтық кіріс немесе меншікті капитал құрамында мойындауы тиіс.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Ұйым 2019 жылғы 1 қаңтарға немесе содан кейін басталатын есепті кезеңдер үшін өзгерістерді қолданады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

12 XҚЕС (IAS) «Пайда салықтары» (жалғасы)

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Бұл түзетулерді алғаш рет қолдану кезінде ұйым оларды ең ерте салыстырмалы кезеңнің басталу күніне немесе осы күннен кейін мойындалған дивидендтерге қатысты салық салдарына қолданылуы тиіс.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Топтың қолданыстағы саясаты түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, олардың қолданылуы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

23 XҚЕС (IAS) «Қарыздар бойынша шығындар»

Түзетулер негізінен 2015 жылғы қыркүйектен беруге қатысты.

Түзетулер, ұйым жіктелетін активті сатып алу үшін арнайы алынған қарыздарды ортақ мақсаттарға арналған қарыздардың құрамында, бұл активті мақсатына лайық пайдалануға немесе сатуға дайындауға қажетті барлық жұмыстар іс жүзінде аяқталғанда ескеруі тиіс екендігін түсіндіреді.

Ұйым 2019 жылғы 1 қаңтарға немесе содан кейін басталатын есепті кезеңдер үшін өзгерістерді қолданады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етіледі.
Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікке әлеуетті әсерді бағалайды. Топтың қолданыстағы саясаты түзетулердің талаптарына сәйкес келгендіктен, олардың қолданылуы Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

ШЫҒАРЫЛҒАН, БІРАҚ ӘЛІ КҮШІНЕ ЕНБЕГЕН СТАНДАРТТАР

Төменде шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығару күніне шығарылған, бірақ күшіне енбеген стандарттар мен түсіндірмелер келтіріледі. Топ осы стандарттарды олар күшіне енген күнінен бастап қолдану ниетінде, егер қолданылатын болса.

17 ХҚЕС (IFRS) «Сақтандыру шарттары»

2017 жылғы мамырда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Сақтандыру шарттары» 17 ХҚЕС (IFRS) шығарды, ол сақтандыру шарттарын есепке алу жөнінде бірыңғай басшылықты білдіреді, сондай-ақ қаржылық есептілікте тиісті ақпараттың ашылып көрсетілуіне қойылатын барлық талаптарды қамтиды. Жаңа стандарт аттас 4 ХҚЕС (IFRS) стандартын ауыстырады. 17 ХҚЕС (IFRS) 2021 жылғы 1 қаңтардан немесе одан кешірек басталатын жылдық кезеңдер үшін күшіне енеді. Көрсетілген жаңа стандарт шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

Қаржылық есептіліктің концептуалдық негіздері

2018 жылғы наурызда ХҚЕС жөніндегі Кеңес Қаржылық есептіліктің концептуалдық негіздерінің жаңа редакциясын шығарды. Атап айтқанда, активтер мен міндеттемелердің жаңа анықтамалары және кірістер мен шығыстардың нақты-ланған анықтамалары енгізілуде. Құжаттың жаңа редакциясы 2020 жылғы 1 қаңтарға немесе одан кейінгі жылдық кезеңдерден бастап міндетті қолдану үшін күшіне енеді. Көрсетілген жаңа редакция Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді.

«Бизнесті айқындау» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзету

2018 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Бизнесті біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетуді шығарды. Түзету стандартта айқындалған бизнестің ұғымына нақтылауды енгізеді. Түзету 2020 жылғы 1 қаңтарға немесе содан кейін жасалатын бизнесті немесе активтер топтарын сатып алу операциялары үшін күшіне енеді. Түзетуді мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Түзету ол алғаш рет қолданылған күннен кейін орын алатын операциялар мен басқа да оқиғалардың көрсетілуіне қатысты перспективті түрде қолданылғандықтан, түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке әсерін тигізбейді.

«Маңыздылықты айқындау» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер

2018 жылғы қазанда ХҚЕС жөніндегі кеңес «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХҚЕС-ке (IAS) және «Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулерді шығарды. 1 ХБЕС-ке (IAS) және 8 ХБЕС-ке (IAS) түзетулер маңыздылықтың жаңа анықтамасын енгізеді. 1 ХБЕС-ке (IAS) және 8 ХБЕС-ке (IAS) түзетулер 2020 жылғы 1 қаңтардан немесе осы күннен кейін бастап қолданылады. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Маңыздылықты айқындауға түзетулер Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігіне айтарлықтай әсерін тигізбейді деп күтілуде.

«Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» 7 ХҚЕС-ке (IFRS) және «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулер - «Пайыздық мөлшерлемелер»

2019 жылғы қыркүйекте ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Пайыздық мөлшерлемелер. Эталондар реформасы» деп аталатын «Қаржы құралдары: ақпаратты ашып көрсету» 7 ХҚЕС-ке (IFRS) және «Қаржы құралдары» 9 ХҚЕС-ке (IFRS) түзетулерді шығарды. Қабылданған түзетулер хеджирлеуді есепке алуға қойылған бірқатар талаптарды орындаудан босатуды білдіреді, олардың орындалуы эталондық пайыздық мөлшерлемелені реформалау нәтижесінде туындайтын белгісіздіктің күшіне орай хеджирлеудің есепке алынуының тоқтап қалуына әкеп соқтыра алады. Түзетулер 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген.

Көрсетілген түзетулер шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді.

«Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХБЕС-ке (IAS) түзету

2020 жылғы қаңтарда ХҚЕС жөніндегі Кеңес «Қаржылық міндеттемелерді қысқа- және ұзақ мерзімділер ретінде жіктеу» деп аталатын «Қаржылық есептілікті ұсыну» 1 ХБЕС-ке (IAS) түзетуді шығарды. Қабылданған түзету міндеттемелерді ұзақ мерзімділер немесе қысқа мерзімділер ретінде жіктеу критерийлерін нақтылайды. Түзету 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданыла бастайды. Мерзімінен бұрын қолдануға рұқсат етілген. Көрсетілген түзету шоғырландырылған қаржылық есептілікке айтарлықтай әсерін тигізбейді, өйткені Топ нақтыланған критерийлерді қолдануда.

Топ қолданыстағы стандарттарға, соларға қатысты мүмкін болатын жоғарыда көрсетілген жаңа стандарттар мен түзетулер бойынша мерзімінен бұрын қолдануды жоспарлап отырған жоқ.

ЕСЕП САЯСАТЫНДАҒЫ ЖӘНЕ АҚПАРАТТЫ АШЫП КӨРСЕТУ ҚАҒИДАТТАРЫНДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР

«Есеп саясаты, бухгалтерлік бағалаудағы өзгерістер және қателер» 8 ХҚЕС-ке (IAS) сай Топ шоғырландырылған қаржылық есептілікті ұсыну жөніндегі есеп саясатындағы өзгерістерді ерікті түрде қолдануды шешті және жиынтық жылдық кіріс туралы есепті пайда болу табиғатының негізінде және ақша қаражатының қозғалысы туралы есепті ағымдағы жылғы қаржылық ақпараттың ұсынылуын жақсарту үшін жанама әдісті пайдалана отырып ашып көрсетуді және Топтың қаржылық есептілігінің сала бойынша әріптестермен салыстырып тексеруін ұлғайтуды таңдады. Қайта жіктеулер таза пайдаға немесе бір жылғы жиынтық кіріске немесе капиталға әсерін тигізбеді.

Функционалдық ұсынудан пайда болу табиғаты бойынша ұсыну әдісіне өтуге орай жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепті ұсынудағы өзгерістер келесі баптардың қайта жіктелуіне әкеп соқтырды::

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепті ұсынудағы өзгеріс:

Топ келесі қайта жіктеулерді жасады:

	31 желтоқсан			
	Шығарылған қаржылық есептілікке сәйкес		Қайта жіктелген	
Миллион теңгемен	2018	2017	2018	2017
Өзге ағымдағы міндеттемелер	236 988	202 445	236 163	201 940
Қаржылық кепілдіктер	1 831	1 171	—	—
Жалдау бойынша міндеттемелер	—	—	2 656	1 676
	238 819	203 616	238 819	203 616

Ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есепті тікелей әдістен жанама әдіске көрсетуде болған өзгеріс ретроспективті түрде қолданылды, сондай-ақ 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың негізгі қызметінің бірі жер қойнауын пайдалану келісімшарттарына бірлескен кәсіпорындар көмегімен қатысу арқылы бұл келісімшарттарда Мемлекеттің мүдделерін білдіру болғандығын назарға ала отырып, Топ бірлескен және қауымдасқан кәсіпорындардан алынған дивидендтерді операциялық қызметтен болған ақша ағынының құрамында ашып көрсетуді шешті. Бұл тәсіл 7 ХҚЕС-ке (IAS) сәйкес рұқсат етілген.

ШОҒЫРЛАНДЫРУ НЕГІЗІ

Қоса беріліп отырған шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес ұйымдарының 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қаржылық есептілігін қамтиды. Егер Топ инвестициядан ауыспалы әрекетке құқығы болса немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшырағыш келсе және инвестициялар нысанына қатысты өз өкілеттіктерінің салдарынан мұндай әрекетке ықпал ете алса, бақылау жүзеге асырылады. Атап айтқанда, Топ тек келесі талаптар орындалса ғана, инвестициялар нысанын бақылайды: - Топтың инвестициялау нысанына қатысты өкілеттіктердің болуы (яғни инвестициялау нысанының маңызды қызметін басқарудың ағымдағы мүмкіндігін қамтамасыз ететін қолдағы құқықтар); - (б) Топтың инвестициядан ауыспалы әрекетке құқықтың болуы немесе оның өзгеруіне байланысты тәуекелге ұшырағыштығы; (в) Топтың инвестициядан ауыспалы әрекетке ықпал ету мақсатында инвестициялау нысанына қатысты өз өкілеттіктерін пайдалану мүмкіндігінің болуы.

Топтың инвестициялар нысанына қатысты дауыс беру құқықтарының көпшілігі немесе ұқсас құқықтары болған кезде Топ мұндай инвестициялар нысанына қатысты өкілеттіктердің болуын бағалау кезінде барлық орынды фактілер мен жағдайларды ескереді: - инвестициялау объектісінде дауыс беру құқықтары бар басқа тұлғалармен келісім; - басқа келісімдермен негізделген құқықтар; - дауыс беру құқықтары және Топқа тиесілі әлеуетті дауыс беру құқықтары.

Егер фактілер мен жағдайлар бақылаудың үш құрамдасы бірінің немесе бірнешеуінің өзгеруін растаса, Топ инвестициялар нысанына қатысты бақылаудың болуын қайтадан талдайды. Топ еншілес компанияға бақылауды алған кезде еншілес компанияның шоғырлануы басталады және Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылғанда тоқталады. Сатып алынуы немесе есептен шығарылуы жыл ішінде болған еншілес компанияның активтері, міндеттемелері, кірістері мен шығыстары Топ бақылауды алған күннен бастап жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепке қосылады және Топ еншілес компанияға бақылаудан айырылған күнге дейін көрсетіледі.

Еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі Топтың барлық компаниялары үшін есеп саясатын бірізді қолданудың негізінде Бас компанияның есептілігі сияқты дәл сол есепті кезең үшін әзірленді. Пайда немесе зиян және басқа да жиынтық кірістің әрбір құрамдасы Топтың бас компаниясының Акционерлеріне және тіпті егер бұл бақыланбайтын қатысу үлестерінде теріс қалдықтарға әкеліп соқтырған жағдайда да, бақыланбайтын қатысу үлестеріне жатады. Қажет болғанда еншілес ұйымдардың қаржылық есептілігі олардың есеп саясаттарын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру үшін түзетіледі. Топтың ішінде операцияларды жүзеге асырудың нәтижесінде туындайтын барлық топшілік активтер мен міндеттемелер, капитал, кірістер, шығыстар мен ақша ағындары шоғырландыру кезінде толығымен алынып тасталады. Бақылаудан айырылмастан инвестициялау нысандарындағы қатысу үлестерінің өзгерісі капиталмен жасалған операция ретінде ескеріледі. Егер Топ еншілес ұйымға бақылаудан айырылып қалса, ол тиісті активтерді (оның ішінде гудвилді), міндеттемелерді, бақыланбайтын қатысу үлестерін және меншікті капиталдың басқа да құрамдастарын тануды тоқтатады және туындап қалған пайданы немесе зиянды пайда немесе зиян құрамында мойындайды. Қалған инвестициялар әділ құны бойынша танылады.

БИЗНЕСТІ БІРІКТІРУ ЖӘНЕ ГУДВИЛ

Бизнесті біріктіру сатып алу әдісін пайдалана отырып есептеледі. Сатып алу құны сатып алу күніндегі әділ құн бойынша бағаланған берілген сыйақы сомасы және сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу үлесі ретінде бағаланады. Бизнесті біріктіру жөніндегі әрбір мәміле үшін сатып алатын тарап сатып алынатын компаниядағы бақыланбайтын қатысу

31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін					
		Шығарылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке сәйкес		Қайта жіктелген	
Миллион теңгемен	Ескерт.	2018	2017	2018	2017
Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құны	[А]	—	—	4 312 958	2 729 514
Өндірістік шығыстар	[Б]	—	—	604 475	624 346
Табыс салығынан басқа салықтар	[С]	—	—	477 732	354 447
Тозу, тауысылу және амортизация	[Д]	—	—	285 186	238 021
Өткізілген өнімнің және көрсетілген қызметтердің өзіндік құны	[А], [Б], [С], [Д]	5 353 492	3 704 457	—	—
Жалпы және әкімшілік шығыстар	[С], [Д]	247 128	200 434	213 485	163 780
Тасымалдау және сату бойынша шығыстар	[С], [Д]	659 447	440 568	370 777	238 063
Басқа да шығыстар	[Д]	24 144	33 596	23 283	34 767
Негізгі құралдардың, материалдық емес активтердің және инвестициялық жылжымайтын мүліктің есептен шығарылуынан болған зиян, нетто	[Д]	3 517	3 815	—	—
Сатуға арналған активтердің құнсыздануы	[Д]	168	68	—	—
		6 287 896	4 382 938	6 287 896	4 382 938

[А] Топ Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдерінің және басқа да материалдардың өзіндік құнын бөлек баппен көрсетуді шешті.
 [Б] Сатып алынған мұнайдың, мұнай өнімдері мен басқа да материалдардың өзіндік құнын қоспағанда, өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының құрамында бұрын көрсетілген басқа баптар біріктіріліп, жиынтық кіріс туралы есептің бөлек бабы ретінде көрсетілді.
 [С] Топ пайдалы қазбаларды өндіру салығын және табыс салығынан басқа, басқа да салықтарды өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының (2018: 187 606 миллион теңге, 2017: 152 739 миллион теңге), жалпы және әкімшілік шығыстардың (2018: 13 475 миллион теңге, 2017: 13 223 миллион теңге), тасымалдау және өткізу шығыстарының (2018: 276 651 миллион теңге, 2017: 188 485 миллион теңге) құрамынан біріктіруді және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің бөлек бабы ретінде көрсетуді шешті. Барлық басқа салықтардың құрамдастары өзгерген жоқ және алдыңғы таныстырылымға сәйкес келеді.
 [Д] Топ Тозуды, таусылуды және амортизацияны өткізілген өнім мен көрсетілген қызметтердің өзіндік құнының (2018: 248 453 миллион теңге, 2017: 197 858 миллион теңге), жалпы және әкімшілік шығыстардың (2018: 20 168 миллион теңге, 2017: 23 432 миллион теңге), тасымалдау және өткізу шығыстарының (2018: 12 019 миллион теңге, 2017: 14 020 миллион теңге), басқа да шығыстардың (2018: 4 546 миллион теңге, 2017: 2 711 миллион теңге) құрамынан біріктіруді және жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің бөлек бабы ретінде көрсетуді шешті. Қосымша, негізгі құралдардың, материалдық емес активтер мен инвестициялық жылжымайтын мүліктің шығуынан болған залал, сондай-ақ сатуға арналған активтердің құнсыздануы Басқа да шығыстарға қайта жіктелді.

үлесі әділ құн бойынша, не сатып алынатын компанияның сәйкестендірілетін таза активтеріндегі теңбе-тең үлес бойынша бағалайды. Сатып алуға байланысты шегілген шығындар әкімшілік шығыстардың құрамына енгізіледі.

Егер Топ бизнесті сатып алса, ол сатып алынған қаржы активтері мен қабылданған міндеттемелерді тиісті түрде шартты талаптарына, экономикалық жағдайға және сатып алу күніндегі тиісті жағдайларға байланысты жіктейді. Бұған компания сатып алатын негізгі шарттарға қосылған туынды құралдарды бөлу қажеттілігі мәніне талдау жасау жатады.

Сатып алатын тарап беруге тиіс шартты сыйақы сатып алу күніндегі әділ құн бойынша танылуға тиіс. Қаржы құралы болып табылатын және 9 ХҚЕС-тің қолданылу аясына түсетін актив немесе міндеттеме ретінде жіктелетін шартты өтемақы әділ құны бойынша бағаланады, ал әділ құнның өзгеруі 9 ХҚЕС-ке сәйкес пайда немесе зиян құрамында танылады. Егер шартты сыйақы 9 ХҚЕС-тің қолданылу аясына түспесе, ол пайда немесе зиян құрамында әділ құны бойынша бағаланады. Егер шартты өтеу меншікті капитал ретінде жіктелетін болса, ол кейіннен қайта бағаланады және оны өтеу меншікті капитал құрамында көрсетіледі.

Гудвил бастапқыда берілген сыйақы және танылған бақыланбайтын қатысу үлесі сомасының және сатып алушыға бұрын тиесілі болған қатысу үлестерінің Топ сатып алған таза сәйкестендірілетін активтердің және ол қабылдаған міндеттемелердің сомасынан асып түсуі ретінде айқындалатын бастапқы құны бойынша бағаланады. Егер сатып алынған таза активтердің әділ құны берілген өтемақы сомасынан асатын болса, Топ барлық сатып алынған активтердің және барлық қабылданған міндеттемелердің анықталу дұрыстығын, сондай-ақ сатып алу күніне танылуы тиіс болған сомаларды бағалау кезінде пайдаланылған процедураларды қайталап талдайды. Егер қайталап жасалған талдаудан кейін берілген өтемақы сатып алынған таза активтердің әділ құнынан кем болып қалса, табыс пайда немесе зиян құрамында танылады.

Кейіннен гудвил құнсыздандуудан болған жинақталған шығындар шегеріліп, бастапқы құн бойынша бағаланады. Бизнесті біріктіру кезінде сатып алынған гудвилді құнсыздану тұрғысынан тексеру мақсаттары үшін, гудвил компаниялар Тобы сатып алған күннен бастап Топтың сатып алынатын компанияның басқа активтері немесе міндеттемелері көрсетілген бөлімшелерге жататын-жатпайтындығына қарамастан, бизнестің бірігуінен пайда алады деп болжанатын ақша ағындарын біріктіретін әрбір бөлімшесіне бөлінеді.

Егер гудвил ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшенің бір бөлігін құраса, және осы бөлімшенің бір бөлігі шығып қалса, шығарылатын қызметке жататын гудвил оның шығарылуынан келетін пайданы немесе шығында анықтау кезінде осы қызметтің ағымдағы құнына қосылады. Осындай жағдайларда шығып қалған гудвил шығып қалған қызметтің құны мен ақша ағындарын генерациялайтын бөлімшенің қалған бөлігінің құнының қатынасы негізінде бағаланады.

Кезең-кезеңмен болатын бизнесті біріктіру сатып алу күніне сатып алынатын ұйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесі тиісті кірісті немесе шығысты пайданың немесе зиянның құрамында мойындай отырып әділ құнына дейін қайта бағаланады. Кезең-кезеңмен болатын бизнесті біріктіру кезінде сатып алушы сатып алу күнгі гудвилді төменде көрсетілгендей (а)-ның (б)-дан асып түсуі ретінде есептейді:

(а) сомасы:

- берілген сыйақы, әрі ол әдеттегідей, «Бизнесті біріктіру» 3 ХҚЕС-ке (IFRS) сәйкес сатып алу күніне әділ құны бойынша бағаланады;
- осы стандартқа сәйкес сатып алынатын ұйымдағы бақыланбайтын қатысу үлесінің құны;
- сатып алатын тарапқа бұрын тиесілі болған сатып алу күнге әділ құны сатып алынатын ұйымдағы қатысу үлесінен.

(б) сатып алынған активтерді және қабылданған міндеттемелерді сатып алу күніне таза әділ құны.

Жалпы бақылаудағы тараптардан еншілес ұйымдарды сатып алу

Еншілес ұйымдарды жалпы бақылаудағы тараптардан сатып алынуы үлестерді біріктіру әдісін пайдалана отырып ескеріледі.

Жалпы бақылауға берілетін еншілес ұйымның активтері мен міндеттемелері осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте беру күніне беретін ұйымның («Бастамашы») ағымдағы құны бойынша ескеріледі. Бастамашыны бастапқыда сатып алған кезде объективті түрде ескеретін тиісті гудвил осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Бастамашының гудвилін қоса алғанда, таза активтердің жалпы ағымдағы құны мен төленген сыйақы арасындағы айырма капиталды түзету ретінде осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі.

Салыстырмалы деректерді қоса алғанда, шоғырландырылған қаржылық есептілік еншілес ұйымды Топ Бастамашы бастапқыда сатып алған күнге сатып алғандығы туралы жорамалға сүйене отырып ұсынылады.

БІРЛЕСІП-БАҚЫЛАНАТЫН ОПЕРАЦИЯЛАР

Бірлескен операция - бұл қызметке бірлескен бақылауға ие болатын тараптың қызметпен байланысты міндеттемелер бойынша активтер мен жауапкершілікке құқықтарының болуын болжайтын бірлескен кәсіпкерлік типі. Топ бірлескен операциялардағы өзінің мүдделеріне қатысты мыналарды мойындайды:

- Бірлескен активтердегі өз үлесін қоса алғанда, активтерді;
- Бірлескен міндеттемелердегі өз үлесін қоса алғанда, міндеттемелерді;
- Бірлескен операциялардың нәтижесінде өндірілген өнімдегі үлесті сатудан түскен өз түсімін;
- Бірлескен операциялардың өнімін сатудан түскен түсімдегі өз үлесін;
- Бірлесіп шеккен шығыстардағы үлесті қоса алғанда, өз шығыстарын.

ҚАУЫМДАСҚАН КОМПАНИЯЛАРҒА ЖӘНЕ БІРЛЕСКЕН КӘСІПОРЫНДАРҒА ИНВЕСТИЦИЯЛАР

Қауымдасқан компания - соған қатысты Топтың айтарлықтай ықпалы бар компания. Айтарлықтай ықпал – инвестициялар объектісінің қаржылық және операциялық саясатына қатысты шешімдерді қабылдауға қатысу өкілеттіктері, бірақ мұндай саясатқа қатысты бақылау немесе бірлескен бақылау.

Бірлескен кәсіпорын – бірлескен қызмет туралы келісім, әрі соған сай келісімге қатысты бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптардың бірлескен кәсіпорынның таза активтеріне құқықтары бар. Бірлескен бақылау – бұл шартпен негізделген бақылауды бірлесіп жүзеге асыру, әрі ол тек маңызды қызметке қатысты шешімдердің қабылдануы бірлескен бақылауды жүзеге асыратын тараптардың бірауызды келісімін қажет еткен жағдайларда ғана орын алады.

Айтарлықтай ықпалдың немесе бірлескен бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторлар еншілес компанияларға бақылаудың болуын анықтау кезінде ескерілетін факторларға ұқсас келеді.

Қауымдасқан компанияға және бірлескен кәсіпорынға инвестициялар үлестік қатысу әдісі бойынша ескеріледі. Үлестік қатысу әдісіне сәйкес қауымдасқан компанияға немесе бірлескен кәсіпорынға инвестиция алдымен бастапқы құны бойынша танылады. Инвестициялардың баланстық құны сатып алғаннан кейін туындайтын бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның таза активтеріндегі өзгерістердегі Топтың үлесі танылуы салдарынан не өседі немесе төмендейді. Бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға жататын гудвил инвестицияның баланстық құнына кіреді және амортизацияланбайды, сондай-ақ құнсыздану мәніне жеке тексеруге ұшырамайды.

Шоғырландырылған жиынтық кіріс туралы есеп бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания қызметінің қаржы нәтижелеріндегі Топтың үлесін көрсетеді. Мұндай инвестициялар нысандарының басқа да жиынтық кірісінің өзгеруі Топтың басқа да жиынтық кірісінің құрамында ұсынылады. Сонымен бірге, егер бірлескен кәсіпорын немесе қауымдасқан компания капиталында тікелей танылған өзгеріс орын алса, Топ осындай өзгерістегі өз үлесін таниды және бұл капиталдағы өзгерістер туралы шоғырландырылған есепте қолданылса, осы фактіні ашады. Топтың және бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың арасындағы мәмілелер бойынша туындайтын өткізілмеген кірістер мен залалдар бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан компаниядағы үлестің шегінде алынып тасталады.

Бірлескен кәсіпорындағы/қауымдасқан компаниядағы пайдадағы үлесі тікелей кірістер мен шығындар туралы шоғырландырылған есепте беріледі. Ол салық салуды және еншілес кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның еншілес компаниялардағы бақыланбайтын қатысу үлестерін есепке алғаннан кейін пайданы немесе зиянды білдіреді.

Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардың қаржылық есептілігі Топтың қаржылық есептілігі сияқты есепті кезеңде жасалады. Қажет болған жағдайда есеп саясатын Топтың есеп саясатына сәйкес келтіру мақсатында түзетулер енгізіледі.

Үлестік қатысу әдісін қолданғаннан кейін Топ бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға өз инвестициялары бойынша құнсызданудан болған қосымша залалды тану қажеттілігін айқындайды. Топ әрбір есепті күнге бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға инвестициялар құнсыздануының объективті айғақтарының болуын анықтайды. Мұндай куәліктер болған жағдайда, Топ құнсыздану сомасын бірлескен кәсіпорынның немесе қауымдасқан компанияның өтелетін құны мен олардың баланстық құны арасындағы айырма ретінде есептейді және осы соманы «Бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компанияларға салынған инвестициялардың құнсыздануы» бабы бойынша жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте мойындайды.

Бірлескен кәсіпорындағы немесе қауымдасқан компаниядағы елеулі ықпалын жоғалтқан жағдайда Топ қалған инвестицияларды әділ құн бойынша бағалайды және мойындайды. Айтарлықтай ықпалдан немесе бірлескен бақылаудан айырылу сәтіне бірлескен кәсіпорынға немесе қауымдасқан компанияға салынған инвестициялардың баланстық құны мен қалған инвестицияның әділ құны және шығудан болған түсімдер арасындағы айырма пайда немесе зиян құрамында танылады.

АКТИВТЕР МЕН МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ҚЫСҚА МЕРЗІМДІ ЖӘНЕ ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЕТІП ЖІКТЕУ

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте Топ активтер мен міндеттемелерді олардың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді етіп жіктелуінің негізінде ұсынады. Актив мына жағдайларда қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны сату болжанса немесе ол әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде сатуға және тұтынуға арналса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін арналса;
- оны есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өткізу болжанса; немесе
- есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелерді өтеу үшін пайдалануға немесе айыр-бастауға шектеулер болған жағдайларды қоспағанда, ол ақша қаражатын немесе олардың баламаларын білдіреді.

Барлық басқа активтер ұзақ мерзімді ретінде жіктеледі. Міндеттеме қысқа мерзімді болып табылады, егер:

- оны әдеттегі операциялық циклдің шеңберінде өтеу болжанса;
- ол негізінен сауда жасау мақсаттары үшін ұсталса;
- ол есепті кезең аяқталғаннан кейін он екі айдың ішінде өтелуге тиіс болса; немесе
- компанияның есепті кезең аяқталғаннан кейін кем дегенде он екі айдың ішінде міндеттемелердің өтелу мерзімін ұзартуға сөзсіз құқығы болмаса.

Топ барлық басқа міндеттемелерді ұзақ мерзімді ретінде жіктейді. Кейінге қалдырылған салық активтері мен міндеттемелері ұзақ мерзімді активтер мен міндеттемелер ретінде жіктеледі.

КЕН ОРЫНДАРЫН БАРЛАУҒА, БАҒАЛАУҒА ЖӘНЕ ӘЗІРЛЕУГЕ БАЙЛАНЫСТЫ ШЫҒЫСТАР

Жер қойнауын пайдалану құқықтарын (лицензияларды) иемденгенге дейін болған шығындар

Лицензияларды алғанға дейін болған шығындар келтірілген кезеңдегі шығындарға жатқызылады. Қазақстан Республикасының Үкіметімен тиісті келісімге қол қойылғаннан кейін болған шығындар капиталдандырылады.

Лицензияларды және мүлікті сатып алу шығындары

Лицензиялар мен мүлікті сатып алу шығындары капиталданады және материалдық емес активтер ретінде жіктеледі. Барлау бойынша әрбір объект жыл сайын бұрғылау жұмыстары жоспарланғанын және оның құнсызданбағанын растау мәніне қарастырылады. Егер келешек жұмыстар жоспарланбаса, барлауға арналған лицензияларды және тиісті объектілерді сатып алу шығындарының ағымдағы құны есептен шығарылады. Экономикалық негізделген шығарылатын қорлар («дәлелденген қорлар» немесе «коммерциялық қорлар») анықталған кезде және әзірлеуді ішкі бекіту кезінде барлауға арналған лицензияларды және тиісті объектілерді сатып алуға арналған шығындардың ағымдағы құны, кен орындардың бөлігінде, барлау бойынша шығындармен бірігіп, мұнай-газ мүлкіне немесе әзірлеу шығындары ретінде материалдық емес активтерге ауыстырылады.

Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар

Барлауға арналған заңды құқық алынған сәттен бастап геологиялық және геофизикалық зерттеу шығындары мен барлау жасалатын ұңғымаға тікелей қатысты шығындар ұңғыманың бұрғылануы аяқталмайынша және мұндай бұрғылау нәтижелері бағаланбайынша шығындардың сипатына сәйкес барлау және бағалау бойынша материалдық емес немесе материалдық активтер ретінде капиталданады. Мұндай шығындарға қызметкерлерге төлемақы, пайдаланылған материалдар мен жанар май, бұрғылау мұнарасының құны және мердігерлерге арналған төлемдер кіреді. Егер қорлар табылмаса, барлау бойынша актив құнсыздануға тестіленеді; егер шығарылатын көмірсутектер табылып, одан кейінгі бағалауға жататын болса, әрі оған коммерциялық әзірленуі ықтимал болатын басқа ұңғымаларда бұрғылау кіруі мүмкін болса, онда шығындар көмірсутектерді коммерциялық шығаруды бағалауда негізделген/үздіксіз прогреске қол жеткізілмейінше, материалдық емес актив ретінде ескерілуін жалғастырады. Осы сияқты барлық шығындар техникалық, коммерциялық және басқарушылық тексеруге, сол сияқты әзірлеуді жалғастыру ниетін немесе табудан пайда алудың қандай да бір басқа тәсілін растау үшін жылына кем дегенде бір рет құнсыздану мәніне тексеруге жатады.

Барлаумен және бағалаумен байланысты шығындар

Мұндай ниеттер болмағанда активтер шығыстарға есепке жатқызылады. Дәлелденген қорлар анықталғанда және әзірлеу туралы шешім қабылданғанда, барлаумен және бағалаумен байланысты тиісті шығындар құнсыздану тестісінен кейін мұнай-газ активтеріне ауыстырылады және құнсыздану залалы танылады.

Әзірлеу шығындары

Бұл жағдайда

Бұл жағдайда

Бұл жағдайда

Бұл жағдайда Топ тиісті міндеттемені де таниды. Берілген актив пен тиісті міндеттеме Топ сақтаған құқық пен міндеттемені көрсететін негізде бағаланады.

Бұл жағдайда

Берілген актив бойынша кепілдік түрін қабылдайтын жалғасатын қатысу келесі өлшемдердің: активтің бастапқы баланстық құны немесе төленуін Топ талап етуі мүмкін өтемақының ең көп соманың ең азы бойынша бағаланады.

Бұл жағдайда

ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІНІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Бұл жағдайда

Топ пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша бағаланбайтын барлық борыштық қаржы активтеріне қатысты күтілетін несие залалдарына (КНЗ) бағалау резервін мойындайды.

Бұл жағдайда

КНЗ шартқа сәйкес Топқа тиесілі болатын ақша ағындары мен Топ бұл актив бойынша бастапқы тиімді пайыздық мөлшерлемеге шамамен тең болатын мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған алуды күтіп отырған барлық ақша ағындарының арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Бұл жағдайда

Күтілетін ақша ағындарына ұсталатын қамтамасыз етуді сатудан немесе шарттық талаптардың ажырамас бөлігі болып табылатын несие сапасын арттырудың басқа тетіктерінен болатын ақша ағындары жатады.

Бұл жағдайда

КНЗ екі кезеңде танылады. Бастапқы танылған сәттен бастап несие тәуекелі айтарлықтай ұлғаймаған қаржы құралдары бойынша келесі 12 айдың (12 айлық күтілетін несие залалдары) ішінде мүмкін болатын дефолттардың салдарынан туындауы мүмкін несие залалдарына қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады. Солар бойынша бастапқы танылған сәттен бастап қаржы құралдары үшін несие тәуекелі айтарлықтай ұлғайған дефолттың орын алу мерзімдеріне қарамастан (бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдары) осы қаржы құралының қалған қолданылу мерзімінің ішінде күтілетін несие залалдарына қатысты залалдарға бағалау резерві құрылады.

Бұл жағдайда

Сауда және басқа да дебиторлық берешекке қатысты Топ КНЗ-ны есептеу кезінде жеңілдетілген тәсілді қолданады. Тиісінше, Топ несие тәуекелінің өзгерістерін қадағаламайды, ал оның орнына әрбір есепті күнге бүкіл мерзім үшін күтілетін несие залалдарына тең сомада залалдарға бағалау резервін мойындайды. Топ қарыз алушылар мен жалпы экономикалық талаптарға тән болатын болжамды факторларды ескере отырып түзетілген несие залалдарының пайда болуының өткен тәжірибесіне сүйене отырып бағалау резервтерінің матрицасын пайдаланды.

Бұл жағдайда

Егер шартта көзделген төлемдердің мерзімі 90 күнге өтіп кетсе, Топ қаржы активі бойынша дефолт болды деп есептейді. Дегенмен, белгілі бір жағдайларда Топ, егер ішкі немесе сыртқы ақпарат Топ ұстап қалатын несие сапасын арттыру тетіктерін ескерместен, Топтың шартта көзделген қалған төлемдердің барлық сомасын алатындығына нұсқаса, қаржы активі бойынша дефолт болды деген қорытындыға келе алады. Егер Топтың шартта көзделген ақша ағындарының өтелуіне қатысты негізделген үміттері болмаса, қаржы активі есептен шығарылады..

Бұл жағдайда

ТАУАР-МАТЕРИАЛДЫҚ ҚОРЛАР

Тауар-материалдық қорлар өзіндік құн және ҚҚҰЕ әдісі бойынша өткізудің таза құны екі өлшемнің ең азы бойынша ескеріледі. Оның құнына қорларды тиісті жерге жеткізумен және оларды ағымдағы күйге келтірумен байланысты әдеттегі қызмет барысында болған барлық шығындар жатады. Шикі мұнайдың және мұнай өнімдерінің құны, орташа өндіріс көлемінің негізінде тозу, таусылу және амортизация шығыстарының және үстеме шығыстардың тиісті бөлігін қоса алғанда, оларды өндірудің өзіндік құны болып табылады. Мұнай мен мұнай өнімдерін өткізудің таза құны, мұндай өткізумен байланысты шығыстарды шегере отырып, өткізудің болжамды бағасына негізделеді.

Бұл жағдайда

ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫ (ҚҚС)

Салық органдары нетто негізде сату мен сатып алу бойынша ҚҚС өтеуді жүргізуге мүмкіндік береді. Өтелуге жататын ҚҚС, ішкі нарықтағы сатулар бойынша ҚҚС-ты шегере отырып, ішкі нарықтағы сатып алулар бойынша ҚҚС-ты білдіреді. Экспортқа сатудың нөлдік мөлшерлемесі бар.

Бұл жағдайда

АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ОНЫҢ БАЛАМАЛАРЫ

Ақша қаражаты мен оның баламаларына банк пен кассадағы ақша қаражаты, сондай-ақ бастапқы өтеу мерзімі үш айдан аспайтын қысқа мерзімді депозиттер жатады.

Бұл жағдайда

Бұл жағдайда

Бұл жағдайда

Бұл жағдайда

Бұл жағдайда

ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

БАСТАПҚЫ ТАНУ ЖӘНЕ БАҒАЛАУ

Қаржылық міндеттемелер бастапқы тану кезінде пайда немесе зиян, несиелер, қарыздар мен берешек немесе туынды құралдар арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер ретінде жіктеледі.

Бұл жағдайда

Қаржылық міндеттемелер бастапқыда несиелер мен қарыздар болған жағдайда тікелей солармен байланысты мәміле бойынша шығындарға көбейтілген әділ құны бойынша мойындалады.

Бұл жағдайда

Топтың қаржылық міндеттемелеріне сауда және басқа да кредиторлық берешек, несиелер мен қарыз алулар, сондай-ақ туынды қаржы құралдары кіреді.

ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ КЕЙІННЕН БАҒАЛАУ

Қаржылық міндеттемелерді кейінгі бағалау оларды былай жіктеуге байланысты:

Бұл жағдайда

Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер

Бұл жағдайда

«Пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын қаржылық міндеттемелер» санатына саудаға арналған қаржылық міндеттемелер және бастапқыда мойындалған кезде пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын деп айқындалған қаржылық міндеттемелер жатады.

Бұл жағдайда

Егер олар таяу арада сату мақсатында сатып алынған болса, қаржылық міндеттемелер саудалауға арналған деп жіктеледі. Бұл санатқа Топ шарт бойынша бір жақ болып табылатын, олар 9 ХҚЕС айқындалғандай хеджирлеу операциясында хеджирлеу құралдары ретінде айқындалмаған туынды қаржы құралдары жатады. Бөлініп көрсетілген ендірілген туынды құралдар, олар тиімді хеджирлеу құралдары ретінде айқындалған жағдайларды қоспағанда, саудаға арналған деп жіктеледі.

Бұл жағдайда

Саудаға арналған міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар пайда мен зияндарда мойындалады.

Бұл жағдайда

Топтың пайда немесе зиян арқылы әділ құны бойынша қайта бағаланатын ретінде бастапқыда мойындалған кезде ол айқындаған қаржы міндеттемелері жоқ.

Бұл жағдайда

Сауда және басқа да кредиторлық берешек

Бұл жағдайда

Сауда кредиторлық берешек бастапқыда әділ құны бойынша көрсетіледі және кейіннен тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады.

Бұл жағдайда

Несиелер мен қарыздар

Бұл жағдайда

Бастапқыда мойындалғаннан кейін пайыздық несиелер мен қарыздар тиімді пайыздық мөлшерлеме әдісін пайдалана отырып амортизацияланған құн бойынша бағаланады. Мұндай қаржылық міндеттемелер бойынша кірістер мен шығыстар, оларды тануды тоқтатқанда, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдалану арқылы амортизацияның есептелуіне қарай жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте танылады.

Бұл жағдайда

Амортизацияланған құн сатып алу кезінде дисконттар немесе сыйақыларды, сондай-ақ тиімді пайыздық мөлшерлеменің ажырамас бөлігі болып табылатын комиссиялық немесе шығындарды ескере отырып есептеледі. Тиімді пайыздық мөлшерлеме амортизациясы қаржылық шығындар құрамына енгізіледі.

Бұл жағдайда

Егер Топ төлемді есепті күннен кейін кем дегенде 12 айға кейінге қалдыруға сөзсіз құқылы болмаса, қарыздар ағымдағы міндеттемелер ретінде жіктеледі. Жіктелетін активті сатып алуға, оның құрылысына немесе өндірісіне тікелей жататын қарыздар бойынша шығындар осындай актив құнының бір бөлігі ретінде капиталдандырылады. Қарыздар бойынша басқа шығындар пайда болу сәтіне кезең шығыстары ретінде танылады.

Бұл жағдайда

Қаржылық кепілдік шарттары

Бұл жағдайда

Топ шығарған қаржы кепілдігі шарттары осы шарт иесі белгілі бір борышкердің борыш құралдары шарттарына сәйкес уақтылы төлеуді жүзеге асыруға қабілетсіздігінің салдарынан шеккен залалдарды өтеу үшін төлем жасауды талап етуші шарттарды білдіреді. Қаржылық кепілдік шарттары ең алдымен кепілдік шығарылымымен тікелей байланысты мәміле бойынша шығындарды ескере отырып әділ құн бойынша міндеттеме ретінде танылады. Кейіннен міндеттеме есепті күнге бар міндеттемені өтеу үшін қажетті шығындарды аса үздік бағалау және жинақталған өтелімді шегерген міндеттемелердің танылған сомасы өлшемдерінің ең көбі бойынша бағаланады.

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемелер

Қаржылық міндеттемелер

ҚАРЖЫЛЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕРДІ ТАНУДЫ ТОҚТАТУ

Қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте қаржылық міндеттеменің танылуы, егер міндеттеме өтелсе, күші жойылса, немесе оның әрекет ету мерзімі аяқталған жағдайда тоқтатылады.

Қаржылық міндеттеме

Егер қолданыстағы қаржылық міндеттеме дәл сол кредитордың алдында едәуір ерекшеленетін талаптарда басқа міндеттемеге ауыстырылса немесе егер қолданыстағы міндеттеменің талаптары едәуір өзгертілсе, мұндай ауыстыру немесе өзгеріс бастапқы міндеттеменің мойындалуын тоқтату ретінде және жаңа міндеттемені мойындаудың басталуы ретінде ескеріледі, ал олардың ағымдағы құнындағы айырмасы пайда мен зияндарда мойындалады.

ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫН ӨЗАРА ЕСЕПКЕ АЛУ

Қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелер өзара есепке алынуы тиіс, ал нетто-сомасы қазіргі сәтте мойындалған сомаларды өзара есепке алуға, сондай-ақ нетто-негізде есеп айырысу ниетіне не болмаса активтерді өткізуге және осымен бірге міндеттемелерді өтеуге заңгерлік құқық болғанда ғана қаржылық жағдай туралы жекелеген есепте ұсынылуы тиіс.

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Үкіметтің алдындағы міндеттемелер бойынша резервтер

Үкімет Топқа демеушілікпен және қаржыландырумен байланысты түрлі міндеттемелерді жүктейді. Топ басшылығы мұндай міндеттемелер конструктивті болып табылады және Үкіметтің шешімдеріне сәйкес танылуы тиіс деп болжап отыр. Үкімет Топтың түпкі акционері болып табылғандықтан, мұндай міндеттемелерді орындаумен байланысты шығыстар «акционерлерге бөлу» ретінде шоғырландырылған қаржылық есептілікте капитал құрамында танылады.

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

Қаржылық міндеттеме

ТАБЫС САЛЫҒЫ

Бір жылғы табыс салығына ағымдағы табыс салығы, үстеме пайда салығы және мерзімі ұзартылған салық кіреді. Ағымдағы және алдыңғы кезеңдер үшін ағымдағы табыс салығы бойынша активтер мен міндеттемелер салық органдарына өтелетін немесе төлеуге жататын сома бойынша бағаланады. Осы соманы есептеу үшін қолданылатын салық мөлшерлемелері мен салық заңнамасы, – есепті күнге қабылданған немесе нақты қабылданған мөлшерлемелер мен заңдар. Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты ағымдағы корпоративтік табыс салығы («КТС») жиынтық кіріс туралы есепте емес, капиталдың құрамында танылады.

Табыс салығының схемасы

Үстеме пайда салығы (бұдан әрі «ҮПС») табыс салығы ретінде қарастырылады және табыс салығы бойынша шығыстардың бір бөлігін құрады. Қолданыстағы салық заңнамасына сәйкес Топ жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты ҮПС-ты жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір бөлек келісімшарт бойынша жиынтық жылдық кірістің бір жылғы аударымдарға ара қатынасының негізінде құбылмалы мөлшерлемелер бойынша есептейді және төлейді. ҮПС-ты қолдануды көздейтін жиынтық жылдық кірістің әрбір салық жылындағы аударымдарға ара қатынасы 1,25:1 құрайды. ҮСП мөлшерлемелері әрбір келісімшартқа қатысты аударымдардың 25% артық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты салықтық таза кірістің (КТС пен рұқсат етілген баға белгілеулер есептен шығарылғаннан кейін салық салынатын кіріс) бір бөлігі қолданылады.

Мерзімі ұзартылған салық корпоративтік табыс салығы үшін, сол сияқты үстеме пайда салығы үшін есептеледі. Үстеме пайдаға салынатын мерзімі ұзартылған салық келісімшарт бойынша төленуге жататын үстеме пайда салығының күтілетін мөлшерлемесі бойынша жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттарға жатқызылған активтер үшін уақыт айырмалары бойынша есептеледі.

Мерзімі кейінге қалдырылған салық есепті күнге активтердің салық базасы мен міндеттемелер және олардың қаржылық есептілігі үшін ағымдағы құны арасындағы уақыт айырмасын анықтау арқылы міндеттемелер әдісімен айқындалады. Мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері мына жағдайлардан басқа, барлық салық салынатын уақыт айырмалары бойынша мойындалады:

- Мерзімі ұзартылған салықтық міндеттеме гудвилді не болмаса бизнесті біріктіру болып табылмайтын және оның жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін операция бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындайды.
- Еншілес компанияларға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлестерімен инвестицияларға байланысты салық салынатын уақыт айырмаларына қатысты, егер уақыт айырмаларын қалпына келтіру уақытын бақылау мүмкін болса және уақыт айырмасы таяу болашақта азаймайтындығына елеулі мүмкіндік бар болса.

Мұнай өндірісінң схемасы

Мерзімі ұзартылған салық активтері, мына жағдайлардан басқа, соған қарсы есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері мен пайдаланылмаған салық шығындары есепке алынуы мүмкін салық салынатын пайда болады деген едәуір ықтималдылық болатын дәрежеде барлық есептен шығарылатын уақыт айырмалары, пайдаланылмаған салық жеңілдіктері және пайдаланылмаған салық шығындары бойынша мойындалады:

- Есептен шығарылатын уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері бизнесті біріктіру болып табылмайтын және операцияны жасау сәтіне бухгалтерлік пайдаға да, сол сияқты салық салынатын пайдаға немесе шығынға әсер етпейтін мәміле бойынша активті немесе міндеттемені бастапқыда мойындаудың нәтижесінде туындағанда;
- Еншілес ұйымдарға, қауымдасқан компанияларға, сондай-ақ бірлескен қызметке қатысу үлесімен инвестицияларға байланысты шегерілетін уақыт айырмаларына қатысты мерзімі ұзартылған салық активтері таяу болашақта уақыт айырмашылықтары пайдаланылуы және соған қарсы уақыт айырмаларын пайдалануға болатындай жеткілікті салық салынатын пайда болуы мүмкін екендігі елеулі бар дәреже ғана танылады.

Мұнай өндірісінң схемасы

Мерзімі ұзартылған салық активтерінің ағымдағы құны әрбір есепті күнге қайта қаралады және егер кейінгі қалдырылған салық активтерінің барлығын немесе бір бөлігін пайдалануға мүмкіндік беретін жеткілікті салық салынатын табысқа қол жеткізу шамалы деп бағаланатын дәрежеде азаяды. Танылмаған кейінге қалдырылған салық активтері әрбір есепті күнге қайта қаралады және келешек салық салынатын пайда кейінге қалдырылған салық активтерін пайдалануға мүмкіндік беруі елеулі мүмкіндігі пайда болатын дәрежеде танылады.

Мұнай өндірісінң схемасы

Мерзімі ұзартылған салық активтері мен міндеттемелер есепті күнге қолданысқа енгізілген немесе есепті күнгі жағдай бойынша күшіне енген немесе нақты күшіне енген салық мөлшерлемелерінің (және салық заңнамасының) негізінде міндеттемелер өтеліп, актив өткізілгенде есепті жылда қолданады деп болжанып отырған салық мөлшерлемелері бойынша бағаланады.

Мұнай өндірісінң схемасы

Тікелей капиталда мойындалған баптарға қатысты мерзімі ұзартылған салық жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте емес, капиталдың құрамында танылады.

Мұнай өндірісінң схемасы

Мерзімі ұзартылған салық активтері және мерзімі ұзартылған салық міндеттемелері егер ағымдағы салық активтері ағымдағы салық міндеттемелеріне қарсы есепке алудың заңда бекітілген құқығы бар болса және кейінге қалдырылған салықтар сол бір салық салынатын компанияға және салық органына жататын болса, бір-біріне қарама-қарсы есепке алынады.

Мұнай өндірісінң схемасы

Мерзімі ұзартылған салық активтері бойынша активтер салық салынатын уақытша айырмалар мен осындай шығыстардың коммерциялық сипатының негізделетіндігі мүмкіндігі бар дәрежеде барлық резервтер мен ауыстырылған салық шығындары бойынша танылады. Басшылықтың елеулі пайымдаулары жоспарланатын деңгей мен кірістілік уақытының негізінде, сондай-ақ салықтық жоспарлау стратегиясының табысты қолданылуының негізінде танылуы мүмкін кейінге қалдырылған салық жөніндегі активтерді бағалау үшін талап етіледі.

КАПИТАЛ

Бақыланбайтын қатысу үлесі

Бақыланбайтын қатысу үлесі

Бақыланбайтын қатысу үлестері Компанияның Акционеріне жататын капиталдан бөлек меншікті капиталдың құрамында қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте көрсетілген. Еншілес ұйымның шығындары тіпті егер бұл теріс сальдоға әкеп соқтырған жағдайда да Топ акционерлеріне және бақыланбайтын қатысу үлесіне жатады.

Дивидендтер

Дивидендтер

Дивидендтер

Дивидендтер есепті мерзімге дейін жарияланған жағдайда ғана міндеттемелер ретінде танылады және есепті мерзімдегі капитал сомасынан шегеріледі. Дивидендтер туралы ақпарат, егер олар есепті күнге дейін ұсынылса, сондай-ақ есепті күннен кейін, бірақ шығаруға шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіткен күнге дейін ұсынылса немесе жарияланса, есептілікте ашып көрсетіледі.

Акционерлерге өзге де бөлу

Акционерлерге өзге де бөлу

Акционерлерге өзге де бөлу

Акционерлерге өзге де бөлу

Акционерлерге өзге де бөлу

Топ ҚР Президентінің Тапсырмасы бойынша Үкіметтің Қаулыларына немесе Самұрық-Қазынаның шешімдеріне немесе нұсқаулықтарына сәйкес шеккен шығындар капитал арқылы бөлулер ретінде ескеріледі. Мұндай шығындарға Топтың про-фильді емес қызметіне (әлеуметтік нысандарды салу) байланысты және Акционерлерге беруге арналған шығыстар кіреді.

Мұнай өндірісінң схемасы

ЕСЕПТІ КҮННЕН KEЙІНГІ ОҚИҒАЛАР

Есепті жыл аяқталғаннан кейін орын алған және қаржылық жағдай туралы есепті дайындау күніне болған шарттардың дәлелдерін білдіретін оқиғалар (түзетуші оқиғалар) шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетіледі. Есепті жыл аяқталғанда болған және түзетуші оқиғалар болып табылмайтын оқиғалар, егер олар елеулі болып табылса, шоғырландырылған қаржылық есептілік нысандарына ескертпелерде ашылып көрсетіледі.

4. МАҢЫЗДЫ ЕСЕПТІК БАҒАЛАУЛАР МЕН ПАЙЫМДАУЛАР

Топтың шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау оның басшылығынан есептілікте көрсетілетін түсімдер, шығыстар сомасына, активтерге және міндеттемелерге, сондай-ақ есепті күнге шартты міндеттемелер туралы ақпаратты ашуға әсер ететін бағалау мәндерін және болжауларды пайымдау мен анықтау енгізуді талап етеді. Алайда осы болжаулар мен бағалау мәндеріне қатысты айқынсыздық келешекте осындай болжаулар мен бағалау қолданылатын активтер мен міндеттемелердің ағымдағы құнын елеулі түзетуді талап етуі мүмкін.

Мұнай өндірісінң схемасы

Мұнай өндірісінң схемасы

МҰНАЙ МЕН ГАЗДЫҢ ҚОРЛАРЫ

Мұнай өндірісінң схемасы

Мұнай мен газдың қорларын бағалау тозу, ескіру және амортизация бойынша Топтың есеп айырысуында маңызды фактор болып табылады. Топ Қоғамның мұнай-газ инженерлерінің әдістемесіне сәйкес өзінің мұнай мен газ қорларын бағалайды. Мұнай-газ инженерлері қоғамының әдістемесі бойынша қорларды бағалау кезінде Топ ұзақ мерзімді жоспарлы бағаларды пайдаланады. Дәлелденген қорларды бағалау үшін жоспарлы бағаларды пайдалану жыл соңына спот бағаларды пайдалануға тән тұрақсыздықтың ықпалын жояды. Басшылық ұзақ мерзімді жоспарлы бағалар бойынша жорамалдар өндіру қызметінің ұзақ мерзімді сипатына көбірек сәйкес келеді және мұнай мен газдың қорларын бағалау үшін барынша лайықты негізді білдіреді деп есептейді.

Мұнай өндірісінң схемасы

Қорлардың барлық бағалаулары кейбір белгісіздік дәрежесін білдіреді. Белгісіздік негізінен мұндай деректерді бағалау және түсіндіру сәтіне қолжетімді болатын геологиялық және инженерлік деректердің көлеміне тәуелді болады.

Мұнай өндірісінң схемасы

Салыстырмалы түрдегі белгісіздік деңгейі қорларды екі негізгі санаттың біріне: дәлелденген немесе дәлелденбеген қорларға жатқызу арқылы көрсетілуі мүмкін. Дәлелденген қорларды өндіруде дәлелденбеген қорлармен салыстырғанда үлкен

айқындылық бар және дәлелденген қорлар оларды өндіру мүмкіндігіне қатысты белгісіздіктің прогрессивті өсуін белгілеу үшін әзірленген және әзірленбеген қорларға бөлінуі мүмкін.

Жыл сайын бағалаулар талданып, түзетіліп отырады. Түзетулер қолдағы геологиялық деректерді, өндіру туралы өнеркәсіптік параметрлерді немесе деректерді бағалау немесе қайта бағалау; жаңа деректердің; немесе бағалар бойынша жорамалдардағы өзгерістердің салдарынан туындайды. Қорларды бағалау сондай-ақ кері әрекетті арттыру үшін жобалардың қолданылуы, пласт өнімділігіндегі өзгерістердің немесе әзірлеу стратегиясындағы өзгерістердің салдарынан қайта қаралуы мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлар тозуды, тауысылуды және амортизацияны есептеу үшін орындалған жұмыс көлеміне тепетең етіп амортизация мөлшерлемелерін есептеу үшін пайдаланылады. Топ бастапқы лицензиялық кезең ішінде өндірілетін болады деп күтілетін ретінде осындай көлемді ғана дәлелденген қорларға қосты. Бұл ұзарту бойынша рәсім нәтижесіне жатқызылатын айқындылықтың болмауынан пайда болды, өйткені лицензияларды ұзарту ең соңында Үкіметтің қарауы бойынша жүзеге асырылады. Топтың лицензиялық кезеңдерін ұзарту және қорлардың көрсетілген қорларын тиісінше ұлғайту, әдетте, тозу бойынша неғұрлым төменгі шығысқа әкеледі және кірістерге біршама әсер етуі мүмкін. Дәлелденген әзірленген қорлардың кемуі тозуға, тауысылуға және амортизацияға арналған ақша аударымдарының ұлғаюына (тұрақты өндіру деңгейінде), кірістің азаюына әкеліп соқтырады және сондай-ақ мүліктің ағымдағы құнының тікелей азаюына әкеліп соқтыра алады. Салыстырмалы түрде пайдаланылатын кен орындарының саны болған кезде өткен жылмен салыстырғанда қорларды бағалауға кез келген өзгерістер тозуға, ескіруге және амортизацияға аударымдарға біршама әсер етуі мүмкіндігі болады.

МҰНАЙ-ГАЗ АКТИВТЕРІНІҢ, МҰНАЙДЫ ҚАЙТА ӨНДЕЙТІН ЖӘНЕ БАСҚА АКТИВТЕРДІҢ ӨТЕЛЕТІНДІГІ

Топ активтерді немесе ақша қаражатын жасайтын активтер тобын («жасайтын бірлік») оқиға немесе жағдаяттардағы өзгерістер олардың құны өтелмейтіндігін куәландырған жағдайларда индикаторлардың болуын айқындау үшін бағалайды. Егер мұндай индикатор бар болып шықса, өткізу шығыстарын және пайдалану құнын шегере отырып әділ құнынан барынша жоғары мән ретінде қарастырылатын өтелетін құнның лайықты бағалануы жүргізіледі. Бұл есептемелер мұнайдың ұзақ мерзімді бағасы, дисконт мөлшерлемелері, болашақтағы капитал қажеттілігі, тәуекел мен белгісіздікке ұшыраған операциялық қызмет (бұл өндіру және сату көлемдерін қамтиды) сияқты бағалаулар мен жол берулерді пайдалануды қамтиды. Егер активтің немесе активтер тобының баланстық құны олардың өтелетін құнынан асатын болса, актив немесе активтер тобы құнсызданған болып есептеледі, олардың баланстық құны өтелетін құнға дейін азаяды.

ӨТЕЛЕТІН ҚҰН

Өтелетін құнды бағалау кезінде келешекте күтілетін ақша ағындары активтер тобына тән болатын тәуекелдерге түзетіледі және ақшаның уақытша құнының ағымдағы нарықтық бағалауын және активке тән тәуекелдерді көрсететін дисконттау мөлшерлемесі бойынша келтірілген құнға дейін дисконтталады. Әділ құн активті және/немесе әкелуші бірлікті нарықтық талаптарда мәлім және мұндай мәмілені жасауға дайын тараптардың арасында сатудан түсуі мүмкін сома ретінде айқындалады және компанияға тән болуы мүмкін және жалпы қолданылмайтын факторлардың әсерін ескермейді.

ҚҰНСЫЗДАНУ

2019, 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топ құнсыздану белгілерінің болуы салдарынан мұнай-газ активтерінің, мұнай өңдеуші және басқа да активтердің құнсыздануына жыл сайынғы тесттерді өткізді. Топ құнсыздану белгілерін қарастыру кезінде басқа факторлармен қатар мұнай өңдейтін зауыттардың болжамды маржасын және өндіріс көлемдерін ескерді. Мұнай-газ активтерінің, мұнай өңдеуші және басқа да активтердің құнсыздануына өтелетін құнның құнсыздануын жасалған талдаудың нәтижесінде 2019 және 2018 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған жылдардағы шоғырландырылған қаржылық есептілікте танылды (13-ескертпе).

ҚОРЛАРДЫ БАҒАЛАУ

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың «Павлодар мұнай химия зауыты» ЖШС (ПМХЗ) 88 553 миллион теңге сомаға сатып алумен байланысты елеулі гудвилі бар.

ҚҰНСЫЗДАНУ ИНДИКАТОРЛАРЫ

2019, 2018 және 2017 жылдардың желтоқсанында Топ ПМХЗ сатып алумен байланысты гудвилді жыл сайынғы тестілеуді өткізді. Құнсыздану индикаторларын талдау кезінде Топ шикі мұнайды қайта өңдеу көлемдерінің болжамын, мұнайды қайта өңдеу тарифтерін, күрделі шығындарды және басқа да факторларды ескерді.

ПМӨЗ өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептеді. 2019 жылы 9,7% (2018: 9,7%, 2017: 13,25%) дисконттау мөлшерлемесі салықтар ұсталғанға дейін капиталдың орташа алынған құнының негізінде есептелді. Капиталдың орташа алынған құны қарызға алынған қаражатты, сол сияқты меншікті капиталды да ескереді. Меншікті капиталдың құны инвестициялардан болатын түсімнен болады. Қарыз капиталының құны пайыздық қарыздарға негізделген. Ажырамайтын тәуекел жеке бета-факторды қолдану арқылы қосылды. Бета-фактор ортақ қолжетімді нарықтық деректердің негізінде бағаланды. 2028 жылға дейінгі болжамды ақша ағындары басшылықтың ықтимал операциялық және күрделі шығындар бойынша ағымдағы бағалауын болжайтын, ПМХЗ-дың 2020-2024 жылға дейінгі бес жылдық бизнес-жоспарына негізделген. Бұл ақша ағындарының едәуір бөлігі 2024 жылдан кейін бағалау күніне басқарудың ең үздік бағалауына негізделген күрделі шығындарды шегере отырып, 2019 жылғы 5,49% (2018: 3,53%, 2017: 3,89%) инфляцияның күтілетін деңгейін қолдану арқылы болжанды.

2019, 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына пайдалану құндылығының негізінде есептелген гудвилдің өтелетін құны оның баланстық құнынан көп болды, тиісінше, ПМХЗ гудвилінің құнсыздануы танылмады.

БОЛЖАМДАРДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕРГЕ СЕЗІМТАЛДЫҚ

ПМХЗ өтелетін құнын бағалау нәтижелері негізгі жорамалдарды, атап айтқанда, дисконттау мөлшерлемесін өзгертумен, сондай-ақ терминалдық кезеңде жоспарланған EBITDA мәндерін өзгертумен байланысты жол берулерді өзгертуге сезімтал болып табылады. Дисконттау мөлшерлемесінің 9,7-дан 10,7%-ға дейін 1,0%-ға артуы және EBITDA жоспарланған мәнінің терминалды кезеңде 35%-дан 36%-ға дейін 1%-ға төмендеуі ПМХЗ жасайтын бірліктің өтелетін құнының азаюына әкеп соқтырмайды.

АКТИВТЕРДІҢ ШЫҒУЫ БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

МҰНАЙ-ГАЗ АКТИВТЕРІ

Белгілі бір келісім-шарттардың талаптары бойынша заңнамаға және нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес Топтың негізгі құралдарды демонтаждау және жою және кез келген кен орындарындағы жер учаскелерін қалпына келтіру бойынша заңды міндеттемелері болады. Атап айтқанда, Топтың міндеттемелеріне барлық өндірістік емес ұңғымаларды біртіндеп жабу және құбырларды, ғимараттарды демонтаждау және келісімшарттық аумақты рекультивациялау сияқты қызметті түпкілікті тоқтату, сондай-ақ әрбір өндірістік учаскеде қоршаған ортаны ластау бойынша пайдаланудан шығару әрекеттері жатады.

Лицензияның қолданылу мерзімі Топтың қарауы бойынша ұзартылмайтындықтан, түпкілікті жабу бойынша кен орнындағы міндеттемелерді өтеудің есеп мерзімі әрбір лицензиялық кезең аяқталған күн болып табылады. Егер активтерді жою бойынша міндеттемелер кен орындарын экономикалық жағынан негіздеделі түрде пайдалануды аяқтау өткенде өтелуі қажет болса, онда көрсетілген міндеттеме ұңғымаларды жою бойынша барлық шығыстарды және жабу бойынша соңғы шығыстарды қосу салдарынан едәуір өсуші еді. Ұңғымаларды жоюды қаржыландыру бойынша Топтың міндеттемелерінің және түпкілікті жабу бойынша шығыстардың көлемі тиісті келісім-шарттардың және қолданыстағы заңнаманың талаптарына байланысты.

Міндеттемелер лицензиялық кезең соңында түпкілікті жою және түпкілікті жабу бойынша мұндай шығыстарды қаржыландыру бойынша келісім-шарт та, заңнама да белгілі бір міндеттемені түсіндірмеген сол жағдайларда танылмайды. Мұндай шешімді қабылдау кейбір айқындылықтың болмауымен және біршама байымдаулармен түсіндіріледі. Басшылықтың мұндай міндеттемелердің болуына немесе болмауына қатысты бағасы Үкіметтің саясаты мен тәжірибесіндегі немесе жергілікті салалық тәжірибеге өзгерістермен бірге өзгеруі мүмкін.

Топ активтердің істен шығуы бойынша міндеттемелерді әрбір келісім-шарт бойынша бөлек есептейді. Міндеттемелердің сомасы инфляцияның күтілетін деңгейіне түзетілген және қазақстандық нарыққа тән тәуекелдерге түзетілген өтпелі экономикамен елдің мемлекеттік борышы бойынша орташа ұзақ мерзімді тәуекелсіз пайыздық мөлшерлемені пайдалана отырып дисконтталған міндеттемелерді өтеу үшін күтілетін, талап етілетін ретіндегі бағаланған шығындардың ағымдағы құны болып табылады.

Активтердің істен шығуы бойынша міндеттеме әрбір есепті күнге қайта қаралады және «Негізгі құралдардың объектісін пайдаланудан шығару, олар орналасқан учаскедегі табиғи ресурстарды қалпына келтіру бойынша міндеттемелерге және өзге де осыған ұқсас міндеттемелерге өзгерістер» 1 КИМСФО түсіндірмеге сәйкес ең үздік бағаны көрсету үшін түзетіледі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Активтерді жабуға және есептен шығаруға болашақтағы шығындарды бағалау кезінде мәнді бағалар мен басшылық жасаған пайымдаулар пайдаланылды. Бұл міндеттемелердің көпшілігі алыс болашаққа жатқызылады және заңнама талаптарын-дағы түсініксіздіктен басқа, Топтың бағасына активтерді жою технологиясындағы, шығындардағы және салалық тәжірибедегі өзгерістер әсер етуі мүмкін. Активтерді түпкілікті жабуға және есептен шығаруға арналған шығындарға жатқызылатын айқын-дықтың болмауы күтілетін ақша ағындарын дисконттаудың әсер етуі есебінен кемітіледі. Топ ағымдағы жылдың бағасын және ұзақ мерзімді инфляция деңгейінің орташа мәнін пайдалана отырып, ұңғымаларды болашақ жою құнын бағалайды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Ұзақ мерзімді инфляция және Топ кәсіпорындары бойынша қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есепте міндетте-мелерді айқындау үшін пайдаланылған дисконттау мөлшерлемелері 2019 жылғы 31 желтоқсанда 2,01%-дан 5,49% дейін және 4,43%-дан 8,95% дейін болды, тиісінше (2018 жылы 2,02%-дан 5,96% дейін 5,5%-дан 10,00% дейін, тиісінше, 2017 жылы 2,01%-дан 5,57% дейін және 5,17%-дан 10,00% дейін). 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнай-газ активтерін жою міндеттемесіне резервтің баланстық құны 54 165 миллион теңгені құрады (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 36 288 миллион теңге, 2017 жылғы 31 желтоқсанға: 35 406 миллион теңге) (26-ескертпе).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Магистральды мұнай құбырлары мен газ құбырлары

2012 жылғы 4 шілдеде күшіне енген «Магистральды құбыр туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес, Топтың екі еншілес ұйымы «ҚазТрансОйл» АҚ мен «ҚазТрансГаз» АҚ-ның еншілес ұйымы болып табылатын «Интергаз Орталық Азия» АҚ пайдалануды аяқтағаннан кейін магистральды құбырды жою және кейіннен қоршаған ортаны қалпына келтіру, соның ішінде жерді қайта өңдеу бойынша шаралар жүргізу бойынша заңды міндеттемесі бар. Мұнай құбырларын жою және топырақ құнар-лығын қалпына келтіру бойынша міндеттеменің резерві Топ есептеген демонтаждау және топырақ құнарлығын қалпына кел-тіру жұмыстарының құны негізінде бағаланады. 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың құбырларды жою және жер құнарлылығын қалпына келтіру бойынша міндеттемеге резервтің баланстық құнын 100 229 миллион теңге құрады (2018 жылғы 31 желтоқсанға: 79 948 миллион теңге, 2017 жылғы 31 желтоқсанға: 65 140 миллион теңге) (26-ескертпе).

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ОҒАЛТУ

Топ бағалау да жасайды және экологиялық тазарту жұмыстары мен оңалтуға міндеттемелер бойынша резервтер қалып-тастыру бойынша пайымдау шығарады. Қоршаған ортаны қорғауға шығындар капиталдандырылады немесе олардың болашақ экономикалық пайдасына қарай шығыстарға жатқызылады. Өткен қызметте пайда болған қазіргі жағдайға жатқы-зылатын және болашақ экономикалық пайдасы жоқ шығындар шығыстарға жатқызылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Міндеттемелер шығындар туралы ағымдағы ақпарат және қалпына келтіру жөніндегі күтілетін жоспарлар негізінде анықта-лады және егер рәсімдер мерзімі тиісті органдармен келісілмесе, дисконтталған негізде ескеріледі. Топтың экологиялық оңалту резерві Топ қолданыстағы қазақстандық және еуропалық нормативтік базалардың талаптарын сақтауға қажетті күтілетін шығындарды тәуелсіз бағалауға негізделген басшылықтың үздік бағасын білдіреді. Топ бұл міндеттемені, 2019 жылдың жылдық бюджетін қосылған шығындар бөлігін қоспағанда, ұзақ мерзімді ретінде жіктеді. Экологиялық оңалту жөніндегі резервтерге қатысты іс жүзіндегі шығындар заңнамадағы және нормативтік-құқықтық актілердегі өзгерістер сал-дарынан бағалардан, қоғамдық күтулерден, тазарту технологияларындағы аумақтық жағдайлар мен өзгерістерді анықтау мен талдаудан ерекшеленуі мүмкін. Экологиялық оңалтудағы міндеттемелер бойынша резервтегі өзгерістер 26-ескертпеде ашылып көрсетілген.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ СЫАҚЫ

Зейнеткерлікке шыққанға дейін және одан кейін қызметкерлерге сыйақылар бойынша ұзақ мерзімді міндеттемелердің құны және келтірілген міндеттемелер құны актуарлық әдіс қолданылып белгіленеді. Актуарлық әдіс келешекте нақты нәти-желерден айырмашылығы болуы мүмкін түрлі болжамдарды қолдануды білдіреді. Актуарлық әдіс шегеру мөлшерлемелері, келешекте жалақының өсімі, өлім-жітім деңгейі және келешекте қызметкерлерге сыйақылар өсімі туралы болжамдарды қамтиды.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Негізгі болжамдарды бағалаудың күрделілігіне және жұмыскерлердің еңбек қызметін аяқтауы бойынша олардың сыйақы-лары бойынша міндеттемелердің ұзақ мерзімді сипатына орай мұндай міндеттемелер осындай болжамдардың өзгері-стеріне аса сезімтал келеді. Барлық болжамдар әрбір есепті күнге қайта қаралады.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев

2007 жылғы 1 қаңтарда күшіне енген салық заңнамасындағы 2006 жылғы өзгерістерге сәйкес Қазақстандық салық төлеушілерден алынған дивидендтерге төлем көзінен салық ұсталмайды. Салық заңнамасындағы бұл өзгерістерді ұстана отырып, Топ 2006 жылы Қазақстан Республикасында тіркелген, өткен жылдары танылған еншілес ұйымдардан, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан компаниялардан бөлінбеген пайдаға мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелерді түзетті. Дегенмен, 2007-2018 жылдардың ішінде Топ төлем көзінен ұсталатын салықты шегере отырып «Теңізшевройл» ЖШС-тен (Топтың 20% бірлескен кәсіпорны, қазақстандық салық төлеуші) дивидендтер алды, өйткені төлем көзінен ұсталатын салықтың күшін жою «Теңізшевройл» ЖШС-тің тұрақты салық режиміне таралатындығында белгісіздік бар. Топ төлем көзінен ұсталатын салықтың ұсталуын даулап көрді, бірақ «Теңізшевройл» ЖШС-ін және салық органдарын салық ұсталмауы тиіс екендігінде көз жеткізе алмады. Тиісінше, Топ басшылығы төлем көзінен ұсталатын салық бойынша мерзімі ұзартылған міндеттемені «Теңізшевройл» ЖШС-тің бөлінбеген пайдасына мойындау шешімін қабылдады, өйткені бұл Топ келешекте төлем көзінен ұсталатын салықты шегере отырып дивидендтерді алатындығының ең жақсы бағалауы болып табылады.

Табыс салығы бойынша шығыстарға табыс салығының нормативтік мөлшерлемесі бойынша (2017 - 2019 жж. 20%) салық салғанға дейінгі бухгалтерлік пайдадан есептелген табыс салығы бойынша шығыстарды салыстырып тексеру 31 желтоқсанда аяқталған жыл ішінде мынадай үлгіде берілген:

Миллион теңгемен	2019	2018	2017
Жалғасып отырған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда	1 384 631	969 318	719 399
Тоқтатылған қызметтен болған табыс салығын есепке алғанға дейінгі пайда	6	3 493	(3 405)
Табыс салығының мөлшерлемесі	20 %	20 %	20 %
Бухгалтерлік пайда бойынша табыс салығының шығыстары	276 927	194 562	143 199
Қауымдасқан және бірлескен кәсіпорындардың пайдасындағы үлес	(103 138)	(73 593)	(39 493)
Есептен шығарылмайтын басқа да салық салынбайтын кірістер мен шығыстар	36 913	61 618	41 106
Үстеме пайда салығы	6 387	(8 978)	3 861
Корпоративтік табыс салығының түрлі мөлшерлемелерінің әсері	13 047	13 149	3 234
Мерзімі ұзартылған салық бойынша мойындалмаған активтердегі өзгерістер	(3 956)	92 542	38 640
	226 180	279 300	190 547
Жалғасып отырған қызметке жатқызылған табыс салығы бойынша шығыстар	226 180	279 260	190 285
Тоқтатылған қызметке жатқызылған табыс салығы бойынша шығыстар	—	40	262
	226 180	279 300	190 547

Есепті күндерге шоғырландырылған қаржылық есептілікте көрсетілген активтерді және міндеттемелер мен сомаларды есептеу үшін негіздеме аралығындағы уақытша айырмаларға қолданылатын заңмен белгіленген салық мөлшерлемесін қолдану арқылы есептелген мерзімі ұзартылған салық сальдосы 31 желтоқсанға келесіні қамтиды:

Миллион теңгемен	2019				2018				2017			
	Корпора-тивтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	Корпора-тивтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	Корпора-тивтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны
Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер												
Негізгі құралдар	34 880	—	—	34 880	36 803	(1 916)	—	34 887	53 100	(2 214)	—	50 886
Кейінге шегерілген салық шығындары	556 446	—	—	556 446	574 356	—	—	574 356	462 368	—	—	462 368
Қызметкерлерге қатысты есептелген міндеттемелер	5 182	82	—	5 264	6 732	—	—	6 732	7 017	233	—	7 250
Қаржы активтерінің құнсыздануы	11	—	—	11	8	—	—	8	4	—	—	4
Қоршаған ортаны ластағаны үшін міндеттеме	4 572	256	—	4 828	4 445	—	—	4 445	4 249	217	—	4 466
Басқа	51 985	3 893	—	55 878	51 583	—	—	51 583	40 470	1 345	—	41 815
Минусы: мерзімі ұзартылған салық бойынша танылмаған активтер	(532 114)	—	—	(532 114)	(536 070)	—	—	(536 070)	(443 528)	—	—	(443 528)
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелерімен бірге есептелген кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(50 721)	(758)	—	(51 479)	(38 060)	—	—	(38 060)	(24 580)	—	—	(24 580)
Мерзімі ұзартылған салық бойынша активтер	70 241	3 473	—	73 714	99 797	(1 916)	—	97 881	99 100	(419)	—	98 681
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер												
Негізгі құралдар	191 989	7 608	—	199 597	208 108	6 365	—	214 473	153 438	15 712	—	169 150
Бірлескен кәсіпорынның бөлінбеген пайдасы	—	—	356 581	356 581	—	—	295 580	295 580	—	—	202 963	202 963
Басқасы	4 763	—	—	4 763	7 605	—	—	7 605	33 205	—	—	33 205
Минусы: кейінге қалдырылған салық бойынша міндеттемелерімен бірге есептелген кейінге қалдырылған салық бойынша активтер	(50 721)	(758)	—	(51 479)	(38 060)	—	—	(38 060)	(24 580)	—	—	(24 580)
Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелер	146 031	6 850	356 581	509 462	177 653	6 365	295 580	479 598	162 063	15 712	202 963	380 738
Кейінге қалдырылған салық бойынша таза міндеттемелер	75 790	3 377	356 581	435 748	77 856	8 281	295 580	381 717	62 963	16 131	202 963	282 057

Мерзімі ұзартылған салық бойынша міндеттемелердегі / (активтердегі) өзгерістер былайша берілген:

Миллион теңгемен	2019				2018				2017			
	Корпора-тивтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	Корпора-тивтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны	Корпора-тивтік табыс салығы	Үстеме пайда салығы	Төлем көзінен ұсталатын салық	Жиыны
1 қаңтарға кейінге қалдырылған міндеттеме сальдосы, нетто	77 856	8 281	295 580	381 717	62 963	16 131	202 963	282 057	40 547	17 407	173 127	231 081
Есептілік валютасын қайта есептеу	1 112	—	(1 240)	(128)	4 714	—	—	4 714	(120)	(1)	1	(120)
Пайда немесе залал құрамында көрсетілді	(1 999)	(4 904)	62 241	55 338	10 093	(7 850)	92 617	94 860	22 394	(1 275)	29 835	50 954
Басқа жиынтық кірістің құрамында көрсетілді	(1 179)	—	—	(1 179)	86	—	—	86	142	—	—	142
31 желтоқсанға кейінге қалдырылған міндеттеме сальдосы	75 790	3 377	356 581	435 748	77 856	8 281	295 580	381 717	62 963	16 131	202 963	282 057

Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы мен үстеме пайдаға салынатын салық жер қойнауын пайдалануға арналған әрбір келісімшартқа қатысты айқындалады. Мерзімі ұзартылған табыс салығы жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың көлеміне кірмейтін қызмет түрлері үшін айқындалады. Болашақта салық салу табыстың болу мүмкіндігі бар дәрежеде ғана және оған қарасты қолданылатын мерзімі ұзартылған салық активі құпталады. Мерзімі ұзартылған салық активтерінің азаюы мүмкін, егер олармен байланысты салық жеңілдіктері жүзеге асырылса. 2019 жылғы 31 желтоқсанға танылмаған мерзімі ұзартылған салық активтері негізінен 532 114 миллион теңге (2018 жылы: 536 070 миллион теңге, 2017 жылы: 443 528 миллион теңге) сомасындағы ауыстырылған салық залалдарына жатады.

2019, 2018 және 2017 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасындағы ауыстырылған салық залалдары салық салу мақсаттары үшін туындаған сәттен бастап он жылдың ішінде өтеді.

31. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАР ТУРАЛЫ АҚПАРАТТЫ АШУ

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН ОПЕРАЦИЯЛАРДЫҢ ШАРТТАРЫ

Байланысты тараптармен мәмілелер байланысты және үшінші тараптар үшін ұсынылатын тарифтердің негізінде ұсынылған кейбір реттелетін қызметтерді қоспағанда, нарық ставкаларына міндетті түрде сәйкес келмейтін тараптардың арасында келісілген талаптарда жүзеге асырылды. Жыл соңына өтелмеген қалдықтар негізінен қамтамасыз етілмеген және пайызсыз болып табылады, ал есеп айырысулар, төменде көрсетілген деректерді қоспағанда, қолма-қол ақшамен жасалады. Топ байланысты тараптардан болған берешек бойынша күтілетін несие залалдарының резервтерін мойындайды.

ЕСЕП АЙЫРЫСУЛАР БОЙЫНША ҚАЛДЫҚТАР

Мына кесте байланысты тараптармен 2019, 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша жасалған мәмілелердің жалпы сомасын көрсетеді:

Миллион теңгемен		Байланысты тараптардың берешегі	Байланысты тараптардың берешегі	Байланысты тараптардың ақшасы мен шоттарындағы депозиттер	Байланысты тараптарға берілген қарыздар бойынша берешек
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	2019	327 597	6 168	—	52 843
	2018	268 396	3 656	52	—
	2017	289 084	1 703	54	—
Қауымдасқан компаниялар	2019	56 331	3 814	—	—
	2018	116 670	2 089	—	—
	2017	154 954	3 748	—	—
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	2019	6 381	712	192 548	269 335
	2018	157	8 813	—	455 540
	2017	—	8 753	2 676	489 949
Бірлескен кәсіпорындар	2019	519 351	217 027	—	—
	2018	508 260	174 042	—	—
	2017	556 564	194 182	—	—

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРДЫҢ БЕРЕШЕГІ

Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Самұрық-Қазына ұйымдарының берешегі негізінен Самұрық-Қазына 307 568 миллион теңге сомаға көрсеткен қаржылай көмекпен және 16 241 миллион теңгеге (2018 жыл: 244 878 миллион теңге және 15 315 миллион теңге, 2017 жыл: 259 835 миллион теңге және 18 342 миллион теңге) облигациялармен білдірілген (24-ескертпе).

Қауымдасқан компаниялар

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша қауымдасқан компаниялардың берешегі негізінен “Казахстан Пайплайн Венчурс»-тен (KPV) 8 691 миллион теңге мөлшерінде (2018 жыл: 20 682 миллион теңге, 2017 жыл: 27 402 миллион теңге) КҚК қарызымен және 38 670 миллион теңге сомаға (2018 жыл: 89 018 миллион теңге, 2017 жыл: 121 510 миллион теңге) «Қазақстандық Вексельмен» білдірілген. «Қазақстандық Вексель» — бұл КҚК Үкіметке 1997 жылғы 16 мамырда КҚК берілген қазақстандық мұнай құбырларының активтеріне айырбас ретінде берген тәртіптелген борыш. 2015 жылы Үкімет Компанияның жарғылық капиталына «Қазақстандық Вексель» бойынша төлем жасауды талап ету құқығын енгізді.

Бірлескен кәсіпорындар

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша бірлескен кәсіпорындарға берілген қаражат, негізінен мұнай және мұнай өнімдері бойынша 202 669 миллион теңге (2018: 226 319 миллион теңге, 2017 жыл: 207 557 миллион теңге) мөлшерінде Бейнеу-Шымкент газ құбырларына, ПҚОП – 110 172 миллион теңге (2018: 133 531 миллион теңге, 2017 год.: 133 676 миллион теңге), UGL – 48 752 миллион теңге (2018 жыл: 37 669 миллион теңге, 2017 жыл: 28 049 миллион теңге) берілген қарызбен және ТШО-ға шикі мұнай мен сұйытылған газды сатып алу-сату шарты бойынша 92 435 миллион теңге (2018 жыл: 56 753 миллион теңге, 2017 жыл: 52 539 миллион теңге) сомаға төленген аванстармен білдірілген.

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРҒА БЕРЕШЕК

Бірлескен кәсіпорындар

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарға берешек негізінен 95 908 миллион теңге (2018 жыл: 39 429 миллион теңге, 2017 жыл: 55 131 миллион теңге) сомаға Бейнеу-Шымкент мұнай құбырлары бойынша және 39 323 миллион теңге (2018 жыл: 23 596 миллион теңге, 2017 жыл: 27 143 миллион теңге) сомаға газды тасымалдау үшін «Азия газ құбыры» ЖШС-тің кредиторлық берешегімен және «КазРосГаз»-дан 30 477 миллион теңге (2018: 50 845 миллион теңге, 2017: 25 395 миллион теңге) сомаға газды сатып алу үшін кредиторлық берешекпен білдірілген.

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРДА ОРНАЛАСТЫРЫЛҒАН АҚША ҚАРАЖАТЫ МЕН ДЕПОЗИТТЕР

Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар

2019 жылы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарда орналастырылған ақша қаражаты мен депозиттер, негізінен Компанияның нарықтық мөлшерлеме бойынша 500 миллион АҚШ доллары (баламасы 192 547 миллион теңге) көлемінде депозитті орналастырумен байланысты.

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРҒА БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР БОЙЫНША БЕРЕШЕК

Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптарға төленуге жататын қарыздар ҚДБ-дан АМӨЗ, ПМХЗ және ҚТГ пайдасына 269 335 миллион теңге жалпы сомаға алынған қарыздармен білдірілген (2018 жылы ҚДБ төленуге жататын қарыздар мен облигациялар: 455 540 миллион теңге, 2017: 483 749 миллион теңге) (25-ескертпе).

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРҒА БЕРІЛГЕН ҚАРЫЗДАР БОЙЫНША ТӨЛЕМДЕР

2019 жылы Топ 29 949 миллион теңге (2018 жыл: 28 110 миллион теңге, 2017 жылы: 7 392 миллион теңге) сомаға ПҚОП берілген қарыз және 12 656 миллион теңге (2018 жыл: 11 609 миллион теңге, 2017: 9 077 миллион теңге) сомаға КҚК берілген қарыз бойынша 31 998 миллион теңге (2018 жыл: 12 775 миллион теңге, 2017 жыл: ноль) сомаға Бейнеу-Шымкент мұнай құбырларына берілген қарыз бойынша негізгі борыш пен пайыздарды өтеуден төлемдер және «Қазақстандық Вексель» бойынша 47 663 миллион теңге (2018 жыл: 44 822 миллион теңге, 2017: 35 143 миллион теңге) сомаға пайыздарды өтеуден төлемдер алды.

ОПЕРАЦИЯЛАР БОЙЫНША АЙНАЛЫМДАР

Келесі кестеде байланысты тараптармен 2019, 2018 және 2017 жылдардың ішінде жасалған транзакциялар бойынша жалпы сомалар келтірілген:

Миллион теңгемен		Байланысты тараптарға сатулар	Байланысты тараптардан сатып алу	Байланысты тараптардан сыйақы	Байланысты тараптарға сыйақы
Самұрық-Қазынаға кіретін компаниялар	2019	42 250	20 030	24 054	2 841
	2018	63 951	25 372	23 370	—
	2017	66 161	29 897	28 365	—
Қауымдасқан компаниялар	2019	19 565	40 930	8 892	—
	2018	23 150	22 529	9 800	—
	2017	9 598	38 648	10 414	—
Мемлекет бақылайтын басқа да тараптар	2019	7 149	3 540	1 300	20 728
	2018	157	48 882	—	29 748
	2017	—	2 942	—	25 694
Бірлескен кәсіпорындар	2019	307 075	1 511 600	43 324	11 183
	2018	321 806	1 487 044	27 264	3 258
	2017	318 155	1 000 164	25 869	10 769

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРҒА САТУЛАР

Бірлескен кәсіпорындар

2019 жылы бірлескен кәсіпорындарға сатулар негізінен ТШО-ға 64 246 миллион теңгеге (2018: 43 896 миллион теңге, 2017: 44 225 миллион теңге) берілген көлік-жүк қызмет көрсетумен, МаңғыстауМұнайГазға 59 235 миллион теңгеге (2018: 56 927 миллион теңге, 2017 ж. 55 615 миллион теңге) тиісінше 79 281 миллион теңгеге (2018 ж. 70 255 миллион теңге, 2017 ж.: тиісінше 66 949 миллион теңге) берілген мұнайды тасымалдаумен және қызмет көрсетумен білдірілген.

БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРДАН САТЫП АЛУ

Бірлескен кәсіпорындар

2019 жылы бірлескен кәсіпорындардан сатып алулар негізінен тапсырыс берушімен жасалған мұнайды жеткізуге арналған келісімшартты орындау үшін ТШО-дан 1 131 890 миллион теңгеге (2018: 1 132 908 миллион теңгеге, 2017: 819 258 миллион теңгеге) шикі мұнай мен сұйытылған мұнай газын сатып алумен байланысты болды (27-ескертпе).

Негізгі басқарушы персоналға төленетін сыйақы

Қоса беріліп отырған жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептегі жалпы және әкімшілік шығыстарға қосылған жалпы сыйақы сомасы (Директорлар кеңесі мен Топ компанияларының Басқармасы) тиісінше 2019, 2018 және 2017 жылдардағы 31 желтоқсанда аяқталған жылдар үшін 11 399 миллион теңгені, 8 999 миллион теңгені және 9 022 миллион теңгені құрайды. Негізгі басқарушы персоналға төленген сыйақы операциялық нәтижелерге негізделген келісімшарттар мен сый-ақыларда белгіленген жалақы төлеу жөніндегі шығыстардан тұрады.

32. ҚАРЖЫ ТӘУЕКЕЛДЕРІН БАСҚАРУДЫҢ МАҚСАТЫ МЕН САЯСАТЫ

Топтың негізгі қаржы құралдарына қарыздар, қаржылық кепілдіктер, ақша қаражаты мен банк салымдары, сондай-ақ дебиторлық және кредиторлық берешек жатады. Топтың қаржы құралдары бойынша туындайтын негізі тәуекелдер пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекелі, валюталық тәуекел және несиелік тәуекел болып табылады. Сондай-ақ Топ оның барлық қаржы құралдары бойынша туындайтын нарықтық тәуекелді және өтімділік тәуекелін қадағалап отырады.

Нарықтық тәуекел

Топтың негізгі қаржы құралдарына негізінен қарыздар, ақша қаражаты, ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді банк салымдары, дебиторлық берешек, кредиторлық берешек және басқа да қаржы активтері мен міндеттемелері кіреді. Топ конъюнктураның қолайсыз өзгеруінің нәтижесінде туындауы мүмкін әлеуетті залалдарды мерзімді бағалау арқылы, сондай-ақ рентабельділікке және кепілмен қамсыздандыруға тиісті талаптарды орнату жолымен нарық конъюнктурасының тәуекелдерін басқарады.

Келесі бөлімдердегі сезімталдылық талдауы 2019, 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша келтірілген.

Валюталық тәуекел

АҚШ долларында көрсетілген қарыздардың едәуір сомалары мен кредиторлық берешектің нәтижесінде Топтың қаржылық жағдай туралы шоғырландырылған есебіне АҚШ долларының теңгеге қатысты айырбас бағамдарындағы өзгерістер айтарлықтай ықпалын тигізе алады. Топ сондай-ақ шетел валютасындағы мәмілелер бойынша тәуекелге ұшырағыш. Мұндай тәуекел АҚШ долларындағы кірістер бойынша туындайды. Топта АҚШ долларында білдірілген қаржы активтері мен қаржылық міндеттемелерді және/немесе қаржылық емес активтер мен қаржылық емес міндеттемелерді салыстырумен байланысты АҚШ долларында валюталық тәуекелді басқару саясаты бар. Мына кестеде Топ пайдасының салық салынғанға дейінгі АҚШ долларының айырбас бағамындағы ықтимал өзгерістерге (ақша активтері мен міндеттемелерінің ақша ағынындағы өзгерістердің салдарынан), барлық қалған өлшемдер тұрақты шама ретінде қабылданған жағдай талабымен сезімталдығы көрсетілген. Басқа валюта бағамдарының құбылуы Топ қызметінің шоғырландырылған нәтижелері үшін олардың маңызды еместігіне орай қаралмайды.

Миллион теңгемен	АҚШ долларының айырбас бағамының ұлғаюуы / азаюуы	Салық салынғанға дейін кіріске әсері
2019	+12 %	(291 448)
	-9 %	218 586
2018	+14 %	(260 693)
	-10 %	186 209
2017	+10 %	(96 953)
	-10 %	96 953

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеру тәуекелі

Пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруімен байланысты тәуекел нарықтағы пайыздық мөлшерлемелердің өзгеруі нәтижесінде қаржы құралы құнының құбылу тәуекелін білдіреді. Топтың нарықтық пайыздық мөлшерлемелердегі өзгерістер тәуекеліне ұшырағыштығы негізінен Топтың құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар ұзақ мерзімді қарыздарына жатады. Топ саясатында қарыздар бойынша тіркелген және ауыспалы пайыздық мөлшерлемелерді пайдалану арқылы пайыздық мөлшерлеменің өзгеру тәуекелін басқару көзделген.

Келесі кестеде Топтың салық салынғанға дейінгі пайдасының (құбылмалы пайыздық мөлшерлемесі бар қарыздардың болуы салдарынан) және капиталдың пайыздық мөлшерлемедегі ықтимал өзгерістерге деген сезімталдығының талдауы келтірілген, бұл ретте барлық басқа параметрлер тұрақты өлшемдермен қабылданған. Топтың капиталына айтарлықтай әсер ету жоқ.

Миллион теңгемен	Базистік тармақтардағы ұлғаю/азаю	Салық салынғанға дейін кіріске әсері
2019 год	+0,35	(2 419)
ЛИБОР	-0,35	2 419
2018 год	+0,50	(5 618)
ЛИБОР	-0,15	1 685
2017 год		
ЛИБОР	+0,70	(6 776)
	-0,08	763

НЕСИЕЛІК ТӘУЕКЕЛ

Топ мәмілелерді тек белгілі және несиені өтеуге қабілетті тараптармен жасайды. Топ саясатына сәйкес, коммерциялық несиені шартына қарай саудалық операцияларын жасауды қалайтын барлық клиенттер, несиелік тексеру рәсімінен өтуге жатады. Сондай-ақ, топқа берешекті қайтармау тәуекелін төмендетуде сенімділікті қамтамасыз ету үшін осындай сатып алушының дебиторлық берешегі үздіксіз мониторингке жатады. Тәуекелдің ең көп мөлшері 14-ескертпеде ашылып көрсетілгендей ағымдағы құн болып табылады. Топта несиелік тәуекелдің маңызды шоғырлануы жоқ.

Ақша қаражаты мен оның баламалары, банк салымдары, сауда дебиторлық берешек, қарыздар мен алынуға жататын вексельдер және басқа да қаржы активтері кіретін Топтың басқа да қаржы активтерімен байланысты несиелік тәуекелге қатысты Топ тәуекелі қарсы агенттің дефолты мүмкіндігімен байланысты, бұл ретте ең жоғары тәуекел осы құралдардың ағымдағы құнына тең болады.

Келесі кестеде «Standard and Poor's» және «Fitch» несиелік рейтингтердің белгілеулерін пайдалана отырып Топтың негізгі еншілес ұйымдарының есепті күнге банктердегі ақша қаражатының, қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді депозиттерінің сальдосы көрсетілген (23 және 18-ескертпелер).

Миллион теңгемен	Рейтинг ¹						
Банктер	Орналасқан жері	2019	2018	2017	2019	2018	2017
Халық Банкі	Қазақстан	BB (тұрақты)	BB (тұрақты)	BB (тұрақты)	566 642	666 844	622 931
Rabobank	Нидерландтар	A+ (тұрақты)	A+ (позитивті)	A+ (позитивті)	210 252	70 462	81 923
ҚР Ұлттық Банк	Қазақстан	BBB- (тұрақты)	-	-	192 548	—	—
Credit Agricole Corporate	Ұлыбритания	A+ (тұрақты)	A+ (тұрақты)	A+ (позитивті)	86 993	123 199	—
Mizuho Bank Ltd	Ұлыбритания	A (позитивті)	A (тұрақты)	A (тұрақты)	61 014	149 381	373 030
Deutsche Bank	Нидерландтар	BBB+ (тұрақты)	BBB+ (тұрақты)	A- (негативті)	55 880	124 145	88 991
Citibank	Қазақстан	A+(тұрақты)	A+(тұрақты)	A+(тұрақты)	44 080	7 031	2 032
MUFG (Bank of Tokyo-Mitsubishi UFJ)	Ұлыбритания	A (позитивті)	A (позитивті)	A (тұрақты)	33 998	218 600	464 530
ING Bank	Нидерландтар	A+(тұрақты)	A+ (тұрақты)	A+ (тұрақты)	10 331	23 690	170 385
HSBC	Ұлыбритания	AA- (негативті)	AA- (тұрақты)	AA- (тұрақты)	2 991	2 450	113 090
Societe Generale	Швейцария	A (позитивті)	A (позитивті)	A (тұрақты)	52	189	164 779
Societe Generale	Ұлыбритания	-	A (позитивті)	A (тұрақты)	—	149 326	314 734
Citibank	Біріккен Араб Әмірліктері	—	A+(тұрақты)	A+(тұрақты)	—	149 293	50 034

¹ Дерек көзі: Интерфакс – Қазақстан, Factiva, тиісті жылдың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша банктердің ресми сайттары

Миллион теңгемен		Рейтинг ¹					
Банктер	Орналасқан жері	2019	2018	2017	2019	2018	2017
Sumitomo Mitsui Banking Corporation	Ұлыбритания	-	A (позитивті)	A (позитивті)	—	149 290	—
BNP Paribas	Ұлыбритания	-	A (позитивті)	BB + (тұрақты)	—	22	162 829
Казкоммерцбанк	Қазақстан	-	-	B+ (негативті)	—	2	78 657
Басқа банктер					190 560	134.167	256 284
					1 455 341	1 968 091	2 944 229

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдарының тарапынан болатын тұрақты қолдау басшылықтың күтілетін несиені залалдарының резервін құру қажет емес деген пайымдауларындағы шешуші жорамал болып табылады және басшылықтың шоғырландырылған қаржылық есептілікті бекіту күніне қолдағы бар ақпаратты талдауға негізделеді.

ӨТІМДІЛІК ТӘУЕКЕЛІ

Өтімділік тәуекелі Топ өзінің қаржылық міндеттемелерін орындау үшін қаражат тартқан кезде қиындықтарға кездесуі мүмкіндігіне байланысты. Өтімділік тәуекелі оның әділ құнына жуық құны бойынша қаржы активін шұғыл өткізу мүмкіндігінің болмауы нәтижесінде пайда болуы мүмкін.

Өтімділікке қойылатын талаптар ұдайы бақыланады және басшылық міндеттемелерді олардың туындауына қарай орындау үшін жеткілікті көлемде қаражаттың болуын қадағалайды.

Келесі кестеде 2019, 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржылық міндеттемелері бойынша осы міндеттемелерді өтеу мерзімі бөлігінде шарттық дисконтталмаған төлемдер туралы ақпарат берілген.

Миллион теңгемен	Талап өткенге дейін	1 айдан артық, бірақ 3 айдан аспайтын	3 айдан артық, бірақ 1 жылдан аспайтын	1 жылдан артық, бірақ 5 жылдан астам емес	5 жылдан астам*	Жиыны
2019 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар	68 135	15 905	325 822	1 750 799	4 358 675	6 519 336
Сауда кредиторлық берешек	255 550	368 492	43 819	—	—	667 861
Қаржылық кепілдіктер**	—	22 082	65 337	318 978	626	407 023
Жалдау бойынша берешек	4 922	204	5 795	26 026	10 419	47 366
Басқа да қаржылық міндеттемелер	13 249	8 391	8 570	8 207	1 901	40 318
	341 856	415 074	449 343	2 104 010	4 371 621	7 681 904
2018 жылғы 31 желтоқсанға						
Қарыздар	121 164	49 988	335 828	1 837 612	4 624 005	6 968 597
Сауда кредиторлық берешек	269 538	352 008	11 193	—	—	632 739
Қаржылық кепілдіктер**	—	4 205	11 655	168 548	183 076	367 484
Жалдау бойынша берешек	1 157	194	1 530	6 866	35	9 782
Басқа да қаржылық міндеттемелер	11 012	14 530	17 772	—	—	43 314
	402 871	420 925	377 978	2 013 026	4 807 116	8 021 916

Миллион теңгемен	Талап өткенге дейін	1 айдан артық, бірақ 3 айдан аспайтын	3 айдан артық, бірақ 1 жылдан аспайтын	1 жылдан артық, бірақ 5 жылдан астам емес	5 жылдан астам*	Жиыны
<i>2017 жылғы 31 желтоқсанға</i>						
Қарыздар	78 839	51 491	942 639	2 218 917	2 649 616	5 941 502
Сауда кредиторлық берешек	249 845	177 151	86 855	—	—	513 851
Қаржылық кепілдіктер**	—	4 488	13 465	105 156	190 656	313 765
Жалдау бойынша берешек	176	101	1 641	5 597	142	7 657
Басқа да қаржылық міндеттемелер	5 260	20 201	4 183	—	—	29 644
	334 120	253 432	1 048 783	2 329 670	2 840 414	6 806 419

КАПИТАЛДЫ БАСҚАРУ

Топтың капиталды басқаруға қатысты негізгі мақсаты акционерлік құнды барынша көбейту болып табылады. Берешек пен капиталдың балансын оңтайландыру арқылы мүдделі тараптар үшін кірістерді барынша ұлғайта отырып үздіксіз қызмет қағидатын қолдау үшін Топ өз капиталын басқарады.

Компания күрделі инвестициялар жоспарын жасау үшін капитал құрылымын жасауға және инвестициялық деңгейдің несиелік рейтингісін бүкіл цикл бойына қолдап отыруға ұмтылады. Қаржылық икемділікті қолдау индустрияның циклді болуына қарсы тұру үшін және органикалық әрі бейорганикалық инвестициялық шешімдерді жүзеге асыру үшін стратегиялық маңызды болып табылады. Компанияның күрделі шығындарды, жаңа жобаларды және қарыз алуларды келісудің кеңейтілген ішкі процесі бар.

Топ капиталының құрылымы берешектен тұрады, оған қарыздар (25-ескертпе), минус ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді банктік депозиттер мен шығарылған капитал кіретін капитал, қосымша төленген капитал, басқа да резервтер мен бөлінбеген пайда жатады (24-ескертпе).

Топ басшылығы капитал құрылымын үнемі талдап отырады. Бұл талдаудың бір бөлігі ретінде басшылық капиталдың құнын және капиталдың әр класымен байланысты тәуекелдерді қарастырады. Бұл мақсатқа қол жеткізу үшін капиталды басқару, өзгесінен басқа, капиталдың құрылымына қатысты талаптарды айқындайтын пайыздық несиелер мен қарыздар бойынша барлық шарттық талаптардың орындалуын қамтамасыз етуі тиіс. 2017, 2018 және 2019 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша ағымдағы жылы пайыздық несиелер мен қарыздар бойынша шарттық талаптар бұзылған жоқ (25-ескертпе).

2019, 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша Топтың қаржы құралдары мен инвестициялық жылжымайтын мүлгінің баланстық құны, төменде ашылып көрсетілген қаржы құралдарын қоспағанда, шамамен олардың әділ құнына тең болды:

Миллион теңгемен	2019					2018					2017				
	Ағымдағы құн		Әділ құн		Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны	Ағымдағы құн		Әділ құн		Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны	Ағымдағы құн		Әділ құн		Бағалау деңгейлері бойынша әділ құны
	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	1-деңгей		2-деңгей	3-деңгей	1-деңгей	2-деңгей		3-деңгей	1-деңгей	2-деңгей	3-деңгей	
Самұрық-Қазынадан алынатын облигациялар	16 241	18 835	—	18 835	—	15 315	20 444	—	20 444	—	18 342	21 807	—	21 807	—
Байланысты тараптарға амортизацияланған құны бойынша берілген қарыздар және бірлескен кәсіпорындардан алынуға жататын жалдау	510 002	506 868	—	304 422	202 446	491 955	484 657	—	245 278	239 379	785 593	791 667	—	264 078	527 589
Тарапқа тиянақталған сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	3 146 477	3 576 082	3 172 400	403 682	—	3 029 688	2 972 627	2 726 332	246 295	—	3 137 182	3 230 352	2 996 478	233 874	—
Тарапқа құбылмалы сыйақы мөлшерлемесі бар қарыздар	691 027	714 271	—	714 271	—	1 123 550	1 153 454	—	1 153 454	—	1 164 070	1 186 192	—	1 186 192	—

Мың теңгемен	2019	2018	2017
Қарыздар	3 837 504	4 153 238	4 301 252
Минусы: ақша қаражаты мен оның баламалары, қысқа мерзімді банк депозиттері	1 423 956	1 925 912	2 902 928
Таза берешек	2 413 548	2 227 326	1 398 324
Капитал	8 196 656	7 143 069	6 783 605
Капитал және таза берешек	10 610 204	9 370 395	8 181 929

2019, 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанында аяқталған кезеңдер ішінде капиталды басқару стратегиясы, мақсаты, саясаты мен процедуралары өзгермеді.

ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ МЕН ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ЖЫЛЖЫМАЙТЫН МҮЛІКТІҢ ӘДІЛ ҚҰНЫ

Самұрық-Қазынадан алынуға жататын облигациялардың әділ құны және басқа да борыштық құралдар нарықтық пайыздық мөлшерлемелер бойынша күтілетін келешек ақша ағындарын дисконттау арқылы есептелген. Соларға қатысты әділ құны танылатын немесе ашылып көрсетілетін барлық қаржы құралдары жалпы әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі деректердің негізінде әділ құн иерархиясында былайша жіктеледі:

1-деңгей - ұқсас келетін активтер немесе міндеттемелер үшін белсенді нарықтарда бағасы белгіленетін (түзетілмеген) нарықтық бағалар;

2-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер тікелей немесе жанама байқалатын бағалау әдістері;

3-деңгей – солар үшін әділ құнды бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі бастапқы деректер байқалмайтын бағалау әдістері.

Есепті кезең ішінде 1-ші деңгей мен 2-ші деңгей арасында ешқандай аударымдар болған жоқ, сондай-ақ әділ құнды бағалау бойынша 3-ші деңгейге немесе одан ауысулар жасалған жоқ.

Әділ құны бойынша тұрақты негізде танылатын активтер мен міндеттемелер үшін, Топ оларды әрбір есепті кезеңнің соңына санаттар бойынша қайта бағалау арқылы (жалпы әділ құны бойынша бағалау үшін маңызды болып табылатын ең төмен деңгейдегі кіріс деректерінің негізінде) иерархияның деңгейлері арасында аудару болғанын айқындайды. Жыл ішінде Топты бағалау процестерінде, бағалау әдістері мен әділ құнды бағалау кезінде қолданылатын бастапқы деректердің типтерінде ешқандай өзгерістер болған жоқ.

33. ШОҒЫРЛАНДЫРУ

Келесі маңызды тікелей еншілес ұйымдар осы шоғырландырылған қаржылық есептілікке қосылған:

Маңызды ұйымдар	Негізгі қызметі	Тіркелген елі	Иелік ету үлесі		
			2018	2017	
«ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ	Барлау және өндіру	Қазақстан	99,70 %	99,50 %	63,01 %
«ҚазмұнайТеңіз» ЖШС («ҚМТ»)	Барлау және өндіру	Қазақстан	100,00 %	100,00 %	100,00 %
«ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС	Барлау және өндіру	Қазақстан	100,00 %	100,00 %	100,00 %
«ҚазТрансОйл» АҚ	Мұнайды тасымалдау	Қазақстан	90,00 %	90,00 %	90,00 %
«ҚазМорТрансФлот» ЖШС	Мұнайды тасымалдау және құрылыс	Қазақстан	100,00 %	100,00 %	100,00 %
«ҚазТрансГаз» АҚ («ҚТГ»)	Газды тасымалдау	Қазақстан	100,00 %	100,00 %	100,00 %
«Cooperative KazMunaiGaz PKI U.A.»	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Нидерландтар	100,00 %	100,00 %	100,00 %
«Атырау мұнай өңдеу зауыты» ЖШС	Қайта өңдеу	Қазақстан	99,53 %	99,53 %	99,53 %
«Павлодар мұнай-химия зауыты» ЖШС	Қайта өңдеу	Қазақстан	100,00 %	100,00 %	100,00 %
KMG International N.V.	Мұнай өнімдерін қайта өңдеу және өткізу	Румыния	100,00 %	100,00 %	100,00 %
«ҚазмұнайГаз Өнімдері» ЖШС	Мұнай өнімдерін өткізу	Қазақстан	100,00 %	100,00 %	100,00 %
«ҚазМұнайГаз-Сервис» ЖШС (ҚМГС)	Сервистік жобалар	Қазақстан	100,00 %	100,00 %	100,00 %
«KMG Drilling&Services» ЖШС	Бұрғылау қызметтері	Қазақстан	100,00 %	100,00 %	100,00 %

34. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

ОПЕРАЦИЯЛЫҚ ОРТА

Қазақстанда экономикалық реформа және құқықтық, салықтық және әкімшілік инфрақұрылым жалғасуда, ол нарықтық экономиканың талаптарына жауап беретін еді. Болашақтағы Қазақстан экономикасының тұрақтылығы көбінесе осы реформалардың барысына, сондай-ақ экономика, қаржы және ақша-кредит саясатының саласында Үкімет қабылдайтын шаралардың тиімділігіне байланысты болады.

Тауарларға арналған бағалардың өзгеру тәуекелі

Топтың кірістерінің үлкен бөлігі тауарларды, негізінен, шикі мұнай мен мұнай өнімдерін сатудан жинақталады. Ертеден осы өнімдерге баға тұрақты болмаған және ұсынысқа және сұранысқа өзгерістерге, нарықтық тұрлаусыздыққа, әлемдік және өңірлік экономика қызметіне және индустриялардағы циклдікке қатысты біршама өзгерді.

Сондай-ақ бағалар үкімет жасаған әрекеттердің ықпалына ұшырағыш келеді, оған қоса тарифтер мен импорттық баждар салу, биржалық спекуляция, Топтың негізгі нарықтардағы өнімдерін жабдықтау мүмкіндігінің немесе артуының ұлғаюы. Осындай сыртқы факторлар мен нарықтардағы өзгерістер келешек бағалардың бағалануын айтарлықтай қиындатады.

Тауарларға бағалардың біршама немесе созылмалы төмендеуі Топтың қызметіне, қаржылық нәтижелерге және операциялардан болған ақша ағындарына елеулі түрде және теріс әсер етуі мүмкін. Топ тауарларға бағалардың өзгеру тәуекеліне едәуір ұшырағыштығын хеджирлемейді.

САЛЫҚ САЛУ

Қазақстандық салық заңдары мен нормативтік-құқықтық актілер үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған қоса ХҚЕС бойынша қаржылық есептілікте кірістерді, шығыстарды және басқа да баптарды мойындау тәсілдері. Қазіргі кезде қолданып отырған, Қазақстанда қолданылатын заңдардың негізінде анықталған құқық бұзушылықтар үшін қарастырылған айыппұлдар мен өсімақылар жүйесі аса қатаң болып отыр. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2019 жылдың 31 желтоқсанына есептелген сомадан асып кетуі мүмкін.

Басшылық 2019 жылғы 31 желтоқсанда қолданылатын заңнаманы түсіндіру сәйкес болады және резервтер осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте есептелген немесе ашылып көрсетілген жағдайлардан басқа, Топтың салықтар жөніндегі ұстанымы расталатын ықтималдық бар деп санайды.

ТРАНСФЕРТТІК БАҒА БЕЛГІЛЕУ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ

Қазақстанда трансфертті баға белгілеу бойынша бақылау кең спектрге ие және байланысты мәмілелер тарапы болып табыла ма немесе жоқ па екеніне қарамастан, халықаралық мәмілелермен тікелей немесе жанама байланысты көптеген операцияларда қолданылады. Трансферттік баға түзу туралы заң операцияларға қолданылатын барлық салықтар үшін талап етіледі, қол ұшын беру қағидаты бойынша белгіленген нарықтық бағалар негізінде есептелінеді.

Қазақстанда трансферттік баға белгілеу туралы заң 2009 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енді. Заң анық белгіленген болып табылмайды және оның кейбір ережелері аз қолданылу тәжірибесіне ие. Оның үстіне, Заңда әзірлеу кезеңінде тұрған егжей-тегжей нұсқаулықтар жоқ.

Трансферттік баға белгілеу туралы заңды операциялардың кейбір түрлеріне қолданудың нәтижесінде трансферттік баға белгілеу туралы Қазақстандық заңмен байланысты белгісіздіктен салық органдарының ұстанымы Топтың ұстанымынан ерекшеленуі мүмкін деген тәуекел бар деп анық белгіленбеген, бұл 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша салықтар, айыппұлдар мен өсімақылардың қосымша сомаларына әкелуі мүмкін.

Басшылық 2018 жылғы 31 желтоқсанда трансферттік баға белгілеу бойынша қолданылатын заңнамада оны түсіндіру сәйкестендірілген болып табылады және Топтың трансферттік баға белгілеу жөніндегі ұстанымы расталады деген ықтималдық бар деп санайды.

«ЕМБІМҰНАЙГАЗ» АҚ (ЕМБІМҰНАЙГАЗ) ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТЕКСЕРУ

2018 жылдан бастап Топтың еншілес кәсіпорнын Эмбамұнайгазда 2017 жылғы қараша мен 2018 жылғы желтоқсан аралығындағы кезеңде үш экологиялық тексеру жүргізілді. 2018 жылдың ішінде Эмбамұнайгаз 34 213 миллион теңгені есептеп, 8 143 миллион теңгені төледі. Нәтижесінде, 2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резерв 2018 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікте 26 070 миллион теңге болды.

2019 жылдың ішінде ақыны уақтылы төлемегені үшін айыппұлдарды болдырмау мақсатында Эмбамұнайгаз 6 472 миллион теңгені төледі. Сондай-ақ, 2019 жылы сот төленген айыппұлдың жалпы сомасын азайту жөнінде қаулы шығарды, тиісінше, Эмбамұнайгаз 25 433 миллион теңгені теріс қаратты, таза күйінде, және басқа салықтар бойынша алдын ала төлем ретінде танылған 10 420 миллион теңге мөлшерінде бұрын төленген провизияларды қайтаруға берді. Нәтижесінде, 2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша резерв 2019 жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілікте 4 585 миллион теңге болды.

COT ІСТЕРІ

«KMG DRILLING & SERVICES» (KMG D&S) ЖШС-ТІҢ "ЕРСАЙ КАСПИАН КОНТРАКТОР" ЖШС МЕН "CASPIAN OFFSHORE AND MARINE CONSTRUCTION LLP" ЖШС КОМПАНИЯЛАРЫНЫҢ КОНСОРЦИУМЫМЕН

KMG D&S, Топтың еншілес ұйымы 192 миллион АҚШ доллары (баламасы 73 501 миллион теңге) шағым сомасымен 2012 жылғы 5 шілдедегі өзін өзі көтеретін жүзетін бұрғылау қондырғысын (ӨКБҚ) салу бойынша кешенді жұмыстарды сатып алу туралы шарттан туындайтын мәселелер бойынша «Ерсай Каспиан Контрактор» ЖШС мен «Caspian Offshore & Marine Construction LLP» ЖШС (бұдан әрі – «Консорциум» немесе «Талапкер») компаниясының Консорциумымен арбитраждық іске тартылды. Бұл арбитраждық іс Лондонның халықаралық арбитраждық сотының (LCIA) қарауында.

Талапкердің материалдық талаптары мыналардан тұрды;

- 1 383 мың АҚШ доллары мөлшерінде тұрақсыздық айыбы (баламасы 531 миллион теңге);
- 50 613 мың АҚШ доллары мөлшерінде валюталық түзету бөлігіндегі талап ету сомасы (баламасы 19 446 миллион теңге).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

Бұл ретте Талапкерлер бұл соманың шағымдарды төлеу күніне ықтимал өзгеруіне нұсқайтындығын атап өткен жөн.

2018 жылғы 11 сәуірде келіссөздерден кейін Консорциум шағымның бастапқы сомасын 140 миллион АҚШ долларына дейін қысқартты (баламасы 54 3 миллиард теңге). 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанындағы жағдай бойынша болған бел-гісіздікке орай Топ бұл шағымға қатысты ешқандай резервтерді мойындамады. 2019 жылдың ішінде Топ LCIA-ға тараптар-дың бейбіт келісім арқылы диспутты шешу жайлы шешіміне орай шағымды тоқтату туралы нотаны жолдады.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша заңгерлік кеңес берушінің пікіріне және қолданыстағы халықаралық прак-тикаға сәйкес Топ жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есептің жалпы және әкімшілік шығыстарында (12-ескертпе) 90 000 мың АҚШ доллары мөлшерінде (2019 жылғы 31 желтоқсанға айырбас бағамы бойынша баламасы 34 132 миллион теңге) резервті есептеді. Шоғырландырылған қаржылық есептілікті шығару сәтіне Консорциуммен келіссөздер аяқталмады.

АЗАМАТТЫҚ ТАЛҚЫЛАУ (KMG I)

2016 жылғы 22 сәуірдегі қаулыға (бұдан әрі - Қаулы) сәйкес Румынияның Прокуратурасы Ұйымдасқан қылмыспен және лаң-кестікпен күрес жөніндегі департаментпен (DIICOT) бірлесіп 26 жеке тұлғаға қатысты тергеу жүргізді (солардың 14-і KMG I бұрынғы қызметкерлері болып табылады).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

2016 жылғы 22 шілдеде Компания мен KMG I Румынияның Үкіметі мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің арасындағы Келісімге, Нидерландтар Корольдігінің Үкіметі мен Румынияның Үкіметі арасындағы Келісімге және Энергетикалық Хартия Шартына негізделген инвестициялық дауды реттеу туралы хабарламаны Румынияның билігіне ұсынды. Келіссөздердің нәтижелері бойынша, 2013 жылғы ақпанда Румынияның Үкіметі мен KMG I арасында Өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

2019 жылғы 5 желтоқсанда Румынияның Прокуратурасы талап қоюдың ескіру мерзімінің аяқталуына орай қылмыстық істі тоқтату туралы қаулыны қабылдады. Осы қаулымен, 106,5 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі әлеуетті талаптар сома-сын қамтамасыз ету үшін «Петромидия» МӨЗ бірқатар өндірістік қондырғыларын қоспағанда, Rompetrol Rafinare S.A. актив-теріне 2016 жылы салынған барлық тыйымдар алынды.

2019 жылғы 27 желтоқсанда KMG I қаулыны даулап, істің тоқтатылуын талап етті, бірақ талап қоюдың ескіру мерзімі аяқталды.

Румыния Прокуратурасының аталған қаулысына 3 талапкерден шағым түсті:

- KMG I-дың 2013-2014 жж. 30 миллион АҚШ доллары мөлшеріндегі сомаға «Петромидия» МӨЗ бен «Вега» МӨЗ міндетте-мелері бойынша пост-жекешелендіру талаптарын лайықты түрде орындамауы бөлігінде Румынияның Жекешелендіру агенттігінің;
- қылмыстық және азаматтық іс шеңберінде 55 миллион АҚШ доллары сомасына сол кезеңдегі Rompetrol Rafinare S.A. акционері ретінде KMG I бірқатар шешімін даулау бөлігінде Faber Invest & Trade Inc.;
- қылмыстық және азаматтық іс шеңберінде KMG I бұрынғы директоры болған Stephenson George Philip мырзаның.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

Компанияның 2019 жылғы 31 желтоқсанда аяқталған жылғы шоғырландырылған қаржылық есептілігін дайындау сәтіне жоғарыда аталған талапкерлердің үндеулері бойынша шағымдану нәтижелері туралы ақпарат көрсетілмеді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫМЕН ТАБЫСТЫ МҰНАЙ-ГАЗ ШИКІЗАТЫН БӨЛУ ПРОПОРЦИЯСЫН ЕСЕПТЕУГЕ ҚАТЫСТЫ ДАУЛАР («ҚМГ ҚАРАШЫҒАНАҚ» ЖШС)

Қарашығанақтың Өнімді бөлу туралы Түпкі Келісіміне (ӨБТК) сай Қарашығанақ жобасының табысты өнімін бөлу амалы Объективтілік индексінің тетігімен реттеледі. 2014 жылдың екінші тоқсанында Қарашығанақ жобасының экономикасы Объективтілік индексі бойынша триггер «іске қосылған» деңгейге дейін жетті және табысты өнім үлесін бөлу пропорциясы (profit oil) Қазақстан Республикасының пайдасына өзгерді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

Сонымен бірге, 2014 жылғы 20 тамызда және қазіргі уақытқа дейін ҚР Экономика министрлігі тоқсан сайын ӨБТК қатысушы – Мердігерлік компанияларға (Мердігерлік компаниялар) Табысты мұнай-газ шикізатын бөлу пропорциясын есептеуге қаты-сты келіспеушілігі жайлы хабарлап отыр.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

2016 жылғы 30 желтоқсанда Қазақстан Республикасы мен Мердігерлік компаниялардың арасында заңгерлік тұрғыдан мін-деттемейтін Өзара түсіністік туралы меморандум жасалды.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

2017 жылғы 29 қыркүйекте «PSA» ЖШС арқылы Өкілетті орган Қарашығанақ жобасының Мердігерлік компанияларының атына («ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС қоспағанда) Объективтілік индексінің лайықты түрде есептелмеу мәселесі бойынша Арбитраждық шағымды жолдады. «ҚМГ Қарашығанақ» ЖШС (ҚМГ Қарашығанақ) мүдделер қайшылығының болуына орай арбитраждық істің жүргізілу процесіне тартылмады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

2018 жылғы 1 қазанда Тараптар заңгерлік тұрғыдан міндеттемейтін Қағидаттар туралы келісімді (ҚТК) жасады. 2019 жылғы 17 маусымда ҚР Энергетика министрлігі Мердігерлік компанияларға ҚТК талаптарында реттеу қолайлы болып табылмай-тындығы туралы хатты жолдады. Сондай-ақ ҚР Энергетика министрлігі Объективтілік индексінің түзетілген тетігін қолда-нуға негізделген жаңа келісілген шешім үшін ашық екендігін хабарлады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

2019 жылғы қыркүйекте Тараптардың Арбитраждағы (Париж қ.) позициялары тыңдалды, бұл дау бойынша шешімнің түп-кілікті қабылдануы 2020 жылы күтілуде.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы мен Мердігерлік компаниялар арасында заңгерлік тұрғыдан міндеттейтін Реттеу туралы келісімді (РтК) жасау бойынша келіссөздер жүргізілуде.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

ҚМГ Қарашығанақ ҚМГ-мен және PSA ЖШС арқылы білдірілген құзырлы органмен бірлесіп ҚМГ Қарашығанақты өтемақы-ның төленуіне қатысудан шығаруға қатысты Мердігерлік компаниялар мен Қазақстан Республикасының арасында ҚТК жобасына түсініктемелер дайындады. Топ басшылығының пікірінше ҚМГ Қарашығанақ өтемақының төленуіне қатысу-дан шығарылады. Тиісінше, осы шоғырландырылған қаржылық есептілікте РтК ережелеріне сәйкес ешқандай резервтер көзделмеген.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

ӨТЕЛЕТІН ШЫҒЫНДАРДЫ ТЕКСЕРУ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

Өнімді бөлу туралы келісімінің («ӨБК») негізгі қағидаттарына сәйкес мемлекет жер қойнауын пайдалану ауданында қызметті өткізуге эксклюзивтік құқықтарды мердігерлерге берді, бірақ жеке меншікке де, жалға да осы жер қойнауын пайдалану аудан-ына құқықты бермеді. Мұның салдарынан, шығарылған және қайта өңделген көмірсутектердің барлық көлемдері (яғни дайын өнім) мемлекеттің меншігі болып табылады. Жұмыс өтемақы негізінде жүзеге асырылады, бұл ретте Үкімет мердігер-лерге төлемдерді ақшалай емес түрде, дайын өнімнің бір бөлігі түрінде жасайды, осылайша мердігерлерге өз шығындарын өтеуге және пайда табуға мүмкіндік береді.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

ӨБК-ге сәйкес мердігерлер көтерген шығындардың барлығы өтеле бермейді. Өтеуге кейбір шығындарды уәкілетті органдар бекітуі қажет. Уәкілетті органдар өтелетін шығындарды тексеруде. 2019 жылғы 31 желтоқсанға дейін жүргізілген шығындар-дың өтелуін тексеру нәтижесінде белгілі бір шығындар өтелмейтін ретінде жіктелген. ӨБК тараптары бұл шығындарды өте-уге қатысты келіссөздер жүргізуде.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҰҚСАР

31 желтоқсандағы жағдай бойынша 2018 жылы Топтың дауланатын шығындардағы үлесі 402 474 миллион теңге (2018 жылы: 382 594 миллион теңге, 2017 жылы: 242 915 миллион теңге) болды. Топ және оның ӨБК бойынша серіктестері Үкіметпен бұл шығындарды өтеуге қатысты келіссөздер жүргізуде.

ІШКІ НАРЫҚҚА ЖЕТКІЗУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Үкімет шикі мұнайды өндірумен және мұнай өнімдерін сатумен айналысатын компаниялардан жыл сайынғы негізде ішкі нарықтың энергетикалық қажеттілікті қанағаттандыру үшін, негізінен, ішкі нарықта мұнай өнімдерін жеткізу теңгерімін қолдау үшін, көктемгі және күзгі егіс науқаны барысында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді қолдау үшін өнімнің бір бөлігін жеткізуді талап етеді.

Ішкі нарықтағы мұнайдың бағасы экспорттық бағалардан, тіпті тәуелсіз тараптар арасындағы мәмілелерде белгіленетін ішкі нарықтағы қарапайым бағадан да айтарлықтай төмен. Егер Үкімет қазіргі уақытта Топ жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді өндіретін болады, бұл өз кезегінде Топ қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін. 2019 жылы Топ өз міндеттемелеріне сәйкес, бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда, ішкі нарыққа 6.223.752 тонна (2018 жылы: 6.224.344 тонна, 2017 жылы: 5.407.526 тонна) шикі мұнайды жеткізді.

ЖЕР ҚОЙНАУЫН ПАЙДАЛАНУҒА ЛИЦЕНЗИЯЛАР МЕН КЕЛІСІМШАРТТАР БОЙЫНША МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың Үкіметпен жасалған өнімді бөлу туралы лицензиялары, келісімдерінің және жер қойнауын пайдалануға арналған келісімшарттардың талаптарына сәйкес ең аз жұмыстар бағдарламасын орындауға қатысты төмендегідей міндеттемелері болды:

Жылы	Күрделі шығыстар	Операциялық шығыстар
2020	212 288	42 733
2021	10 829	3 693
2022	9 389	3 410
2023–2048	8 697	25 762
Жиыны	241 203	75 598

ШИКІ МҰНАЙДЫ ЖЕТКІЗУ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың мұнайды жеткізу шарттары бойынша міндеттемелері, бірлескен кәсіпорынның міндеттемелерін қоса, 12,8 миллион тонна болды (2018 жылғы 31 желтоқсан: 22,6 миллион тонна, 2017 жылғы 31 желтоқсан: 28,7 миллион тонна).

БАСҚА ДА КЕЛІСІМШАРТТЫҚ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың, бірлескен кәсіпорындарды қоса алғанда, жалпы сомасы 335 609 миллион теңге (2018: 620 057 миллион теңге, 2017: 501 752 миллион теңге) болатын негізгі құралдарды сатып алу және салу бойынша шарттық міндеттемелері болды.

2019 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі мен Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу және бәсекелестікті қорғау жөніндегі комитеті бекіткен және өндірістік объектілерді күрделі салуға/күрделі жөндеуге/диагностикалауға бағытталған инвестициялық бағдарламалардың шеңберінде 78 677 миллион теңге (2018: 114 380 миллион теңге, 2017: 142 406 миллион теңге) жалпы сомада міндеттемелері болды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ЕМЕС КЕПІЛДІКТЕР

2019, 2018 және 2017 жылдардың 31 желтоқсанына Топтың үшінші тараптардың пайдасына шығарылған міндеттемелерді орындаудың ашық кепілдіктері болды, солар бойынша Топ табиғи газды сатып алу-сату, тасымалдау шарттары және басқа да шарттар бойынша оның еншілес ұйымдарының, бірлескен кәсіпорындар мен қауымдасқан тараптардың тарапынан міндеттемелер орындалмаған жағдайда кепілдік беруші ретінде болады. Есепті күнге Топ басшылығы тараптардың шарттық міндеттемелерді орындамау жағдайлары болмады және тиісінше, қаржылық емес шартты міндеттемелер бойынша міндеттемелер мойындалмады деп есептейді.

35. СЕГМЕНТТІК ЕСЕПТІЛІК

Топтың операциялық сегменттерінің өндірілетін өнімнің және көрсетілетін қызметтердің түрлеріне сәйкес келетін жеке құрылымы және басқаруы бар, бұл ретте барлық сегменттер өнімнің әр түрлерін ұсынатын және түрлі нарықтарға қызмет көрсететін бизнестің стратегиялық бағытын білдіреді. Функциялар

- содан кірістер мен шығыстар болатын қызметті жүзеге асыратын;
- операциялық нәтижелерін ресурстардың бөлінуіне қатысты операциялық шешімдер қабылдайтын Топ басқармасы сегментке және оның қызметінің нәтижелерін бағалауға сараланып отыратын сегменттер ретінде айқындалады.

